

**ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ  
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ  
Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы**

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІ**

**НҮР-СҰЛТАН, 2021**

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитеті

Жинақ «Тарихи-диахрондық әдісті қолдану арқылы ономастикалық атауларды  
жүйелендіру қызметі» ғылыми жоба негізінде орындалды

Жоба жетекшісі: филол. ғыл. докторы, профессор Иманбердиева С.Қ.

Пікір жазғандар: филол. ғыл. докторы  
филол. ғыл. докторы

Иманбердиева С.Қ., Тойшыбаев З., Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан облысы  
топонимдері. – Нұр-Сұлтан, 2020. –бет.

ISBN

Бұл жинақта Солтүстік Қазақстан облысының топонимдері бойынша толық ақпарат берілген. Кітаптың ерекшелігі: топоним түрлері, қалыптасу уәжі, құрылымы, диахронды тұрғыдан өзгеруі, рәсімдеу мәселелері қамтылған. Жинақ алты тарау, төрт қосымшадан тұрады. Берілген алғашқы екі қосымшада топонимдердің құрылымы және топонимдердің тілдік қабаттары (субстрат) бойынша ақпарат кестелер түрінде келтірілген. Сонымен бірге, әр тарауда қарастырылатын ономастикалық терминдер жинақтың басында берілген анықтамалықта толық ашылған.

Жинақ филология саласындағы зерттеушілер, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жалпы оқырман қауымға, ономастикаға қызығушылық танытушыларға арналған.

УДК  
ББК

ISBN

**Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»  
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, 2020**

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫСӨЗ</b> (Иманбердиева С.К.).....	4
<b>АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР</b> (Иманбердиева С.К.).....	6
<b>КІРІСПЕ</b> (Иманбердиева С.К.).....	7

### I ТАРАУ

<b>СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕСІ</b> (Иманбердиева С.К.).....	24
---	----

1.1 Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің түрлері.....	
1.2 Лексика-семантикалық түсіндірме.....	
1.2.1 Гидронимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.1.1 Гелионимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.1.2 Лимнонимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.1.3 Потамонимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.2 Дримонимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.3 Дромонимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.4 Инсулонимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.5 Ойконимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.5.1 Комонимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.5.2 Астионимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.6 Некронимдердің қалыптасу уәжі.....	
1.2.7 Оронимдердің қалыптасу уәжі.....	

### II ТАРАУ

<b>СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ</b> (Иманбердиева С.К.).....	
--	--

2.1 Гидронимдердің құрылымы.....	
2.1.1 Гелионимдердің құрылымы.....	
2.1.2 Лимнонимдердің құрылымы.....	
2.1.3 Потамонимдердің құрылымы.....	
2.2 Дримонимдердің құрылымы.....	
2.3 Дромонимдердің құрылымы.....	
2.4 Инсулонимдердің құрылымы.....	
2.5 Ойконимдердің құрылымы.....	
2.5.1 Комонимдердің құрылымы.....	
2.5.2 Астионимдердің құрылымы.....	
2.6 Некронимдердің құрылымы.....	
2.7 Оронимдердің құрылымы.....	

### **III ТАРАУ**

#### **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІН РӘСІМДЕУ МӘСЕЛЕСІ (Иманбердиева С.К.).....**

- 3.1 Гидронимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.1.1 Гелионимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.1.2 Лимнонимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.1.3 Потамонимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.2 Дримонимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.3 Дромонимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.4 Инсулонимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.5 Ойконимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.5.1 Комонимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.5.2 Астионимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.6 Некронимдердің рәсімделу үлгісі.....
- 3.7 Оронимдердің рәсімделу үлгісі.....

### **IV ТАРАУ**

#### **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ДИАХРОНИЯСЫ: ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІ (Иманбердиева С.К.).....**

- 4.1 Гидронимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.1.1 Гелионимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.1.2 Лимнонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.1.3 Потамонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.2 Дримонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.3 Дромонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.4 Инсулонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.5 Ойконимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.5.1 Комонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.5.2 Астионимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.5 Некронимдердің өзгеру мәселесі.....
- 4.7 Оронимдердің өзгеру мәселесі.....

### **V ТАРАУ**

#### **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ДИАХРОНИЯСЫ: КЕҢЕС ӨКІМЕТІ КЕЗЕҢІ (Мәлікова С.З.).....**

- 5.1 Гидронимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.1.1 Гелионимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.1.2 Лимнонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.1.3 Потамонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.2 Дримонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.3 Дромонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.4 Инсулонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.5 Ойконимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.5.1 Комонимдердің өзгеру мәселесі.....

- 5.5.2 Астионимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.6 Некронимдердің өзгеру мәселесі.....
- 5.7 Оронимдердің өзгеру мәселесі.....

## **VI ТАРАУ**

### **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ДИАХРОНИЯСЫ: XV-XIX ғғ (Тойшыбаев З.С.).....**

- 6.1 Гидронимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.1.1 Гелионимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.1.2 Лимнонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.1.3 Потамонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.2 Дримонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.3 Дромонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.4 Инсулонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.5 Ойконимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.5.1 Комонимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.5.2 Астионимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.6 Некронимдердің өзгеру мәселесі.....
- 6.7 Оронимдердің өзгеру мәселесі.....

### **ҚОРЫТЫНДЫ (Иманбердиева С.К.).....**

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....**

- Қосымша А** Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің құрылымы (Иманбердиева С.К.).....
- Қосымша Ә** Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің субстраттық қабаты (Иманбердиева С.К.).....
- Қосымша Б** Солтүстік Қазақстан топонимдерінің диахрониясы: Тәуелсіздік кезеңі (Иманбердиева С.К.).....
- Қосымша В** Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің диахрониясы: кеңес өкіметі кезеңі (Мәлікова С.З.).....
- Қосымша Г** Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің диахрониясы: XV-XIX ғғ...

## АЛҒЫСӨЗ

Қазіргі уақытта Қазақстан территориясындағы жер-су атаулары халықаралық келісімшарттарда, ресми құжаттарда, шетелдік БАҚ, ғаламторда қолданылу барысы күн өткен сайын өріс алып келеді. Олардың жазылуы, айтылуы, халықаралық деңгейде қолданылуы еліміздегі топонимдердің дұрыс зерттелмеуінен және арнайы ұлттық стандартталған географиялық атаулар болмағандықтан дұрыс жүргізілмеуде.

Географиялық атаулардың кез келген халық үшін маңызы зор. Топонимдер – мемлекет тұтастығының кепілі. Адамзат санасында жер-су атаулары бағыт-бағдар қызметін атқарып келеді.

«Тарихи-диахрондық әдісті қолдану арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» ғылыми жоба негізінде орындалған жинақта Солтүстік Қазақстан облысының топонимиясы барынша қамтылған, ондағы басты мақсат – Қазақстан топонимиясының 3D электронды картасын әзірлеу. Бұл уақыт талабы. Осы жоба бойынша топонимдерді жинап, зерделеу барысында қаншама ұлттық танымдағы, жер бедерінен ақпарат беретін атаулардан айрылып қалғанымызға көзіміз жетті. Қолдан жасалған нысандар – елді мекен атауларын негізінен идеологиялық мақсатта өзгертетіні тарихтан белгілі, ал табиғи нысандар – өзен, көл, батпақ, тау т.б. атауларын барынша ұсқынсыз, жер бедері, флорасы мен фаунасынан еш хабар бермейтін, біздің ұлттық танымымызға жат, идеологиялық мәндегі не құйтырқы саясат негізіндегі атаулар – халқымызға, жерімізге, тілімізге қаншалықты қиянат жасалғанының айғағы.

Бұл жоба осыдан 15-20 жыл бұрын орындалып, қазір жемісін көруіміз қажет етеді. Алайда оның реті Тәуелсіздігіміздің 30 – жылдығы қарсаңына сәйкес келіп тұр. Жобаның іске асуына мұрындық болған Тіл саясаты комитетіне алғысымыз шексіз.

Жинақта облыс бойынша барлық топонимдер түрлерге (разрядтарға) бөлініп, олардың салмақ үлесі процент негізінде анықталған. Сонымен бірге атаулар лексика-семантикалық тұрғыда таптастырылып, мүмкіндігінше, этимологиясы ашылған, салмақ үлесі процентпен айқындалған. Мұндағы айта кететін жайт – кісі есімінен қалыптасқан атаулар басым. Оның себебі идеологиялық мәндегі өзге тілді топонимдер санының көптігінде. Белгілі тұлға күзеу, қыстау, жайлау иесі болмаса, қазақ еш уақытта кісі есімін атау ретінде нысандарға таға бермеген, оның орнына жер бедері, судың ащы-тұщылығы, таудың биік/аласалығы, көлдің сұлулығы т.б. жайлы ақпарат беретін атауларды таққан. Әр атау құрылымы жағынан талданып, термин-индикаторлары айқындалды, жасалу тәсілдері анықталды. Облыс топонимдері негізінде рәсімделу мәселесі де қарастырылып, рәсімделуіндегі олқылықтар айқындалды. Жинақтың ең тарихи маңызды тұсы – XVIII ғасырдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі диахрониясы зерделенді.

Бұл жинақтағы ақпарат еліміздің тарихынан хабардар етеді, ел, жер тұтастығын айғақтауға дәлел болады, ұрпақ тәрбиесі мен жалпы адамзат

(ауылшаруашылық, фитомедицина, бағыт-бағдар, экология, мәдениет) үшін де маңызды болмақ.

## АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

**Астионим** – ойконимнің бір түрі, қала атаулары. Мыс.: *Тараз, Қарағанды, Атырау, Семей, Алматы, Астана*.

**Гелионим** – гидронимнің түрі; тұзды, батпақты жердің атауы. Мыс.: *Айдарлы, Ақкөл, Ақсу* т.б.

**Генетивті атау** – өзі жасалған атаудың генетивті формасы сақталған жалқы есім. Мыс.: топонимдер: *Арал өзені, Бұлақ көлі* т.б.

**Генотопоним** – генонимдердің қатысымен жасалған жер-су атаулары. Мыс.: *Күшпенкөл, Алашакөл, Есен т. б.*

**Географиялық термин (ГТ)** (детерминатив) – нақты географиялық реалийді (нысанды), ұғымдарды білдіретін сөздер. Ол түрге не типке қатысты болуы мүмкін. Мыс.: *өзен, бұғаз, батпақ, арал, теңіз, шың, шөл, қала, ауыл, көл, тау*, т.б.

**Гидроним** – топонимнің бір түрі, су объектілерінің жеке атауы. Мыс.: *Жайық, Талас, Шалқар, Ертіс, Балқаш* т. б.

**Депроприатив** – трансонимдену (қара.) нәтижесінде басқа жалқы есімдерден қалыптасқан атау; мыс. кісі есімі *Мина* – шіркеу атауы *Мина*, кітап атауы *Тора (Тауарат)* – тау атауы *Тор* т.б.

**Дримоним** – топонимнің түрі; орман, тоғай атаулары. Мыс.: *Роцца Баума, Беловежская пуца, Сосновый бор*.

**Дромоним** – топоним түрі; кез келген байланыс жолдары: жер үсті, су, жер асты, әуе қатынас атаулары. Мыс.: *Жібек жолы, Қасқа жол*.

**Жалқы есім** – бір түрге жататын басқа объектілерден аталмыш объектіні ажырататын, жекелейтін сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем; соның ішінде жалқы есімнің әр түрлерін құрайтын *антропоним, топоним, гидроним, ороним* т.б.

**Индигенді атау** – бастапқы (түп-төркін) жалқы есім.

**Иррадиация** [топонимнің] берілген нысанның географиялық атау негізінің басқа, жақын жатқан нысандарға таралуы. Мыс.: *Арал теңізі, Арал қаласы; Талас өзені, Талас ауданы* т.б.

**Комоним** – ойконимнің түрі; ауылдық елдімекен атауы. Мыс.: *Кеген, Нарынқол, Қарасу, Жекекөл*.

**Лимноним** – гидронимнің түрі; көлдер мен тоғандардың атауы. Мыс.: *Балқаш, Сасықкөл, Алакөл, Жалтыркөл*.

**Литоним** – топоним түрі; жағалаудағы табиғи кез келген объектінің атауы, нақтырақ, шығанақ, тас. Мыс.: *Оқжетпес, Жұмбақ тас*.

**Некроним** – топонимнің түрі; зират, бейіттер мен молалардың атауы. Мыс.: *Кеңсай, Ваганьковское кладбище*.

**Ойконим** – топоним түрі; кез келген елді мекен (ауыл, село, кент, қала) атауы; ойконим астионим және комоним болып бөлінеді. Мыс.: *Жекекөл, Кеген, Нарынқол* т.б.

**Онимнің қызметі** – жалқы есімнің тілде өзінің рөлін, міндетін атқаруы, нақты айтқанда, атау, бірегейлендіру, ерекшелендіру т.б.

**Ономастикалық кеңістік** – белгілі бір жалқы есімдердің таралу аймағы немесе жалқы есімдердің тобы; ономастикалық кеңістік топонимия, антропонимия, зоонимия, теонимия сияқты топтардан тұрады.

**Ономастикалық шек** – бұл ең алдымен, «атаудың нақты сәйкестік аясы» деп пайымдайды. Атау семантикалық шек кешеніне кіретін біртұтас ономастикалық кеңістікке енеді. Бұл шек атау мен объект байланысына қарай: ономастикалық кеңістікті аяларға бөлуге сәйкес антропонимдік, топонимдік т.б. болып бөлінеді.

**Ороним** – топонимнің түрі, тау, қырат, шың атаулары. Мыс.: *Алатау, Хантәңірі, Алтай, Орал, Қаратау т. б.*

**Потамоним** – топонимнің түрі; өзендердің атауы. Мыс.: *Іле, Талас, Жайық, Шаған т. б.*

**Спелеоним** – ороним түрі; кез келген табиғи жер асты объектілердің атауы, соның ішінде: үңгір, құдық, жар, лабиринт, сифон, жер асты өзен т. б. атауы.

**Термин-индикатор** – топонимдердің құрамында келіп, олардың топонимдердің қай түріне жататынын анықтап отыратын географиялық термин; егер топонимдер су, сай, қамыс сөздердің қатысымен жасалса, ондай топонимдер гидронимдер тобына, ал тау, шоқы, қыр, асу сөздерінің көмегімен қалыптасса оронимдер тобына кіреді; термин-индикаторлардың детерминативтер, географиялық терминдер, халықтық терминдер деген атаулары да бар.

**Топоним** – онимдердің бір түрі; топонимдерді, көбінесе, жер-су атаулары деп те атаймыз; топонимдер — жер бетіндегі табиғи объектілердің және адамдардың табиғатты игеру үрдісі нәтижесінде қалыптасқан объектілердің атаулары; топонимдер өз ішінен ойконимдер, гидронимдер, оронимдер, урбанонимдер, некронимдер т. б. түрлерге бөлінеді.

**Трансонимдену** – жалқы есім есімдердің; мыс. антропонимдердің ешбір қосымшасыз басқа жалқы есімдерге айналу үрдісі; трансонимдену тәсілі арқылы антропонимдерден жасалған топонимдерді *топоантропонимдер*, антропонимдерден жасалған космонимдерді *антропокосмонимдер* деп атайды.



## КІРІСПЕ

Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады. Ал халықтың барлық өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен сол халықтың ана тілінен өз өрнегін табады да, асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Бұл тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет.

Тіл өмірі мен сол тілде сөйлеуші қауымының әлеуметтік өмірін өзара астарлас, бірінсіз бірінің күні жоқ тығыз байланысты дүние деп қарасақ, тілдің де сол халықпен бірге жасап келген мекені, сол халықтың генеологиялық, азаматтық тарихымен бірге туып, біте қайнасқан дәуірлері болатынын жоққа шығара алмаймыз. Осы бір табиғи тұтастықты біз тарихи деректерден гөрі тіл байлығынан көбірек көреміз. Өйткені тарихи деректер әртүрлі объективті себептермен сақталмауы, сақталса да бүгінге жетпеуі мүмкін. Ал тіл болса, ол қаншама дәуірді басынан кешірсе де, толассыз толығып, ғасырлар бойы жаңғырып, жаңарып отырса да, өткен өмірдің куәгері болуы сөзсіз. Оның өзінің тұла бойы толған тарих. Сөз байлығының қат-қабат қойнауларын тереңірек тексеріп, ақтара зерттесек, олардың өткен өміріміз жайлы берер мәліметі, шертер сыры аз болмаса керек.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдер қазақ лексикасының белгілі бір жүйесін құрайды, сондай-ақ қазақ жалқы есімдерінің лексикалық жүйесі өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады. Басқа да онимиялық жүйелер сияқты қазақ тілінің ономастикалық кеңістігі бірнеше бөліктерге жіктеледі: антропонимия, топонимия, зоонимия, космонимия, этнонимия т.б. Қазақ онимиясының осындай жіктелуінің негізінде атауыштық процесіне іліккен нысандардың категориялық түрі жатыр деп айтуымызға болады. Басқаша айтатын болсақ, жеке адамды атайтын есімдер – антропонимиялық, табиғи немесе антропогенді нысандарды (тау, өзен, бұлақ, қала, ауыл т.б.) атайтын жалқы есімдер – топонимиялық, аспан, ғарыш денелерін атайтын жалқы есімдер – космонимиялық жүйелерді жіктейді. Түрлі экстарлингвистикалық нысандарды атай отырып, жалқы есімдер сол нысандардың көптеген сипаттарын, қасиеттерін, қызметін, мәнін көрсете біледі, белгілі социумда, қоғамда, этноста жалқы есімдер алуан түрлі қызмет атқарады. Сол себепті жалқы есімдердің сипаты мен құрамына географиялық, идеологиялық, тарихи, дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени экстарлингвистикалық факторлар әсер етеді. Жалқы есімдердің жоғарыда аталған экстарлингвистикалық факторлармен тығыз байланысы жалқы есімдер жүйесінің басты сипаттарының бірі болып саналады. Тілден тыс факторлардың жалқы есімдердің семантикасына, қызметіне жіктелуі сияқты сипаттарына әсері мен ықпалы, мәні зор болғанымен, жалқы есім – тілдік бірлік, сөз. Сол себепті қазақ тіл білімінде жалқы есімдердің түрлі тілдік, лингвистикалық сипаттарын, қасиеттерін айқындайтын зерттеулерге басты назар аударылады.

Әрбір тілдің лексикалық бірліктер жинағы ұзақ тарихи кезеңді қамтитын материалдық және рухани әлемдегі көптеген заттарды, объектілерді, шындықтарды, түсініктерді тілдік номинациялау үрдісінің күрделі өнімі болады. Апеллятивті және ономастикалық номинацияның факторлары, уәждері, жолдары мен механизмдері әр түрлі болып келуі мүмкін, бірақ нақты болмыстағы заттарды сөздік белгілермен белгілеу тұрақты, үздік үрдіс болып келеді.

Қазақ ономастикасының шығу, даму кезеңдері және жасалу жолдары кеңінен зерттеп, ерекше зер салатын мәселелердің негізінен саналады. Бұның өзі сөз тарихымен, тілдің әр дәуірдегі даму, өзгеру күйімен, тіптен қоғамдық құрылымдардың өзгеруімен тікелей байланысты.

Жалқы есімдерінің жасалу, пайда болу, шығу тарихында төтенше орын алатын маңызды мәселенің бірі – тарихи-мәдени жағдаяттар. Халық тарихындағы бұл елеулі оқиғалар, біріншіден, атап айтқанда, түрлі қоғамдық құрылыстағы әртүрлі діни ағымға байланысты болса, екіншіден, көрші елдермен жасаған алуан түрлі мәдени қарым-қатынас, достық байланыстармен ұштасып жатады. Әдетте, бұл тарихи-мәдени байланыстардың тіліміздегі есімдер құрамының молая түсуіне, лексика-мағыналық және функциялық мәнінің жетіле беруіне зор ықпал жасағаны аян.

Қазіргі ономастикада жалқы есімдердің табиғаты мен оның функционалдық ерекшеліктерін ашуда функционалды-прагматикалық аспект өте тиімді болып саналады. Бұл аспект Е.Ә. Керімбаевтың, И.В. Крюкованың, Н.В. Васильеваның, Г.Б. Мәдиеваның еңбектерінде әр тарапынан зерттелген [1-4].

Атау жасауда халықтың рухани және материалды мәдениеті оның дереккөздерін қолдана отырып, оны өздері қалыптасқан, дамыған, әртүрлі ықпал әсерінен өзгеріске ұшыраған себеп болған ұжыммен байланыстырады.

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕСІ

## 1.1 Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің түрлері

*Топонимдер* – жер бетіндегі кез келген табиғи немесе адам жасаған объектілер атауынан тұратын жалқы есім түрі. Топонимдер *гидроним, ороним, ойконим, урбаноним, спелеоним, дромоним, ареноним, дримоним т.б.* түрлерге бөлінеді. Атауы бар объектілер нақты аймаққа бекітілген. Кез келген топоним атау қызметімен қоса объектіге сілтеу қызметін де атқарады. Сонымен қатар олар объектінің ерекшелігіне, атаудың идеологиялық және эмоционалды бояуына қарай қосымша ақпарат бере алады. Белгілі бір аймақтың топонимиконы тарихи қалыптасады. Онда өткен дәуір топонимдері сақталады, сондықтан топонимдердің әр қабаты тарихи дәуірге, сол аймақта қоныстанған халық тарихына қатысты «қаттамаға» теңейді. Дегенмен барлық топонимдер осы тұрғыдан талдана алмайды. Ең алдымен географиялық объект атаулары (*гидронимдер, оронимдер, ареноттдер*) туралы айту керек. Топонимдік жүйеде тілдік қатынас орын алған. Топонимдерді ономастиканың арнайы бөлімі – *топонимика* зерттейді.

*Топонимдердің жалпылық белгілері:* Топонимдердің барлық түрлерінің ортақ белгісі – кез келген географиялық объектіні атау.

Топонимдердің жекеленуі аталатын объектке байланысты. Осыған орай келесі аталатын объектілер ажыратылады:

- гидрографиялық (өзендер, көлдер, теңіздер, мұхиттар, бұлақтар, құдықтар, каналдар);
- орфографиялық (жердің үстіңгі қабатының жағымды және жағымсыз рельеф объектілері);
- кез келген жолдар (жер үсті, су, жер асты, әуе);
- кез келген елді мекен (қала, ауыл);
- кез келген қала ішіндегі топографиялық объект;
- ресми, әкімшілік бөліністерінің кез келген объекті (территория, облыс, аудан);
- кез келген табиғи жер асты объектілер (үңгір, жер асты бұлақтары, көл, құдық, сарқырама);
- флористикалық объектілер (орман массивтер, өсімдік әлемінің реалійлері).

Топонимдердің барлық түрлері бір-бірімен белгілі бір жүйелі байланысқан және өзінің семантикалық, сөзжасамдық, морфологиялық құрылымы жағынан сол тілдік жүйеге сай келеді. Сонымен бірге географиялық атаулар ұлттық менталитет, ұлттық таным бойынша ерекшеленеді. Осыған орай топонимдер келесі белгілерге ие:

- әр халықтың географиялық атау жасауында тілдік жүйеге сай келетін белгілі бір заңдылық сақталады;
- атау беруші топтың әлемге көзқарасына сай қоршаған болмыс топонимде

беріледі;

- адамның құндылықтарына сай ақпарат топонимде көрсетіледі;
- топоним мазмұны тарихи, әлеуметтік, географиялық және басқа да экстралингвистикалық факторларға байланысты;
- топонимдер тілдің ұлттық-таңбаланушы белгілері болып табылады;
- топонимдер антропонимдерден кейін ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды (яғни адам санасындағы объектілерді қамтиды және кеңістікте қозғалысының бағыт-бағдары болады);
- ұлттық топонимиконның негізгі қорын көбінесе ана тіліндегі атаулар құрайды;
- топонимдік жүйені жаңа және кірме атаулар толтырады;
- топонимдер макротопонимдер (кеңінен танымал) және микротопонимдер (бір аймақ, бір ауыл көлемінде белгілі) болып бөлінеді.

Семантикалық модельдер: *Топонимдердің* семантикалық модельдері белгілі бір топонимдер жасауда қолданылған лексемаларды, ұлттық топонимдік жүйенің ерекшелігін көрсететін неғұрлым жиі және раритетті, яғни сирек кездесетін негіздерді бөлетін лексика-семантикалық классификация жасауда анықталады. Қалыптасқан топонимдік классификация әртүрлі топонимдік жүйені екі ірі түрге бөледі: *табиғат құбылыстарын атайтын топонимдер* және *«адам-табиғат» байланысын көрсететін топонимдер*. Бірінші түр табиғат құбылысының адам қызметімен байланысын тура көрсетпейді. Екінші түрі адам мен табиғат байланысын тура көрсетеді [27, 12]. Аталмыш таптастыру географиялық объектілер ерекшеліктерін толығымен қамтиды, бірақ ол бірқатар шартты да, себебі топонимнің барлық түрін қамтымайды. Топонимнің әр түрі географиялық объекттің әр түрін атайтынын естен шығармау керек.

1. Табиғат құбылыстарын көрсететін топонимдер келесі семантикалық лексемалардан тұрады:

- объект көлемі (формасы, ұзындығы, кендігі, созылмалылығы);
- кеңістіктегі объекттің орны, бағыты;
- объекттің сапалық ерекшеліктері (температурасы, дәмі, түсі);
- объект орналасқан жердің флорасы мен фаунасы;
- жердің неорганикалық әлемі (пайдалы қазбалар, құрылыс материалдары);
- жер рельефі;
- әртүрлі табиғи құбылыстар т.б.

1. Әлеуметтің (адамның) материалды және рухани мәдениетін білдіретін лексемалар негізін құрайтын географиялық объектілер атауларын біріктіретін «адам-табиғат» байланысын көрсетуші топонимдер:

- адам есімдері (антропонимдер, этнонимдер, генонимдер, әлеуметтік жағдайына қарай адамдарды атау);
- өндіріс-қожайын құндылықтарының атаулары (тұрғындар үйі, бастырмалар, тұрмыс заттары);
- анатомиялық терминдер;

- адамның рухани мәдениетін білдіретін атаулар (анимистік сенім, жергілікті рухты қасиет тұту, діни және мифологиялық көзқарастар);

- әртүрлі тарихи оқиғалар т.б.

Топоним түрлерінің ерекшеліктерін ескерген дұрыс, себебі адам ат тағуда объекттің негізгі белгілерін (табиғи, функционалды, жүйелік) көрсететін ақпаратты қолданады. Сонымен қатар ұлттық мәдениет пен ұлттық нақышқа тән ақпаратқа ие ұлттық тілдік сананы да ескеру керек.

*Морфологиялық және сөзжасамдық құрылымы:*

Топонимдердің морфологиялық талдау және құрылымдық түрін анықтау классификациясы толығымен жасалған. Әртүрлі топонимдік материалдар және негіздер (сөз таптарын, топоним жасауда қатысушы жеке формаларын анықтау, топоним құрылымындағы компоненттерді, туынды негізді бөлген) бойынша жасалған бірнеше классификация бар.

Көптеген топонимдік зерттеулерде топоним жасауда барлық дерлік сөз таптары (зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, етістік формалары, кей кезде есімдік пен үстеу) қатысады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берген бай топонимдік материалдар келтірілген. Топонимдер бір сөзден (дара: туынды және туынды емес, күрделі және құрамды), сөз тіркесінен (басыңқы, бағыныңқы және предикатив қатынастағы құрылымдар), сөйлемнен тұрады. А.В. Суперанская пайымдауынша, үндіеуропа тілдеріне предикативті тіркестер тән емес болса, түркі шығыс тілдеріне аталған үш түр де тән [28, 103].

Көптеген зерттеушілер топоним жасауда географиялық терминдердің көп жағдайда қатысатынын байқаған. Мысалы, гидроним, ороним жасауда географиялық терминдердің сөзжасамдық қызметі жоғары және олар көп компонентті атаулардың соңында беріледі.

Сөзжасам тұрғысынан топонимдер әртүрлі сөзжасам тәсілдерімен жасалады:

- лексика-семантикалық (топонимдік бірнегізді аффиксіз құрылымдар: қаз. Апан, Жыра, Жіңішке; орыс. Маяк, Раздол, Прогресс);

- лексика-синтаксистік (топоним қызметін атқарушы сөз тіркестері, кей кезде тұтас сөйлемдер: қаз. Білезіктің бір айрық басы, Үлкен Ащыбұлақ, Аққолқайың жотасы; орыс. Белый камень. Мокрая Погорелка, Пихтовый ключ);

- морфологиялық (түбірлердің бірігуі: қаз. Қайыңбұлақ, Балтаөзек, Аюқашқан; орыс. Усть- Каменогорск, Красноярка, Двуречье; *аффиксті*: қаз. Қайыңды, Кендірлік, Жайылма; орыс. Таловочка, Быструшка, Песчанка).

Топонимдердің жасалу тәсілдеріне қарай қазақ (кеңінен алғанда түркі) тіліне предикатив конструкциялы болып келетін күрделі топонимдер тән болса (*Таужылаған, Тақиякеткен*), орыс (кеңінен алғанда славян) тілі топонимдерінің жасалу ерекшелігі – жұрнақтың жалғануында.


Топонимдердің жасалу жолдарын зерттегенде, ең алдымен қай тілге қатыстылығын анықтау қиындығы туындайды. Топоним – белгілі тілдің сөзжасамдық құралдары және модельдері арқылы жасалатын тілдік бірлік. Белгілі бір тарихи-хронологиялық дәуірде кірме топонимдер қабылданып, толығымен ана тілге бейімделуі мүмкін. Орыс топонимдеріне, егер төмендегі

критерийлерге сай келетін болса, Ресей территориясындағы және басқа да аумақтардағы орыс топожүйесіне кіретін топонимдер жатады:

- орыс тілі түбірі негізінде орыс тілінің сөзжасамдық аффикстері арқылы жасалған (Усть-Каменогорск, Семипалатинск, Быструха);
- орыс тілге жатпайтын түбірлерден орыс тілінің сөзжасамдық модельдері арқылы жасалған (Большенарымское водохранилище, Маралиха);
- шығу тегі бойынша орыс тіліне жатпайтын, бірақ орыс тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесіне бейімделген (қаз. Алматы – орыс. Алма-Ата, қаз. Жіңішке – орыс. Жинишке);
- калька, жартылай калькалар (қаз. Ақсу – орыс. Белая, қаз. Үлкентеректі – орыс. Большая теректы).

Кез келген топонимнің түбірін анықтау үшін экстралингвистикалық деректі қолдану керек.


Кесте - 1 Топоним түрлері



- некроним (жерлеу орындары атауы)
- дримоним (орман, алқап, тоғай атауы)

Гидронимдердің өзі іштей бірнеше түрге бөлінеді.


Кесте – 2 Гидронимдердің түрлері



Кесте – 3 Ойконимдердің түрлері



Кесте – 4 Ороним түрлері



Кесте - 5 Гелионимдердің термин-индикаторлары

№	Аудан	Батпақ
1	Айыртау	15
2	Ақжар	1
3	Аққайың	12
4	Ғабит Мүсірепов	9
5	Жамбыл	219
6	Есіл	16
7	Қызылжар	83
8	Мағжан Жұмабаев	42
9	Мамлют	126
10	Тайынша	21
11	Тимирязев	23
12	Уәлиханов	3
13	Шал Ақын	11
14	Аудан аралық шекара	24
	Жалпы:	603

Кестеден көріп тұрғанымыздай, Жамбыл ауданы ең батпақты жер, одан кейін Мамлют, Қызылжар аудандары батпақты болып келеді. Ақжар, Уәлиханов аудандарында батпақты жерлер жоқтың қасы. Осы кесте негізінде қай ауданның жері шаруашылыққа, тұрмысқа, құрылысқа қолайлы екендігін анықтауымызға болады.

Кесте – 6 Лимнонимдердегі термин-индикаторлары

№	Аудан	Жырас ай	Жыра	Бөген	Ескі ана	Сор	Көл	Тоған	Тұзды көл	Ащы-тұзды көл	Құрғақ арна
1	Айыртау	7					71	2	15	2	1
2	Ақжар	1					13		6	3	
3	Аққайың						65		8		
4	Ғабит Мүсірепов						4				
5	Жамбыл					2	524		75	29	
6	Есіл		1				62				
7	Қызылжар	4	1		2		116		4	1	
8	Мағжан Жұмабаев	1					34		17	1	
9	Мамлют	1					318	1	9	5	
10	Тайынша	2					26		9	5	
11	Тимирязев						35		3	1	
12	Уәлиханов	7					29		9	7	



13	Шал ақын			1			75	1	2	1	
	Жалпы: 1618	23	2	1	2	2	1371	4	157	55	1

Берілген кесте негізінде аудан аумағында көлі ең көп орналасқан Жамбыл ауданы екендігін аңғарамыз, одан кейін Мамлют, Қызылжар аудандары. Ақжар, Ғабит Мүсірепов аудандарында көлдің саны өте аз. Жамбыл, Мамлют, Қызылжар аудандарының мал, балық шаруашылықтары әрі егістік үшін қолайлы екендігі анық.

Кесте – 7 Потамонимдердің терминдік-индикаторлары

№	Аудан	Өзен	Тұзды өзен	Ащы тұзды өзен	Жылға	Бұлақ	Бастау
1	Айыртау	17					1
2	Ақжар	9	1	2			
3	Аққайың				1		
4	Ғабит Мүсірепов	21			1		
5	Жамбыл						
6	Есіл	2					
7	Қызылжар	3		1			
8	Мағжан Жұмабаев						
9	Мамлют						
10	Тайынша	7					
11	Тимирязев						
12	Уәлиханов	28				2	
13	Шал Ақын	8					
	Жалпы: 104	95	1	3	2	2	1

Кестеден өзендері ең көп аудандар – Уәлиханов, Ғабит Мүсірепов, Айыртау екендігін аңғарамыз. Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Мамлют, Тимирязев аудандарында потамонимдер мүлде жоқ болып шықты. О бастан қазақтар сулы жердің маңына киіз үйлерін тігіп, тұрмыс-тіршілігін жүргізген. Судың ерекшеліктеріне қарай атау таққан. Мәселен: Қамысты, Бекірелі, Жалтырша т.б.

Гидронимдердің жалпы саны - 2321, соның ішінде: гелионимдер - 605; лимнонимдер - 1615; потамонимдер - 104.




Диаграмма – 1 Гидронимдер

Осы диаграмма негізінде СҚО гидронимдердің ішінде лимнонимдер көп таралғанын байқаймыз. Облыста батпақты жерлер де едәуір аумақты алып жатыр, потамонимдер саны алдыңғы екеуіне қарағанда азырақ. Дегенмен де Солтүстік Қазақстан облысының аумағы 97, 99 мың шаршы км. десек, оның 60% су алып жатыр. Бұл осы облыстың климаты, шаруаға жайлылығы жөнінде мол ақпарат береді.

Кесте – 8 Дримонимдердің терминдік-индикаторлары

№	Аудан	Орман	Орман шаруашылығы
1	Айыртау	3	1
2	Ақжар	-	
3	Аққайың	1	
4	Ғабит Мүсірепов	2	
5	Жамбыл	97	
6	Есіл	55	
7	Қызылжар	8	
8	Мағжан Жұмабаев	4	
9	Мамлют	54	
10	Тайынша	-	
11	Тимирязев	2	
12	Уәлиханов	-	
13	Шал Ақын	12	
	<b>Жалпы: 239</b>	<b>238</b>	<b>1</b>

Кестеден Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл, Есіл, Мамлют аудандарының орманды жерлерге бай екендігін аңғарамыз. Бұл құрылыс, аң өсіру салаларын дамытуға қолайлы аймақ дегенді білдіреді.

Кесте - 9 Дромонимдердің терминдік-индикаторлары

№	Аудан	Станция	Разъезд	Аялдама пункті	Өткел	Басып озу пункті	Тармақ
1	Айыртау	3	3				

2	Ақжар	3					
3	Аққайың	3	5	2			
4	Ғабит Мүсірепов	10	2				
5	Жамбыл	2					
6	Есіл						
7	Қызылжар	2	2	1		1	
8	Мағжан Жұмабаев	11	1	2			
9	Мамлют	1		4			
10	Тайынша	6	3				
11	Тимирязев	2		1			
12	Уәлиханов	2		1	2		1
13	Шал Ақын						
14	Петропавл қаласының аумағы	1		3			
	<b>Жалпы: 80</b>	46	16	14	2	1	1

Кесте негізінде біз коммуникациясы жақсы дамыған Мағжан Жұмабаев, Ғабит Мүсірепов, Тайынша аудандарын атай аламыз. Тимирязев, Шал Ақын аудандарында кестеде көрсетілген қосымша қатынас жолдарының жоқ екендігін аңғарамыз.

Кесте – 10 Инсулонимдердің терминдік-индикаторлары

№	Аудан	Арал
1	Айыртау	1
2	Уәлиханов	2

Айыртау, Уәлиханов аудандарында ғана арал бар екені анықталды.

Кесте – 11 Некронимдердің терминдік-индикаторлары

№	Аудан	Бейіт	Мола	Қорған
1	Айыртау		1	
2	Ақжар		1	
3	Ғабит Мүсірепов ауданы			1
4	Есіл	1		
5	Мағжан Жұмабаев	1		
6	Уәлиханов	18	7	
	<b>Жалпы: 30</b>	20	9	1

Кесте - 12 Астионимдердің терминдік-индикаторлары

№	Орталық		қала
	Аудан	Облыс	
1	Мағжан Жұмабаев		1
2	Мамлют		1
3		СҚО	1
4	Тайынша		1
5	Шал Ақын		1
	Жалпы: 5		

Кесте – 13 Комонимдердің термин-индикаторлары

№	Аудан	Ауыл	Жеке	Жайла	Қоныс	Қордон	Аудан	Ескі	мекен	Кент	Қыстау	Дала	қасы	Село	Совхоз
1	Айыртау	57	6		215	3				1				65	1
2	Ақжар	37	12		102			5		1				15	
3	Аққайың	18	11	1	68			1		1				38	
4	Ғабит Мүсірепов	39	10		58			2		1				62	
5	Жамбыл	26	2		211	2								51	1
6	Есіл	34	3	1	190		1	1				1		38	
7	Қызылжар	17	7	3	119			3						103	3
8	Мағжан Жұмабаев	26	8		179			2				1		76	
9	Мамлют	6	4	2	100									41	
10	Тайынша	38	15		97			1				1		97	
11	Тимирязев	8	4		23			1						35	10
12	Уәлиханов	56	3	5	111			17		1	13			20	2
13	Шал Ақын	25		2	172	1								36	2
	<b>Жалпы:</b> <b>2888</b>	<b>387</b>	<b>85</b>	<b>14</b>	<b>1645</b>	<b>6</b>	<b>1</b>	<b>33</b>	<b>5</b>	<b>13</b>	<b>3</b>	<b>677</b>	<b>19</b>		

Кестеден

Ойконимдердің жалпы саны - 2893, соның ішінде: астионимдер - 5; комонимдер - 2888.



Диаграмма – 2 Ойконимдер

Ойконимдердің ішінде комонимдер басымдылық танытып тұрғанын осы диаграммадан байқап отырмыз.

Кесте – 14 Оронимдердің термин-индикаторлары

№	Аудан	Жон	Тау	Төбешік	Шоқы	Жота	Қырат
1	Айыртау		16	12	15	2	
2	Ақжар		7	24			
3	Аққайың			5			
4	Ғабит Мүсірепов		8	34	6		
5	Жамбыл	51					
6	Есіл	1		6	1		
7	Қызылжар	6		3			
8	Мағжан Жұмабаев			7			
9	Мамлют	27		2			
10	Тайынша		1	33	1		
11	Тимирязев			10			
12	Уәлиханов		8	59	1		
13	Шал Ақын		1	8			
14	Жалпы:356	85	41	203	24	2	1

Кесте - 15 Спелеонимдердің термин-индикаторлары

№	Аудан	Жар	Құдық	Ор
1	Айыртау		1	
2	Қызылжар			1
3	Мағжан Жұмабаев		1	
4	Уәлиханов		2	
	Жалпы: 5			

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша гидронимдер – 2325 (гелионимдер – 603; лимнонимдер – 1618; потамонимдер – 104), дримонимдер – 237, дромонимдер – 73, некронимдер – 30, ойконимдер – 2626, оронимдер – 361 (оронимдер – 356; спелеонимдер – 5).




Диаграмма – 3 СҚО топонимдерінің түрлері

Кесте - Топонимдердің тілде рәсімделуі

№	Оним түрі	Қазақ тіліндегі	Орыс тіліндегі
1	гелионим	258	345
2	лимноним	875	743
3	потамоним	89	15
4	дримоним	69	168
5	дромоним	45	28
6	инсулоним		3
7	некроним	29	1
8	астионим	1	4
9	комоним	1537	1356
10	ороним	182	174
11	спелеоним	3	2
	Жалпы:	3088	2839




Диаграмма – СҚО топонимдерінің тілде рәсімделуі

## 1.2 Лексика-семантикалық түсіндірме

Тілде қоғамдық өмірде әрбір зат немесе құбылыстың атауы бар. Ал қоғам тілінде әрбір атау сол тілдің қорында бұрыннан бар сөздердің негізінде пайда болады. Себебі сөз – затқа ат беруге қызмет ететін негізгі тілдік бірлік. Алайда, тілдегі жаңа атаудың пайда болуын тек осымен ғана түсіндіруге болмайды. Себебі тілдегі жаңа атаудың пайда болуы анағұрлым күрделі құбылыс. Сөздерді тақырып жағынан топтастыруда көбінесе тілден тысқары қағидаларға сүйенуге тура келеді. Себебі сөздердің мағыналық топтастырылуы белгілі бір логикалық ұғымдарға негізделеді. Алайда, бұдан лексикадағы тақырып жағынан топтастырылған сөздер тілдік талдаудан тысқары қалады деген түсінік тумаса керек. Қайта тақырып жағынан топтастырылған сөздерді тілдік тұрғыдан талдай отырып, олардың ортақ мағыналық ерекшеліктерін таба білгеніміз жөн [54,190].

Жалқы есімдерді топтастыру тарихына қысқаша тоқталайық. Мәселен, Н.А.Бойко атауларды екі үлкен қарапайым топқа бөлуді ұсынады [55]: өлі табиғатпен сабақтас атаулар және өсімдік, адам, жануар, яғни тірі табиғатпен сабақтас атаулар.

Ал В.П.Тимофеев атаулардың қандай жағдайларда қалыптасқанын, объектілердің ерекшеліктерін ескере отырып, мынандай топтауды ұсынады [58, 109]:

1. кісі есімдерінен туған атаулар;
2. Отан ұғымынан туындаған атаулар;
3. өсімдік-жануар әлемінен алынған атаулар;
4. белгілі бір бағыттағы принциптерден туындаған атаулар;
5. тарихта белгілі кісі есімдерінен қойылған атаулар;
6. мезгілге байланысты қойылған атаулар.

Жалқы есімдерді талдау барысында, олардың этимологиясын ашу, айқындауда жалған, халықтық этимология орын алуы да ұшырасады. Түркі тілдеріндегі жалпы есімдер этимологиясын зерттеу туралы айтылған ой-пікірлер мен пайымдаулар да әр алуан. Бұл ретте В.В. Радлов, Е.Д. Поливанов, В.А. Гордлевский, С.Е. Малов, Н.К. Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, Э.В. Севортян, В.Г. Егоров, А.А. Юлдашев, Қ.Қ. Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, Ғ.Ғ. Мұсабаев, Е.Қойшыбаев, А.Ы. Ысқақов, Ә.Т. Қайдаров, А. Әбдірахманов пікірлеріне сүйенуімізге болады.

Э.В. Севортян пайымдауы бойынша, этимологиялық зерттеудің негізгі мақсаты мен нәтижесі зерттеліп отырған сөздің бастапқы морфо-семантикалық құрамы мен құрылымын анықтау болып табылады. Олар: 1) белгілі бір сөздің не атаудың жасалуындағы айырмашылық белгісін анықтау; 2) сөз не атаудың ішкі мазмұнын яки семантикасын анықтау; 3) негіз сөздің (атаудың) түбір морфемасын анықтаумен тікелей байланысты екендігін көреміз [38]. Қазақ тіл білімінде этимологиялық зерттеудің әдістері, белгі (критерия) мен зерттеу принциптері туралы айтқан акад. Ә.Т. Қайдар пікірлері мен

ұстанымдары; салыстырмалы-тарихи, тарихи-салыстырмалы (типологиялық), фонетикалық, морфологиялық, семантикалық тәсілдер де зерттеу жұмыстарында басшылыққа алыну керек [39]. Этимологиялық зерттеу лексикалық жүйедегі апеллатив пен жалқы есімдерді ажыратудан басталуы тиіс. Себебі этимологиялық ізденіс бағыты үшін ол аса қажетті де нақты уәж болып саналады.

А.П. Дульзон топонимдер этимологиясының негізгі принциптері: «Топонимдер әрқашанда тілдегі ерекше сөз табы болып саналатындықтан, оларды этимологиялық тұрғыдан зерттеудің басты шарты – топоним болған сөздің морфологиялық құрамын анықтап, мағынасын толық ашу болып есептеледі» [40] десе, Б.А. Серебренников: «Түрлі деректерді кешенді түрде сенімді қолданған этимология ғана нақты, сәтті деуге болады» деп түйеді [41].

А. Әбдірахманов бұл екі ғалымның айтысы төңірегінде туындаған өз пікірін айта келіп, екеуінің де «топонимдер тілдің ерекше бөлігі» деген ойларын қуаттай отырып Б.А. Серебренников пікіріне толық жүгінеді. Сөйтіп, топонимдердің жасалу және қалыптасу ерекшеліктерін этимологиялық зерттеулерде мұқият ескеру керек деп қорытады [42].

Лингвистикада кеңінен қолданылып жүрген негізгі әдістер ономастикалық зерттеуде дерлік қолданылады. Олар: 1) дескриптивтік (сипаттама), тарихи-салыстырмалы (компаративтік), тарихи-салғастырмалы (типологиялық), фонетикалық, морфологиялық [43].

Алайда ономастикалық материалдарды зерттеудің әдістері мен тәсілдері бірнеше бағытта болып, талдау тұрғысынан көп қырлы болатыны да белгілі. Олардың ішінде – этимологиялық талдау, сөзжасамдық талдау, тұлғалық (форманттық) талдау, статистикалық талдау, дифференциалдық-генетикалық талдаулардың орны бөлекше [44].

Б.А. Серебренников топонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеудің ерекшеліктеріне тоқтала келіп: «Түркі тілдеріндегі топонимдер мен гидронимдердің жасалуында құрылымдық типологияны ескеруді, атаудың құрамды бөлігі ретінде қай тілдегі сөздердің басым келетінін анықтау керек» дегенді айтады да фин-угор және түркі тілдерінің материалдарында жиі қолданылатын топонегіз (индикаторларды) (мыс.: Шуваш тілінде *каса* «ауыл», *ял* «хутор», *э* және *ва* «өзен» мәніндегі коми-зырян) келтіреді [41]. Бұл сияқты әдістің топонимдер мен детерминативтерге, субстраттық топонимдер мен көне топонимдерге этимологиялық талдау жасағанда мәні арта түсері даусыз. Реликтік және субстраттық тілдердегі топо және ономо негіздерге сүйенген этимологиялық стратиграфияны пайдалану белгілі бір субстраттың таралу шегін айқындап қана қоймай, кей ретте, оның құрамды бөліктерін анықтауға да септігін тигізеді [Жанұзақ].

Жалқы есімдер халықтың этникалық және элеуметтік тарихымен тығыз байланысты бай экстралингвистикалық ақпарат береді. Әр атаудың сыртында қандай да бір уәж тұрады, соның негізінде атау қалыптасады. «Зерттеушінің мақсаты – топонимдер арқылы адамзаттың тарихын оқып шығу», – дейді белгілі орыс ғалымы Н. Н. Надеждин [17; 168 - 169]. Аталу уәжі, шығу тегі



негізінде топонимдерді лексика-семантикалық таптастыруға болады. Топономист-ғалымдардың бірнеше таптастыру түрлері бар.

Тіліміздегі онимдердің пайда болу, жасалу, қойылуы мен аталу, шығу тегі – этимологиясының бірнеше жолы бары белгілі. Оларды жіктеуі қарағанда:

1) тіліміздің сөздік қорындағы жалпы есім сөздерден – апеллятивтерден жасалғандар;

2) басқа тілдерден енген топонимдер, яғни сол тілдердегі жалпы есімдерден жасалғандар;

3) белгілі бір саладағы атаулардың – онимдердің жер-су аттарына, кісі аттарына ауысу нәтижесінде жасалғандары (трансантропонимизация, транстопонимизация);

4) тілдің сөздік қорындағы сөздерден жасанды түрде жасалған топонимдер. Мәселен, Қызылұйым, Қызылмектеп, Кімасар (Комисаровский тау), с. Бірқалқа – с. Фикалка, с. Алтыауыл – с. Ялта т.б. [Жанұзақов].

Байқап отырғанымыздай, атауларды лексика-семантикалық топқа жіктеудің бірнеше жолы бар. Жиналған материал негізінде біз Солтүстік Қазақстан облысының топонимдерін келесі топтарға жіктеуді жөн көрдік: а) кісі есімінен қалыптасқан; ә) ру-тайпа атауларынан қалыптасқан; б) нысанға немесе маңындағы нысанға байланысты қалыптасқан; в) өсімдік не жануарға байланысты қалыптасқан; г) бейтарап мағынадағы атаулар; ғ) өзге елдің топонимдері негізінде жасалған атау; д) мағынасы күңгірт атаулар; е) нөмірленген нысан атаулары; ж) кеңес өкіметі идеологиясы мәніндегі ескірген атаулар.

## 1.2.1 ГИДРОНИМДЕР

Топонимдердің басқа түрлеріне қарағанда гидронимдер – экстарлингвистикалық факторлардың әсеріне аз түсетін түрі. Алайда Солтүстік Қазақстан облысы гидронимдері идеологиялық факторлар әсерінен едәуір өзгеріске ұшыраған.

### 1.2.1.1 ГЕЛИОНИМДЕР

**а) кісі есімінен қалыптасқан:**

**Агафоново**, батпақ, Филатово көлінен оңтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Айман**, батпақ, Ақсуат көлінен солтүстік-батысқа, Докучаево селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Кісі есімінен қалыптасқан, антропогелионим.

**Айсары**, батпақ, Шолақсор көлінен солтүстік-шығысқа, Айсары ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақжар ауданы. Антропогелионим не этногелионим болуы мүмкін.

**Ақжан**, батпақ, Алакөл көлінен оңтүстік-батысқа, Новосёловка селосынан оңтүстікке қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы. Антропогелионим.

**Алинкино**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-шығысқа, Соколовка селосынан батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Аманбай**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Андреевское**, батпақ, Жамбыл ауданы. Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Широкое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Қараңыз Андреевское, көл.

**Артамоново**, батпақ, Ақыш көлінен солтүстік-шығысқа, Никульское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Асташкино**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстікке қарай; Мамлют ауданы.

**Әлпаш**, батпақ, Ақсуат көлінен солтүстікке, Докучаево селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы. Антропогелионим болуы мүмкін.

**Бабақан**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Байтеліқарақоға**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-шығысқа, Николаевка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. Антропогелионим.

**Байымбет**, батпақ, Троебратское селосынан оңтүстік-шығысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Балтабай**, батпақ, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Новороссийское селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы.

**Барково**, батпақ, Половинное көлінен солтүстік-батысқа, Булаево қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы.

**Берниково**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Петропавл қаласынан шығысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Бесбай**, батпақ, Питное көлінен оңтүстік-батысқа, Тоқушы ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы.

**Бикенино**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Бримжанкино**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Боржұбайтомар**, батпақ, Красное көлінен оңтүстік-батысқа, Ольговка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Веринкөл**, батпақ, Сергеевское бөгенінен батысқа, Ақсуат көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев ауданы.

**Ганино**, батпақ, Семилово көлінен солтүстік-шығысқа, Журавль көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим. Кісі есімі ган – «бак, бақша» діни терминнен қалыптасқан.

**Гречкино**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Гришкино**, батпақ, Горько-Солёное көлінен шығысқа, Новодубровное селосынан батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Дауылбай**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Дерянкино**, батпақ, Становое көлінен шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Дос**, батпақ, Шошқалы көлінен оңтүстік-шығысқа, Қайраңкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Евтеевское**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Боголюбово селосынан солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Ермаковское**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Есаульское**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Октябрь селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл және Мамлют аудандарының шекарасында. Антропогелионим.

**Елубисоқпа**, батпақ, Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Жанақ**, батпақ, Қалибек көлінен оңтүстік-шығысқа, Кіші Қараой көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы. Антропогелионим. Жанақ Сағындықұлы – ақын. Арғын тайпасының Қаракесек руының Қамбар тармағынан шыққан. 1846 ж. жазда ел аралаған поляк А. Янушкевич ол туралы жазған. Жанақ шығармаларының көпшілігі сақталмаған. «Рүстем төреге» толғауы мен біраз өлеңдері ғана жеткен.

**Жанбатыр**, батпақ, Шошқалы көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Жанболат**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Заево**, батпақ, Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа, Белое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим. Көпес есіміне байланысты қойылған атау болса керек.

**Зайково**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Семилово көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим. Алайда кейіннен көшіп келгендердің бұрынғы мекен атауын қолданылуы мүмкін.

**Игнатъевское**, батпақ, Үлкен Жарма көлінен солтүстік-шығысқа, Камышлово көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Иголкин Участок**, батпақ, Куломзино селосынан шығысқа, Камышлово селосынан солтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Илюшино**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Илюшинское**, батпақ, Петропавл қаласынан солтүстік-шығысқа, Питное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Казанцево**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Калашниково**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-батысқа, Булаево қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Калинино**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Катькино**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Комарово**, батпақ, Половинное көлінен солтүстік-батысқа, Булаево қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим, биогелионим болуы мүмкін.

**Кондуково**, батпақ, Мирное селосынан солтүстікке, Новорыбинка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Алғашқы қоныс аударушылар есімімен байланысты қойылған болуы мүмкін. Антропогелионим.

**Конюхово**, батпақ, Полвинное көлінен солтүстік-батысқа, Булаево қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Атау алғашқы қоныс аударушы шаруа Конюх есіміне байланысты қойылған. Оның осы жердегі айналысқан кәсібі – балықшы. Антропогелионим.

**Королевское**, батпақ, Никульское көлінен батысқа, Ақыш көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим болуы мүмкін.

**Кочубей**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Мирное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим. Есім татар тегінен шыққан Кучук бей есімімен байланысты.

**Көпберген**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Көшімбай**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Мирное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Куломзино**, батпақ, Солёное көлінен шығысқа, Куломзино селосынан солтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Атау коммунист, станса бастығы Куломзин құрметіне аталған. Ресейде осы аттас поселке бар. Алайда ол мемлекеттік кеңестің статс-хатшысы А.Н.Куломзин құрметіне аталған. Қоныс аударушылар бұрынғы мекен атауын қолдануы мүмкін. Қалай болғанда да бұл антропогелионим.

**Күнтай**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Қызылағаш ауылынан шығысқа қарай; Есіл ауданы. Антропогелионим болуы мүмкін.

**Қабыланбай**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Құрымбай**, батпақ, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Советское селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Құтымбай**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Леканово**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Лепехино**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Боголюбово селосынан солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим. Ресейдің атақты ғалымы, далалық жерлерді зерттеген.

**Лобаново**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-батысқа, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Қоныс аударушы шаруаның есімімен аталған. Антропогелионим.

**Лукашино**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Топоним Лукавец, Лукашѐв, Лукаш, Лукашевич кісі есімдерінен қалыптасқан [В.А. Жучкевич. Краткий топонимический словарь Белоруссии. — Мн.: Издательство БГУ им. В.И. Ленина, 1974.]. Антропоним.

**Мадияр**, батпақ, Горькое көлінен батысқа, Покровка селосынан шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропоним.

**Майбике**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстікке, Қиялы ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. Антропоним.

**Малыбай**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропоним.

**Малышкино**, батпақ, Становое көлінен солтүстікке, Белое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропоним.

**Матюшино**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Никульское көлінен шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропоним.

**Матюшкино**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропоним.

**Маякское**, (*Стёпин Маяк*), батпақ, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропоним.

**Михеево**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-батысқа, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропоним.

**Мишино**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Ақыш көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропоним.

**Мокринское**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропоним.

**Мочище**, батпақ, Питное көлінен солтүстік-батысқа, Знаменское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. Антропоним. Алғашқы қоныс аударушылардың ішінде мочище – «зығыр мен қарасораны сулаумен» айналысқан адамның тегі не лақап аты.

**Мустафино**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Мирное селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Антропоним.

**Муховинское**, батпақ, Горько-Солёное көлінен шығысқа, Михайловка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропоним.

**Назарово**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Мирное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропоним.

**Немчиново**, батпақ, Ақыш көлінен батысқа, Лебяжье көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропоним.

**Никитинское**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропоним.

**Николаево**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстікке, Камышлово көлінен солтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропоним.

**Нұрым**, батпақ, Становое көлінен батысқа, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропоним.

**Осипово**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Павловское**, батпақ, Питное көлінен оңтүстікке, Үлкен Жарма көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Панкрашка**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим. Панкратий есімінің еркелету-қысқарту мәніндегі атау.

**Пашкарёво**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл (Солтүстік Қазақстан облысы) және Ұзынкөл (Қостанай облысы) аудандарының шекарасында. Антропогелионим.

**Першино**, батпақ, Пьянково көлінен шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Петково**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Лебяжье көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Петровичи**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Пильшиково**, батпақ, Семилово көлінен солтүстік-шығысқа, Журавль көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Плоцкое**, батпақ, Алуа көлінен оңтүстік-батысқа, Петровка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. Антропогелионим.

**Повелихино**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-батысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Потёмкино**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-батысқа, Мирное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Пронькино**, батпақ, Камышлово көлінен оңтүстік-шығысқа, Булаево қаласынан оңтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Пукасово**, батпақ, Камышлово көлінен солтүстікке, Булаево қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Раписово**, батпақ, Семиозёрка селосынан оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Рапис – үйде өсірілетін пальма ағашы. Пальма ағашы солтүстік өңірде өспейтіндіктен, бұл атауа антропогелионим.

**Редькино**, батпақ, Никульское көлінен батысқа, Ақыш көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Ренёвское**, батпақ, Половинное көлінен солтүстік-батысқа, Камышлово көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) және Омск облысы (Ресей Федерациясы) шекарасында. Антропогелионим.

**Ромашево**, батпақ, Семиозёрка селосынан оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Ручкино**, батпақ, Петропавл қаласынан шығысқа, Асанов ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Рябцево**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Савчино**, батпақ, Екатериновское көлінен оңтүстік-батысқа, Ольговка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Садыркөл**, батпақ, Новоишимское селосынан солтүстік-батысқа, Червонное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы. Антропогелионим.

**Сазоновское**, батпақ, Питное көлінен солтүстік-батысқа, Знаменское селосынан шығысқа қарай; Аққайың ауданы. Антропогелионим.

**Саймулкино**, батпақ, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа, Воздвиженка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Сапақ**, батпақ, Петропавл қаласынан оңтүстік-батысқа, Широкое көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Саушкино**, батпақ, Питное көлінен солтүстік-батысқа, Знаменское селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Савва кісі есімінен қалыптасқан антропогелионим.

**Сенькино**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Сёмино**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Лебяжье көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Сергоулово**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Сидорово**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Симаково**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстікке қарай; Жамбыл және Мамлют аудандарының шекарасында; Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл және Мамлют аудандарының шекарасында. Антропогелионим.

**Соколово**, батпақ, Семилово көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Станотино**, батпақ, Становое көлінен солтүстікке, Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Степаново**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-батысқа, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Старое Симаково**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстікке қарай; Жамбыл және Мамлют аудандарының шекарасында. Антропогелионим.

**Терещуково**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. жазушы, Көкшетау қаласының Құрметті азаматы (1995). Антропогелионим.

**Толыбай**, батпақ, Тробратское селосынан оңтүстік-шығысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Томиловское**, батпақ, Камышлово көлінен оңтүстік-батысқа, Үлкен Жарма көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Тришкино**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Николаевка селосынан шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Трушино**, батпақ, Меңкесер көлінен батысқа, Ленино селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Тұрым**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа, Жарқайың көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. көнетүркі тілі сөздігінде турум – «өлшем бірлік, бір турум адамның бойына тең құдықтың тереңдігі» деп беріледі [ДТС, 589]. Алайда антропогелионим болуы да ықтимал.

**Тұрымбаев**, батпақ, Становое көлінен шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Тұрымбет**, батпақ, Таранкөл көлінен шығысқа, Светлое селосынан оңтүстікке қарай; Айыртау ауданы. Антропогелионим.

**Улеево**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Николаевка селосынан шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Уточкино**, батпақ, Новоникольское селосынан шығысқа, Бугровое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропогелионим.

**Үлкен Ақшешей**, батпақ, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа, Ягодное көлінен шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Үлкен Жанболат**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.

**Үлкен Имаш**, батпақ, Булаево қаласынан солтүстік-шығысқа, Конюхово селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Үлкен Құрымбай**, батпақ, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Советское селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Антропогелионим.

**Фокино**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Харитоново**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Хохловатик**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Атаудың мағынасы: 1. антропогелионим. Кісі есімі Русьта кеңінен таралған; 2. этногелионим – украиндық; 3. «жалбырап қалың өскен шөпке» байланысты болуы мүмкін.

**Чабаньково**, батпақ, Мамлют ауданы. Қараңыз Шауәли, батпақ. Антропогелионим болуы мүмкін.

**Чивилёво**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: 1 антропогелионим; 2 чивиль – «торғай, шымшық».

**Шадково**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим.



**Шағынбай**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Бөкен**, батпақ, Тақтакөл көлінен шығысқа, Жамбыл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Бөкенкөл**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Баймағамбет Ізтөлі ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Волково**, батпақ, Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан солтүстікке қарай; Мамлют ауданы.

**ә) ру-тайпа атауларынан, этнонимнен қалыптасқан:**

**Айту**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-батысқа, Шошқалы көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. Этногелионим болуы ықтимал.

**Ақбас**, батпақ, Петропавл қаласынан оңтүстік-шығысқа, Үлкен Жарма көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы; Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Майбалық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы. В.Н.Попова Павлодар облысының солтүстік аудандарында қыпшақтар тұрғандығын, оның бір атасы айбас-ақбас аталғанын, ал сай атының сол атаумен аталуы мүмкіндігін, олай болса, *Ақбас* «этнотопоним болуы мүмкін» екенін топшылайды. *Ақбас* деген атаудың басқа облыстарда кездесетінін ескерер болсақ, пікір жанасымды сияқты [(В.Попова, 1994, 24 б.)].

**Башкирёнок**, батпақ, Семилово көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Башқұрт**, батпақ, Становое көлінен солтүстікке, Мамлютка қаласынан батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Башқұрт Кішкене Шұңқырлары**, батпақ, Становое көлінен солтүстікке, Мамлютка қаласынан батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Жабайкөл**, батпақ, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-шығысқа, Орлиная тауынан оңтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Көне түр. этнонимдері: жаба+ай; бара бара этнонимдік мәні ұмытылып, топонимдік түрлері ғана сақталған [Қойшыбаев].

**Мордовское**, батпақ, Красное көлінен солтүстік-батысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Санжар ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Цыган**, батпақ, Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа, Белое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**б) нысанға немесе маңындағы нысанға байланысты қалыптасқан:**

**Ақсуат**, батпақ, Бозарал көлінен оңтүстік-батысқа, Қарасор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы. Атау екі сөздің негізінде жасалған: ақ+суат. Атаудың екінші сыңары –суат сөзіне ҚТТС (8т, 373) «өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері» деген анықтама береді. Дұрысы «кез келген су нысанының мал суаруға ыңғайлы жерін» суат деп атай беруге болады. Ол кәдімгі құдықтан бастап, ірі көлдердің мал су ішуге жарамды жағаларына дейін болуы мүмкін. Мал шаруашылығын кәсіп еткен көшпелі қазақ халқына суат ерекше маңызды қызмет атқарған [Бияров].

**Ақсықпа**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Аралкөл**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа, Жарқайың көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Куприяновка селосынан солтүстік-батысқа, Мичурино селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы.

**Аралқамыс**, батпақ, Тораңғылық көлінен оңтүстік-шығысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы.

**Ащыкөл**, батпақ, Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-шығысқа, Талдыарал көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы; Үлкен Қараой көлінен оңтүстік-шығысқа, Кішкенекөл ауылынан солтүстікке қарай; Уәлиханов ауданы. Атау ащы (сын есім) және көл (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. ҚТТС-та «тұзды, тұзы күшті, сор дәмі бар; тұщы емес» деген сын есім екені айтылады (1 т, 534). Ол сын есім «топырағында, суында тұз бар кез келген жер» мағынасында субстантивтеніп, алдымен географиялық терминге, одан соң топонимге айналады. Мысалы: Ащы, Ащысай, Ащылы, Ащыбұлақ, Ащықара, Ащыкөл, Ащықұдық, т.б. [Бияров].

**Әулиеоба**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «киелі, қасиетті батпақ».

**Бабайтомар**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Бабалы**, батпақ, Бозарал көлінен солтүстік-батысқа, Смирново селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы. Көнетүркі тілі сөздігінде: «ата, әке» мағыналарымен қатар «қарт, қарт адам», «сыйлы адам» мәнін де қолданылған (Ә.В.Севортян, 1978, 11). Мағынасы: «кәрі, көне» тәрізді.

**Байкөл**, батпақ, Жәркен көлінен солтүстікке, Аманкелді ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Байтомар**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Ленино селосынан батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Батан**, батпақ, Меңкесер көлінен шығысқа, Андреевка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Түр. (ет.) «сіңбе, оппа» мәнін беретін сөз [Қойшыбаев].

**Батпақ**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Тауағаш ауылынан солтүстікке қарай; Есіл ауданы; Камышовое көлінен оңтүстік-шығысқа, Хмельницкое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Сарыкөл (Қостанаай облысы) және Тимирязев (Солтүстік Қазақстан облысы) аудандарының шекарасында.

**Батпақкөл**, батпақ, Балықты көлінен оңтүстік-батысқа, Үлкен Тораңғылық көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Докучаево селосының оңтүстік-батысында, Тимирязево селосынан солтүстікке қарай; Тимирязев ауданы; Жәркен ауылынан солтүстік-шығысқа, Балуан ауылынан оңтүстікке қарай; Шал Ақын ауданы.

**Бәрікөл**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Кантемировское селосынан солтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы.

**Бекет**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстікке, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Горько-Солёное көлінен оңтүстік-батысқа, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Бекеткөл**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Котовское селосынан оңтүстікке қарай; Тайынша ауданы.

**Бестомар**, батпақ, Баян көлінен оңтүстік-батысқа, Раисовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы.

**Биесойған**, батпақ, Жамбыл ауылынан оңтүстікке, Целинное селосынан батысқа қарай; Қарасу (Қостанай облысы) және Ғабит Мүсірепов (Солтүстік Қазақстан облысы) аудандарының шекарасында. Ғ.Қоңқашпаевтың пікірі бойынша, бұл жерде бие сойылған болса керек []. Алайда Е.Қойшыбаевтың пікіріне сүйенсек, Биесойған көне түр. биэ («бет»), сойған (ет. «жырған») – жыра беткей мағынасына жуық атау [Қойшыбаев].

**Биіккөл**, батпақ, Меңкесер көлінен батысқа, Троицкое селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Большесажинское**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Камышлово көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы.

**Большое**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Лебяжье көлінен шығысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Большое Моховое**, батпақ, Имантау көлінен оңтүстік-шығысқа, Құмдыкөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы.

**Большое Филькино**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстікке, Кладбинка селосынан шығысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Большой Лиман**, батпақ, Алуа көлінен оңтүстік-батысқа, Үлкен Тораңғылық көлінен солтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы.

**Большой Мальдрикс**, батпақ, Камышовое көлінен шығысқа, Докучаево селосынан солтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы.

**Бұлақ**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Жаңажол ауылынан солтүстікке қарай; Шал Ақын ауданы.

**Бұрқылдақ**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Ленино селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Топонимжасамда -лақ, -лек форманты есім, еліктеуіш сөздерге жалғанып, «табиғи нысанның өзіне тән тұрақты бір ерекшелігін (Былқылдақ), немесе бір нәрсенің мол кездесіп отыруын (Шандақ)» білдіреді [Бияров].

**Былқылдақ**, батпақ, Екатериновское көлінен оңтүстік-шығысқа, Петровка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Сергеевское бөгенінен оңтүстік-шығысқа, Тораңғылық көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы.

**Бүркеу**, батпақ, Жарқайың көлінен солтүстік-шығысқа, Макарьевка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. -у қимыл атауы соңғы ғасырлардан бастап белсенді қолданыла бастағаны болмаса, көне жазба ескерткіштерде сирек кездеседі. Оның себебін -у қосымшасының синонимі болып табылатын -қ/-ғ аффиксінің қызметінен іздеген жөн. М.: қыстақ –қыстау, бақ-бау, күзек- күзеу

т.б. Ал топонимжасамға «табиғи нысанның өзіне тән болып келетін қызметін, кимылын атап көрсету» арқылы қатысып, жаңа топонимдер тудырады: Жайлау, Бөгеу, Бастау т.б. [Бияров]. ҚҚТСде 4. Заттың үстіңгі жағын шаң-топырақ, басқа да нәрселер басып, көміп қалу [4 том, 58 бет].

**Бұлдақ**, батпақ, Камышлово көлінен солтүстік-батысқа, Рязкино селосынан оңтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Екі сыңардан тұратын атау: бұлди+ақ. Көне түр. бұлди – сай, жыра; құлдиылды болса [ҚҚТС, 3 том], ақ – су. Мағынасы: «сай жырадан аққан су» болса керек.

**Бұлдақты**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «сай жырадан аққан сулы жер».

**Глиняное**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, петропавл қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Глубокое**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Становое көлінен оңтүстік-батысқа, Алуа көлінен солтүстікке қарай; Мамлют ауданы.

**Гнилое**, батпақ, Семиозёрка селосынан оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Шошқалы көлінен оңтүстік-батысқа, Целинное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы.

**Горелое**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Мирное селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Алуа көлінен солтүстік-батысқа, Владимировка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Становое көлінен шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы;

**Горелое Займище**, батпақ, Толыбай көлінен солтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Горькое**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Петропавл қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Далакөл**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Новомихайловка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Дальний Луг**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Длинное**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Долгое**, батпақ, Толыбай көлінен шығысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Рождественка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Мирное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Егіндікөл**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Егіндікөл атауындағы негізгі объект көл болғандықтан, Егінді атауының бірінші сыңарындағы *егін* сөзін «бастау,

*өзеннің басы»* деп танымыз да, *-ді* топонимдерге жалғанатын кәнігі қосымша деп білеміз. Демек, Егінді «бастаулы, қайнарлы, яғни қайнары көп, бірнеше өзен кеп құятын көл» мәнін білдіргендей [Жанұзақов].

**Есілкөл**, батпақ, Екатериновское көлінен оңтүстік-батысқа, Чапаевка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. А.Әбдірахманов бұл атаудың шығу тәркінін көне түркі тіліндегі, атап айтқанда, Күлтегінге қойылған ескерткіштегі *Йашыл угуз* атауымен түбірлес деп болжайды. «Есіл атауының фонетикалық өзгеріске түсіп, қалыптасуы төмендегідей түрде болған: *Йашыл // йасыл > йешіл // йесіл > Есіл*. Сөйтіп, бұл – *жасыл* (өзен) деген мағынаны беретін көне түркі сөзі. Кейбір түркі тілдерінде *йашыл*, *йешіл* сөзі осы күні де кездеседі» (А.Әбдірахманов, 1975, 95 б.). Алайда ешбір түркі тілдерінде *Йашыл* көл деген атаудың жоқтығын ескеріп, Ақкөл, Сарыкөл, Каракөл, Ақсу, Көксу тәрізді гидронимдік атаулардың мол ұшырайтынын мойындасақ, Есіл атауының тәркіні мен мән-мағынасы әлі де зерттей түсуді қажет етері даусыз. Біздің байқауымызша, құрамындарында *ыл ~ іл ~ ел* формалары бар – *Ойыл*, *Қиыл*, *Қағыл*, *Еміл*, *Елек*, *Іле* сияқты гидронимдік атаулар көне замандардан келе жатқан топонимдер. Олардың құрамдарындағы аталмыш морфемалары әуел баста, орал-алтай тіл бірлестігі кезінде, «өзен, су» мағыналарындағы дербес сөздер болғандығын дәлелдеп отыр. Олай болса, *Есіл* атауының бірінші сыңарындағы *ес* сөзін көне түркі тіліндегі *jasi* «дала» (ДТС, 1969, 251), *jazi* «тегіс, жазық» (МҚ, III, 24) өзбек тілігегі *яш* «жазық», түркімен, әзербайжан тілдеріндегі *язи*, *язын* «дала», «жазық» сөздері ғасырлар бойы айтыла келе тілімізде *ес* тұлғасында қатты дыбыстық өзгеріске түссе, екінші құрамдағы оның *-ыл*, *-іл*, *-ел* сыңарларын морфема деп қарамай, «ылғал», «саз», «су» мәніндегі көне сөз ретінде қабылдап, *Есіл* «кең дала, жазық жердегі суы мол, үлкен өзен» деген мағынада қойылған атау деп білеміз [Жанұзақов]. Сонымен атау үш сыңардан құралған: көне *ес+іл* және көл.

**Екінші Қарабие**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Камышлово көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Күрделі атау. Екінші реттік сан есім және Қарабие көне түрк.-монғ. қара және бәе (бые) сөздерінен қалыптасқан атау. «Биіккемер», «Биік жаға» немесе «Биік қия» мәндеріне жақын атау [Қойшыбаев].

**Жақсы Жаркөл**, батпақ, Камышовое көлінен оңтүстік-шығысқа, Хмельницкое селосынан батысқа қарай; Сарыкөл (Қостанай облысы) және Тимирязев (Солтүстік Қазақстан облысы) аудандарының шекарасында. Жақсы сөзі жар биіктігін не көл суының молдығын білдіреді.

**Жалғызкөл**, батпақ, Меңкесер көлінен батысқа, Орталық ауылынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Атау жалғыз (сын есім) және көл (зат есім) сөздерің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «оқшау жатқан көл».

**Жалтыр**, батпақ, Алуа көлінен оңтүстік-батысқа, Ильинка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Рождественка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Жалтыр сын есімі заттың «теп-тегіс, айнадай»; «жарқырап сәуле шағылысатын» сапа

белгілерін анықтайды. Топонимжасамда, көбінесе, «жағасы өсімдіксіз келіп, суы жарқырап жататын көлдерді; «тегіс, тасты» тауларды т.б. атайды [Бияров].

**Жалтырсор**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «өсімдік өспеген тақыр сор».

**Жалтырша**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Батпақ атауы көл атауынан ауысқан. Мағынасы: «теп-тегіс, суы жарқырап жатқан».

**Жаманкөл**, батпақ, Алакөл көлінен оңтүстік-батысқа, Новосёловка селосынан оңтүстікке қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы; Қамысақты өзенінде, Қарабел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы; Алакөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Жыңғылдысор көлінен солтүстікке қарай; Тайынша ауданы. Құрамында «жаман» сөзі келетін жер-су аттары республиканың барлық аймағында кездеседі. Ол «нашар» мағынасында қолданылса, кейде монғол, тәжік тілдеріндегі «чаман» сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген күйінде жұмсалады. Біздің байқауымызша, тәжік тіліндегі «чаман» – «көк шалғын», «майса», «жазық алаң» сөзінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Оған тәжік тіліндегі «Чаманбұлақ», «Чаманкулы» атаулары толық айғақ. Сөз басындағы ч/ш дыбыстары ж дыбысына алмасқан сияқты [Жанұзақов]. Жаман сын есімі «жақсы» сөзіне қарама-қарсы «нашар» мағынасымен лексикамызда қолданылатын болса, топонимге айналғанда, негізінен, екі мәнде жиі көрініс береді. Ең алдымен, «табиғи нысанның адамға, оның тіршілігіне қолайсыз» болып келуі, екінші, «географиялық нысанның басқа өзі тектес нысандардан «қораш, жатаған, өсімдіксіз, көріксіз» болып келуі жаман сын есімі + зат есім үлгісіндегі күрделі атаулар жасайды [Бияров]. Батпақ атауы көл атауынан ауысқан. Айтылған пікірлерді ескере отырып, біз Жаманкөл атауының мағынасы «жағасы көк шалғынды, майсалы» деген пікірді ұстанамыз.

**Жаманқоңыр**, батпақ, Жалтыр көлінен солтүстік-батысқа, Жәркен көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Топоним «жаман» және «қоңыр» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Атауының екінші сыңары қоңыр: 1) қоңырқай, сұрғылт (түс); 2) ауыс. (дауыс туралы) қоңыр, майда, жұмсақ дауыс, үн; 3) ауыс. (жайлы мінез) таныш, біртоға, жайлы; 4) ауыс. (ауа райы туралы) салқын, қоңыр күз, т.б. «қоңыр» сөзі арқылы жасалған топонимдердің де мағыналарының басқа тілдерде әртүрлі екендігі сөзсіз. Мәселен, монғолша хонхорхой – «шұңқыр, ойпат, үңгір, сай, жыра» (МҚС, 1954, 262 б.). Осы тілдегі *хонгур* – «сарғыш, қоңырқай», *хонор* – «төбе, төбешік, қырат»; «күштілік» мәндегі сөз [Жанұзақов]. Біздің ойымызша, атаудың мағынасы: «өсімдіксіз, сұрғылт тартқан батпақ».

**Жаркөл**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Повозочное селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-шығысқа, Бостандық ауылынан оңтүстікке қарай; Мамлют ауданы. Сілетітеңіз көлінен солтүстік-батысқа, Кішкенекөл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Уәлиханов ауданы. Мағынасы: «жиектері тік жарлы болып келген жердегі көлді батпақ».

**Жоғарғы Балық**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-батысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Атау «жоғарғы» және «балық» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Жоғарғы – ол мекен бағытын

білдірсе, көне түркі тілдерінде балық – «су, өзен» деген сөз болғаны тарихи деректерден мәлім. Сол бал – «балшық, батпақ», «су» мәніндегі түбірден өрбіген сөздер: бал + быр, бал + дыр, бал + шық, бал + ық. Жоғарыдағы айтылған бал түбірінің варианттары семит-хамит тілдерінде: b (w) l – «дымқыл, су»; алт. bul (лайлау, былғау), монғ. bul – «балшық, лас, былғаныш», қалм. bula – «кір, балшық», эвенкі тілінде bu (ca) – «батпақ, саз». Ә.Қайдаров пікірінше де: бал [ba] – «сулы, балықты, батпақты, балқаш < бал + қаш – «балшықты жер», «саз», балшық < бал + шық – «сұйық, жабысқақ батпақ, балшық», балжыр < бал - жыр» – «сулы, дымқылданған, былжыраған», салыстыр.: мал // малш [Ә.Қайдаров, 1986, 191]

**Займище**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Никульское көлінен оңтүстікке қарай; Қызылжар ауданы. Займище, займка - көктемде су шайып өтетін жер.

**Зоркөл**, батпақ, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Новороссийское селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. Мағынасы: «үлкен көл».

**Кеншалғын**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Ысқақ Ыбыраев ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «кең шалғынды батпақ».

**Кладбинское**, батпақ, Меңкесер көлінен батысқа, Троицкое селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Нысан маңында молалар болуына байланысты қойылған атау болса керек.

**Кладье**, батпақ, Бауманское селосынан оңтүстік-шығысқа, Шошқалы көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев (Солтүстік Қазақстан облысы) және Ұзынкөл (Қостанай облысы) аудандарының шекарасында. Мағынасы: «батпақты жерден тастан не бөренеден жасалған өткел» болуы мүмкін.

**Комарино**, батпақ, Лебяжье көлінен солтүстік-шығысқа, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Комарино атауы славян тілінен шыққан «маса» сөзін білдіруі мүмкін. Алайда А. Ф. Рогалёв бұл топонимнің шығу тегін камар немесе кемер, түркі және иран тілдеріндегі «тау етегі, жаға, жота, тау» немесе, керісінше, «өзен суы шайып кеткен ой» деген мағыналарымен байланыстырады. [Рогалёв А. Ф. Сцежкі ў даўніну: Геагр. назвы Беларус. Палесся. — Мн.: Польша, 1992. — С. 16—17. — 159 с. — ISBN 5-345-00398-X.]. Біз бұл пікірді экспедиция негізінде топоним орналасқан жерін көзбен көріп, анығына жетпейінше, қолдай да, жоққа да шығара алмаймыз. Сондықтан шартты түрде «нысанға немесе маңындағы нысанға байланысты қалыптасқан» топқа жатқызамыз.

**Кочкарник**, батпақ, Алуа көлінен солтүстік-батысқа, Владимировка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Кочкарник – «төбешікті, ойлы, батпақты жер» [Ефремов сөздігі].

**Кочковатое**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Новорыбинка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Баян ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл

ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Камышовое көлінен оңтүстік-шығысқа, Целинное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы: «ойлы, қырлы тегіс емес жер».

**Көкүй**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Атаудың бірінші сыңары көк – түспен байланысты болса, екінші сыңары үй – түр. фонетикалық үй – «саз» мағынасындағы атау [Қойшыбаев]. Мағынасы: «көк түсті саз не өсімдігі мол ескен сазды жер».

**Кривая Ляга**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Атау екі сөзден тұрады: кривая және ляга. Ляга сөзіне Даль сөздігінде «2. су жиналған шұңқыр» [] деген анықтама берілген. Мағынасы: «тегіс емес, қисық келген су жиналған шұңқыр, батпақ».

**Кішкенекөл**, батпақ, Алакөл көлінен батысқа, Ұлыкөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы; Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстікке, Жарқайың көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «көлемі кішкене көл».

**Кішікөл**, батпақ, Мағжан Жұмабаев ауданы. Қараңыз Кішікөл, қоныс. Мағынасы: «көлемі жағынан кішірек көл».

**Кіші Қайраңкөл**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-батысқа, Шошқалы көлінен шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. Атау үш сыңардан тұрады: кіші + қайраң+көл. Атаудағы қайраң географиялық терминінің бір ғана мағанасы бар: «Өзеннің, көлдің және теңіздің жайдауыт таяз жері» (ҚТТС, 5т, 535). Терминнің түбірі қайыр көне түркі. «құм» мағынасын беретін сөз екенін байқау қиын емес. Сонда қайыр + аң «құман», «құмдауыт жер» деген сөз. Қолданылу барысында «таяз су», «өткел» мағыналарына ауысқан. Қайраңның құмы су бетіне жақын немесе көрініп жататыны мәлім [Бияров]. Мағынасы: «құмы су бетіне шығып жатқан кіші көл».

**Қапшықкөл**, батпақ, Сергеевское бөгенінен батысқа, Ақсуат көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. Ұқсатық негізінде қойылған атау. Мағынасы: «қапшыққа ұқсас көл».

**Қараащы**, батпақ, Қалибек көлінен оңтүстік-шығысқа, Кіші Қараой көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы. Мағынасы: «суы өте ащы».

**Қарабие**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Камышлово көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Новорыбинка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Становое көлінен оңтүстікке, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Атаудың мағынасын екі түрлі талдауға болады: 1. Қарабиемен болған оқиғаға байланысты тағылған атау. 2. «Үлкен, ірі беткей». Күрделі атау. Қарабие көне түрк.-монғ. қара және бәе (бые) сөздерінен



калыптасқан атау. «Биіккемер», «Биік жаға» немесе «Биік қия» мәндеріне жақын атау [Қойшыбаев].

**Қаракөл**, батпақ, Красное көлінен солтүстік-батысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Красное көлінен оңтүстік-батысқа, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «үлкен, ірі көл».

**Қарасутомар**, батпақ, Жалтыр көлінен солтүстік-шығысқа, Николаевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Мағынасы: «түп-түп боп, үсті-үстіне шөп өскен шалшықты, қопалы, сулы жер».

**Қаратомар**, батпақ, Үлкен Тораңғылық көлінен оңтүстік-батысқа, Жаңажол ауылынан шығысқа қарай; Есіл ауданы; Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «түп-түп боп, үсті-үстіне қалың шөп өскен шалшықты, қопалы жер».

**Қойшолақ**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. Атау екі сыңардан тұрады: қой+шолақ. Атау құрамындағы *қой* сөзі қырым татарлары мен балкарларда *кой*, түрікше *коу*, каб. *куей* – «тұрақ, елді мекен, селен», «отырықшы ел». Шолақ «қысқа», «келте» мәніндегі сөзден жасалған атау. Атаудың мағынасы: «қысқа ғана тұрақтайтын селен».

**Қоржынкөл**, батпақ, Красное көлінен оңтүстік-батысқа, Жаңажол ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жамбыл ауданы. Қараңыз Қоржынкөл, көл. Көлдің көрінісін қоржынға теңеп қойылған атау [Қойшыбаев]. Топонимикада нақ осы «өзара жалғасқан тең екі бөліктен тұратын» белгісі атаулар жасайды. Әуелде «бір есіктен енетін, тең екіге бөлінетін үйлерді» қоржын там атап, соған ұқсас табиғи нысандарды Қоржынкөл, Қоржынтау, атандырған ұлттық менталитет болса керек [Бияров]. Қалай болғанда да мұнда ұқсастық белгілері бойынша атау орын алған.

**Қорқылдақ**, батпақ, Меңкесер көлінен батысқа, Мирное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау батпақтан шығып жатқан дыбысқа байланысты тағылуы мүмкін.

**Қоскөл**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен шығысқа, Кирово селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы; Мағжан Жұмабаев ауданы. Қараңыз Қоскөл, қоныс. Мағынасы: іргелес жатқан екі көл».

**Қосқара**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Котовское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Атаудың бірінші сыңары қас сөзінің тура мағынасы «қабактың үстіндегі қыл, түк». Ол кейбір түркі тілдерінде қаш (каш) тұлғасында да айтылады. Осы қас / каш сөздерінің түркі тілдеріндегі топонимдік мағынасы – «төбе, шоқы». Э.М.Мурзаев: «Хара осетин тілінде тас, тасты жер» (1984, 591) дегенді айтады [Жанұзақов]. Мағынасы: «түкті тасты жер» болуы мүмкін.

**Қотыр**, батпақ, Солёное көлінен шығысқа, Мирное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Қотыр сөзінің тура мағынасы «адам мен хайуанның терісіне шығатын жұқпалы қышыма ауру» болса, ауыспалы мәнде «тегіс емес, бұжыр табиғи нысандарды» атауға қатысады. Кейде орыс тілінен енген хутор

сөзі қотыр/күтір тұлғаларында қолданылып келген [Бияров]. Мағынасы: «ойлы-қырлы, шөп өскен, тасты жер».

**Қошқар**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-шығысқа, Будённое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен батысқа, Троицкое селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Мамлютка қаласынан оңтүстікке, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-шығысқа, Алуа көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Зерттеушілердің пікірінше: алт. кошкар – «жабайы кой», қырғ. кочкар – «койдың піштірілмеген еркегі». Қырғыз топонимісі Д.Исаев (1977, 98) Кочкар атауын монғол тіліндегі хотгор – «еңіс, ой, ойпаң жер» сөзінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген (т-ч) түрі деп біледі. Кейбір түркі тілдерінде Қошқар ру аты ретінде де кездеседі. Мәселен, Таулы Алтайда кочкар мундус, қырғызда коткор мундус руы болған. Бұған қарағанда, біздегі тау аты да ру атынан немесе жердің табиғи құбылысы, бедеріне қарай қойылуы мүмкін [Жанұзақов].

**Құндақсай**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау құндақ+сай сөздерінен жасалған. Құндақ – салбурында, боранды-желді күндерде, ұзақ жол, суыт көштерде асау құсты, жараланған, ұшынып қалған қыран құсты бөлеп алуға арналған бесік [ҚҚТС, 10 том]. Топонимжасамда «баланың бөлеуіне ұқсас сай, қойнауларға» атау бола алады [Бияров]. Мағынасы: «қорап, бесікке ұқсас сай». Дегенмен атау әлі де зерттеуді қажет етеді.

**Құржай**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Көне түркі тілі сөздігінде: құр – «құрғақ» мәнін береді [ДТС, 467]. Мағынасы: «суы жоқ».

**Қызкөл**, батпақ, Тактакөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көне түр. «қыз – қыр мағынасындағы сөз, з > р дыбысын алмастырған, бұл дыбыстары ауыспалы дыбыстар деп аталады [Қойшыбаев]. Мағынасы: «созылып жатқан биік жалдағы көл».

**Қызтомар**, батпақ, Красное көлінен оңтүстік-батысқа, Ольговка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «қырда түп-түп боп, үсті-үстіне қалың шөп өскен шалшықты, қопалы жер».

**Лесное**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Орманды жерлерге қатысты тағылған атау.

**Лиман**, батпақ, Травное көлінен оңтүстік-батысқа, Вознесенка селосынан шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Лиман (грек. λιμένας – айлақ, мүйіс, шығанақ) – 1. шағын мүйіс, жіңішке құмды мүйіс арқылы бөлініп қалған су айдыны; 2. Негізгі өзенмен қосылғандағы су қоймалары [Большая советская энциклопедия. 1988 год. с. 711].

**Майлыкөл**, батпақ, Майбалық ауылынан оңтүстік-шығысқа, Золотая Нива селосынан батысқа қарай; Тайынша ауданы. Майлы атауының топонимдік мағынасы «киелі, қасиетті, құдіретті тау» дегенді білдірсе керек [Жанұзақов]. Мағынасы: «суы малға майдай жағатын салқын, таза көл» болуы да ықтимал.

**Маленькое**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Троицкое селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау нысанның кішірек болуына байланысты тағылса керек.

**Малое Кривое**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Атау нысанның кішірек әрі қисық болуына байланысты тағылған болу керек.

**Нәншалғын**, батпақ, Сергеевское бөгенінен батысқа, Ақсуат көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы: «үлкен шалғын».

**Обакөл**, батпақ, Новоишимское селосынан солтүстік-батысқа, Червонное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы. түркі тіліндегі оба, ова – «қорған, төбе, тас үйіндісі, шекаралық белгі» [Жанұзақов]. Обакөл – «көл маңындағы оба, төбешік, тас үйіндісі» дегенге жуық көне атау.

**Омакөл**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Балуан ауылынан солтүстікке қарай; Жамбыл және Шал Ақын аудандарының шекарасында. Мағынасы: «белгі қойылған көл».

**Ортакөл**, батпақ, Жамбыл ауданы. Қараңыз Ортакөл, көл. Мағынасы: «ортадағы көл».

**Пахотное**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Островка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «егістік жер».

**Пашенное**, батпақ, Половинное көлінен солтүстік-батысқа, Лебяжье селосынан солтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Мағынасы: «жыртылған егістік жер».

**Перешейки**, батпақ, Горько-Солёное көлінен шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «жан-жағын су қоршаған, екі жерді біріктіретін жолақ жер».

**Песчаное**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-батысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Боголюбово селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «күмдақ жер».

**Пикетное**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа, Будённое селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Пикёт (фр. *piquet* – қазық) – жолдағы ара-қашықтықты белгілеу нүктесі, негізінен, 100 м. адымға тең. Атаудың мағынасы: «нысандар арасындағы ара-қашықтықты белгілеу нүктесі».

**Сағатомар**, батпақ, Толыбай көлінен солтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Атаудың бірінші сыңарындағы *сага* – «өзеннің көлге не теңізге құйған жерінің қылта тұсы; таудың етек жағы қабысқан, жалғасқан жері». Мағынасы: «өзеннің көлге құятын қылта тұсында қалың шөп өскен батпақ».

**Сарыкөл**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстікке, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Атаудың мағынасы: «үлкен көл».

**Сарықызкөл**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Котовское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Антропогелионим болуы мүмкін немесе «үлкен қыр жиектеген көл».

**Сасықкөл**, батпақ, Сергеевское бөгенінен солтүстік-батысқа, Жалтыр көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Атау көл суының дәміне, иісіне қатысты қойылған.

**Сауыткөл**, батпақ, Алакөл көлінен оңтүстік-батысқа, Новосёловка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы. Сауыт – 2. Этн. көне. Шарайна [ҚҚТС, 13 том]. Шарайна - 2. ауыс. Айнадай тұнық, мөлдір [ҚҚТС, 15 том]. Атаудың мағынасы: «айнадай тұнық, мөлдір көл» болуы мүмкін.

**Солёное**, (*Қалитекен*), батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Озёрное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «тұзды батпақ».

**Суаткөл**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Октябрь селосынан батысқа қарай; Мамлют ауданы. Түр. «Сулы көл» (суы мол көл) мәніндегі атау [Қойшыбаев].

**Сулы**, батпақ, Ақсуат көлінен солтүстік-шығысқа, Тимирязево селосынан оңтүстікке қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы: «суы мол».

**Табанды**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен оңтүстікке, Тайынша қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Табан+ды сөзінің негізгі мағынасы «аяқтың жерге тиетін, жер басатын бөлігі» [ҚТТС, 8т, 521] болса, топонимжасамға оның ауыспалы мағынасы: «өзеннің, сайдың, өзектің түбі, арнасы» қатысады [Бияров].

**Тақыркөл**, батпақ, Алакөл көлінен солтүстік-батысқа, Казанка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы. Атау екі компоненттен тұрады: тақыр+көл. Тақыр сөзі «шөл, шөлейтті өңірлерде өсімдік өспейтін қуқыл жер» [ҚТТС, 8т, 554] мағынасын беретін географиялық терминге айналған. Топонимжасамда «мүлде шөп өспейтін жерлер мен шөбі тықыр жерлерді» бірдей тақыр деп атау қалыптасқан []. Атаудың мағынасы: «жағасында шөп өспейтін көл».

**Тегішіл**, батпақ, Красное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Топонимжасамға да осы мәнде қатысатын -шыл, -шіл форманты «табиғи нысанда бір нәрсенің молдығын (Бағанашыл «бағанасы көп, жиі») және елді мекендегі адамдардың бейім ісін (Еңбекшіл)» мағынасын қалыптастырады [Бияров]. Атаудың мағынасы: «ойлы-қырсыз тегіс жері көп».

**Телпек**, батпақ, Тақтакөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. «Төбеге ғана киетін тақия сияқты жұқа бас киім» семантикасын беретін телпек сөзі, ең алдымен, жеңілдігімен ерекшеленеді (М.: «атқа жеңіл Телпекбай»). Телпектің сырт тұлғасын ұқсатып барып, «шағын дөңес, томпақ жерлерге» Телпек топонимі берілуі мүмкін. Алайда топоним түрінде көп тарамған [Бияров].

**Тереңкөл**, батпақ, Алабота көлінен оңтүстік-батысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы. Терең сын есімі «түбіне бойламай

кететін тұңғыық; шыңырау» мағынасына ие болып, дәл осы мәнде топонимжасамға да қатысады. Терең сын есімі өзі бірігетін географиялық термин денотатының салыстырмалы түрдегі «терең көл не терең шұңқыр, ойық» екенін сипаттайды [Бияров].

**Томар**, батпақ, Жарқайың көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «қалың шөп өскен батпақты, қорысты жер».

**Торфяное**, батпақ, Становое көлінен батысқа, Санжар ауылынан шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Становое көлінен батысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «шымтезекті жер».

**Торыатқайраңкөл**, батпақ, Красное көлінен оңтүстікке, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Күрделі атау: торы+ат+қайраң+көл компоненттерінен құралған. Торы ат – «қоңыр түсті жылқы» [ҚТТС, 14т, 304] + қайраң - «өзеннің, көлдің және теңіздің жайдауыт таяз жері» [ҚТТС, 5т, 535]. Терминнің түбірі қайыр көне түркі. «құм» мағынасын беретін сөз екенін байқау қиын емес. Сонда қайыр + аң «құман», «құмдауыт жер» деген сөз [Бияров]. Атаудың мағынасы: «көлдің қоңыр түсті құмдауыт таяз жері».

**Тығыз**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «1. Батпақ қалыңдығы, жиілігіне»; «2. «бітік өскен шөпке» байланысты.

**Тұзды**, батпақ, Сергеевское бөгенінен солтүстік-батысқа, Жалтыр көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы: «тұзды батпақ».

**Ұзынкөл**, батпақ, Горькое көлінен шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Кирово селосынан солтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы. Мағынасы: «көлдің дөңгелене емес, ұзынырақ созылып жатуына» байланысты.

**Ұлы**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Рождественка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Ұлы сын есімі «орасан зор, аса үлкен, ірі; атақты» мағыналарында қолданылатыны мәлім [ҚТТС, 9т, 477]. Топонимжасамда геонисанның «ірі, үлкен көлемін; елге пана болған, ел үйірілген беделін» әйгілейді де, кіші, кішкене, кішкентай сын есімдеріне қарсы мәнді атаулар жасайды [Бияров].

**Ұлыкөл**, батпақ, Есіл өзенінің орта ағысының сол жағасында, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Қара.: Ұлы.

**Үлкен**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Негізгі мағынасы «көлемі жағынан аумақты, зор, дәу» [ҚТТС, 9т, 546] болып келетін үлкен сын есімі нақ осы мәнде жер-су аттарын жасауға қатысады. Мұнда да біріккен атауларға қарағанда, кіші сын есіміне антонимдік қатынастағы тіркесті атаулар мол жасалады. Онда, көбінесе, негізгі тау жүйесін, негізгі өзен арналарын таңбалайды да, салалары, бұтақтары кіші сын есімін иеленеді (Үлкен

Айғай – Кіші Айғай) [Бияров].

**Үлкенкөл**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Екі компоненттен құралған: үлкен+көл. Көлдің ерекшелігіне қатысты қойылған атау.

**Үлкен Қайраңкөл**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Жамбыл ауылынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Үш компонентті күрделі атау: үлкен+қайраң+көл. Мағынасы: «үлкен саяз көл».

**Үлкен Қоскөл**, батпақ, Қоскөл ауылынан оңтүстікке, Сейфуллин ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Қатар жатқан «екі үлкен көл».

**Үлкен Сарыайғыр**, батпақ, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа қарай, Советское селосының оңтүстік-батысында; Мағжан Жұмабаев ауданы. Үш компоненттен тұрады: үлкен+сары+айғыр. Мағынасы: 1. «үлкен әрі кең аша»; 2. «үлкен сарыайғырға байланысты оқиға».

**Үлкен Сарыкөл**, батпақ, Красное көлінен солтүстік-батысқа, Чапаевка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «үлкен әрі кең көл».

**Үшкөл**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Боголюбово селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы; Меңкесер көлінен шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «қатар жатқан үш көл».

**Шайыр**, батпақ, Жарқайың көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау шай (зат есім) және йір (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. С.Қондыбай: «Түркі тілінің оғыз-селжук диалектісінде «чай, шай» – су, сулы сай, ал йір «жер», атау – «сулы жер» дегенді білдіреді дейді [С.Қондыбай, 1998, 25]. Расында да, Иран топонимиясын зерттеген В.И.Савина: «чай – түркіше «өзен» деп көрсетеді [240]. Ә.Әбдірахманов та: «чай – оғыз тобына жататын түрікмен, азербайжан тілдерінде, өзен» екенін айтқан [А.Абдрахманов, 1984, 126]. Сонда атаудың мағынасы: «сулы жер», «тау өзені бар жер».

**Шашмұрын**, батпақ, Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа, Белое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) және Қорған облысы (Ресей Федерациясы) шекарасында; Қызылжар ауданы. Қараңыз Шашмұрын, көл. Атау екі компоненттен құралған: шаш+мұрын. Бірінші сыңардағы шаш ханты тіліндегі шош – «бұлақ, кішкене, шағын өзен» мәнін білдіретін сөз [Мурзаев, 1984, 671]. Ал көне түркі тілінде чаш «тас». Мұрын сөзінің «адам мен жануарлардың иіс сезу мүшесі» мағынасынан басқа, «тау, судың мұрынға ұқсас мүйісі, тұмсығы» мәніндегі географиялық термин екенін көпшілік біле бермейді [Бияров]. Атаудың мағынасы: «тасты көл мүйісі».

**Шоқат**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Майбалық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы. Шоқат – шоқиып-шоқиып тұрған төбешік, қырат, қырқалар [ҚҚТС, 15 т., 385].

**Шоқыкөл**, батпақ, Тораңғылық көлінен оңтүстік-шығысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Атау шоқы және көл сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «биік жағалаулы көл».

**Шөмішкөл**, батпақ, Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Новоникольское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Атау шөміш және көл сөздерінің бірігуінен жасалған. Ұқастық белгі негізінде қалыптасқан атау. Шөміш сөзі «ас құятын үлкен ожаудың» аты [ҚТТС, 10т, 269]. Мағынасы: «шөмішке ұқсас дөңгелек, шұңғыл, ойыс көл».

**Шұқыр**, батпақ, Меңкесер көлінен шығысқа, Андреевка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Шұқыр зат есімі «қазылған, ойылған жер; шұңқыр» мәнді географиялық термин болып табылады.

**Шұңқыркөл**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Мирное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жарқайың көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Шұңқыр сөзі «қазылған, ойылған жер, шұқыр» мағынасындағы географиялық термин болып табылады [ҚТТС, 10т, 285]. Мағынасы: «терең көл».

**Ыссыкөл**, батпақ, Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Рассвет селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «су жылы, жайлы, жұмсақ көл» мәнде қойылған атау болса керек.

**Ямка**, батпақ, Петропавл қаласынан солтүстік-шығысқа, Питное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Шұқыр атауымен мәндес.

**Ямистое**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «шұңқырлы батпақ».

#### **в) өсімдік не жануарға байланысты қалыптасқан:**

**Айғыржығылған**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Рождественка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау екі сыңардан құралған: айғыр (зат есім)+жығылған (есімше). Осы өңірде болған оқиғаға байланысты болса, керек.

**Әупілдек**, батпақ, Красное көлінен оңтүстік-батысқа, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көл атауынан трансонимдену негізінде тағылған атау. Осы аттас, көл бар. Халық аңызы бойынша, «көл астын мекендейтін» жұмбақ құстың «әупілдеуінен (әупілдеу ет.) көл солай аталған. Бірақ орнитологтардың айтуларына қарағанда, ондай құстар (жемсауына су толтырып ататын құстар) құрлықты мекендейтін жануарларға жатады. Дұрысы көл түбінен родонит газының атылуымен байланысты Әупілдек аталуы мүмкін [Қойшыбаев].

**Басқоңыр**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Жамбыл ауылынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Қоңыр сапалық сын есімі «қара мен қызылдың аралығындағы қою күрең түсті» білдіреді (ҚТТС, 6т, 328). Топонимжасамда қоңыр түсті бұта, қарағаны мол өсетін тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» (Ә.Ақкөзов, 2005, 150) табиғи нысандарды белгілейді. Ауыспалы мағынада малға жайлы қоңыр салқын жон, жота, биіктерді атайды [Бияров]. Топоним «бас» және «қоңыр» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Топонимнің бірінші компоненті бас «басқы, жоғарғы, алдыңғы, бастапқы», «негізгі» мағынасын білдірсе, қоңыр: 1) қоңырқай, сұрғылт (түс); 2) ауыс. (дауыс

туралы) қоңыр, майда, жұмсақ дауыс, үн; 3) ауыс. (жайлы мінез) таныш, біртоға, жайлы; 4) ауыс. (ауа райы туралы) салқын, қоңыр күз, т.б. «Қоңыр» сөзі арқылы жасалған топонимдердің де мағыналарының басқа тілдерде әртүрлі екендігі сөзсіз. Мәселен, монғолша хонхорхой – «шұңқыр, ойпат, үңгір, сай, жыра» (МҚС, 1954, 262 б.). Осы тілдегі *хонгур* – «сарғыш, қоңырқай», *хонор* – «төбе, төбешік, қырат»; «күштілік» мәндегі сөз. Біздің байқауымызша, атау *қоңыр* деген шөп түрімен байланысты аталған болуы керек [Жанұзақов].

**Бүркіт**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы.

**Быково**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Михайловка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Гусиное**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Соколовка селосынан батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Долгенькая Ракита**, батпақ, Ольговка селосынан оңтүстікке, Майбалық ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Жалғызқайың**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Атау жалғыз (сын есім) және қайың (зат есім) сөздерің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «жалғыз қайың өсіп тұрған батпақ».

**Жапырақ**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстікке, Николаевка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. Мағынасы: «қайың, үйеңкі көп өскен».

**Жиентал**, батпақ, Троебратское селосынан оңтүстік-шығысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Қаз. жиын және тал сөздерінен жасалған атау. Экстралингвистикалық факторларға байланысты жиын сөзі жиен сөзіне ауысып кеткен. Атаудың мағынасы: «тал көп өскен батпақ».

**Журавлиное**, батпақ, Половинное көлінен оңтүстік-шығысқа, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Становое көлінен батысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Становое көлінен шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «тырна мекендейтін батпақ».

**Жучковое**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстікке қарай; Мамлют ауданы.

**Закамышное**, батпақ, Петропавл қаласынан солтүстік-шығысқа, Питное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «қамысты, қамысы көп өскен».

**Зарослое**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Соколовка селосынан батысқа қарай; Қызылжар ауданы. «Өсімдігі бітік өскен батпақ» мәнін білдіруі мүмкін.

**Заросшее**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Баймағамбет Ізтөлі ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Баян ауылынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы. «Өсімдігі бітік өскен» деген мәнді білдіреді.



**Кабанка**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-батысқа, Екатериновка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау жабайы қабандардың болуына байланысты қойылуы мүмкін. Не болмаса ер кісі есіміне байланысты болуы да ықтимал.

**Кабанчик**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Мамлютка қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Камышлово**, батпақ, Половинное көлінен солтүстік-батысқа, Булаево қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы.

**Камышное**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстікке, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен шығысқа, Андреевка селосынан батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Камышовое**, батпақ, Камышовое көлінен солтүстік-шығысқа, Целинное селосынан батысқа қарай; Тимирязев ауданы.

**Коноплёво**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-батысқа, Алуа көлінен солтүстікке қарай; Мамлют ауданы. Қарасора, Cannabis – өсімдік түрі. Антропогелионим болуы да мүмкін.

**Конопляное**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «қарасора көп өскен батпақ» болуы мүмкін.

**Куликовы Кочки**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Атау екі сөзден құралған: кулик және кочка. Кулик сөзінің мағынасы «су маңын мекендейтін Charadrii құс түрі». Кочка – «батпақтың дөңес жері». Атаудың мағынасы: «су маңын мекендейтін құс қонатын батпақтағы дөңес» болуы ықтимал.

**Куличье**, батпақ, Құсбек көлінен солтүстік-шығысқа, Имантау көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Атаудың мағынасы: «құс мекендейтін су маңы» болуы мүмкін.

**Күрті**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Е.Қойшыбаев пікірінше: «түр. *күрт* («сең») тұлғасына *ті* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау» (1985, 139 б.). Бірақ та орал-алтай тілдерінде: монғ. хур – «жар», «жартас», манжұрда курд – «биік жота, төбе» екенін көреміз. (Э.Мурзаев, 1984, 320 б.). Бұл салыстыру материалдарына қарағанда және *Күрті* аталатын жердің бедеріне ден қойғанда, Күрті «жарлы, жар тасты» деген мағынаны беретіндей. Ал көне түркі тіліндегі *qurt* – «қасқыр» (МК I, 342) сөзінің біздің тілімізде өзгеріске түсіп, жіңішке түрінде *күрт* боп айтылуын да есте ұстаған дұрыс [Жанұзақов].

**Кішкентай Қарақамыс**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Озёрное селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «көлемі кішкене, алайда қамысы бітік өскен».

**Кіші Бүркіт**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Котовское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Мағынасы: «бүркітке ұқсас, кішілеу жер» болуы ықтимал.

**Кіші Сүлікті**, батпақ, Сергеевское бөгенінен батысқа, Ақсуат көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы: «сүлігі көп кішірек батпақ».

**Кіші Шабак**, батпақ, Екатериновское көлінен оңтүстік-батысқа, Ольговка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау екі сыңардан тұрады: кіші + шабақты. Шабак сөзі «майда балық» мағынасымен топонимжасамға қатысып, «шабақ балығы бар немесе мол» мәнінде гидроним құрамына ене алады [Бияров].

**Кіші Шошқалы**, батпақ, Шошқалы көлінен оңтүстік-шығысқа, Қайраңкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы: «жабайы шошқа көп кездесетін кішірек батпақ».

**Қамысақтомар**, батпақ, Жарқайың көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Қарағайлы**, (*Қарағайлы, Клюквенное*), батпақ, Тақтакөл көлінен батысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «қарағайы қалың өскен».

**Қарағанкөл**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Баймағамбет Ізтөлі ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы «көл жағасында қараған өсімдігі қалың өскен».

**Қарақамыс**, батпақ, Алабота көлінен солтүстік-батысқа, Ақбас көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы. Мағынасы: «қамыс қалың өскен».

**Қарақау**, батпақ, Мамлютка қаласының орталық бөлігінде, Становое көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Атау екі сыңардан тұрады: кара+қау. Қау – астық тұқымдасына жататын көпжылдық мал азықтық шөптесін өсімдік [ҚҚТС; 9 том]. Атаудың мағынасы: «шөптесін өсімдік қалың өскен».

**Қарақоға**, батпақ, Алакөл көлінен оңтүстік-батысқа, Новосёловка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы. Атау қара (сын есім) және қоға (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Қоға – «өзен-көл жағаларында өсетін, ұзын жапырақты, бойшаң өсімдік». Мағынасы: «қоға өсімдігі қалың өскен батпақ».

**Қонақайсықпа**, батпақ, Красное көлінен оңтүстікке, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау үш компоненттен құралған: қонақ+ай+сықпа. Қонақ – астық тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік [ҚҚТС, 10 том], көне түркі тілінде сық – «кіші, азғантай» [ДТС, 504]. Атаудың мағынасы: «азғантай шөптесін өскен батпақ».

**Қурайлы**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Петропавл қаласынан оңтүстікке қарай; Аққайың және Қызылжар аудандарының шекарасында. Қурай – биік болып өсетін шөп тектес ірірек өсімдіктердің жалпы атауы және олардың мал жемейтін қатты сабағы [ҚҚТС, 10 том]. Мағынасы: «қурайы қалың өскен батпақ».

**Құлабие**, батпақ, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Молодёжное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Аққайың және Мағжан Жұмабаев аудандарының шекарасында. Құлабиеге қатысты бір оқиға орын алып, содан атау тағылған болар.

**Құндақши**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау құндақ+ши сөздерінен жасалған. Мағынасы: «қорап, бесікке ұқсас шиі қалың өскен жер».

**Лебедки**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Михайловка селосынан оңтүстікке қарай; Мамлют ауданы. Аққу, ақ сөзімен байланысты. Атаудың мағынасы: «аққулы мекен».

**Лебедовское**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «аққу құсы мекендейтін жер».

**Лягушачье**, батпақ, Лебяжье көлінен шығысқа, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «бақасы көп, бақалы».

**Лягушье**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Рождественка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «бақасы көп, бақалы».

**Маларанкөл**, батпақ, Меңкесер көлінен батысқа, Мирное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау үш компоненттен құралған: мал+аран+көл. Аран көпмағыналы сөзінің топонимге қатысы бары екеу: 1. Аран «кірпіш пен темірден жасалған қоршау» (ҚТТС, 1т, 312). Көне түркі. аран «мал (ат) қора» [46;53]. Қазақ тіліндегі арандау, аранға түсу «байқаусызда ұрыну, соғылу» (ҚТТС, 1т, 313) сөздеріне қарағанда, аран алғашында аңдарды қуып әкеліп түсіретін ор, тоспа, қоршау ретінде салынған болуы керек. 2. Аран «көкнәр тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдіктер туысы» (ҚТТС, 1т, 312); «дымянка – көгілдір, жаманкөк, аран» өсімдігі [Б.Қ.; 26]. Сонда атаудың мағынасы: «көл маңында малды қамайтын қора» не «көл жағасында мал жейтін өсімдіктің қалың өсуі».

**Малдыкөл**, батпақ, Сергеевское бөгенінен батысқа, Ақсуат көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы: «малды бағуға қолайлы көл» дегенді білдірсе керек.

**Малое Моховое**, батпақ, Имантау көлінен оңтүстікке, Жоғарғы Бұрлық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы. Атаудың мағынасы нысанның кішірек әрі мүкті болуына байланысты болса керек.

**Моховое**, батпақ, Имантау көлінен оңтүстік-батысқа, Құсбек көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы; Үлкен Жарма көлінен солтүстік-батысқа, Тоқушы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы; Алуа көлінен оңтүстікке, Аманкелді ауылынан батысқа қарай; Есіл ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Мирное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Санжар ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Троицкое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен шығысқа, Архангелка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Ақыш көлінен солтүстік-шығысқа, Никульское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) және Тюмен облысы (Ресей Федерациясы) шекарасында; Солёное көлінен оңтүстікке, Николаевка

селосынан шығысқа қарай; Қызылжар ауданы; Есіл өзенінің оң жағалауында, Петропавл қаласынан шығысқа қарай; Қызылжар ауданы; Лебяжье көлінен шығысқа, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы; Ақыш көлінен оңтүстікке, Горькое көлінен солтүстікке қарай; Қызылжар ауданы; Становое көлінен шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы; Солёное көлінен солтүстік-батысқа, Булаево қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы; Октябрьское селосынан солтүстікке, Суворовка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы; Сергеевское бөгенінен батысқа, Ақсуат көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. Атаудың мағынасы: «мүк қалың өскен батпақ».

**Моховушка**, батпақ, Петропавл қаласынан солтүстікке, Горькое көлінен шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Атаудың мағынасы: «мүк қалың өскен батпақ».

**Орлиное**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Боголюбово селосынан батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «бүркіт мекендейтін жер».

**Ракитное**, батпақ, Жалтыр көлінен солтүстік-батысқа, Жәркен көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Мағынасы: «талды, шілікті жер».

**Раскат**, батпақ, Горько-Солёное көлінен шығысқа, Санжар ауылынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы.

**Рогозянка**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Рогоза – қамыс тектес батпақты жерде өсетін өсімдік.

**Рогозяное**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Рогоза – қамыс тектес батпақты жерде өсетін өсімдік.

**Рогозянское**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Рогоза – қамыс тектес батпақты жерде өсетін өсімдік.

**Рыбалка**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Никульское көлінен шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «балығы көп, балық аулауға қолайлы жер» болуы мүмкін.

**Рыбное**, батпақ, Пресноредуть селосынан солтүстік-шығысқа, Семиозёрка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «балығы көп, балық аулауға қолайлы жер» болуы мүмкін.

**Рям**, батпақ, Никульское көлінен батысқа, Ақыш көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы; Ақыш көлінен солтүстік-шығысқа, Никульское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Рям – өсіндісі бар мүкті батпақ [Даль].

**Рямовое**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Мамлютка қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Қара.: Рям.

**Рямское**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Қара.: Рям.

**Сарыбалық**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Топонимдер құрамындағы *сары* сөзі

негізгі («түр, түс» мағынасынан бөлек) «үлкен, ірі, зор» мәнінде қолданылатыны белгілі. Екінші сыңары балық сөзі де екі түрлі мағына беретіні белгілі. Тіліміздің тарихында балық сөзі «қала» жалпы есімін берсе, қазіргі қолданыста бар балық сөзі «суда өмір сүріп, желбезекпен дем алатын, омыртқалылар тобындағы су жануарының» аты [Бияров]. Атаудың мағынасы: «үлкен, ірі балық».

**Свинячье**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Новомихайловка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «шошқалы».

**Смородина**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Кладбинка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «қарақаты қалың өскен».

**Суслиное**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «сарышұнақ көп тараған жер».

**Сүлікті**, батпақ, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Сүлікті ауылының солтүстігінде; Мағжан Жұмабаев ауданы. Мағынасы: «сүлігі көп батпақ».

**Сүліктігомар**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «сүлігі көп шөбі қалың өскен батпақ».

**Табунное**, батпақ, Екатериновское көлінен солтүстік-шығысқа, Горькое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «табын жылқыны бағуға қолайлы жер» болуы ықтимал.

**Талдыкөл**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Николаевка селосынан солтүстікке қарай; Есіл ауданы; Алуа көлінен оңтүстік-батысқа, Александровка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы; Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Мирное селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Советское селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Мағынасы: «жағасында тал өскен көл».

**Таран**, батпақ, Баян көлінен оңтүстік-батысқа, Раисовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы. М.Қашқари сөздігінде тарығ «жалпы егін, тұқым» және «бидай» мағыналарын берсе, көне түркі. тарлақ «егістік» [В.В. Радлов, 1905,3], қалм. таран «астық», «егістік», моңғ. тариалан «егістік», «астық» [Э.М.Мурзаев, 1984,544] мәндерінде кездеседі. Қорыта келгенде, Таран қаз. таран «горец өсімдігі», түркі., моңғ. таран «егістік» сөздерінің бірінен жасалып тұр. Тарығ, таран сөздерінің түбірінде тары фитонимі жатыр. Тары түркі халықтарының ең бірінші өсірген өсімдігі болған себепті, кейін барлық егістік атына ауысқан [].

**Телячье**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Тетер**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Ленино селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Құрдың мекендеуіне байланысты қойылған болуы мүмкін.

**Тибек**, батпақ, Аманкелді ауылынан солтүстік-шығысқа, Байтақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Уәлиханов ауданы. Тибёка «асқабақ, Cucurbita melo» [[lexicography.online](http://lexicography.online)].

**Укуйкины-Кочки**, батпақ, Жамбыл ауданы. Қараңыз Үкі, батпақ. Бұрмаланған атау. Екі компоненттен құралған: біріншісі қазақ тіліндегі үкі болса, екіншісі орыс тіліндегі кочки – «қалыңдығы тығыз және аса биіктігімен ерекшеленетін шым». Сонда атаудың мағынасы: «үкі қонатын, мекендейтін биік, тығыз шымды батпақ».

**Утиное**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Петропавл қаласынан оңтүстікке қарай; Қызылжар ауданы. Үйрекқазы көп жер.

**Үкі**, (*Укуйкины-Кочки*), батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы.

**Үлкен Бүркіт**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Котовское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Екі компоненттен тұрады: үлкен+бүркіт. Үлкен сөзіне қатысты алдыңғы гелионим бойынша ақпарат берілген. Бүркітті қолға үйретуге байланысты бүркіт мекендеген жерлерге атау тағу орын алған.

**Чаичье**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстікке, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «шағалалы».

**Шағалалы**, батпақ, Таранкөл көлінен шығысқа, Светлое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Троицкое селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «шағала көп мекендейтін».

**Шошқалы**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-батысқа, Қайраңкөл ауылынан батысқа қарай; Тимирязев ауданы; Камышовое көлінен шығысқа, Докучаево селосынан солтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Шошқа көп мекендейтіндіктен осылай аталған.

**Шөптікөл**, батпақ, Салқынкөл көлінен солтүстік-батысқа, Шөптікөл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстікке, Николаевка селосынан шығысқа қарай; Есіл ауданы; Троебратское селосынан оңтүстік-шығысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. «Жағасын қалың шөп басқан көл» мағынасында қолданылған атау.

**Шілікөзек**, батпақ, Жалтыр көлінен солтүстік-батысқа, Жәркен көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Атау екі компоненттен тұрады: шілік+өзек. Шілік – сулы жерде өсетін, жіңішке солқылдақ бұта. Өзек сөзі «жауын, қар суынан пайда болған кішірек сай; жыра» мағынасын беретін географиялық термин болып табылады. Сол мәнде және «өзен» мағынасында жер-су аттарын жасауға қатысады. Мағынасы: «жағасында шілік қалың өскен сай не өзен».

**Щучье Озеро**, (*Щучье*), батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-батысқа, Филатово көлінен оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «шортанды көл».

**Ячменище**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Новорыбинка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «арпалы алқап».

**г) бейтарап мағынадағы атаулар:**

**Армяжное**, батпақ, Камышово көлінен оңтүстік-шығысқа, Булаево қаласынан оңтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Армянный – армяк – түйе жүнінен тоқылған мата [Даль].

**Бабье**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл және Мамлют аудандарының шекарасында.

**Безымянное**, батпақ, Камышлово көлінен солтүстік-шығысқа, Булаево қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы.

**Бесшабашное**, батпақ, Толыбай көлінен солтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Босявка**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Бруцеллёзное**, батпақ, Становое көлінен оңтүстікке, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Верёвкино**, батпақ, Пьянково көлінен солтүстік-шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Весёлое**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Николаевка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы.

**Вилы**, батпақ, Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа, Белое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Второе Перерезное**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-батысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Екінші**, батпақ, Меңкесер көлінен шығысқа, Трудовое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Жёлтенькое**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-батысқа, Мирное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Жығылған**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Котовское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Белгілі бір оқиғаға байланысты аталған.

**Зелёное**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл және Мамлют аудандарының шекарасында.

**Золотилино**, батпақ, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Боголюбово селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Кесер**, батпақ, Покровка селосынан батысқа, Петровка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы.

**Клики**, батпақ, Красное көлінен солтүстік-батысқа, Чапаевка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы.

**Кореш**, батпақ, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атаудың шығу тегі белгісіз. Алайда авар тілінде *хор* – «көл», «тоспа» дегенді білдірсе, манси тілінде *хор* – «саз»,

«шалғын шөп», *хори* – «ойпат, ойпан», «төбешікті саз», армиян тілінде *хор* – «сай», «аңғар» екенін көреміз (Э.Мурзаев, 1984, с. 596). Бұған қарғанда, *хор* сөзі – «сай, аңғар», екінші құрамдағы көне түркі сөзі *ас/ес/еш* – «су, өзен», сонда атаудың мағынасы «сай, аңғардағы су» дегенге жуық сияқты [Жанұзақ]. Біз бұл пікірді қолдау не жоққа шығару үшін әлі біраз зерттеуді қажет етер едік.

**Короткое**, батпақ, Семилово көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Нысанның қысқалығына байланысты болуы да ықтимал.

**Красная Шапка**, батпақ, Меңкесер көлінен шығысқа, Трудовое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Библионгелионим.

**Кривое**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Шошқалы көлінен оңтүстікке, Целинное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы.

**Кругленькое**, батпақ, Горькое көлінен батысқа, Мамлютка қаласынан шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Дөңгелек.

**Круглое**, батпақ, Санжар ауылынан оңтүстік-шығысқа, Кладбинка селосынан солтүстік-шығысқа қарай қарай; Жамбыл ауданы; Травное көлінен оңтүстік-батысқа, Леденёво селосынан шығысқа қарай; Қызылжар ауданы; Есіл өзенінің оң жағалауында, Петропавл қаласынан шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Дөңгелек.

**Кукино**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Мирное селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Ресейде осы аттас поселкілер бар. Мағынасы күңгірт.

**Культиваторское**, батпақ, Бугровое селосынан шығысқа, Гаврино селосынан оңтүстікке қарай; Қызылжар ауданы. Қопсытқышты. Жерді өндеуге қатысты қойылған атау болса керек.

**Купиеватое**, батпақ, Солёное көлінен шығысқа, Архангелка селосынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Күйгенкөл**, батпақ, Тақтакөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «жағалауларын жиі өрт шалатын көл».

**Кіші Ақшешей**, батпақ, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа, Ягодное көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Қияқты**, батпақ, Жалтыр көлінен солтүстік-шығысқа, Николаевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Мағынасы: «қияқ шөбінің мол өскен жері».

**Лагерное**, батпақ, Становое көлінен батысқа, Горько-Солёное көлінен шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Малое Прапорщиково**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Малое Троебратное**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Троебратское селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы.



**Малое Филькино**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстікке, Кладбинка селосынан шығысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Малый Рямок**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Лебяжье көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Атау екі сөзден құралған: малый+рямок. Рямок – «белбеу, тар, ұзын жолақ» дегенді білдіреді [Даль].

**Могилка**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Нысан маңында мола болуы мүмкін.

**Наганное**, батпақ, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа, Андреевка селосынан шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Низок**, батпақ, Солёное көлінен шығысқа, Архангелка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Низок – «жертөледе орналасқан трактир» [Толковый словарь русского языка. под редакцией Д. Н. Ушакова (1935-1940);].

**Неделька**, батпақ, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа, Кондратовка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Обжорное**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Медвежье көлінен шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Обманное**, батпақ, Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа, Белое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Опалиха**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Опалиха - тәуелді адамға қаһарын төгу, мінеу, жағымсыз теріс көзқараста болу [Даль]. Мағынасы: «жайсыз, қолайсыз мекен».

**Палочное**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Никульское көлінен оңтүстікке қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «ағашты, таяқты қоршау» болуы ықтимал.

**Перерезанное**, батпақ, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Трицкое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «кесілген: жер, т.б. қандай да бір оқиғаға байланысты» болуы мүмкін.

**Пёстрое**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «ала-құла».

**Подползи**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Михайловка селосынан оңтүстікке қарай; Мамлют ауданы. Бір оқиғаға байланысты қойылған атау болса керек.

**Половинное**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Мирное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Поперечное**, батпақ, Питное көлінен солтүстік-батысқа, Краснопёровка селосынан оңтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы; Мамлютка қаласынан солтүстік-батысқа, Белое селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Прилив Красной Шапки**, батпақ, Становое көлінен оңтүстікке, Алуа көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Библиогелионим.

**Пропашцево**, батпақ, Становое көлінен шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Разовое**, батпақ, Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа, Белое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Ремок**, батпақ, Семилово көлінен солтүстік-шығысқа, Железное селосынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Семилово көлінен шығысқа, Солёное көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Ремок – ескі тозығы жеткен киім.

**Решётное**, батпақ, Горькое көлінен шығысқа, Мирное селосынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «елеуіштен өткен, елеуішпен байланысты».

**Рыжее**, батпақ, Горько-Солёное көлінен шығысқа, Михайловка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Түбі лайланған, қою сарғыш болуына байланысты аталған болуы мүмкін.

**Саманное**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен батысқа, Ленино селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Саман – сабан араластыра балшық илеп, үлкен қалыппен құйған шикі кірпіш. Мағынасы: «саманнан жасалған қора» болуы ықтимал.

**Сапожок**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Сарафанчик**, батпақ, Горько-Солёное көлінен шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл және Мамлют аудандарының шекарасында.

**Сарыала**, батпақ, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Кирово селосынан солтүстікке қарай; Тайынша ауданы.

**Светлое**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Медвежье көлінен шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Сладкое**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Сметанкино**, батпақ, Половинное көлінен солтүстік-батысқа, Камышлово селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) және Омск облысы (Ресей Федерациясы) шекарасында.

**Снежное**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Новорыбинка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Солдатское**, батпақ, Семилово көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Спорная Чаша**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстікке, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Стеколко**, батпақ, Никульское көлінен солтүстік-батысқа, Ақыш көлінен шығысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Стойло**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы.

**Сухое**, батпақ, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Семиозёрка селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Красное көлінен солтүстік-батысқа,

Чапаевка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы; Камышлово көлінің шығыс жағалауында, Булаево қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы; Лебяжье көлінен оңтүстік-батысқа, Белое селосынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Сықпа**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көнетүркі тілінде сық – «кіші, азғантай» [ДТС, 504]. Мағынасы: «көлемі шағын нысан» дегенді білдіруі мүмкін.

**Травяное**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атаудың мағынасы: «шөпті, шөбі бітік өскен жер».

**Тістемір**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-батысқа, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Әр түрлі мәнде болуы мүмкін.

**Угловое**, батпақ, Қызылжар ауданы. Қараңыз Горькое, батпақ; Становое көлінен батысқа, Санжар ауылынан шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Становое көлінен солтүстікке, Мамлютка қаласынан батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «бұрыштағы» нысан.

**Узкое**, батпақ, Становое көлінен солтүстікке, Мамлютка қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «тар жер».

**Чёртово**, батпақ, Становое көлінен солтүстікке, Михайловка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Мифтік ұғымға байланысты туындаған атау болуы мүмкін.

**Шанюшка**, батпақ, Ақыш көлінен солтүстік-шығысқа, Никульское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Шанюшка – орыстың ұннан жасалған тағамы.

**Шауэли**, (*Чабаньково, Чебаньково*), батпақ, Меңкесер көлінен батысқа, Троицкое селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Шауэли – мұсылманша жыл санауда қазіргі мамыр айына тең келеді. Антропоним болуы да мүмкін.

**Широкое**, батпақ, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа, Чириковка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы; Есіл өзенінің оң жағалауында Петропавл қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы: «кең жатқан».

**Широкое Пёстрое**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Петропавл қаласынан батысқа қарай; Қызылжар ауданы және Петропавл қаласы аумағының шекарасында. Мағынасы: «кең ала, яғни кең алқапта қалың өскен шөп» болуы мүмкін.

**Шпагатное**, батпақ, Становое көлінен батысқа, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. «кеңдік» мәнді білдіретін атау болса керек.

**ғ) өзге елдің топонимдері негізінде жасалған атау:**

**Бородино**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Внучково**, батпақ, Пресноредуть селосынан солтүстік-шығысқа, Семиозёрка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Горьковское**, батпақ, Горько-Солёное көлінің солтүстік-шығыс жағалауында, Михайловка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Земляное**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы.

**Земское**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы.

**Зыряново**, батпақ, Лебяжье көлінен батысқа, Белое селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы да, антропогелионим болуы да мүмкін.

**Калачик**, батпақ, Лебяжье көлінен шығысқа, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Калачик сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1) төрт бүктелу; 2) өсімдік түрі (лат. *Pelargonium*), халық арасында калачик деп аталады. Атаудың аталу себебі бірнеше болуы мүмкін: 1) қоныстанушылардың бұрынғы мекен атауы; 2) нысан пішініне байланысты болуы мүмкін.

**Калинки**, батпақ, Мамлютка қаласынан солтүстік-батысқа, Белое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Калинки сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1) ән атауы; 2) *Leuciscus borysthenicus* – балық түрі; 3) қоныстанушылардың бұрынғы мекен атауы.

**Классино**, батпақ, Солёное көлінен батысқа, Булаево қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Ресей аумағындағы поселок атауы. Қоныс аударушылар өздері көшіп келген бұрынғы мекен атауын батпақ атауы ретінде қолданған.

**Клещёво**, батпақ, Мамлютка қаласынан оңтүстікке, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Қоныс аударушылар өздері көшіп келген бұрынғы мекен атауын батпақ атауы ретінде қолданған.

**Лопушное**, батпақ, Есіл өзенінің орта ағысының сол жағалауында, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы. Украинада осы аттас көл, поселке бар.

**Морево**, батпақ, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Лебяжье көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауын қолданған.

**Осиннички**, батпақ, Үлкен Тораңғылық көлінен солтүстік-шығысқа, Покровка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. Осина – «көктерек орманы немесе орманды алқап, көктерек қопасы» [Ушакова]. Алайда атау қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауын қолданғаны анық. Сібірде осы аттас қала, поселке бар.

**Покровское**, батпақ, Келтесор көлінен оңтүстік-шығысқа, Алуа ауылынан батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Славян халықтарының діни мейрамына байланысты: 1. Аңыз бойынша әулие Богородица халықты жауып, аман алып қалған; 2. Күзден қысқа ауысу (14 қазан) кезеңі: малды өріске

жаймады, қысқа әзірленеді, алғашқы қар жер бетін жабады. Атаудың мағынасы қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауына байланысты болса керек.

**Симбирское**, батпақ, Становое көлінен батысқа, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы болуы мүмкін. Оның екі мағынасы бар: 1 Антропогелионим – булғар князі Синбир есімімен байланысты; 2 моңғол тіліндегі сүмбэр – «қасиетті тау».

**Сотинское**, батпақ, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-батысқа, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы.

**Тарханово**, батпақ, Петропавл қаласынан оңтүстік-шығысқа, Үлкен Жарма көлінен солтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы. Тархан – татар князінің есімі. Антропоойконим – ойкогелионим.

**Үшінші**, батпақ, Питное көлінен солтүстік-батысқа, Краснопёровка селосынан оңтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Реті бо йынша үшінші жатқан нысан.

**Хреновка**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Семилово көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Хреновка – желкек тамырынан жасалған алкогольді ішімдік.

**Чашино**, батпақ, Семилово көлінен батысқа, Филатово көлінен оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы болуы мүмкін.

**Черёмушкино**, батпақ, Баян көлінен оңтүстік-батысқа, Малосергеевка селосынан солтүстікке қарай; Айыртау ауданы. Мағынасы: 1 антропогелионим; 2. қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы болуы мүмкін.

**Чистенькое**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Ленино селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы.

**Чистое**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Троицкое селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Меңкесер көлінен шығысқа, Андреевка селосынан солтүстікке қарай; Мамлют ауданы. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы.

**Чичерово**, батпақ, Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антропогелионим не қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы болуы мүмкін.

**Чугуновское**, батпақ, Есіл өзенінің оң жағалауында, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы. Басында антропотопоним (С.Вознесенскийді халық арасында осылай атап кеткен), кейінірек қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы.

**Шалково**, батпақ, Есіл өзенінің орта ағысының сол жағасында, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антропogелионим не қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы.

**Шерстобитово**, батпақ, Семилово көлінен шығысқа, Солёное көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропogелионим не қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы. Қазіргі кезде РФ осы аттас поселкелер бар.

**Шилино**, батпақ, Семилово көлінен шығысқа, Солёное көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропogелионим не қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы болуы мүмкін. РФ осы аттас бірнеше село бар.

**Шухово**, батпақ, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропogелионим не қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы. РФ осы аттас поселкелер бар.

**Юдино**, батпақ, Есіл өзенінің сол жағалауында, Ақыш көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) және Тюмен облысы (Ресей Федерациясы) шекарасында. РФ бірнеше поселкелер бар. О баста Иуда сөзінен қалыптасқан атау. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекен атауы.

#### **д) мағынасы күңгірт атаулар:**

**Божан**, батпақ, Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-шығысқа, Ивановка селосынан оңтүстікке қарай; Аққайың ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Қожақоңыр**, батпақ, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа, Тақтакөл көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропogелионим не этногелионим болуы мүмкін. Мағынасы күңгірт.

**Крупашка**, батпақ, Никульское көлінен оңтүстікке, Соколовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Ресейде осы аттас көл бар. Мағынасы күңгірт.

**Қоспақкөл**, батпақ, Тайынша ауданы. Қараңыз Қоспақкөл, қоныс. Атаудың мағынасы күңгірт: 1. Қоспақ – түйешар [ҚҚТС, 10 том] + көл. Мағынасы: «түйеге ұқсас көл» 2. Қоспа – араластыру + көл. Мағынасы: «суы лайланған көл» болуы мүмкін.

**Құйынсықпа**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Құтылу**, батпақ, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атаудың мағынасы күңгірт.

**Қыртыс**, батпақ, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Жер бетінің қыртысын білдіруі мүмкін. Алайда атаудың мағынасы күңгірт, нақтылауды қажет етеді.

**Жаркен**, батпақ, Алабота көлінен оңтүстік-батысқа, Жолдыбай көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Мағынасы күңгірт, нақтылауды қажет етеді.

**Мальдрикс**, батпақ, Камышовое көлінен шығысқа, Докучаево селосынан солтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Мүтен**, батпақ, Жарқайың көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Оппа**, батпақ, Жалтыр көлінен солтүстік-шығысқа, Николаевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Савасянниково**, батпақ, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Новорыбинка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Сайдар**, батпақ, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Мирное селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Сарыман**, батпақ, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Николаевка селосынан солтүстікке қарай; Есіл ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Сәмтік**, батпақ, Жалтыр көлінен солтүстік-батысқа, Жәркен көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Сикисово**, батпақ, Никульское көлінен солтүстік-батысқа, Ақыш көлінен шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Мағынасы күңгірт.

**Сургутское**, батпақ, Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Ханты тілінен аударғанда Сургут – «балықты жер» десе, бұл пікірді жоққа шығарып, түркі тайпасы саргат атауынан шыққан деген пікірді айтады [Дунин-Горкавич А. А. Тобольский Север. Тобольск, 1910. Т. II; Татарская электронная библиотека: Александр Баяр, Тайная история татар (archive.org); Sürgüt, Büyük Türkçe Sözlük]. Мағынасы күңгірт.




Диаграмма - 6 Гелионимдердің этимологиясы

**Гелионимдер:** а) кісі есімінен қалыптасқан – 137; ә) ру-тайпа атауларынан, этнонимнен қалыптасқан – 8; б) нысанға немесе маңындағы нысанға байланысты қалыптасқан – 135; в) өсімдік не жануарға байланысты қалыптасқан – 83; г) бейтарап мағынадағы атаулар – 77; ғ) өзге елдің топонимдері негізінде жасалған атау – 30; д) мағынасы күңгірт атаулар – 17.

### 1.1.2 ЛИМНОНИМДЕР

**а) кісі есімінен қалыптасқан:**

**Абраево**, көл, Аққайың ауданы. Қараңыз Ұзынкөл, көл. Абраево/Ибраево – антропогелионим.

**Айдана**, көл, Жамбыл ауданы. Қараңыз Айдана, қоныс. Антропогелионим.

**Айман**, көл, Тимирязев ауданы. Қараңыз Айман, батпақ. Антропогелионим.

**Айтжан**, көл, Сексенбайсор көлінен солтүстік-батысқа, Озёрное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Антропогелионим.

**Айымжан**, көл, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Ақжан**, көл, Ақсуат көлінен солтүстік-шығысқа, Ақжан ауылынан батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Антропогелионим.

**Алексеево**, көл, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Санжар ауылынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимноним.

**Алёшино**, көл, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антропогелионим.

**Алёшкино**, көл, Горькое көлінен шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимноним.

**Алуа**, тұзды көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-шығысқа, Становое көлінен оңтүстікке қарай; Есіл ауданы. Антрополимноним.

**Альтейкино**, көл, Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимноним.

**Аманжол**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимноним.

**Аманкелді**, көл, Красное көлінен оңтүстік-батысқа, Толыбай көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимноним.

**Андреевское**, көл, Меңкесер көлінен батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Андреевское**, батпақ.

**Анисимово**, көл, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимноним.

**Анохино**, көл, Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Макарьевка селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимноним.

**Антоново**, көл, Семилово көлінен батысқа, Филатово көлінен оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Пьянково көлінен оңтүстік-шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Лебяжье көлінен батысқа, Медвежье көлінен шығысқа қарай; Мамлют ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) және Тюмен облысы (Ресей Федерациясы) шекарасында. Антрополимноним.

**Апталино**, көл, Горькое көлінен батысқа, Мамлютка қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Антрополимноним. Аптал – башқұрт кісі есімі.

**Архипкино**, көл, Есіл өзенінің орта ағысының сол жағасында, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антрополимноним.

**Асан**, көл, Мектеп ауылынан солтүстікке, Бірлік ауылынан оңтүстікке қарай; Шал Ақын ауданы. Антрополимноним.



**Асташкино**, көл, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Новомихайловка селосынан батысқа қарай; Мамлют ауданы. **Қара.: Асташкино**, батпақ.

**Атанбай**, тұзды көл, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимоним не этнополимоним.

**Афонькино**, көл, Становое көлінен солтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан батысқа қарай; Мамлют ауданы. Антрополимоним.

**Ахитово**, көл, Горькое көлінен батысқа, Мамлютка қаласынан шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Антрополимоним.

**Әдірбек**, көл, Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-шығысқа, Талдыарал көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. Антрополимоним.

**Әлия**, көл, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай, Аманкелді ауылының батысында; Жамбыл ауданы. Антрополимоним.

**Әлпаш**, тұзды көл, Тайынша ауданы. **Қара.: Әлпаш**, батпақ.

**Бабаш**, көл, Петропавл қаласынан солтүстік-батысқа, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Антрополимоним.

**Баженово**, көл, Сергеевское бөгенінен оңтүстік-шығысқа, Садовка селосынан оңтүстікке қарай; Шал Ақын ауданы. Антрополимоним.

**Базарбай**, тұзды көл, Үлкен Шабакты көлінен солтүстікке, Жуантөбе тауынан солтүстік-батысқа қарай; Тайынша (Солтүстік Қазақстан облысы) және Бурабай (Ақмола облысы) аудандарының шекарасында. Антрополимоним.

**Байболатов**, көл, Афанасьевка селосынан оңтүстікке, Рясинка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Антрополимоним.

**Байғашқайранкөл**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-батысқа, Шошқалы көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев (Солтүстік Қазақстан облысы) және Ұзынкөл (Қостанай облысы) аудандарының шекарасында. Антрополимоним. Мағынасы: «Байғаштың көлдегі өткелі».

**Байжарық**, көл, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Ленино селосынан оңтүстікке қарай; Мамлют ауданы. Антрополимоним.

**Алтықайраңкөл**, көл, Шошқалы көлінен солтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Үш компонентті күрделі атау: алты+қайраң+көл. Мағынасы: «алты қатар жатқан саяз көл».

**Аралкөл**, көл, Жамбыл ауданы; Тайынша ауданы. **Қара.: Аралкөл**, батпақ.

**Аралькино**, көл, Есіл өзенінің сол жағалауында, Травное көлінен оңтүстікке қарай; Қызылжар ауданы. Қазақтың арал сөзінен – «екі аралықтағы құрғақ жер».

**Арғанаты**, көл, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Санжар ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Атаудың шығу төркінін талдаған ғалымдар халық этимологиясындағы: 1) «арғын ата»; 2) «арыған ат» сияқты болжамдарды көрсетеді де, ғылыми этимология бойынша: «монғол тілі негізіндегі *арга* // *аргалын* тұлғасына түркі тілінің *ты* (*ту*<-*ту*<*тау*) морфемасының қосылу нәтижесінде жасалған «арқартау» мағынасындағы атау» ретінде пайымдайды [Қойшыбаев, 1985, 50]. А.Әбдірахманов: «Атаудың түбірі *аргана* көне алтай заманында «арқар», «тау ешкі» ұғымын білдіріп, кейін монғол тілінде «арғал», ал түркі тілінде «арқар» түріне көшсе керек. Ал *-ты* жұрнағы – осы заттың бар екендігін білдіретін, Алматы, Бұғыты, Ырғайты тәрізді атауларда сақталған туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ», – деген еді [А.Әбдірахманов, 1975, 64]. Тау аты арқар сөзімен байланысты да болуы мүмкін. Бірақта тау атының, оның табиғи құбылысына, көрік-кескініне де байланысты аталу жиі кездесетін жайт екенін ескеру қажет сияқты. Мәселен, Алатау, Қаратау. Біздіңше, атаудың *арган* сыңарының түп төркіні – «арқа». Оның тура мағынасы – «ту сырт, арқа» болса, географиялық термин ретінде түркі тілдерінде: *арга*, *арқа*, *аркан* тұлғаларында келіп, бірнеше мағынаны білдіретінін көреміз. Мысалы: тува, хакас тілдерінде: *арга* – «тау орманы», «тайга», «көлбей созылған қыр, қырат, жота», алт. *арка* – «тау етегі», «орманның терістік жағы», ноғай, құмықша *арка* – «қорған», «шың», «таудың ұшар басы», «тау тізбегі», «таулар», башқ. *арка* – «тау жылы», «биікті», эвен. *аркан* – «арқа», «иін». Бұл дәлелдерге сүйенгенімізде, Арғанаты – «тоғай ішіндегі көл» болуы мүмкін.

**Атантай**, көл, Шошқалы көлінен солтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау атан+тай сөздерінен құралған. Атан – «үлкен, зор» ауыспалы мағынасы қатысып, геонысанның басқалардан гөрі «ірі, биік» көлемін әйгілейді. Тай/тағ/тау. Мағынасы: «Биік тау маңындағы көл» болуы ықтимал. Өлі де болса зерттеуді қажет етеді. Үлкен тайға қатысты оқиға орын алуы да мүмкін.

**Атанүлкен**, көл, Горькое көлінен оңтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Атау атан+үлкен сөздерінен құралған. Атан – «үлкен, зор» ауыспалы мағынасы қатысып, геонысанның басқалардан гөрі «ірі, биік» көлемін әйгілейді. Плеоназм негізінде қалыптасқан атау.

**Ашалыкөл**, көл, Горькое көлінен шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Э.В.Севортянның сөздігінде «Аша – аш етістігіне -а жұрнағының жалғануы арқылы жасалған атау, таудан асуға қолайлы төмен жер, жол» деп берілген [Э.В.Севортян, 1974, 214]. Аша зат есімі «екі не одан да көп тармаққа айырылып шыққан ағаш» [ҚТТС, 1т, 511] мәнімен де, осыдан шығатын «сайдың, өзеннің саласы» мағынасымен де жер-су атын жасай береді. Атаудың мағынасы: «көл саласы».

**Ашамай**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Ашамай – балаға арнап жасалған ер. Мағынасы көлдің пішініне байланысты болса керек.

**Ашықкөл**, көл, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Балуан ауылынан шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. «Жан-жағы ашық тегіс жердегі көл».

**Ащы**, тұзды көл, Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көл суының ащылығын сипаттайтын атау.

**Ащыкөл**, көл, Ащысу және Қара Шат өзендерінің аралығында, Ащыкөл ауылынан батысқа қарай; Ақжар ауданы; Жарқайың көлінен шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көл суының ащылығын сипаттайтын атау.

**Ащыкөл**, тұзды көл, Солёное көлінен шығысқа, Рождественка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жарқайың көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Красное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көл суының ащылығын сипаттайтын атау.

**Ащылыкөл**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Үлкен Қараой көлінен оңтүстік-шығысқа, Кішкенекөл ауылынан шығысқа қарай; Уәлиханов ауданы. Көл суының ащылығын сипаттайтын атау.

**Аяқкөл**, көл, Тораңғылық көлінен оңтүстік-шығысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Жамбыл ауданы. Қара.: Мұқанай, көл. Мекенін, орнын, бағытын көрсету мәндегі атау.

**Аяқкөл**, тұзды көл, Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-шығысқа, Полтавка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. **Қара.: Аяқкөл**, көл.

**Әулиеоба**, көл, Жамбыл ауданы. **Қара.: Әулиеоба**, батпақ.

**Байкөл**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстікке, Троебратское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көл суының молдығын білдіретін атау.

**Байқошқар**, көл, Жақсытұз көлінен солтүстік-шығысқа, Қызылағаш ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Уәлиханов ауданы. «Терең, суы мол көл» мәнінде тағылған ату.

**Байтақ**, көл, Есіл өзенінің сол жағалауында, Александровка селосынан батысқа қарай; Есіл ауданы. Байтақ – ұшы-қиыры жоқ, кең [ҚТТС, 2 т., 605 б.]. Мағынасы: «терең әрі көлемді көл».

**Баскөл**, көл, Тораңғылық көлінен оңтүстік-шығысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы; Үлкен Қараой көлінен оңтүстік-батысқа, Қамбайсор көлінен солтүстікке қарай; Ақжар ауданы; Жәркен көлінен солтүстік-шығысқа, Балуан ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Топонимнің бірінші компоненті бас «басқы, жоғарғы, алдыңғы, бастапқы», «негізгі» мағынасын білдірсе, атаудың мағынасы: «басқы, жоғарғы жақтағы көл».

**Басқаракөл**, көл, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Кантемировское селосынан солтүстік-батысқа қарай; Аққайың және Тайынша аудандарының шекарасында. Атаудың мағынасы: «басқы, жоғарғы жақтағы үлкен көл».

**Батпақ**, көл, Сарыкөл (Қостанаай облысы) және Тимирязев (Солтүстік Қазақстан облысы) аудандарының шекарасында. **Қара.: Батпақ**, батпақ.

**Батпақкөл**, көл, Үлкен Тораңғылық көлінен солтүстік-батысқа, Покровка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы. Тимирязев ауданы. **Қара.: Батпақкөл**, батпақ.

**Белескөл**, көл, Тораңғылық көлінен оңтүстік-шығысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Атау белес+көл сөздерінен тұрады. Белес – ұзынша дөңестеу болып жатқан белең, бел, жон, жота [ҚТТС, 3 т., 252 б.]. Атаудың мағынасы: «ұзынша созылып жатқан көл».

**Бескөл**, тұзды көл, Сілетітеңіз көлінен оңтүстік-батысқа, Аққұдық ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Уәлиханов ауданы. Қатар жатқан бес көл болуына байланысты тағылған болса керек.

**Бесіншікөл**, көл, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Черкасское селосынан солтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы. Орналасу реті бойынша тағылған атау болса керек.

**Биіктас**, көл, Питное көлінен солтүстік-батысқа, Знаменское селосынан оңтүстікке қарай; Аққайың және Қызылжар аудандарының шекарасында. Көл жағасында биік тастардың болуына байланысты тағылса керек.

**Бозарал**, көл, Талдыарал көлінен оңтүстік-батысқа, Смирново селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. Мағынасы: «көлдің екі аралығындағы жыртылмаған, тың жер».

**Бозарал**, тұзды көл, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-батысқа, Смирново селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы.

**Большое**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Толыбай көлінен солтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Садовка селосынан оңтүстікке, Крещенка селосынан шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы.

**Қара.: Большое**, батпақ.

**Большое Солёное**, тұзды көл, Камышлово көлінен шығысқа, Булаево қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Үлкен тұзды.

**Борлы**, тұзды көл, Үлкен Шабакты көлінен солтүстік-шығысқа, Жуантөбе тауынан солтүстік-батысқа қарай; Тайынша (Солтүстік Қазақстан облысы) және Бурабай (Ақмола облысы) аудандарының шекарасында. «Жағасында боры көп, топырақ түсі ақ болып келген көл» мәніндегі атау.

**Бурылкөл**, тұзды көл, Қалибек көлінен оңтүстік-шығысқа, Кіші Қараой көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы. Жер-су атын жасарда, жылқы малына ұқсатудан туғандарынан басқалары, тікелей бурыл түсті табиғи нысандарды белгілейді. Көлдің түсіне байланысты тағылған атау.

**Бұзау**, көл, Белое көлінен солтүстікке, Шалқар көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы. «Сиырдың алты айға толмаған жас төлі» [ҚТТС, 2т, 484] мағыналы бұзау зат есімі топонимжасамға екі түрлі мағынада араласады: 1) «шағын, кішілеу нысан (баспақ сөзіне ұқсас)» атауларын жасайды; 2) «бұзаулар жеке бағылатын жер» мәніндегі атаулар тудырады [Бияров]. Атау көл пішініне байланысты болса керек.

**Бұқақарасу**, көл, Есіл өзенінің оң жағасында, Ысқақ Ыбыраев ауылынан батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Плеоназм негізінде жасалған атау. «Үлкен су» мәніндегі атау.

**Бұлақ**, көл, Таранкөл көлінен солтүстік-шығысқа, Светлое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы; Таранкөл көлінен солтүстік-шығысқа, Светлое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Бұлақтан бастау алатын көл. **Қара.: Бұлақ**, батпақ.

**Бүркеу**, көл, Жамбыл ауданы. **Қара.: Бүркеу**, батпақ.

**Былқылдақ**, көл, Ягодное көлінен шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен оңтүстік-батысқа, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстікке, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Былқылдақ**, батпақ.

**Біріншікөл**, көл, Талдыарал көлінен шығысқа, Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. Нысанның орналасу реіне байланысты тағылса керек.

**1-ші Тасты**, көл, Петропавл қаласынан оңтүстік-батысқа, Травное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Орналасқан реті мен жағасы тасты болуына байланысты тағылса керек.

**Вырезанные Кочки**, көл, Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа, Святодуховка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Кесіліп алынған шым-тезек.

**Глиняное**, көл, Ягодное көлінен оңтүстік-батысқа, Солёное көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Қызылжар ауданы. **Қара.: Глиняное**, батпақ.

**Глубокое**, көл, Үлкен Жарма көлінен батысқа, Смирново селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы; Есіл өзенінің орта ағысының сол жағасында, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Лебязье көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы; Никульское көлінен батысқа, Ақыш көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы; Широкое көлінен оңтүстік-батысқа, Новоникольское селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы; Алуа көлінен солтүстік-шығысқа, Новоникольское селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы; Становое көлінен солтүстікке, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Горько-Солёное көлінен шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы; Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстікке қарай; Мамлют ауданы. Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. **Қара.: Глубокое**, батпақ.

**Глубокое**, тұзды көл, Половинное көлінен оңтүстік-батысқа, Лебязье селосынан оңтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы; Становое көлінен солтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. **Қара.: Глубокое**, батпақ.

**Глухое**, көл, Имантау көлінен солтүстік-шығысқа, Шалқар көлінен оңтүстікке қарай; Айыртау ауданы; Широкое көлінен оңтүстік-батысқа, Новоникольское селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Алыс батпақты жерде орналасқан көл болғандықтан аталса керек.

**Гнилое**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Есіл өзенінің оң жағалауында, Ильинка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. **Қара.: Гнилое**, батпақ.

**Гнилое**, тұзды көл, Ягодное көлінен оңтүстікке, Красное көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Гнилое**, батпақ.

**Горелое**, көл, Ақбас көлінен оңтүстікке, Қаратал ауылынан шығысқа қарай; Айыртау ауданы; Троебратское селосынан шығысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Толыбай көлінен солтүстік-шығысқа, Семиозёрка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Есіл өзенінің сол жағалауында, Никульское көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қызылжар ауданы; Горькое көлінен оңтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы; Горько-Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. **Қара.: Горелое**, батпақ.

**Горькое**, ащы-тұзды көл, Белое көлінен солтүстік-батысқа, Кіші Қоскөл көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы; Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа, Караульное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) және Қорған облысы (Ресей Федерациясы) шекарасында; Пьянково көлінен оңтүстік-батысқа, Пресноредуть селосынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Ягодное көлінен солтүстік-шығысқа, Островка селосының солтүстік-шығысында; Жамбыл ауданы; Ягодное көлінен солтүстік-шығысқа, Екатериновское көлінен шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Мамлютка қаласынан шығысқа, Петропавл қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Мамлют және Қызылжар аудандарының шекарасында. **Қара.: Горькое**, батпақ.

**Горькое**, көл, Пьянково көлінен шығысқа, Семилово көлінен батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Становое көлінен солтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Қызылжар ауданы. **Қара.: Горькое**, батпақ.

**Горькое**, тұзды көл, Питное көлінен батысқа, Тоқушы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы; Семилово көлінен оңтүстікке, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Горькое көлінен оңтүстік-шығысқа, Рождественка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстікке, Благовещенка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Мағжан Жұмабаев ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) және Омск облысы (Ресей Федерациясы) шекарасында; Мамлют ауданы. **Қара.: Горькое**, батпақ.

**Горько-Солёное**, ащы-тұзды көл, Пьянково көлінен шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

**Горько-Солёное**, көл, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.



**Далакөл**, тұзды көл, Красное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. «Тегіс жерде орналасқан көл мәніндегі атау.

**Длинное**, көл, Алуа көлінен шығысқа, Явленка селосынан солтүстікке қарай; Есіл ауданы. **Қара.: Длинное**, батпақ.

**Доғалақ**, көл, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Жамбыл ауылынан батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Антрополимоним не этнополимоним болуы мүмкін. Сондай-ақ нысан пішініне байланысты тағылуы да мүмкін.

**Долгое**, ащы-тұзды көл, Становое көлінен шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. **Қара.: Долгое**, батпақ.

**Долгое**, көл, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Становое көлінен батысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы; Лебязье көлінен оңтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан солтүстікке қарай; Мамлют ауданы. **Қара.: Долгое**, батпақ.

**Ескі Есіл**, көл, Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа, Явленка селосынан батысқа қарай; Есіл ауданы; Сергеевский бөгенінің су жайылған зонасында; Сергеевка қаласынан оңтүстікке, Бағанаты ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Атау ескі+есіл сөздерінен тұрады. А.Әбдірахманов бұл атаудың шығу төркінін көне түркі тіліндегі, атап айтқанда, Күлтегінге қойылған ескерткіштегі Йашыл угуз атауымен түбірлес деп болжайды. «Есіл атауының фонетикалық өзгеріске түсіп, қалыптасуы төмендегідей түрде болған: Йашыл // йасыл > йешіл // йесіл > Есіл. Сөйтіп, бұл – жасыл (өзен) деген мағынаны беретін көне түркі сөзі. Кейбір түркі тілдерінде йашыл, йешіл сөзі осы күні де кездеседі» [А.Әбдірахманов, 1975, 95 б.]. Алайда ешбір түркі тілдерінде Йашыл көл деген атаудың жоқтығын ескеріп, Ақкөл, Сарыкөл, Каракөл, Ақсу, Көксу тәрізді гидронимдік атаулардың мол ұшырайтынын мойындасақ, Есіл атауының төркіні мен мән-мағынасы әлі де зерттей түсуді қажет етері даусыз. Біздің байқауымызша, құрамындарында ыл ~ іл ~ ел формалары бар – Ойыл, Қиыл, Қағыл, Еміл, Елек, Іле сияқты гидронимдік атаулар көне замандардан келе жатқан топонимдер. Олардың құрамдарындағы аталмыш морфемалары әуел баста, орал-алтай тіл бірлестігі кезінде, «өзен, су» мағыналарындағы дербес сөздер болғандығын дәлелдеп отыр. Олай болса, Есіл атауының бірінші сыңарындағы ес сөзін көне түркі тіліндегі jasi «дала» [ДТС, 1969, 251], jazi «тегіс, жазық» [МҚ, III, 24] өзбек тілігегі яш «жазық», түркімен, әзербайжан тілдеріндегі язи, язын «дала», «жазық» сөздері ғасырлар бойы айтыла келе тілімізде ес тұлғасында қатты дыбыстық өзгеріске түссе, екінші құрамдағы оның -ыл, -іл, -ел сыңарларын морфема деп қарамай, «ылғал», «саз», «су» мәніндегі көне сөз ретінде қабылдап, Есіл «кең дала, жазық жердегі суы мол, үлкен өзен» деген мағынада қойылған атау деп білеміз [Жанұзақов]. Атаудың мағынасы: «жазық жердегі үлкен көнеден келе жтақан көл».

**Есперлі**, көл, Тақтакөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «ақпалы, сусымалы».

**Есіл**, өзен, [Ресей Федерациясының аумағында – Ишим өзені]; бастауы Ерейментау тауларынан оңтүстікке қарай, Ертіс өзенінің сол саласы; Осакаров (Қарағанды облысы), Аршалы, Целиноград, Астрахан, Атбасар, Жақсы, Жарқайың, Есіл (Ақмола облысы), Ғабит Мүсірепов, Шал Ақын, Қызылжар, Есіл (Солтүстік Қазақстан облысы), Тюмен, Омск (Ресей Федерациясы) облыстары. **Қара.: Ескі Есіл**, көл, батпақ.

**Жақсы Жалғызтау**, көл, Құсбек көлінен оңтүстік-шығысқа, Қалмақкөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы. Маңайда биіктігімен ерекше көзге көрініп тұрған тау. Орoлимноним.

**Жақсыжаркөл**, көл, Сарыкөл (Қостанай облысы) және Тимирязев (Солтүстік Қазақстан облысы) аудандарының шекарасында. **Қара.: Жақсы Жаркөл**, батпақ.

**Жақсықарасу**, көл, Есіл өзенінің сол жағалауында, Мектеп ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. «Суы мол көл» мәніндегі атау.

**Жақсытұз**, ащы-тұзды көл, Сілеті өзенінің сол жағалауында, Жамантұз көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Ерейментау (Ақмола облысы) және Уәлиханов (Солтүстік Қазақстан облысы) аудандарының шекарасында. Көл суының өте ащылығына байланысты тағылса керек.

**Жалпақсу**, көл, Есіл өзенінің сол жағалауында, Кеңес ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Көл пішініне байланысты тағылса керек.

**Жалтыр**, ащы-тұзды көл, Ахметжансор көлінен солтүстікке, Сексенбайсор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы; Сергеевское бөгенінен солтүстік-батысқа, Семиполка селосынан оңтүстікке қарай; Шал Ақын ауданы.

**Қара.: Жалтыр**, батпақ.

**Жалтыр**, көл, Алабота көлінен оңтүстік-батысқа, Карасёвка селосының солтүстігінде; Айыртау ауданы; Үлкен Жарма көлінен батысқа, Смирново селосынан солтүстікке қарай; Аққайың ауданы; Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-батысқа, Талдыарал көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы; Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Бозарал көлінен солтүстік-батысқа қарай; Аққайың, Қызылжар аудандарының шекарасында; Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жақсытұз көлінен солтүстік-шығысқа, Қулықөл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Уәлиханов ауданы; Сергеевское бөгенінен оңтүстікке, Рясинка селосынан солтүстікке қарай; Шал Ақын ауданы. **Қара.: Жалтыр**, батпақ.

**Жалтыркөл**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Жалтыр**, батпақ. Атау жалтыр + көл сыңарларынан құралған.

**Жалтырсор**, ащы-тұзды көл, Жамбыл ауданы. **Қара.: Жалтырсор**, батпақ.

**Жалтыртомар**, көл, Есіл өзенінің жоғарғы ағысының оң жағасында, Новосёловка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы. Жағасында шөбі қалың өскен беті жалтырап жатқан көл ерекшелігіне байланысты болса керек.

**Жалтырша**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа, Троебратское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жалтыр көлінен солтүстік-шығысқа, Баян ауылынан оңтүстікке қарай; Шал Ақын ауданы. **Қара.: Жалтырша**, батпақ.

**Жалтырша**, тұзды көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстікке, Троебратское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Жалтырша**, батпақ.

**Жаманкөл**, көл, Имантау көлінен оңтүстік-шығысқа, Құмдыкөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы; Баян көлінен оңтүстік-батысқа, Раисовка селосынан шығысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы; Красное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жарқайың көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Есіл ауданы. **Қара.: Жаманкөл**, батпақ.

**Жаманкөл**, тұзды көл, Орлиная тауынан солтүстік-шығысқа, Заградовка селосынан батысқа қарай; Есіл ауданы. **Қара.: Жаманкөл**, батпақ.

**Жамантүз**, ащы-тұзды көл, Қарасор көлінен оңтүстікке, Кішкенесор көлінен батысқа қарай; Тайынша ауданы. Көл суының ащылығына байланысты тағылса керек.

**Жамантүз**, тұзды көл, Сілетітеңіз көлінен оңтүстік-батысқа, Жақсытүз көлінен солтүстік-батысқа қарай; Уәлиханов ауданы.

**Жаркөл**, ащы-тұзды көл, Сілетітеңіз көлінен оңтүстік-батысқа, Жамантүз көлінен солтүстікке қарай; Уәлиханов ауданы. **Қара.: Жаркөл**, батпақ.

**Жаркөл**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Жарқайың көлінен шығысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Жаркөл**, батпақ.

**Жаркент**, көл, Таранкөл көлінен солтүстік-шығысқа, Светлое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Атаудың шығу тегі мен мән-мағынасы жайлы түрлі пікір бар. Жалпы халықтың атауы бойынша, Жаркент < жар + кент – «қала», яғни «жар бойындағы қала». Зерттеушілер атауды иран тілінен қойылған деген пікір айтады. Э.М.Мурзаев: «Яркент < ир. Каркан Кар» – «тас + кан» – «канал», «река» > Яркент – «тас канал», «тасты өзен». Өзен аты бойынша – «қала аты», – деген пікірге келеді [Э.М.Мурзаев, 1996, с. 302]. В.А.Никонов болса: «Яркент < ир. Яркент «тау тарамындағы қала» немесе «бейбіт қала», – дегенді айтады [В.А.Никонов, 1966, с. 483]. Мағынасы: «тасты көл».

**Жартыкөл**, көл, Красное көлінен батысқа, Чапаевка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Жарты сөзі «бір бүтін нәрсені тең екіге бөлгендегі бір бөлігі, екіден бірі» мағынасымен сан есімге жуық қолданылады. Топонимжасамда «толық емес, жарым-жарты нысандарды» атауға қатысады [Бияров].

**Жарық**, жырасай, Қалибек көлінен оңтүстік-шығысқа, Алакөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы; Алакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Жыңғылдысор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы.

Жарық сын есімінің бірнеше лексикалық мағынасы бар: 1) Жарық «ашық, сәулелі, нұрлы» [108;249]; 2) жарық «бөлінген, айырылған» (тастың, мұздың жарығы); 3) жарық «тесік, жыртық» (ыдыстың жарығы). Жарық сын есімі + зат есім үлгісі бойынша жасалған біріккен топонимдер осы үш мағынаны да қамтитыны байқалады [Бияров]. Мағынасы көл бетіне ай сәулесінің нұрлана түсуіне байланысты болса керек.

**Жарықкөл**, көл, Алакөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Жыңғылдысор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Тайынша ауданы. **Қара.: Жарық**, көл.

**Жекекөл**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-шығысқа, Алуа көлінен солтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы; Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай, Благовещенка селосының оңтүстігінде; Жамбыл ауданы. Нысанның жеке тұруына байланысты тағылған атау.

**Желдікөл**, көл, Ягодное көлінен оңтүстік-батысқа, Екатериновское көлінен оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Маңында ағашы жоқ желді көл.

**Желқалқан**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Архангелка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Атау екі компоненттен құралған: жел+қалқан. Көл маңында ағаш қалың өсуіне байланысты тағылса керек.

**Жеңкөл**, көл, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Жең сөзінің негізгі мағынасы «киімнің иықтан қолдың білезігіне дейін жетіп тұратын бөлігі» болса, топонимжасамда метафоралық жол-мен «киімнің жеңіне ұқсас тармақ, салаларды» атап көрсетеді. Жең, балақ сөздері географиялық терминге айналған десе де болады [Бияров].

**Жерлікөл**, көл, Толыбай көлінен оңтүстік-шығысқа, Жанажол ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Жер сөзі өзінің негізгі мағынасы («планета») арқылы емес, «сол планетаның үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы; құрлық» мағынасы арқылы топонимжасамға қатыса алады. Онда «табиғи нысанның тікелей жерден шығып, не кіріп жатқан қалпын» суреттейді [Бияров]. Жерден шығып жатқан бұлақ негізінде қалыптасқан көл болуына орай тағылса керек.

**Жетікөл**, көл, Ақбас көлінен оңтүстік-батысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Қатар жатқан жеті көл негізінде орналасқан ретін көрсету негізінде тағылса керек.

**Жолдыөзек**, көл, Бозарал көлінен солтүстік-шығысқа, Смирново селосынан оңтүстікке қарай; Аққайың ауданы. Жол сөзінің тура мағынасы – «ерсілі-қарсылы жүруге арналған тапталған жер жолағы; сүрлеу». Осы мәнде топоним жасауға кірісіп, «жол бойындағы; жол өтетін нысандарды» атап көрсетеді. Өзек сөзі «жауын, қар суынан пайда болған кішірек сай; жыра» мағынасын беретін географиялық термин болып табылады [Бияров]. Көнетүркі тілінде жул – «жылға, бұлақ» [ДТС, 227]. Мағынасы: «жылғалы, бұлақты көл».

**Жолтомар**, көл, Алакөл көлінен оңтүстікке, Баян көлінен батысқа қарай; Айыртау ауданы. Көнетүркі тілінде жул – «жылға, бұлақ» [ДТС, 227]. Мағынасы: «жылғалы, «шалшықты, қопалы жер»».

**Жолтомарсай**, жырасай, Алакөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Баян көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Мағынасы: «жылғалы, «шалшықты, қопалы сай».

**Жосаалған**, көл, Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Жоса «суға езіп бояу жасайтын қызыл-сары түсті топырақ» мәніндегі ГТ. Жосалы топырақ қазақтың бұрынғы өмірінде табиғи бояу ретінде маңызды орын алған [Бияров].

**Жосалысор**, ащы-тұзды көл, Жақсытұз көлінен оңтүстік-шығысқа, Шолақсор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Уәлиханов ауданы. **Қара.: Жосаалған**, көл.

**Жылымды**, көл, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «суы жылы көл».

**Жылымды**, тұзды көл, Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Жылымды**, көл.

**Займище**, көл, Семилово көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Становое көлінен солтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. **Қара.: Займище**, батпақ.

**Зоркөл**, тұзды көл, Жетікөл көлінен оңтүстік-батысқа, Баян көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. **Қара.: Зоркөл**, батпақ.

**Иірсайкөл**, көл, Жетікөл көлінен оңтүстік-батысқа, Үлкен Қоскөл көлінен батысқа қарай; Айыртау ауданы. Иір көнетүркі тілінде Йир (жер) дегенді білдіреді. Мағынасы: «жердің сайындағы көл не суы иіріліп жиналған көл».

**Исток**, көл, Широкое көлінен оңтүстік-батысқа, Боголюбово селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Бастау.

**Итекеаралды**, көл, Есіл өзенінің сол жағалауында, Ильинка селосынан солтүстікке қарай; Есіл ауданы. Мағынасы: «жүруге ыңғайсыз екі аралықты құрғақ жері бар көл».

**Канава**, көл, Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Қазылған арық.

**Карьер**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-шығысқа, Алуа көлінен солтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Карьер – пайдалы қазбаларды өндіретін жер.

**Каучук**, көл, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Каучук – көк сағыз және тау сағызының сүтті шырыны.

**Келтесор**, ащы-тұзды көл, Қарағанды ауылынан оңтүстік-шығысқа, Александровка селосынан солтүстікке қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. Екі сөзден құралған: келте (қысқа) + сор. Мағынасы: «қысқа тұзды көл».

**Кемпір**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Тастары арса-арса болып тозып тұрған көл болған соң тағылған болар.

**Кеңқара**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «кең, суы мол көл».

**Кислое**, ащы-тұзды көл, Становое көлінен шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. Суының тұщылығына байланысты.

**Кишень**, жырасай, Лебяжье көлінен оңтүстікке, Мамлютка қаласынан солтүстік-шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Нысанды қалтаға, қапқа ұқсату мәнде тағылған атау. Кишень – қалта, қап, дорба.

**Кладье**, көл, Тимирязев (Солтүстік Қазақстан облысы) және Ұзынкөл (Қостанай облысы) аудандарының шекарасында. **Қара.: Кладье**, батпақ.

**Козявочное**, көл, Горькое көлінен шығысқа, Островка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Ольговка селосының солтүстігінде; Жамбыл ауданы; Становое көлінен солтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. «Кішірек» мәнде нысанның көлеміне қатысты болса керек.

**Кочковатое**, көл, Пьянково көлінен шығысқа, Екатериновское көлінен солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тимирязев ауданы.

**Қара.: Кочковатое**, батпақ.

**Көшерсай**, жырасай, Баян көлінен оңтүстік-батысқа, Матвеевка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Мағынасы: «Көш жолындағы сайдағы көл».

**Крутое**, көл, Питное көлінен солтүстік-батысқа, Петропавл қаласынан шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Жағасы биік, жар қабақты.

**Крутояр**, көл, Горько-Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Становое көлінен батысқа қарай; Мамлют ауданы. Көл маңындағы жарға байланысты болса керек.

**Крутоярое**, көл, Пьянково көлінен оңтүстікке, Макарьевка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Крутояр**, көл.

**Крутоярчик**, тұзды көл, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Крутояр**, көл.

**Кіндікті**, көл, Алуа көлінен оңтүстік-батысқа, Петровка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы. Мағынасы: «ортадағы көл».

**Кішкене Жарма**, көл, Үлкен Жарма көлінен солтүстік-шығысқа, Питное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы. Көлемі кішірек, бірақ терең көл.

**Кішкенекөл**, көл, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-батысқа, Талдыарал көлінен оңтүстікке қарай; Аққайың ауданы; Салқынкөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Қазбақұрақ көлінен шығысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы; Алуа көлінен солтүстік-шығысқа, Аманкелді ауылынан солтүстікке қарай; Есіл ауданы; Есіл өзенінің орта ағысының сол жағалауында, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Меңкесер көлінен батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жәркен көлінен солтүстік-батысқа, Тақтакөл көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жәркен көлінен солтүстікке, Жамбыл ауылынан оңтүстік-

шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Үлкен Қараой көлінен оңтүстік-шығысқа қарай, Кішкенекөл кентінің шығыс бөлігінде; Уәлиханов ауданы; Жақсытұз көлінен солтүстік-шығысқа, Қулықөл ауылынан оңтүстікке қарай; Уәлиханов ауданы. Көлемі кішірек көл.

**Кішкенекөл**, тұзды көл, Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Рождественка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Озёрное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көлемі кішірек көл.

**Кішкенекөпа**, тұзды көл, Бозарал көлінен солтүстік-шығысқа, Смирново селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы. Мағынасы: «қамыс, құрақ, қоға немесе басқа өсімдіктер өскен кішкене көл».

**Кішкенесай**, жырасай, Теке көлінен оңтүстікке, Сілетітеңіз көлінен солтүстік-батысқа қарай; Уәлиханов ауданы. Көлемі кішірек жырсай.

**Кішкенесор**, ащы-тұзды көл, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа, Жамбыл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Қарасор көлінен оңтүстік-шығысқа, Жамантұз көлінен шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Көлемі кішірек тұзды көл.

**Кішкенесор**, сор, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Жамбыл ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көлемі кішірек тұзды жер.

**Кішкенесор**, тұзды көл, Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Жәркен көлінен солтүстікке, Суаткөл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Ахметжансор көлінен солтүстікке, Жамбыл ауылынан шығысқа қарай; Зеренді (Ақмола облысы) және Тайынша (Солтүстік Қазақстан облысы) аудандарының шекарасында. Көлемі кішірек тұзды көл.

**Кіші Ащыкөл**, көл, Горькое көлінен оңтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Көл көлемі мен дәміне қарай аталған

**Кіші Көлтабан**, көл, Становое көлінен оңтүстік-шығысқа, Леденёво селосынан солтүстікке қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «кішкене көлдің түбі».

**Кіші Қайраңкөл**, көл, Жамбыл ауданы. Мағынасы: «кішірек саяз көл».

**Кіші Қараой**, ащы-тұзды көл, Киевское селосынан оңтүстікке, Кеңащы ауылынан шығысқа қарай; Ақжар ауданы. Мағынасы: «кішірек терең көл».

**Кіші Қоржынкөл**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосынан солтүстікке қарай; Есіл ауданы. **Қара.: Қоржынкөл**, батпақ.

**Кіші Қоскөл**, көл, Жалтыр көлінен солтүстік-шығысқа, Ступинка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Қатар жатқан екі кішкене көл.

**Кіші Қоскөл**, тұзды көл, Шалқар көлінен солтүстікке, Саумалкөл көлінен шығысқа қарай; Айыртау ауданы. **Қара.: Кіші Қоскөл**, көл.

**Кіші Сарыкөл**, көл, Толыбай көлінен шығысқа, Жаңажол ауылынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «кішірек ені кең көл».

**Кіші Таранкөл**, көл, Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа, Чириковка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы. **Қара.: Таран**, батпақ.

**Қабаккөл**, көл, Таранкөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Светлое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы; Ақбас көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы. Қабак сөзінің тура мағынасы «қас пен көздің арасы» болса, ауыспалы мағынасы «жар мен сайдың, не жыраның үстіңгі жиегіне жақын жері» [ҚТТС, 5т, 454] екені әйгілі. Жер-су атын жасауға осы ауыспалы мағынасы қатысып, ГТ дәрежесіне жеткен [Бияров]. Суы жағасына жақын, суы мол көл болғандықтан аталса керек.

**Қайран**, тұзды көл, Сергеевское бөгенінен солтүстік-батысқа, Жалтыр көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Мағынасы: «жағасы құмдауыт болып келген суы саяз көл».

**Қайранкөл**, көл, Екатериновское көлінен оңтүстік-батысқа, Макарьевка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Горькое көлінен оңтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен солтүстік-шығысқа, Горькое көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Красное көлінен оңтүстік-шығысқа, Солёное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Үлкен Қарақамыс көлінен шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Баймағамбет Ізтөлі ауылынан солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Шошқалы көлінен шығысқа, Тақтакөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы Жәркен көлінен солтүстік-шығысқа, Балуан ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы.

**Қара.: Қайран**, көл.

**Қақ**, ащы-тұзды көл, Ақсуат көлінен оңтүстік-батысқа, Ленинское селосынан солтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. Қақ – «жауын-шашыннан соң тақыр жерге іркілген су» [ҚТТС, 5т, 563].

**Қаксор**, ащы-тұзды көл, Горькое көлінен оңтүстік-шығысқа, Пресновка селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Қақ**, көл.

**Қалғыркөл**, көл, Жәркен көлінен солтүстік-батысқа, Украинское селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. Қалғыр/қалдыр қырғыз тілінде «сарқырау, күркіреу» мәнін білдіреді [Қойшыбаев].

**Қандықарасу**, көл, Есіл өзенінің оң жағасында, Ысқақ Ыбыраев ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Атаудағы қан – өзбек, тәжік тілдерінде «өзеннің ескі арнасы», «тарамы», «канал» мәніндегі термин ретінде қолданылса, парсы тілінде хане – «бұлақ», ханы – «қайнар», «бастау», «құдық», «көл» мағынсын береді. Кәріс тілінде қан, ганг (г) – «өзен», түрікменше хана – «арна», «тарам», цахур тілінде хан, хван – «су» деген мағынаны білдіретін көреміз [Э.Мурзаев, 1984, с. 251.]. Атаудың мағынасы: «арнасы кең үлкен көл».

**Қапшықкөл**, көл, Тимирязев ауданы. **Қара.: Қапшықкөл**, батпақ.

**Қаракөл**, көл, Алакөл көлінен батысқа, Новосёловка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Қаракөл**, батпақ.



**Қарақой**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Түркі тілінде *qoi* «жазықтың түбі» [ДТС, 1969, 453] дегенді білдіреді, яғни «көлі көп мекен» дегенді білдірсе керек.

**Қарамола**, жырасай, Сілетітеңіз көлінен оңтүстік-шығысқа, Жуантөбе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Уәлиханов ауданы. Көл маңында моланың көп болуына байланысты аталса керек.

**Қарамұз**, көл, Есіл өзенінің оң жағалауында, Жаңаталап ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. «Қалың мұз» қататын болғандықтан аталса керек.

**Қаранкөл**, көл, Сергеевский бөгенінен оңтүстік-батысқа, Ақсуат көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. «Суы аз көл» мәнінде берілген атау.

**Қарасор**, ащы-тұзды көл, Бозарал көлінен оңтүстік-батысқа, Жамантұз көлінен солтүстікке қарай; Тайынша ауданы. Сор – бір жерлерде «жазда құрғап сорға айналатын ұсақ тұзды көлдер» [Э.Мурзаев, 1984, 516], яғни «саны көп ұсақ тұзды көлдер» дегенді білдіреді.

**Қарасор**, көл, Үлкен Таранкөл көлінен оңтүстікке, Бұлақ ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. **Қара.: Қарасор**, ащы-тұзды көл.

**Қарасу**, көл, Қараоба қорғанынан оңтүстік-батысқа, Володарское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Николаевка селосынан оңтүстікке қарай; Есіл ауданы. «Суы мол көл» мәніндегі атау.

**Қаратау**, көл, Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Алуа көлінен шығысқа қарай; Есіл ауданы. Алыстан қарайып көрініп жататын тау етегіндегі көл.

**Қаратомар**, көл, Жалаулы көлінен солтүстік-батысқа, Сілеті ауылынан оңтүстікке қарай; Уәлиханов ауданы. **Қара.: Қаратомар**, батпақ.

**Қарқаралы**, көл, Айыртау ауданы. атау құрамындағы қар (гар, гер) – «тау», «тау жоталары» дегенді білдірсе, ал қара (ғара, гара) – «биік», «алып», «ұлы» деген мағынада тілімізде бүгінге дейін қолданылып келеді» деген түйінге келген [Ана тілі. № 32, 1993]. «Тау етегіндегі үлкен көл» деген мәнді білдіруі ықтимал.

**Қонаққонған**, көл, Шағалалытеңіз көлінен солтүстік-шығысқа, Котовское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Тайынша ауданы. Жолаушы жағасына тоқтауға ыңғайлы болғандықтан аталған болса керек не ойколимноним.

**Қондыкөл**, көл, Үлкен Қараой көлінен оңтүстікке, Қулықөл ауылының оңтүстік-шығысында; Ақжар ауданы. «Көлемі үлкен көл» мәндегі атау болса керек.

**Қоныскөл**, көл, Тақтакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Красное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Қоныс зат есімі «малды ауылдың жылда қонып жүрген жері» мағынасынан «елді мекен», «ата қоныс» семаларына дейін дамыған [Бияров].

**Қонащы**, тұзды көл, Алабота көлінен солтүстікке, Орлиная тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы. Топонимжасамда «табиғи нысанның сауыр

тұсын белгілеуі немесе құнарлы, қоңды жерді атап көрсетуі» мүмкін [Бияров].  
**Қонды Қарасу**, көл, Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Ысқақ Ыбыраев ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. «Жағасы құнарлы үлкен көл» мәндегі атау.

**Қоңыркөл**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстікке, Николаевка селосынан шығысқа қарай; Есіл ауданы. Атаудың бірінші құрамындағы қоңыр сөзі көне түркі тілінде «нәрлі отты шөптің түрі», монғол тілінде хонхор «төбе, жота», «дөң». Атаудың мағынасы: «жағасы нәрлі отты көл».

**Қопа**, көл, Үлкен Қараой көлінен солтүстік-батысқа, Горьковское селосынан батысқа қарай; Ақжар ауданы; Жәркен көлінен солтүстік-шығысқа, Аманкелді ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. Қопа сөзінің негізгі мағынасы – «қамыс, құрақ, қоға немесе басқа өсімдіктер өскен көл».

**Қопа**, тұзды көл, Жәркен көлінен солтүстік-шығысқа, Балуан ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл және Шал Ақын аудандарының шекарасында.

**Қара.: Қопа**, көл.

**Қорғанкөл**, көл, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа, Ленино селосынан оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Меңкесер көлінен солтүстік-шығысқа қарай, Бексейіт ауылының солтүстік-батысында; Мамлют ауданы; Жамантұз көлінен оңтүстік-шығысқа, Қайрат ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Уәлиханов ауданы. Қараңыз Моховое, көл. Топонимжасамда «қолдан соққан қорғаннан басқа табиғи нысанның қорғанға ұқсас тұлғасын» да атап көрсетеді [Бияров]. Мұнда көл белгілі бір нысанды (ауылды) қоршап жатуына байланысты тағылса керек не жанында моласы көп көл.

**Қоржынкөл**, көл, Красное көлінен оңтүстік-батысқа, Тақтакөл көлінен солтүстікке қарай; Жамбыл ауданы; Жәркен көлінен солтүстік-батысқа, Тақтакөл көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Қоржынкөл**, батпақ.

**Қосағаш**, көл, Становое көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Новомихайловка селосының оңтүстік-батысында; Мамлют ауданы. «Қос тігілген жер» [Қойшыбаев].

**Қоскөл**, көл, Алакөл көлінен солтүстік-шығысқа, Баян көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы; Жәркен көлінен солтүстік-батысқа, Жамбыл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Камышлово көлінен оңтүстік-шығысқа, Булаево қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мағжан Жұмабаев ауданы. **Қара.: Қоскөл**, батпақ.

**Қосөрен**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-батысқа, Шошқалы көлінен шығысқа қарай; Тимирязев ауданы. Қосөрен көлі «бір жерден су қорегін алатын туыс көлдер» мәнін бермек [Бияров].

**Қостомар**, көл, Алуа көлінен солтүстік-батысқа, Владимировка селосынан шығысқа қарай; Мамлют ауданы. Мағынасы: «жерден шыққан суы бар қос көл».

**Қотыр**, көл, Горькое көлінен оңтүстікке, Солёное көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. **Қара.: Қотыр**, батпақ.

**Қошқар**, көл, Алуа көлінен шығысқа, Явленка селосынан солтүстікке қарай; Есіл ауданы; Сергеевское бөгенінен солтүстік-батысқа, Жалтыр көлінен

оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы; Сергеевский бөгенінен батысқа, Городецкое селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. **Қара.: Қошқар**, батпақ.

**Құдықкөл**, көл, Красное көлінен оңтүстік-батысқа, Ольговка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы. «Терең көл» мәндегі атау.

**Құдықтыкөл**, көл, Аққайың ауданы. Қараңыз Глубокое, көл. **Қара.: Құдықкөл**, көл.

**Құйғанкөл**, көл, Ягодное көлінен оңтүстік-батысқа, Екатериновское көлінен оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. «Өзеннің көлге құйған тұсы» мағынасында тағылса керек.

**Құмбұлақ**, көл, Алабота көлінен солтүстік-батысқа, Светлое селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы. Мағынасы: «құмды жердегі бұлақтан шыққан судың көл суына қосылуы».

**Құмдыкөл**, көл, Ақбас көлінен оңтүстік-шығысқа, Жетікөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Айыртау ауданы; Малқара ауылынан шығысқа, Күрлеуіт ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Уәлиханов (Солтүстік Қазақстан облысы) және Омск облысы (Ресей Федерациясы) аудандарының шекарасында; Тимирязев ауданы. Жағасы құмды болып келген көл болса керек.

**Құртыңкөл**, көл, Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Спасовка селосының батысында; Есіл ауданы. Түркі құрдым – «лай», яғни «суы таза емес, лайланған көл мәнінде болуы мүмкін».

**Қыздыкөл**, көл, Есіл өзенінің орта ағысының сол жағасында, Алуа көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. **Қара.: Қызкөл**, батпақ.

**Қызкөл**, көл, Жамбыл ауданы. **Қара.: Қызкөл**, батпақ.

**Қызыл**, көл, Ақыш көлінен оңтүстік-батысқа, Лебяжье көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. Бұл атаудың нақты мақсаты белгісіз, негізі түсті де, кеңестік идеологияны да білдіруі мүмкін.

**Қызылсор**, тұзды көл, Бозарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Қарасор көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың және Тайынша аудандарының шекарасында. Жағасындағы топырағы қызыл түсті болып жататын тұзды көл болғандықтан аталса керек.

**Қыртаға**, тұзды көл, Ащысу және Қара Шат өзендерінің аралығында, Алқатерек ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Ақжар ауданы. «Қырдағы тағаға ұқсас көл» мәндегі атау.

**Қысанкөл**, көл, Солёное көлінен солтүстік-батысқа, Ягодное көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. «Сағасы тар көл» мәніндегі атау.

**Қыстауытсай**, жырасай, Ұлыкөл көлінен оңтүстік-батысқа, Ломоносовка селосынан солтүстікке қарай; Ғабит Мүсірепов ауданы. «Қыстауға қолайлы сай» мәніндегі атау.

**Ляга**, көл, Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы. Ляга – тегіс көл түбіндегі шұңқыр.

**Майкүмбез**, көл, Есіл өзенінің оң жағасында, Ысқақ Ыбыраев ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. «Қасиетті күмбезге ұқсас көл» мәнінде болса керек.

**Малое**, көл, Питное көлінен оңтүстік-батысқа, Знаменское селосынан оңтүстікке қарай; Аққайың және Қызылжар аудандарының шекарасында. «Кішірек көл» мәніндегі атау.

**Малое Долгое**, көл, Питное көлінен батысқа, Тоқушы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы. **Қара.: Долгое**, батпақ.

**Маясай**, жырасай, Жалтыр көлінен солтүстік-шығысқа, Николаевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Мағынасы: «үлкен сай».

**Мұздықөл**, тұзды көл, Жамантұз көлінен оңтүстік-шығысқа, Жақсытұз көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Уәлиханов ауданы. Қыста мұз қатып жататын көл болғандықтан аталса керек.

**Мықтыкөл**, көл, Үлкен Жарма көлінен батысқа, Смирново селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. «Суы мол, тартылмайтын көл» мәндегі атау.

**Мыңшұқыр**, көл, Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Ысқақ Ыбыраев ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Мағынасы: «шұңқыры көп көл».

**Нюншалған**, көл, Тимирязев ауданы. **Қара.: Нәншалғын**, батпақ.

**Обалы**, көл, Смирново селосынан солтүстік-шығысқа қарай, Григорьевка селосының батысында; Аққайың ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Повозочное селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Повозочное селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Есіл ауданы; Жалтыр көлінен солтүстік-шығысқа, Николаевка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. Оба зат есімі «тау асулары мен өзен өткелдерінен аман-есен өткен соң, тасталатынтас, не топырақ үйінділері» мағынасында географиялық терминге ауысқан. Обалардың діни мәнімен бірге «меже, белгілік» қызметі де бар [Бияров].

**Обалыкөл**, көл, Талдыарал көлінен оңтүстік-шығысқа, Новороссийское селосынан солтүстік-батысқа қарай; Аққайың ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Балуан ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы. **Қара.: Обалы**, көл

**Омакөл**, көл, Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Озёрное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Ома – су ішіндегі кішкене құрғақ жер [ҚТТС; 11 т., 672 б.], яғни «құрғақ жері бар көл» мәніндегі атау.

**Ортакөл**, көл, Ақбас көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Қоскөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Айыртау ауданы; Баян ауылынан оңтүстік-батысқа, Повозочное селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы, Қараңыз Угловое, көл.; Баян ауылынан оңтүстікке, Семиполка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Шал Ақын ауданы; Солёное көлінен оңтүстік-шығысқа, Семиполка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Шал Ақын ауданы. **Қара.: Ортакөл**, батпақ.

**Ортакөл**, тұзды көл, Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-шығысқа, Полтавка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. **Қара.: Ортакөл**, батпақ.

**Өгізкөл**, көл, Үлкен Қарақамыс көлінен солтүстікке, Троебратское селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы; Тақтакөл көлінен солтүстік-батысқа, Озёрное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. Мағынасы: «суы мол көл».

**Өгізкөл**, тұзды көл, Жамантүз көлінен оңтүстік-шығысқа, Қайрат ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Уәлиханов ауданы. **Қара.: Өгізкөл**, көл

**Өзек**, көл, Становое көлінен солтүстік-батысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы; Становое көлінен солтүстік-шығысқа, Мамлютка қаласынан оңтүстік-батысқа қарай; Мамлют ауданы. «Қар суынан қалыптасқан көл» мәніндегі атау.

**Пахотное**, көл, Жамбыл ауданы. **Қара.: Пахотное**, батпақ.

**Песковое**, көл, Меңкесер көлінен батысқа, Пресновка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жамбыл ауданы. «Құмды көл» мәніндегі атау.

**Пикетное**, көл, Жамбыл ауданы. **Қара.: Пикетное**, батпақ.

**Пикетское**, көл, Горькое көлінен солтүстік-шығысқа, Меңкесер көлінен солтүстік-батысқа қарай; Жамбыл ауданы.

Уәж (мотив) – тілдік құбылыс ретінде бір белгінің атау арқылы көрсететін акті, атау берер алдында қолданылатын ең маңызды сатысы. Уәждену – лексикологияның сөз бен ұғымның атау беру кезіндегі байланысын, сонымен қатар, сөздердің уәждену қалпын қарастыратын белгісі [162, 11]. Сонымен, уәж – атауда көрсетілген бір заттың ерекшелік белгісі. Ат қоюда өмір шындығы мен тұрмыс тіршілігімен сабақтасып жатқан белгілі бір затты танып-білуде ажыратқыш белгілерді қолдануы жайында Ж.А. Манкеева былай атап көрсеткен: «Қандай да болмасын заттың атауы тек атап қана қоймай, сонымен қатар, оны танытады. Ал тану, я анықтау белгілі бір халықтың тарихи даму жағдайы аясында іске асқандықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әртүрлі болады» [163].

Н.В. Подольскаяның анықтауынша, уәжделген деп кез келген жалқы есімдердің атау берудегі уәжді ашуға мүмкіндік беретін негізі бар, кішкене де болса елең беретін мағынасы бар атауларды айтады. Атаудың уәжі объектіге атау таңдаудағы экстралингвистикалық себептері болып табылады. Ономастикалық материалдың уәжді және уәжделмеген деп бөлінуі дәстүрлі. Бұл қатынастардың дамуы жайында лингвистикада, сонымен қатар, ономастикада жазылған еңбектер көп. Олар В.Т. Топоров, А.Н. Яценко және т.б. ғалымдардың еңбектерінде бейнеленген [164; 165].

Әртүрлі ұжым бір затты өзінің күнделікті тәжірбиесінде кездесіп қолданылатын жағынан танылып, оны өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратыны белгілі. Яғни ат қоюда (номинацияда) өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс тіршілігі, тәжірбиесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратып танығаннан кейін барып ат қояды. Мұндай ажыратқыш белгілер әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, түрі-түсі, қызметі, көлемі, орналасқан орны, басқа затқа қатысы, т.б. әртүрлі ішкі және сыртқы қасиеттер. Тіл білімінде ол белгілерді уәждер (мотивтер) деп атайды. Уақыт өте келе ол белгілердің көбі өзгеріп, көмескіленіп, әртүрлі тарихи, әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты ұмытылуы да мүмкін. Бірақ атау тілде өмір сүре береді [166, 248]. Атаулардың қалыптасуы туралы тұжырымдар лингвистикадан басқа философиялық, логикалық, тарихи, т.б. материалдар негізінде құрылуы тиіс. Ж.А. Манкееваның жоғарыда айтылған атаулардың қалыптасуы жөніндегі пікірі О.Т. Молчанованың зерттеуіндегі жалқы есімдердің қалыптасуына негіз болатын факторларды анықтауымен сабақтасып жатыр [163]. Олар:

*Тәжірбие.* Объектінің өз ерекшелігі, орналасқан жері, т.б. Адам санасында объектінің сапасын, ұсынылатын өнімін көрсету барысында объектінің бейнесі пайда болады.

*Жеке және жалпы психология.* Атау беру үдерісінде адамдардың жеке және жалпы психологиясының орны ерекше.

*Қоғамның маңызы.* Атаулардың қалыптасып бекітілуіне қоғамның тигізер әсері мол.

*Сыртқы жағдай.* Сыртқы жағдай атауларға әсерін тигізіп отырады.

А.С. Рамазанова атаулар объектілердің белгілі бір қажеттерімен байланысы бар ма, жоқ па, олардың қоғамдық даму процесімен тығыз байланыстылығын, адамзаттың болмысына қатынасын білдіретін құбылыс екендігін айтқан болатын [167].

Ат қою (номинация) – тіл біліміндегі ең күрделісі және қиыны. Ол адам санасы мен қоршаған заттық құбылыстың байланысын және дүние таным мен ұғымдарды белгілеу жүйесін қарастырады. Екіншілік атау – барлық тілдерде, соның ішінде қазақ және орыс тілдерінде тараған күрделі құбылыс. А.Ф. Журавлеваның анықтамасы бойынша, біріншілік атау - атауы жоқ затқа ат қою акті, ал екіншілік атау – жаңа затқа қолданылып жүрген атауды беру [168, 50]. Екіншілік атау – жаңа атауды тілде бұрыннан қалыптасқан атау арқылы жасайтын тілдік құбылыс. Бұрынырақта қолданған атауды жаңа атау ретінде қолдану механизмін зерттеу екіншілік атаудың көп аспектілі, көп қырлы тілдік құбылыс екендігін көрсетеді. Тілдегі бұрынан қалыптасқан номинативті бірлікті жаңа семантикалық қызмет атқарушы ретінде қолдану жаңа және бастапқы мағынасының ішкі байланысының болуы мүмкінділігін тудырады. Алайда екіншілік атау бастапқы мағынасынан тәуелсіз болуы да мүмкін. Атау беруші субъект объектінің сипаттарын талдай отырып, басқа да белгілі объектілердің атауларымен байланыстырады. Ол жаңадан ескіге оралады. Олардың ұқсастықтарын белгілей отырып, таныс үйреншіктіге арқа сүйеп, жаңа атау береді. Ұқсастық белгілерін салыстыра отырып, объектінің басқа объектілерден бөлек бір белгісіне тоқталады. Екіншілік атау процесін зерттеу осындай ұқсастық белгілерін іздестіру арқылы іске асады. Ұғымдардың бір-біріне ықпалын белгілеу төмендегідей жасалады:

1) екі объектінің белгілі бір сипатына қарай ұқсастықтары арқылы;

2) екіншілік атау негізіндегі объектілердің ұқсастық белгілері атау ретінде бұрынырақ қолдануы арқылы жасалады.

Қолданылып жүрген сөздің мағынасында объектінің сипатынан хабар көбірек болса, сол сөзді объектінің атауы ретінде қолдану мүмкіндігі артық. Дайын сөзді объектінің атауы ретінде қолдану – уәжін таңдау осымен түсіндіріледі.

А.В. Суперанская өзінің «Общая теория имени собственного» атты монографиясында атау берудің екі түрі қолданылады деп көрсеткен. Біріншісі – объектінің орнын, атқаратын қызметін көрсетуші нақты атаулар. Екіншісі – аталмыш объектінің атқаратын қызметін жанамалап сілтейтін символдық атаулар [35, 194].

Уәж түрлерін екіге бөлуге болады:

1. Бағалау уәжі. Белгілі бір объектінің атауы оны анықтайтын сипатымен уәжденеді. Уәжді қолдану адамның атау берілетін объектіге қатынасын көрсетеді. Сондықтан атау сөздер өздерінің атаушы қызметін атқарып, жасырын (имплицитті) немесе ашық (эксплицитті) бағасын көрсетеді.

2. Ономастикалық уәж. Жалқы есім мен жалпы есім арасында бір-біріне ықпал және ауысу болып тұрады. Көп жағдайда жалқы есім мен жалпы есімнен қалыптасқан. Бірақ жалқы есімнің жалқы есімнен қалыптасқан түрлері де кездеседі.

Жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырудың түркі және славян ономастикаларында бірнеше жолдары қалыптасқан. Т. Жанұзақов жалқы есімдерді (антропонимдер, топонимдер, космонимдер) құрылымына қарай: а) негізгі; ә) туынды; б) екі компонентті; в) көп компонентті деп бөледі [1, 61б.]. Қазіргі қазақ тілінде кеңінен тараған құрылымға, Т. Жанұзақовтың айтуынша, әртүрлі сөз табының бірігуінен жасалған екі компоненттілер жатады.

О.А. Сұлтаньяев күрделі жалқы есімдерді екі құрылымдық типке бөледі: а) есімдерден жасалған атаулар; ә) етістіктен жасалған атаулар [2, 30].

Атаулардың құрамында түбір сөзді саны жағынан топтастыру компоненттер арасында синтаксистік қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Х.Ф. Искакованың сұрыптауында мұндай талдау кездеседі. Ғалым күрделі жалқы есімдерді анықтаушы және предикативті деп бөледі. Ал анықтаушысы бар құрылымның өзін тәуелдік, сандық және бейімделуші компоненттеріне жіктеген [3, 163-171]. Қазақстан өлкесін зерттеген ғалымдар топонимдерді компонент санына қарай бірнегізді, екінегізді, үшнегізді, төртнегізді атаулар деп топтайды. Зоонимдерді талдаған Т.В. Линко атауларды жай және күрделі сөздерге бөледі [4, 120]. Ғалымның мұндай құрылымдық топтастыруы екі және одан да көп сыңарлы сөздердің қай сөз таптар қатынасынан жасалғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Демек, түркі ономастикасында жалқы есімдердің құрылымдық типін анықтауға көп көңіл аударылған. Түркі ономастикасында кеңінен тарағаны бірнегізді және екінегізді атаулар.

Біз қарастырып отырған СҚО топонимдерінде бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді типтері анықталды.




Диаграмма – 1 Бірнегізді топонимдер



Диаграмма – 2 Екінегізді топонимдер



Диаграмма – 3 Үш және одан да көпнегізді топонимдер

Диаграммдан көріп тұрғанымыздай, бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді топонимдер ішінде ойконимдер саны басым, бұл жалпы ойконимдер санының басым болуына байланысты болса керек. Сонымен бірге ойконимдерде кісі есімдерден, яғни антропоойконимдер саны көбірек.

Жиналған материалдар бойынша екіншілік атауды екіге бөліп қарастыруға болады: 1. Семантикалық екіншілік атау. Сөзжасам - ат қоюдың негізгі элементі. Бірақ сөзжасамнан ат қою үдерісі кең: сөзжасам ат беру қызметін атқарады, ал атау беру тек қана сөзжасам арқылы жасалмайды. Атау беру тілде бар сөздің трансформациялануы немесе лексикалық бірлікті қолдану арқылы жасалады. Бір объекті атауының екінші бір объектіге ауысуы ұқсастықтарымен немесе уәждерінің бірдей болуымен түсіндіріледі.

Семантикалық екіншілік атауда бірнеше сөз тіркестері анықталды. Оларды мынадай жүйемен көрсетуге болады.

Кесте 1 – Семантикалық екіншілік атаудағы сөз тіркестері

№	Қабылдау аспектілері	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Үдеріс нәтижесі (жағымсыз)	Бұқаөлген	комоним
2.	Бағыт пен термин-индикатор	Ортакөл	лимноним
3.	Бастау орны	Басқаракөл	лимноним

4.	Сапасы	Қараашы	гелионим
6.	Заттық бірлік	Сүліктітомар	гелионим
7.	Кісі аты мен термин-индикатор	Абайауыл	комоним
8.	Бағыт пен пішін және термин-индикатор	Оңтүстік Ұзынкөл	ороним
9.	Жер рельефі (/түс) мен географиялық термин	Сарыадыр	ороним

Біз бұл жүйе арқылы сөз тіркестері түріндегі біріншілік атау мен екіншілік атау арасында тоқтатуға келмейтін (қайтарымсыз, жағымсыз) үдеріс, түс және пішін, бастау орны аспектілері болатынын сөз тіркестерінен анықтадық.

2. Морфологиялық екіншілік атау. Жаңа атаудың белгілі бір аффикстер, біріккен сөздер арқылы жасалуын морфологиялық екіншілік атау дейміз. Мұндай атауды төмендегідей жүйемен көрсетуге болады.

Кесте 2 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Айтқұл+ов + Ауыл+ы	комоним
2.	Жұрнақ	Арқа+лық	комоним
3.	Біріккен сөздер	Бұқа+қара+су (зат есім + сын есім+зат есім)	лимноним
4.	Біріккен сөздер	Бие+сойған (зат есім+ есімше)	гелионим
5.	Жұрнақ	Мал+ды+көл	гелионим
6.	Біріккен сөздер	Түркі + стан	топоним
7.	Жұрнақ	Былқыл+дақ	лимноним
8.	Жұрнақ	Шағала+лы	комоним
9.	Біріккен сөздер	Жалғыз+көл	гелионим
10	Эпентеза	Нәншалған	Нюншалған
11	Эпентеза	Әупілдек	Аупільдек

Морфологиялық екіншілік атау жалғау, жұрнақ, біріккен сөздер, эпентеза арқылы қалыптасатынын анықтадық.

Түркі, соның ішінде қазақ топонимиясына аналитикалық және синтетикалық екі негізгі құрылымдық модельдер өнімді болып келетін жеке сөзжасам тәсілі тән [5].

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

а) қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: *Ақсықпа, Әулиеоба, Жозарғы Балық* т.б.;

ә) анықтауыш – қосымша: *Байтомар, Жаманқоңыр, Кіші Ақшешей* т.б.

б) тәуелдік тіркес: *Алуа Моласы, Қыздың Қарасуы, Жаңажол Шаппа Орыны, Айтқұлов ауылы, Анастың көлі* т.б.;

в) есімшелі және етістікті тіркестер: *Есенейөлген, Өгізөлген, Тіленшіөлгенсор, Бұзауөлген, Аққуөлген, Айғыржығылған* т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. Солтүстік Қазақстан облысы топонимиясы үшін есімді сөзжасам моделіне келесі аффикстер тән:

- дақ/дық – етістіктен сын есім жасайтын аффикс: *Бұрқыл+дақ, Былқыл+дақ, Шуыл+дақ* т.б.;

- лы/лі/ды/ді/ты/ті – көптік мәнді реликтік аффикс: *Қарағайлы, Қамысты, Қиялы, Сулы* т.б.;

- ған/ген/қан/ген – есімше аффиксі: *Биесойған, Бұзауөлген* т.б.;

- ша - зат есімнің рең мәнін жасайтын аффикс: *Тайынша* т.б.

Зерттеу барысында Солтүстік Қазақстан облысы топонимдердің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент: *Бұлақ, Жота, Батпақ, Бекет* т.б.; термин-индикаторлық компонент + аффикс: *Су + лы;* т.б.; термин-индикаторлық компонент + термин-индикаторлық компонент: *Арал+көл, Дала+көл, Батпақ+көл, Шоқы+көл, Жар+кент, Жар+көл, Жер+лі+көл, Арал+ауыл, Арал+төбе* т.б.


Реттік форма+термин-индикатор: *Бірінші+көл;*

Көптік жалғаулы: *Бақша+лар, т.б.*


Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: *Жалтыркөл, Ұзынкөл, Ұлыкөл* т.б.; комплетивті: *Қалдыаман, Қисық Қалдыаман, Қожақонған, Қонаққонған, Айғыржығылған, Алыпқаш* предикативті байланыс байқалады.

Сонымен бірге, СҚО топонимдері иррадиация (берілген нысанның географиялық атау негізінің басқа, жақын жатқан нысандарға таралуы) және антитеза (қарама-қайшылық) негізінде қалыптасқаны айқындалды.

Иррадиация негізінде қалыптасқан атаулар:



Жалтырша атауы көл бетінің жалтырап жатқан, суы мөлдір таза екенін аңғартатын болса, көл маңында жатқан батпақ пен ауылға иррадиация негізінде атау ретінде таралғаны анық.



Сол сияқты Сарықамыс атауы көл жағасының сары қамыс қаулап өсуі негізінде көлге атау ретінде тағылып, көл маңындағы қоныс пен төбешікке иррадиация негізінде атау ретінде таралғаны анық.

Антитеза: кіші (14) – үлкен (58), жақсы (13) – жаман (23), ақ (76) – қара (132), жаңа (33) – ескі (8), бас (19) – аяқ (9):

*Кіші Сүлікті – Үлкен Қоскөл*

*Кіші Шабәк – Үлкен Жарма*

*Жақсыжаркөл - Жаманкөл*



*Жақсы Жалғызтау – Жамантұз*

*Ақтүбек – Қараөзек  
Ақбұлақ - Қарабұлақ*

*Жаңатілек – Ескі Бекет  
Жаңатұрмыс – Ескі Алғабас*

*Баскөл – Аяққона  
Басқамыс – Аяқшілік*

Тілді антропология тұрғысынан зерттеу – маңызды. Тілді сөйлеушінің іс-әрекеті (психоллингвистика), қоршаған ортаны тану, қабылдау, қорыту және тілдік белгілермен көрініс табуы (когнитивті лингвистика), оның қоғамдағы рөлі мен сөйлеу әрекеті (әлеуметтік лингвистика) арқылы тану – біршама ғылым салаларын туғызып қана қоймай, іргелі зерттеулерге негіз болды.

Жоғарыда аталған антитеза негізіндегі бинарлық атаулардың қалыптасуында тілді тұтынушының мақсаттары қандай болды деген мәселені қарастыру да қызығушылығымызды тудырды. Мәселен, профессор Т.Жанұзақтың Жаманқара атауын талдау нәтижесінде ой қорытуын дұрыс деп қабылдауға болады: «Жаман» сөзі топонимдер құрамында келгенде, «нашар, кішігірім» мағынасын білдіреді» [6].

Алайда «Құрамында «жаман» сөзі келетін жер-су аттары республиканың барлық аймағында кездеседі. Ол «нашар» мағынасында қолданылса, кейде монғол, тәжік тілдеріндегі «чаман» сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген күйінде жұмсалады. Біздің байқауымызша, тәжік тіліндегі «чаман» – «көк шалғын», «майса», «жазық алаң» сөзінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Оған тәжік тіліндегі «Чаманбұлақ», «Чаманкулы» атаулары толық айғақ. Сөз басындағы *ч/ш* дыбыстары *ж* дыбысына алмасқан сияқты» деген нұсқалары да кездеседі [6]. Демек, топоним құрамындағы «жаман» сөзінің мағынасы екінші компонентке байланысты болуы мүмкін.

Ғалым Е.Қойшыбаев «жақсы/жаман» бинарлы оппозициялы сөздердің семасиологиялық мәнінен басқа ономасиологиялық мәні болатынын да айта келе, этнонимдер құрамында ерекше мәнге ие болатынын білдірген [7]. Сонымен бірге Жақсы атауы жеке келсе, ертедегі ру атауына байланысты дегенді білдіреді. Ал жаман сөзі топоним құрамында «кіші» деген мәнге де ие бола алады [7].

Сол сияқты топонимдер құрамындағы «ақ/қара» бинарлы ұғымдар да түс мағынасын ғана емес, сонымен бірге «ағу, таза, ірі, үлкен, жер» т.б. мәндерге ие болатыны және «аяқ/бас» бинарлы ұғымдардағы «аяқ» сөзі – төменгі жақтағы, соңғы мәнін білдірсе, «бас» сөзі – «жоғары жақтағы», «алғашқы, бастапқы» деген ұғымдарды білдіретіні жайлы ономаст-ғалымдар айтып кеткен.

Б.Бияров «жаңа/ескі» бинарлық ұғымдарға қатысты мынадай деректерді келтіреді: «Жаңа сын есімі тіркесті топонимдер де жасайды және өзен, судың «жаңа арнаға аунауын»; елді мекеннің «жаңа орынға көшірілуін»; «жаңа өмірге,

қоғамдық құрылысқа ауысқанын» т.б. білдіреді» және «Ескі сын есімі «көне, ескірген» мағынасын беріп, жаңа сын есіміне бинарлық позицияда болады. Сонымен бірге «тозған, бұрынғы, дағдылы» сияқты семалық реңктері де бар» [8].

Сонымен бірге «үлкен/кіші» бинарлық ұғымдарға қатысты: «Кіші сын есімі «кішкентай, шағын, азғантай» көлемдік мәндері арқылы жер-су атын жасауға қатысады. Алайда біріккен атауларға қарағанда, үлкен сын есіміне қарсы мәнде қолданылатын тіркесті атаулар басым болып келеді» деген пікірі де көңілге қонымды [8].



Диаграмма – 4 Термин-индикатор негізінде қалыптасқан топонимдер

Диаграмма негізінде «көл» термин-индикаторы компонент ретінде жиі қолданысқа түскен. Бұл облыс аумағында көлдердің көп болуына қарай, көл ерекшелігін нақыштайтын атаулардың басым болуына байланысты болса керек. Сонымен бірге көл атауынан иррадиация негізінде таралған атауларға да байланысты.

Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің қалыптасуында көптеген ономотүзуші тәсілдер қолданылғаны анық. Қарапайым халық атау түзуде қай тәсіл арқылы қалыптастыруын ойлап жатпайтыны анық, алайда уәж негізінде қалыптасқан атау қазіргі қазақ тілінің нормаларына сай келетіні халық даналығының айғағы. Сонымен, облыс топонимдерін қалыптастыруда халық саналы/санасыз түрде аналитикалық, синтетикалық, иррадиация, антитеза тәсілдерін қолданған. Сонымен бірге топонимдердің құрылымы басқа түркі тілдеріндегідей бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді болып келеді. Алайда екінегізді топонимдер басым екені зерттеу барысында айқындалды.

Құрамында термин-индикаторлары бар топонимдердің разряд түрлері негізінде «көл» термин-индикаторы компонент ретінде жиі қолданылғаны айқындалды. Мұның жауабы облыстың жер-рельефтік ерекшелігінде болса керек. Топоним құрылымының неліктен тап осындай болатыны, неліктен осы компоненттер қолданылды деген сұрақтардың психологиялық жауабын іздеу мақсатында да зерттеу жүргізуге болады.

### 3.1 ГИДРОНИМДЕР

#### 3.1.1 ГЕЛИОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Башқұрт+ Кішкене+ Шұңқыр+лар+ы	гелионим
2.	Жұрнақ	Бұрқыл+дақ	гелионим
3.	Біріккен сөздер	Жабай+көл	гелионим
4.	Біріккен сөздер	Қыз+томар	гелионим
5.	Жұрнақ	Былқыл+дақ	гелионим
6.	Біріккен сөздер	Сары+қыз+көл	гелионим
7.	Жұрнақ	Екі+нші	гелионим
9.	Жұрнақ	Жығыл+ған	гелионим
10.	Біріккен сөздер	Айғыр+жығылған	гелионим
11.	Эпентеза	Аупльдек - Әупілдек	гелионим

Кесте -3 Термин-индикатор негізінде қалыптасқан гелионимдер

№	гелионим	компонент			саны
		бір	бірінші	екінші	
1	Ақсуат			суат	
2	Аралкөл		арал	көл	
3	Аралқамыс		арал		
4	Ащыкөл			көл	10
5	Әулиеоба			оба	
6	Батпақ	батпақ			
7	Батпақкөл		батпақ	көл	
8	Бекет	бекет			
9	Бекеткөл		бекет	көл	
10	Бұлақ	бұлақ			
11	Далакөл		дала	көл	
12	Жақсы Жаркөл		жар	көл	
13	Жалтырсор			сор	

#### 3.1.2 ЛИМНОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Бақша+лар	лимноним
2.	Жұрнақ	Балық+ты	лимноним
3.	Біріккен сөздер	Сор+балық	лимноним

4.	Біріккен сөздер	Ома+көл	лимноним
5.	Жұрнақ	Жалтыр+ша	лимноним
6.	Біріккен сөздер	Арланкөл	лимноним
7.	Жұрнақ	Су+лы	лимноним
9.	Жұрнақ	Шабақ+ты	лимноним
10.	Біріккен сөздер	Ағаш+ты+көл	лимноним
11.	Эпентеза	Нюншалған – Нәншалған	лимноним

### 3.1.3 ПОТАМОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Бақша+лар	потамоним
2.	Жұрнақ	Балық+ты	потамоним
3.	Біріккен сөздер	Сор+балық	потамоним
4.	Біріккен сөздер	Ома+көл	потамоним
5.	Жұрнақ	Жалтыр+ша	потамоним
6.	Біріккен сөздер	Арланкөл	потамоним
7.	Жұрнақ	Су+лы	потамоним
9.	Жұрнақ	Шабақ+ты	потамоним
10.	Біріккен сөздер	Ағаш+ты+көл	потамоним

### 3.2 ДРИМОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Бақша+лар	дримоним
2.	Жұрнақ	Балық+ты	дримоним
3.	Біріккен сөздер	Сор+балық	дримоним
4.	Біріккен сөздер	Ома+көл	дримоним
5.	Жұрнақ	Жалтыр+ша	дримоним
6.	Біріккен сөздер	Арланкөл	дримоним
7.	Жұрнақ	Су+лы	дримоним
9.	Жұрнақ	Шабақ+ты	дримоним
10.	Біріккен сөздер	Ағаш+ты+көл	дримоним

### 3.3 ДРОМОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Бақша+лар	дромоним
2.	Жұрнақ	Балық+ты	дромоним
3.	Біріккен сөздер	Сор+балық	дромоним
4.	Біріккен сөздер	Ома+көл	дромоним
5.	Жұрнақ	Жалтыр+ша	дромоним
6.	Біріккен сөздер	Арланкөл	дромоним
7.	Жұрнақ	Су+лы	дромоним
9.	Жұрнақ	Шабак+ты	дромоним
10.	Біріккен сөздер	Ағаш+ты+көл	дромоним

### 3.4 ИНСУЛОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Бақша+лар	инсулоним
2.	Жұрнақ	Балық+ты	инсулоним
3.	Біріккен сөздер	Сор+балық	инсулоним

### 3.5 НЕКРОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Бақша+лар	некроним
2.	Жұрнақ	Балық+ты	некроним
3.	Біріккен сөздер	Сор+балық	некроним
4.	Біріккен сөздер	Ома+көл	некроним
5.	Жұрнақ	Жалтыр+ша	некроним
6.	Біріккен сөздер	Арланкөл	некроним
7.	Жұрнақ	Су+лы	некроним
9.	Жұрнақ	Шабак+ты	некроним
10.	Біріккен сөздер	Ағаш+ты+көл	некроним

### 3.6 ОЙКОНИМДЕР

#### 3.6.1 АСТИОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жұрнақ	Мамлют+ка	астионим
2.	Жұрнақ	Тайын+ша	астионим
3.	Жұрнақ	Булаев+о	астионим
4.	Біріккен сөздер	Петр+о+павл	астионим
5.	Жұрнақ	Сергеев+ка	астионим

### 3.6.2 КОМОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Бақша+лар	комоним
2.	Жұрнақ	Балық+ты	комоним
3.	Біріккен сөздер	Сор+балық	комоним
4.	Біріккен сөздер	Ома+көл	комоним
5.	Жұрнақ	Жалтыр+ша	комоним
6.	Біріккен сөздер	Арланкөл	комоним
7.	Жұрнақ	Су+лы	комоним
9.	Жұрнақ	Шабақ+ты	комоним
10.	Біріккен сөздер	Ағаш+ты+көл	комоним

### 3.7 ОРОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғау	Бақша+лар	ороним
2.	Жұрнақ	Балық+ты	ороним
3.	Біріккен сөздер	Сор+балық	ороним
4.	Біріккен сөздер	Ома+көл	ороним
5.	Жұрнақ	Жалтыр+ша	ороним
6.	Біріккен сөздер	Арланкөл	ороним
7.	Жұрнақ	Су+лы	ороним
9.	Жұрнақ	Шабақ+ты	ороним
10.	Біріккен сөздер	Ағаш+ты+көл	ороним

#### 3.7.1 СПЕЛЕОНИМДЕР

Кесте 13 – Морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Біріккен сөздер	Шолақ+өзек	ороним
2.	Жұрнақ	Башкирц+ев	ороним
3.	Біріккен сөздер	Қос+терек	ороним
4.	Біріккен сөздер	Қожам+жар	ороним
5.	Жалғау	Королев+ск+ая	ороним

## IV ТАРАУ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН РӘСІМДЕУ МӘСЕЛЕСІ

Географиялық атаулардың кез келген халық үшін маңызы зор. Топонимдер – мемлекет тұтастығының кепілі. Адамзат санасында жер-су атаулары бағыт-бағдар қызметін атқарып келеді.

Топонимдерді рәсімдеуде маңызды бірнеше бағытты анықтап көрсету қажет:

1. барлық ономаст-ғалымның түпкі мақсаты – нысандарға ерекшелігін көрсететін, адрестік қызмет атқаратын, ұлттық нақыштағы атауларды тағу. Мәселен, ;

2. кісі есімінен қалыптасқан атаулар бұрыннан бар: олар алғашында қыстау, жайлау не күзеудің иесі кім екендігін аңғартатын болса, кейінірек идеологиялық мәндегі атаулар, бертін келе елдің дамуына айтарлықтай қызмет еткен қоғам, мәдени қайраткерлерінің есімі тағылатын болды. Осындағы басты мәселе – кісі есімінен қалыптасқан топонимдердің санын барынша азайту қажет;

3. кісі есімін атау ретінде қолдану бойынша ескеретін нәрсе: тарихта есімі қалған тек ұлы тұлғалардың есімін беру. Мәселен, Шал ақын, Төле би сынды;

4. белгілі бір нысан, айталық, тау атауын маңындағы көлге, елді мекенге, орманға, батпаққа тағу белгілі бір шектеуді қажет етеді, яғни тау атауы елді мекен, көлге тағылса, батпақ, өзен, орман атауы тек нысанның өз ерекшелігі негізінде қалыптасуы қажет;

5. нысандарға өзге мемлекеттердегі топонимдерді атау ретінде қолдану шектелуі қажет, себебі, біріншіден, мемлекетіміздің тұтастығына нұқсан келтіреді, екіншіден, жер бедері, флорасы мен фаунасы т.б. нысан ерекшелігі бойынша еш ақпарат бермейді, үшіншіден, ұлттық танымға сай келмейді;

6. совхоз, село сияқты денотаттарды тек қазақ тілінде қоныс, елді мекен, ауыл түрінде берген жөн;

7. қонысқа тағылған кісі есімін батпаққа тағып, қайта тағы бір қонысқа тағуға шектеу жасау қажет және ондай атауларды өзгерту қажет. Мәселен, Попово қонысы, Попово Болото қонысы т.б.;

8. бейтарап, еш мағынасыз атауларды өзгерту қажет. Мәселен, Стеколко, Солдатское, Сладкое, Сметанкино, Сарафанчик, Обжорное, Обманное т.б.

II. 1.

### 4.1 Гидронимдер

#### 4.1.1 Гелионимдер

1. Әртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

Башқұрт Кішкене Шұңқырлары, Жоғарғы Балық, Сарықызкөл емес, Сары Қызкөл



2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (апеллятивтер) бірге жазылады.

Қызтомар, Майлықөл,

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4. 1.2 Лимнонимдер**

1. Өртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (апеллятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4. 1.3 Потамонимдер**

1. Өртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (апеллятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4. 2 Дримонимдер**

1. Өртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (апеллятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4. 3 Дромонимдер**

1. Әртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (аппелятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4.4 Инсулонимдер**

1. Әртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (аппелятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4.5 Некронимдер**

1. Әртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (аппелятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4.6 Ойконимдер**

##### **4.6.1. Астимнонимдер**

1. Әртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (апеллятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4. 6.2 Комонимдер**

1. Әртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (апеллятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

Анастың Көлі емес, Анас Көлі

#### **4. 7 Оронимдер**

1. Әртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (апеллятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

#### **4. 7.1 Спелеонимдер**

1. Әртүрлі анықтағыштар *үлкен, ұлы, ұзын, кіші, кішкене, бала, жақсы, жаман, шет, қара, сары, бас, аяқ, төменгі, жоғарғы, орта, орталық, жаңа, ескі* т.б. географиялық атаулардың екі компоненті де бас әріппен әрі бөлек жазылады.

2. Екі, үш, төрт компонентті ұлттық топонимдер, географиялық терминдер мен жалпы атаулар (апеллятивтер) бірге жазылады.

3. Нысанның атауын білдіретін географиялық терминдер, күрделі жалқы есімдер ілік септігінің қосымшасынсыз беріледі.

## V ТАРАУ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ДИАХРОНИЯСЫ: ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІ

Ономастикалық лексиканың ерекшелігі оның тек объектілермен тығыз байланысынан ғана емес, экстралингвистикалық факторлар арқылы көрінетіні белгілі. Әр атаудың тағылу уәжі тарихи өтпелі кезеңнің куәсі, ал оларға лингвистикалық талдау жүргізіп, бір жүйеге келтіру – уақыт талабы. Тіл тарихы халық тарихымен қоян-қолтық тығыз, берік байланыста болатынын, тіл барлық қоғамдық құбылыс сияқты әрбір қоғамдық формацияға сай өзгеріп отыратынын, олардың шығу, даму кезеңдерінде әлеуметтік, тұрмыстық негіздердің әсерін тигізгенін, ондай тарихи ономастиканың халық тарихымен байланысына сай өзіндік ерекшеліктері барын айта келіп ғалым Т.Жанұзақов былай дейді: «Бұл ретте ономастика ең алдымен тіл тарихына тән лингвистикалық ғылым. Өйткені оның грамматикалық, әрі фонетикалық заңдылығы халық тіліне тән. Олар халықтың бай тілінен жасалады. Сондықтан да құрамында әр дәуірге тән сөздер кездеседі» [1,9].

Халықтың бастан кешкен оқиғаларының куәсі болатын да тіл. Тілдің атау жүйесі өмірге, затқа, құбылысқа өз үлесін қосып отырады. Жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда тарихи кезең, сол уақытта өткен оқиғалар жайлы нақты, көп дерек бере алады. Бұл жөнінде А.М.Эмирова былай дейді: «Жалқы есім (атау) лингво-мәдени феномен, бұл бір жағынан тілдік категорияға жататын жүйенің ерекшелігін көрсететін белгі, екінші жағынан, халықтың тұрмысын, нанымын, дінін, тарихын білдіретін спецификалық лингво-мәдени белгі» [2,300]. Қазақ ономастикасының дамуы құнды әрі бай материалдарды мұқият жинауға байланысты екендігін академик Ә.Т.Қайдаров пен профессор Т.Ж.Жанұзақов: «Ең бірінші талаптардың бірі – барлық бірліктерді жинау және қағаз бетіне түсіру», - деп атап көрсетеді [3,198].

Ресей империясы қазақ жерінде қалыптасқан дәстүрлі билеу институттарын жою мақсатында Орта жүздің хандық билігін 1822 жылы таратты. Осының нәтижесінде Солтүстік қазақстанды екіге бөліп билік жүргізді. 1822-1844 жылдары Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл, Атбасар, Аягөз, Көкпекті, Алатау округтері құрылды [4,198]. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының аудандары мен ауылдары Ақмола, Қарағанды облыстарымен тығыз байланысты, себебі бір біріне ауыстырылып, біріктіру жұмыстары патша өкіметінен бастап, кеңес өкіметі кезінде де жалғасын тапты. Сондықтан облыс топонимиясы бойынша тарихи дерек алу үшін бірнеше облыстарды қамту қажет болып тұр. Бұл оңай шаруа емес, көп күш пен уақытты қажет етеді.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері тарихи атауларды қайтару не ұлттық танымға тән атауларды беру жұмыстары жергілікті ономастикалық комиссия тарапынан жүргізіліп келеді.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ірілі-кішілі 5 қала бар: Булаево, Мамлютка, Сергеевка, Петропавл, Тайынша. Тәуелсіздік алғаннан бері тек Красноармейск қаласы 1997 жылы Тайынша атауына өзгертіліпті.

Булаево қаласының іргесі 1894 жылы Транссібір темір жол магистралін салуға байланысты темір жол станциясы ретінде қаланған, 1936 жылдан аудан орталығы. Ол «Қамыстысай» деп аталатын ұзын, кең сайда, орманды белдемде орналасқан екен, сондықтан да Булаево қаласын *Қамыстысай* деп ауыстырса да болатын екен, себебі уәжі анық.

Мамлютка қаласы 1814 жылы қаланған Мамлютово ауылы негізінде қалыптасқан. Бұл ауылдың атауы оның негізін қалаған шаруа – Мавлют Валгузинге арнап қойылған екен. 1969 жылы Мамлютка ауылы қала дәрежесін иеленген. Архив материалдары қолжетімсіз болғандықтан, атауды өзгерту бойынша әзірге ақпарат жеткіліксіз.

Сергеевка қаласының іргесі 1900 жылы қаланған Сергеевка ауылы негізінде қаланған. Ресейден көшіп келген шаруа Сергей Мисюрин есімі ауылға берілген. 1969 жылғы 21 мамырдан қала дәрежесін иеленген. Бұрынғы кезде бұл аумақ Күлеке батыр руына тиесілі жер болған, сондықтан да *Күлеке батыр* немесе Уәли ханның жесірі – *Айғаным*, не *Аютас* деп атауға тарихи дерек мүмкіндік береді.

Петропавл қаласының іргесі 1752 жылы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатында әскери бекініс ретінде қаланған. Қазақша кеңінен қолданылып жүрген атауы – Қызылжар, себебі қала орналасқан жар қабақтың топырағы қызыл болған. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романында [4] қала атауы Қызылжар ретінде берілген.

«Қызылжар көп қазаққа арман жерсің,

Талайдан біз секілді қалған жерсің.

Керейде Толыбай сыншы туын тігіп,

Найзасын қанға бояп алған жерсің.

Атыңды «Қызылжар» деп бабам қойған

Қондырып саған қосын көңілі тойған...»,

деп Сегіз Сері жырлаған. Ал Толыбай сыншының XVII ғасырда өмір сүрген адам екені белгілі. Бертінірек Қызылжар қонысын Атығайдың Дәулетәлі деген байы мекен еткенін Сәбит Мұқанов жазды. «Әулие Петр» (Петропавлдың алғашқы атауы) қорғаны болса тек XVIII ғасырдың екінші жартысында салына бастап, 1770 жылы ғана аяқталған [5].

Сонымен бірге қала атауы о баста Қызылжар болғанына Абылайдың Қытай боғдыханына жазған хатындағы мынадай сөздері дәлел:

Россия халқыменен салһы қылып,

Шартнама қағаз жазып, елші жүріп:

Ортада саудахана салып қойдық,

«Қызылжар» атты қала біз салдырып... [6].

Келтірілген деректерді назарға ала отырып, қаланың Петропавл атауы Қызылжар атауына өзгертілгені жөн болар еді.

Облыста 13 аудан бар, соның ішінде 2 аудан орыс тілінде: Мамлют және Тимирязев.

## СҚО топонимдерінің (аудан бойынша) қазақ тілінде рәсімделуі




Диаграмма – СҚО топонимдерінің (аудан бойынша) қазақ тілінде рәсімделуі

Айыртау ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 95 болса, соның ішінде 8 ауылдық округ және 41 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Ақжар ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 35 болса, соның ішінде 8 ауылдық округ және 18 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Аққайың ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 43 болса, соның ішінде 4 ауылдық округ және 12 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 93 болса, соның ішінде 46 ауылдық округ және 23 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Есіл ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 72 болса, соның ішінде 5 ауылдық округ және 26 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Жамбыл ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 67 болса, соның ішінде 4 ауылдық округ және 24 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Қызылжар ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 92 болса, соның ішінде 3 ауылдық округ және 5 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Мамлют ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 50 болса, соның ішінде 1 ауылдық округ (бұл атаудың өзі дәстүрлі танымға жат, кеңес үкіметінің идеологиясын байқатады – Қызыләскер) және 4 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Ғабит Мүсірепов ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 86 болса, соның ішінде 6 ауылдық округ және 22 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Тайынша ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 104 болса, соның ішінде 5 ауылдық округ және 17 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Тимирязев ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 39 болса, соның ішінде 3 ауылдық округ және 7 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Уәлиханов ауданы бойынша

ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 38 болса, соның ішінде 11 (барлығы) ауылдық округ және 25 ауылдық елді мекен қазақ тілінде. Шал ақын ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 55 болса, соның ішінде 2 ауылдық округ және 21 ауылдық елді мекен қазақ тілінде.




Диаграмма – СҚО топонимдерінің (аудан бойынша) орыс тілінде рәсімделуі

Айыртау ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 92 болса, соның ішінде 7 ауылдық округ және 39 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Ақжар ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 35 болса, соның ішінде 3 ауылдық округ және 6 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Аққайың ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 43 болса, соның ішінде 7 ауылдық округ және 20 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 93 болса, соның ішінде 16 ауылдық округ және 48 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Есіл ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 72 болса, соның ішінде 11 ауылдық округ және 30 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Жамбыл ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 67 болса, соның ішінде 11 ауылдық округ және 28 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Қызылжар ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 92 болса, соның ішінде 17 ауылдық округ және 67 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Мамлют ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 50 болса, соның ішінде 10 ауылдық округ және 35 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Ғабит Мүсірепов ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 86 болса, соның ішінде 13 ауылдық округ және 45 ауылдық елді мекен орыс тілінде.

Тайынша ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 104 болса, соның ішінде 14 ауылдық округ және 68 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Тимирязев ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 39 болса, соның ішінде 12 ауылдық округ және 17 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Уәлиханов ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 38 болса, соның ішінде 2 ауылдық елді мекен орыс тілінде. Шал ақын ауданы бойынша ауылдық округ, ауылдық елді мекендердің жалпы саны – 55 болса, соның ішінде 9 ауылдық округ және 23 ауылдық елді мекен орыс тілінде.

Жоғарыда келтірілген диаграммалардағы ақпараттар бойынша ұлттық топонимиканың жағдайы Қызылжар, Мамлют аудандарында өте нашар десек, Уәлиханов пен Ақжар аудандарында біршама тәуір.

СҚО орыс тіліндегі атаулардың біршамасы кісі аттарынан қойылған, патша саясаты негізінде отарлау мақсатымен көшіп келген шаруалардың немесе кеңес үкіметі кезінде төңкеріс басшылары атымен аталған: Антоновка, Володар, Гусаков, Елец, Константинов, Лобанов, Галицино, Гусаковка т.б.

Сонымен бірге, өзге мемлекет атауымен не этнониммен аталған: Украина, Башкирец, Русский, Новоукраинка т.б.

СҚО ойконимдерінің ішінде бейтарап атаулар да баршылық: Заря, Прекрасное, Светлое, Уголки, Восход т.б.

Көріп отырғанымыздай, орыс тіліндегі ойконимдер, ең алдымен, жер бедері фаунасы, флорасы жайлы ешқандай ақпарат бермейді, сонымен бірге ұлттық танымға да сәйкес емес. Сондықтан да мұндай атауларды өзгерту талабы дау тудырмаса керек.



Диаграмма – СҚО топонимдерінің динамикасы: Тәуелсіздік кезеңі

СҚО қала саны – 5, оның ішінде өзгертілгені – 1; аудан саны – 13, оның ішінде өзгертілгені – 11; ауылдық округ саны – 195, оның ішінде өзгертілгені – 15; ауылдық елді мекен – 706, оның өзгертілгені – 36, транскрипциясы өзгертілгені – 26.

Диаграммадан көріп тұрғанымыздай, аудан атауын ұлттық танымға сай беру жұмыстары біршама атқарылған, тек Тимирязев және Мамлют атаулары өзге тілде.



Облыстың ұлттық топонимикасын дұрыс жолға қою мәселесі кезек күттірмес шаруа, сондықтан мониторинг, ғылыми, тарихи дерек негізінде бұрынғы жергілікті халық қойған атау қайтарылуы немесе ұлттық танымға сай атау берілуі қажет.

## **VI ТАРАУ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ДИАХРОНИЯСЫ: КЕҢЕС ӨКІМЕТІ КЕЗЕҢІ**

Кеңестік дәуірде колхоздастыру, тың игеру науқандарына байланысты өңірдің байырғы елді мекендерінің атаулары аяусыз өзгертілгенін айтып жеткізу мүмкін емес. Оған қоса қызыл империяның саясатына сай, идеология мүддесіне орай ешқандай мәні жоқ, даңғаза қазақша атаулар енгізілді. «Жаңа тұрмыс», «Алғабас», «Жаңа талап», «Жаңалық», «Орталық», «Бірлік», «Мәдениет» т.б. атаулар бұрынғы тарихи топонимиканы ел санасынан өшірді, басқасы жаппай орысша болып кетті.

Сонымен бірге коммунистік партия мен үкіметтің басшыларының аттары мәңгі есте қалдыруға лайық деп танылғанын білеміз. Олардың арасында, тіпті ақылға сыймайтындары да бар. Бір ғана мысал, Петропавлдан 40 шақырым жерде Смирнов елді мекенінің бұрынғы аты «Дәрмен», яғни станцияның аты да солай аталмақ екен. 1921-22 жылдары Қазақстаннан тартып алынған астық пен етті Ресейдің орталық аймақтарына жедел жеткізу үшін Көкшетауға теміржол тарту жұмысын азық-түлік халық комиссарының орынбасары Смирнов деген басқарыпты. «Дәрмен» атын өзгертіп, Смирновтың атын беруді «еңбекшілер жалынып сұраған соң» оның аты қойылыпты.

Қазіргі **Айыртау ауданы** әуелде Арықбалық ауданы (орталығы – Арықбалық селосы) болып . ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. 1939 жылы 14 қазанда жаңадан құрылған Ақмола облысының құрамына қосылды да, 1944 жылы 15 наурызда Көкшетау облысының құрамына берілді. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы №3482 жарлығына сәйкес, Арықбалық ауданы таратылып, оның аумағы Көкшетау облысындағы Айыртау ауданына қосылды. Қазір **Айыртау ауданы** Солтүстік Қазақстан облысының құрамында.

Бейнетқор ауданы (орталығы –Шолақ Досжан селосы). Алғаш рет бул аудан ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1940 жылғы 31 шілдедегі жарлығымен Бейнетқор ауданының аты Совет ауданы болып өзгертілді. Ал, 1941 жылғы 23 мамырдағы Жарлық бойынша, Шолақ Досжан селосы Смирнов елді мекені болып өзгертілді. Қазақ ССР жоғарғы Советі Президиумының 1999 жылғы 11 наурыздағы шілдедегі жарлығымен Совет ауданының атау **Аққайың ауданы** болып қайта аталды.

Бескөл ауданы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1967 жылғы наурыздағы қаңтардағы жарлығымен құрылған. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1999 жылғы 11 наурыздағы шілдедегі жарлығымен Бескөл ауданы **Қызылжар ауданы** болып қайта аталды.

Булаев ауданы (орталығы – Булаев селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. Қазақстан Президентінің 2000 жылғы 23 қарашадағы жарлығымен **Мағжан Жұмабаев ауданы** болып қайта аталды.

Уәлиханов ауданы орталығы Авангард селосы болып Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1970 жылғы 4 желтоқсандағы жарлығымен құрылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1970 жылғы 4 желтоқсандағы жарлығымен Авангард деп аталған аудан орталығы 1971 жылы 29 наурызда Уәлиханов селосы деп өзгертілді.

**Жамбыл ауданы** (орталығы Благовещенка селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1970 жылғы 4 желтоқсандағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамында құрылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы жарлығымен таратылған көрші Преснов ауданының есебінен іріленіп, орталығы Преснов селосына көшірілді.

Калинин ауданы орталығы Журавлевка селосы, ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік 14. Келлер ауданы (орталығы Келлеровка селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыс құрамында болды. 1944 жылы 15 наурызда жаңадан құрылған Көкшетау облысының құрамына қосылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы жарлығымен таратылды да, оның аумағы Көкшетау облысы Тайынша ауданының (03.05. 1997 ж. бастап- Солтүстік Қазақстан облысы) құрамына берілді.

Қызылту ауданы, орталығына Қызылту ауылы белгіленіп, ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы жарлығымен Қызылту ауданы жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамына өтті. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы жарлығымен **Уәлиханов ауданы** деп қайта аталды. Көкшетау облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің шешімімен Қызылту ауданының орталығы Кішкенекөл кенті деп өзгертілді.

Красноармейск ауданы (орталығы Ново-Сухотино селосы) 1928 жылы 3 қарашада Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында құрылған. жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 15 наурыздағы

жарлығымен Көкшетау ауданы жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамына өтті. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы 3482-жарлығымен Тайынша ауданы деп аталатын болды. Аудан орталығы Красноармейск Тайынша қаласы болып өзгертілді. 1997 жылғы 3 мамырдан бастап, **Тайынша ауданы** Солтүстік Қазақстан облысына қарайды.

Конюхов ауданы (орталығы Конюхов селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 8 мамырдағы жарлығымен құрылған, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1952 жылғы 3 сәуірдегі жарлығымен аудан орталығының атауы Қарақоға болып өзгертілді, қазір ол жерлер **Мағжан Жұмабаев** ауданына қарайды.

Куйбышев ауданы (орталығы Куйбышев кенті) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1969 жылғы 28 мамырдағы жарлығымен құрылған, 1997 жылы 2 мамырда аудан атауы Целинный болып өзгерді. Қазақстан Президентінің 2002 жылғы 11 маусымдағы 890-жарлығымен **Ғабит Мүсрепов** ауданы деп қайта аталды.

Ленин ауданы, орталығына Явленка селосы белгіленіп, ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданының атауы **Есіл ауданы** болып өзгертілді.

Ленин ауданы (орталығы Талшық кенті) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1973 жылғы 25 желтоқсандағы жарлығымен Көкшетау облысының құрамында құрылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы жарлығымен Көкшетау облысы **Ақжар ауданы** болып өзгертілді.

Мәскеу ауданы (орталығы Корнеев селосы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылғы 19 наурыздағы жарлығымен құрылған. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі жарлығымен таратылып, жер аумағы Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданының (қазіргі Есіл ауданы) құрамына берілді.

Орталығы Полудин селосы болған Полудин ауданы ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында саналды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығымен таратылды. Бұл аумақ қазір **Мағжан Жұмабаев ауданына** қарайды.

Преснов ауданы (орталығы – Пресновка селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы 865-қаулысымен таратылып, аумағы **Жамбыл ауданының** (орталығы Преснов селосы) қарамағына қосылды.

Приишим ауданы (орталығы Боголюбов селосы) Қарағанды облысы болып тұрған кезде 1935 жылғы 31 қаңтарда құрылған. ССРО Бүкілодақтық атқару

комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығымен таратылды. Ауданның аумағы Солтүстік Қазақстан облысының Совет және Мамлют аудандарының құрамына қосылды.

Рузаев ауданы (орталығы – Рузаев селосы) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 16 наурыздағы жарлығымен жаңадан құрылған Көкшетау облысының құрамына берілді. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 2 мамырдағы 3482-жарлығымен таратылды. Аумағы Солтүстік Қазақстан облысының **Ғабит Мүсрепов атындағы ауданның** құрамына қосылды.

Соколов ауданы (орталығы Соколовка селосы) 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында ұйымдастырылған. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығы бойынша таратылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1964 жылғы 31 желтоқсандағы жарлығымен қайта құрылды. Қазақстан Президентінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі 3461-жарлығымен таратылды. бойынша таратылды. Ауданның аумағы **Қызылжар ауданының** құрамына берілді.

Төңкеріс ауданы (орталығы Майбалық елді мекені) ССРО Бүкілодақтық атқару комитетінің (ВЦИК) Қаулысымен Қызылжар (Петропавл) округінің құрамында 1928 жылғы 3 қыркүйекте құрылған. 1936 жылы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы құрылғанда, осы облыстың құрамында болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1940 жылғы 21 мамырдағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Төңкеріс ауданының атауы Октябрь ауданы болып өзгертілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1963 жылғы 2 қаңтардағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданының атауы Сергеев ауданы болып қайта аталды. Қазақстан Президентінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы 294-жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданының атауы **Шал ақын ауданы** болып өзгертілді.

Целинный ауданы (орталығы – Ақсуат стансасы) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1980 жылғы 17 қазандағы жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының құрамында құрылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1988 жылғы 9 шілдедегі жарлығымен таратылды. Аумағы Сергеев және **Тимирязев аудандарының** құрамына қосылды.

## **ПЕТРОПАВЛ - ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ**

Ақмола губерниясының Петропавл уезінен және Атбасар мен Көкшетау уездері кейбір болыстарынан, барлығы 21 ауданнан Петропавл (Қызылжар) округін құру туралы ҚазАССР Орталық Атқару комитетінің 1928 жылы 17

қаңтарда өткен 2-сессиясында бекітілген шешім, Бүкілодақтық ОАК «Болыстық бөліністерді жойып, аудандар жүйесін енгізу туралы» қаулысы бойынша қолдау тапты.

1928 жылдың басында Қазақ АССР-ы Орталық Атқару комитеті Қызылжар округі деген атауды «Петропавл округі» деп өзгертті.

1930 жылдың соңын ала, дәлірек айтқанда 17 желтоқсанда Петропавл округін жаңадан аудандастыру туралы Қазақ АССР Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары Советінің қаулысы жарық көруіне байланысты Ақмола губерниясында жаңа аудандар құрыла бастады. Петропавл округін жаңадан аудандастыру туралы Қазақ АССР ОАК және ХКК қаулысы.

Солардың алғашқыларының бірі -Қарағанды ауданының аты Тельман ауданы деп өзгертіліп, орталығына қазіргі Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 40 шақырым жерде, бұрын Спас зауыты тұрған елді мекен белгіленуі 1931 жылғы наурыздың 20 жұлдызы еді. Демек, Солтүстік Қазақстан облысының тарихында еліміздің маңызды өнеркәсіп орталығы Қарағанды көмір ошағының дамуына тигізген тікелей ықпалы жарқырап көрінеді.

Болашақ ірі қала мен Сарыарқа кіндігіндегі әлуеті зор облыстың алғашқы қазықтарын қағу туралы кесімді шешімдер біздің Петропавл қаласында қабылданғанын ұрпақтарымыз білуі тиіс. 1931 жылғы 22 мамырда Октябрь ауданының орталығын Көктал ауылы, Тельман ауданының орталығын Токаревка селосы және Еңбекшілдер ауданының орталығын Қазгородок кенті етніп бекіту туралы Қазақ АССР ОАК қаулысы мәлім болды. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісі 1931 жылғы шілденің 3 жұлдызында Бейнетқор ауданынан ауысқан сегізінші ауылдың атауы Первомай деп өзгертіліп, Булаев аудандық атқару комитетінің шешімімен бекітілді.(1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) туралы Анықтамалық. А.-1959 ж. 212-251-беттер. А. 1959. 216-бет.)Күзге қарай Булаев, Ленин, Совет және Төңкеріс аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізу туралы ҚазОАК Төралқасының қаулысы шығарылып, аудандардың бас-аяғы бүтінделе берді.

1932 жыл басталысымен, қазір өзіміз көріп жүрген аудандар қалыптасты. Ленин ауданының орталығы Явленск селосынан Мәуліт (өкінішке қарай орысша Мамлют деп қате жазылып, осы уақытқа дейін түзетілмей кеткен. -авт.) селосына көшірілді. Ал, Бейнетқор ауданының орталығы Шолақ Досжан ауылынан (қазіргі Смирнов стансасы) Қиялы станциясына қоныс аударды.

Бір айға жетер-жетпес мерзімде Петропавл ауданы таратылып, оның бір бөлігінен Мамлют ауданы құрылды. Осы өзгерістердің соңы Солтүстік Қазақстанда тұңғыш рет облыс құру қажеттігіне алып келді. Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің **1932 жылы 20 ақпандағы қаулысымен Республикада құрылған алты облыстың біреуі 10 наурызда шаңырақ көтерген Қарағанды облысы** деп аталды, орталығы – Петропавл қаласы.

Тарихтан мәлім, бұл бір ел басына нәубет түскен қиын жылдар болатын. Халқы ашаршылыққа ұшырап, көрші мемлекеттерге босып кеткен, оларды бұрынғы мекеніне қайтармақ болып әлек болған үкімет орындары өз басымен

өзі әлек, үркіншілік заман еді. Ауыртпалықтың беті қайтты-ау деп, шет елден Қазақстанға мал әкеліп, шаруаларға үлестіріп болған кезде облыстағы аудандардың орталық мекендерін ретке келтіру, әкімшілік-аумақтық бөліністі тиянақтау шаралары жасалды. 1935 жылдың алғашқы күндері мен апталарында мынадай шешімдер қабылданды:

Арықбалық ауданының орталығы Арықбалық селосы, Бейнетқор ауданының орталығы Шолақ Досжан селосы болып еді, көп ұзамай, бұл шешім өзгертіліп, аудандық мекемелер Қиялы станциясына көше бастады.. Есіл ауданының әкімшілік орталығына Қима селосы, Қызылту ауданы – Қызылту селосы лайық танылды. Көкшетау ауданы – Көкшетау селосы, Қорғалжың ауданы – Казгородок кентін орталық қылатын болды. Еркіншілік ауданының орталығына Благодатное селосы таңдалды.

Қазақстанның солтүстігінде облыс құрылуына дайындық шараларының бірі ретінде солтүстіктегі Ресеймен екі арадағы шекара жігіне байланысты айқындалмаған мәселелер бірте-бірте шешіле бастады. Батыс Сібір өлкесінің Есілкөл ауданынан: Бар (кейін Октябрь аталған), Березняк, Зарослый, Камышлов, Куломзин, Суворов селолық советтерін алып, Булаев ауданына беру және Есілкөл ауданына Первотар сельсоветін беру туралы Бүкілодақтық атқару комитетінің арнайы қаулысы 1932 жылғы 2 наурызда жария көрді. Бір аптадан кейін, 10 наурыз күні орталығы Петропавл қаласы болатын Қарағанды облысын құру туралы Мәскеудегі ең жоғары биліктің шешімі Қазақстанның экономикалық дамуында жаңа қадам болды.

1935 жылдың басында орталығы Петропавл қаласы болған Қарағанды облысы құрамында мына аудандары бар жаңа әкімшілік аумақтық бірлік болып қалыптасқаны жария етілді: Ақмола, Айыртау, Арықбалық, Атбасар, Бейнетқор, Булаев, Вишневский, Есіл, Зеренді, Калинин, Қарағанды, Қызылту, Көкшетау, Красноармейский, Қорғалжың, Ленин, Макинский, Мамлют, Молотов, Нұра, Петропавл, Преснов, Пресногорьков, Приишим, Полудин, Рузаев, Сталин, Тельман, Төңкеріс, Щучье, Еңбекшілдер және Еркіншілік ауданы. Бұл, сөз жоқ, облыс тұрғындары өмірінде есте қалғандай тарихи оқиғалар еді.

Облыстың ішкі аумақтық бөлінісі де өз жөнін тауып, тәртіпке келе бастауы заңды құбылыс. Айталық, № 13, № 20 ауылдар мен Александровский, Вишневский, Волгодонский, Вячеславский, Михайловский, Николаевский, Ново-Владимировский, Ново-Георгиевский, Ольгинский, Сарыоба, Харьков селолық советтері Ақмола ауданынан алынып, Вишневский ауданына беру туралы Қарағанды облыстық атқару комитеті 1935 жылғы 10 ақпанда маңызды шешім қабылдады. Сол жолы № 3 ауыл, Бірлік және Сұлукөл селолық советтері Ақмола ауданынан шығарылып, Қорғалжың ауданына берілді.

Ол кезде кейін, 1939 жылы, жеке облыс болған Ақмола аймағы да осы Петропавлға жүгінетін. Мысалы, Ақмола қаласы орталығы болған Ақмола ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда көзге елестетіңіз: № 1, № 2, № 4, № 5, № 6, № 10, № 12 ауылсоветтері, Воздвижен, Елизаветград,

Елизавета, Красноярский, Максимов, Мирзоян, Приречное, Рождественский, Романов, Семенов, Софиев, Шалқар селолық советтері.

Немесе, орталығы Володар селосы болған Айыртау ауданына мына Айыртау, Ақсу, Володар Горноозёрный, Ерназар, Жаңасу, Жетікөл, Интернациональный, Каменноброд, Қамсақты, Қарамсыл, Камышный, Қаратал, Қоскөл, Краснозёрный, Красный, Луначарский, Октябрьский, Терезкөл, Трудовой, Украинский, Шалқар селолық советтері қарады.

Арықбалық ауданына тән Балкашин, Балкашин совхоз, Бастримов, Богородский, Богословский, Васильев, Веселов, Владимиров, Дорогинский, Қалмақкөл, Каменский, Максимов Михайлов, Ново-Городский, Ново-Дубровинский, Ново-Кронштадтский, Ново-Никольский, Ново-Романовский, Преображенский, Сандықтау, Тучнинский селолық советтері Молотов ауданына берілді де, Арықбалық селосы болатын Арықбалық ауданының жана әкімшілік-аумақтық бөлісін мына құрамда бекіді: Аққанбүрлік, Гусаков, Имантау, Константинов, Лобанов, Матвеев, Мищенский, Төменгі Бүрлік, Проньков, Привольный, Светлов, Тахтоброд, Цуриков, Жақсы Жаңғызтау селолық советтері.

Орталығы Атбасар қаласы болған Атбасар ауданы да Қарағанды облысының аумағына кірді. Бейнетқор ауданының орталығы Шолақ Досжан ауылы болатын. Бұл ауданға жер ыңғайы және қарым-қатынасқа оңтайлы болуы себепті мына селолық советтердің елді мекендері бағынатын: Аралағаш, Аяқкөл, Голощёкин, Григорьев, Иванов, Исаев, Қиялы, Көктерек, Кучков, Молотов, Полтава, Сарытомар, Санный, Шағалалы.

Тәуелсіздік алғаннан кейін туған ауылының атын иеленген қазақтың ұлы ақыны, Алаш көсемдерінің бірі Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның әкімшілік-аумақтық құрылымы алғаш рет орталығы Булаев селосы болған Булаев ауданы болып, 1935 жылғы 10 ақпанда мына нұсқада бекітілген болатын. Березняк, Булаев, Веселов, Возвышенский, Ворошилов, Воскресенье, Екатерина, Зарослинский, 2-Камышлов, Колосов, Конюхов, Куломзин, Лебяжинский, Медвежинский, Надежда, Ново-Успенский, Октябрь, Первомай, Писарев, Полтава, Пролетарский, Суворов, Успенс, Чистов, Чистянский селолық советтері. Ресейдің Омбы облысымен шектес бұл аудан ертеректе Полудин болысы деп аталған. Полудин дегеніміз батыс дегенге мегзейді, яғни Қызылжар бекінісінің батысы деген сөз.

1935 жылғы 10 ақпанда Орталығы Полудин селосы болатын Полудин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Бугров, Ганькин, 1-Камышлов, Ленин, Метлишин, Николаев, Ново-Бытовский, Ново-Георгиевский, Ново-Никольский, Полудин, Раевский, Рявкинский, Скворцов, Совет, Тоқушы, Тоқушы совхоз, Еңбекшілдер селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы. [44]

Осы ауданмен бір кезде, орталығы Қима селосы болатын Есіл ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекітіліп, заңдастырылды. Братолюбово, Бузулук, Дальный, Дон, Елтай, Еркіндік, Есіл селолық, Есіл совхоз, Жирен, Запорожье, Ишимский, Қызылсу, Қызылту, Красивый, Қумақ, Савинков, Талдыкөл, Талдысай, Таңқан, Тасоба, Тассуат, Таубасар, Терісаққан,

Үлгілі, Шұрымсай, Ярославль селолық советтері. Содан бері өткен уақыт ішінде, бірде Көкшетау, бірде Солтүстік Қазақстан облыстанының қарауына өтіп, өзгеріске ұшыраған тағы бір ауданымыз

Сол 1935 жылғы 10 ақпанда Орталығы Зеренді селосы болатын Зеренді ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісіне назар салсақ, оның өзі басқа аудандардан ауыстыру, алық-берік жолымен құрылғаны байқалады. Айталық, Көкшетау ауданының Виктор, Дорогов, Зеренді, Ленин, Лосев, Олжай, Тарағай, Темірбеков, Троицк, Шындәулет селолық советтері Зеренді ауданына берілді. Сол сияқты Молотов ауданының Красилов селолық советі мен Щучье ауданының Исаков селолық советі Зеренді ауданына қосылды

Облыстың шығысындағы қиырда жатқан Шоқан Уәлиханов атындағы ауданның тұрғындары да сексен жыл ішінде бірнеше әкімшілік-аумақтық бөліністерге куә боды. Әуелде Қызылту селосын орталық етіп, Қызылту ауданы деген атаумен құрылғандағы құрамы мынау: Алабота, Борсықбай, Жарқын, Карағаш, Қаратерек, Қаудантал, Кішкенекөл, Құлыкөл, Кішіқарой, Мартын, Сағын, Сарыкөл, Теке, Үлкен Қарой селолық советтері. Селолық советтер кей жылдары ауылдық деп те аталды.

Орталығы Ново-Сухотино селосы болатын Красноармейск ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Андреев, Богодуховка, Блюхер, Большеизюм, Виноградов, Драгомировка, Қаратомар, Келлер, Кременчуг, Многоцветный, Ново-Дворовский, Ново-Приреченский, Ново-Сухотинский, Тернов, Чермошнян селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы 1935 жылғы 10 ақпанда шықты. [45] Солтүстік Қазақстан облысы болып құрылғаннан кейін, Красноармейск ауданындағы Омбы теміржолына қарасты Тайынша станциясы маңындағы елді мекендерді жұмысшы поселкелері қатарына жатқызып, Тайынша жұмысшы поселкесі деп атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 8 сәуірдегі 1940 жылғы Жарлығы шыққан соң, аудан орталығы осылай атала бастады.

ҚазОАК Төралқасының 1936 жылғы 23 қазандағы қаулысы бойынша Волынск, Богодуховка, Глубокое, Горький, Драгомиров, Келлер, Краснодольск, Краснополянк, Краснокаменск, Кремечуг, Летовка, Нагорный, Озерный, Подлесный, Ростов, Степной, Чернигов және Южный сельсоветтерін Красноармейск ауданынан Келлер ауданына берілді. 46

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 16 қазандағы «Қазақ ССР-нда жаңа аудандар құру туралы» Жарлығына іштей өзгерту енгізіп, Солтүстік Қазақстан облысының Красноармейск ауданына үш колхоздан тұратын (Чкалов ауданына қосылған Сәуле, Жаңаталап колхоздарынан басқа) беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 28 қазандағы Жарлығы күшіне кірді. [47]

XIX ғасырдағы географиялық картада «Новоявленное» деген атаумен таңбаланған қазіргі Явленка селосының тарихына түсінік бере кеткен артық болмас. Әуелде, жаңа қоныстанушы келімсектер болашақ мекеніне ат қойғанда, ырым көріп христиан дінінің Библия аңыздарын басшылыққа алғаны мәлім.



Сол аңыздың бірінде Ғайса пайғамбар қайта тіріліп келіп, үмметерімен қауышқан сәт қасиетті саналған. Сондықтан да қазақ даласының бір пұшпағында, ерке Есілдің жағасынан ойып алған құтты мекенін қазақша «Ғайса пайғамбардың қайта оралуы», немесе орысша «Новое явление Иусуса Христа» деген төрт сөзді ықшамдай қысқарта беріп, тіпті сол діни түсініктің қасиетті астарын түсінбей, әуелгі маңызын ұмытқан ұрпақтар немкеттілеу етіп «Явленка» атай салғанын еске саламыз. Білетіндердің айтуынша бұл мекен Байтоқа, одан Жылғара болса, сол Жылғараның Мұса деген ұлының қыстауы, не күзегі боса керек. Сондықтан кей уақытта орысша «Мусин» дегенді қазақшалап, «Мүсін» деп атапты дегенді құлақ шалды. Жері құтты, орналасу жағдайы тыныс-тіршілікке қолайлы осы ббббір тұста Солтүстік Қазақстан облысының Ленин атымен иеленген, кейін Есіл өзенінің атымен аталған аудан құрылғалы да не заман.

1936 жылғы 23 қазанда Вогулин, Глубокое, Долматов, 1-Дубровин, Красноярск, Кустовск, Лебедков, Налобин, Сивков, Соколов, Сумский сельсоветтерін Мамлют ауданынан алынып, Соколов ауданының құрамына беру туралы. ҚазОАК Төралқасының қаулысы жарық көрді. 48]. 1937 жылғы 25 маусымда Сталин сельсоветін тарату туралы Мамлют ауаткомының шешімі қабылданды. 49]. 9 маусым 1940 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданындағы Омбы теміржолына қарасты Мамлют станциясы маңындағы елді мекендерді жұмысшы поселкелері қатарына жатқызып, Мамлют селолық советін Мамлют жұмысшы-поселкелік советі етіп қайта құру және оны Мамлют аудандық советіне бағындыру туралы.

10 ақпан 1935 жылғы ақпанның 10-жұлдызында Қарағанды облыстық атқару комитеті орталығы Явленка селосы болатын Ленин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін өзінің қаулысымен мына құрамда бекіту туралы. Александров, Бірлік, Заградов, Ивано-Павлов, Ивано-Петров, Ильинский, Қарағаш, Красноармейск, Леонидов, Летовока, Малиновка, Жаңаөзен, Петров, Покров, Совет, Тарангульский, Тұңғиық, Явленка, Яснгов селолық советтері. Осы тізімдегі «Тарангул» көл атауы екен.

Зер сала қарап, байыппен көңіл аударған адам, Қазақстанның теріскейінде тораңғы ағашының өспейтінен білсе керек. Жерсінбеген, өспейтін өсімдіктің аты жер-су атына қойылмайды. Демек, бұл көлдің, тиісінше елді мекеннің аты сол жердегі көлге тікелей қатысты «Тереңкөл» дегенді білдірсе керек. Келімсектердің тілі келмеген соң, шұбарланып, тіпті мүлде түсініксіз болып өзгерген гидронимнің тағдыры осындай. Айта берсе, уақыт өткен сайын шатысып-бытысып жүрген топонимдер жалғыз бұл емес. Тәуелсіздік алып, ес жиып, осындай орынсыз бұрмалауларды дұрыстау қажеттігі туды. Халықтың қазынасы, ғасырлар бойы сақталған зердесі болып табылатын жер-су атауын құрметтеп, таза сақтай білсек, қандай жақсы. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев, қазақ үкіметі бұл шаруаны естен шығарған емес. Осы облыстағы топонимдерге байланысты ағаттықтар бірнеше мәрте түзетілді және ібұл іс тоқтамауға тиіс.

Облыс орталығымен қанаттасып, сабақтасып жатқан елді мекендерді бұзып айту, қате жазуға байланысты байланысты әкімшілік-аумақтық өзгерістер жиі болып жататыны байқалады. Бұл турасында орталығы Мәуліт селосы болып отырған Мәуліт ауданын мысалға келтіруге болады. Бұл топонимнің Мамлют емес, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген жерлесіміз, Мәуліт Усманов деген адамның атымен байланысты екені тарихи-танымдық дерек түрінде осы кітапта арнайы айтылғандықтан, оған тоқталмауға болады. Алайда, бүкіл құжаттарға жазылып, ұрпақтар санасына сіңіп кеткен орысша қалпында «Мамлютка», қазақша Мамлют атауы ресми түрде түзетілмегендіктен, орысша-қазақша жазылуын сол күйінде қалдырудан басқа лаж жоқ. Әр нәрсе, өз кезегінде ретін таппақ. Олай болса, Мамлют ауданының сол 1935 жылғы жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі мына құрамда болғанын хабарлаумен шектелу керек.

Орталығы – Мамлют селосы, немесе ауылы. Оның қарауында Белово, Вагулинский, Воскресенов, Глубокое, 1-Дубровинский, 2-Дубровинский, Долматов, Калугин, Коваль, Кустов, Красноярск, Лебедков, Мамлют, Михайлов, Налобин, Сенжар, Сивков, Сливнинский, Соколов, Становой совхоз, Сумский, Щучинский селолық советтері.

Орталығы Балкашин селосы болатын Молотов ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Балкашин, Балкашин совхоз, Бастремов, Богородский, Богословский, Васильев, Веселов, Владимиров, Дорогин, Каменский, Қалмақкөл, Ленин, Михайлов, Максимов, Новогородский, Ново-Романовский, Ново-Дубровинский, Ново-Никольский, Ново-Кронштадтский, Преображенский, Сандықтау, Тучнин селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы 1935 жылы 10 ақпанда жарық көрді.

Сол күні Петропавл ауданы да құрылып, жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекітілді: Орталығы Петропавл қаласы, оған қарайтындар Архангельск, Бескөл, Кривозёрный, Ново-Каменский, Ново-Павловский, Петерфельд, Плоский селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы. [50]

Орталығы Полудин селосы болатын Полудин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда 1935 жылғы 10 ақпанда бекітілген: Бугров, Ганькин, 1-Камышлов, Ленин, Метлишин, Николаев, Ново-Бытовский, Ново-Георгиевский, Ново-Никольский, Полудин, Раевский, Рявкинский, Скворцов, Совет, Тоқушы, Тоқушы совхоз, Еңбекшілдер селолық советтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы. [51]

Облыстың өзінің, оның аудандары мен салолық, ауылдық советтерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісінің тарихына қарап, отырсақ, олардың әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде 1935 жыл бойы тоқтамай, бірінен кейін бірі қалыптасқанын байқауға болады.

Айталық, 10 ақпанда Айымжан, Баян, Жарқын, Қарақамыс, Майбалық, Николаев, Орман, Спас сельсоветтерін из Төңкеріс ауданынан алып, Преснов ауданына беру туралы Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шықты.

Сол жылдың басында орталығына Преснов селосы белгіленіп құрылған Преснов ауданына көрші Төңкеріс ауданынан сегіз селолық және ауылдық совет қосылып, жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі былайша бекітілді: Айымжан, Архангельск, Баян, Благовещенка, Екатериновка, Жарқын, Железин, Казанск, Қарақамыс, Кладбинск, Лапушин, Майбалық, Николаев, Новорыбинск, Ольга, Орман, Островский, Петровка, Преснов, Рождественский, Святодуховка, Спас, Троицк сельсоветтері. Тиісінше жер жағдайына, халықтың әлеуметтік тұрмысы мен халық шаруашылығының мүддесіне қарай, Преснов ауданынан 11 селолық советті бөліп алып,

Пресногорьков ауданына беру туралы Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шықты. Сондай-ақ, Төңкеріс ауданының бес сельауылсоветі Пресногорьков ауданына қосылды. 1940 жылғы 30 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарғысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Буденный ет-сүт совхозын Островский сельсоветінің әкімшілік қамтуына беру туралы. Жарлығы шықты. [53]

Нәтижесінде орталығы Пресногорьков селосы болатын Пресногорьков ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына тәртіпте бекітілгені байқалады: Евгеньев, Елтай, Исаев, Кабан, Казанск, Камышловский, Ксеньевский, Крутояр, Макарьев, Марков, Песчан, Петропавлов совхоз, Починов, Пресногорьков, Пресноредут, Рясский, Сибирь, Сретен, Фёдоров сельсоветтері. [ 54]

Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын құру және Қарқаралы округін тарату туралы БО ОАК 1936 жылғы 20 шілдедегі қаулысы бойынша Қостанай облысына берілген Усерденск және Екатерина сельсоветтерін Қостанай облысы Пресногорьков ауданынан алып, Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына беру туралы. Преснов ауданының Қарақамыс ауылсоветін Қостанай облысының Пресногорьков ауданына беру туралы. ҚазОАК қаулысы шықты. [55]

1935 жылғы 10 ақпанда орталығы Боголюбов селосы болатын Приишим ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Боголюбов, Бостандық, Верхне-Чириков, Владимир, Вознесенский, Калинов, Қызыләскер совхоз, Надежда, Ново-Михайловский, Ново-Никольский, Өрнек сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы қабылданып, тиісті Республикалық деңгейде қолдау тапты. [56]

10 ақпан 1935 жыл. Орталығы Алексеев селосы болатын Сталин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы Богдан, Боярский, Ворошилов, Голощёкин, Гуляйполе, Елтай, Интернационал, Каз.ЦИК атындағы совхоз, Калинин, Канкринский, Кеңес, Қосқарағай, Көшкін, Наумов, Никольский, Ново-Рыбинский, Өрнек, Приозёрный, Трудовой, Еңбек сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шыққан күн. [57]

10 ақпан 1935 ж. Орталығы Токарев селосы болатын Тельман ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Ақтөбе,

Арбайтер, Астахов, Вольный, Долинка, Жаңаауыл, Колхоз, Красно-Кутский, Покорный, Ростов, Сенокос, Токарев сельсоветтері болып Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысымен қалыптасты. [58]

Орталығы Марьевка селосы болатын Төңкеріс ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Голощёкин, Городец, Дмитриев, Есіл, Жалтыр, Исаев, Кеңес, Коновалов, Крещенский, Марьевска, Төменгі Бүрлік, Семиполка, Сергеев, Степной сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шыққан күні -10 ақпан 1935 ж. [59]

Бұл күнде Ақмола облысына қарайтын Еңбекшілдер ауданы, орталығы Казгородок селосы болып, 1935 жылғы 10 қаңтарда жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі мына құрамда бекіту туралы Қарағанды облыстық атқару комитеті қаулы алды: Амандық, Беккер, Восточного совхоз, Жаңарқа, Заурал, Исаев, Макин, Маркс, Мирзоян, Шошқалы совхоз сельсоветтері. Орталығы Благовещенко селосы болған Еркіншілік ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі сол күні мына құрамда бекітілген болатын: Благодатный, Бестоғай, Еремін, Звенигород, Каратал, Қарғалы, Қызылағаш, Көкшалғын, Қоржынкөл, Нецветаев, Ново-Марковский, Павлов, Сілеті сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы.

#### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ОРТАЛЫҒЫ - ПЕТРОПАВЛ

1936 жылғы 29 шілдеде Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын құру және Қарқаралы округін тарату туралы Мәскеудегі Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті, яғни Кеңестер Одағының ең жоғарғы өкімет билігі сол жылы қабылданған ССРО жаңа Конституциясына сәйкес қаулы қабылдады. [62]

Және дәл сол құжат бойынша Солтүстік Қазақстан облысында Келлер және Соколов аудандары құрылған болатын. Осыған дейін Қарағанды облысына қарап келген Пресногорьков ауданын Қарағанды облысынан алып, жаңадан құрылған Қостанай облысына беру туралы. БО ОАК қаулысы шықты.

10 ақпан 1935 жыл. Орталығы Алексеев селосы болатын Сталин ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы Богдан, Боярский, Ворошилов, Голощёкин, Гуляйполе, Елтай, Интернационал, Каз.ЦИК атындағы совхоз, Калинин, Канкринский, Кеңес, Қосқарағай, Көшкін, Наумов, Никольский, Ново-Рыбинский, Өрнек, Приозёрный, Трудовой, Еңбек сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шыққан күн. [63]

10 ақпан 1935 ж. Орталығы Токарев селосы болатын Тельман ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Ақтөбе, Арбайтер, Астахов, Вольный, Долинка, Жаңаауыл, Колхоз, Красно-Кутский, Покорный, Ростов, Сенокос, Токарев сельсоветтері болып Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысымен қалыптасты. [64]

Орталығы Марьевка селосы болатын Төңкеріс ауданының жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісін мына құрамда бекіту туралы. Голощёкин, Городец, Дмитриев, Есіл, Жалтыр, Исаев, Кеңес, Коновалов, Крещенский, Марьевска, Төменгі Бүрлік,

Семиполка, Сергеев, Степной сельсоветтері. Қарағанды облыстық атқару комитетінің қаулысы шыққан күні -10 ақпан 1935 ж.. [65]

9 жылғы 20 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Приишим ауданындағы Рыков селосының атауы Луговое селосы болып өзгеруі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен заңдастырылды. [66]

. Айта кету керек, Алексей Иванович Рыков орыс революционері, Лениннің серіктерінің бірі, төңкерістен кейін Кеңес үкіметінің төрағасы қызметіне дейін өскен болатын. Алайда, Компартияның ең жоғарғы тобының өз ішінде алауыздық туып, И. Сталинге жақпай қалғаннан кейін жалалы болған. Бір кездеаты шыққан қайраткердің есімін ел жадынан өшіру салты бойынша, оның атымен аталған Қазақстанның Солтүстігіндегі түкпірде орналасқан кішкене ғана селоның атауы да өзгертілгені сол кездің саяси «ойындарының» бірі екендігін ескертеміз. Жаңадан құрылған кәсіпорындарға, елді мекендерге Кеңес үкіметінің , Коммунистік партияның жетекші қызметкерлерінің есімін беру, әсіресе, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде салтқа айналған болатын. Сонда ол адамдардың кісілік қасиеті, халқына, немесе сол маңайға сіңірген еңбегі үшін, айта қалғандай, жанқиярлық еңбегі үшін емес, жаңа биліктің биік сатысындағы лауазымы үшін ұлықтайтын. Осылайша, өкімет билігін мойындату, билікке бағындыра отырып «силату» дегеніміз идеологиялық тәрбие құралы ретінде санаға сіңірілді. Керісінше, жоғарғы билікке жақпай, «жазықты» болып қалса, ондай тұлғалардың есімі ел санасынан жедел өшірілетін. Осындай «антропонимдермен ойнау» үрдісінің мысалдары солтүстік Қазақстанда да жеткілікті.

Жоғарыда айтылғандай, Компартия көсемдерін антропонимдер арқылы дәріптеу 1925 жылдары-ақ басталғанда, Қазақстанда Қазақ әр жылдары автономиясы Орталық атқару комитетінің төрағасы болған Сейітқали Меңдешев, Әліби Жангелдин, Жалау Мыңбаев, Елтай Ерназаровтың, үкімет басқарған Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов, Ораз Исаев, Ұзақбай Құлымбетов есімдері, Республика компартиясының Голощекин, Мирзоян сияқты көсемдері Ленин, Троцкий, Держинский, Цурюпа, Сталин, Молотов, Ворошилов, Каганович, Ежов сияқты лауазымды қызметкерлермен иық тіресіп, өз аттарымен байырғы қазақ жеріне «көрік беріп» тұрған дәуір болған. Тарих дөңгелегі алға айналған сайын, табиғи іріктеу үдерісінің нәтижесі деуге тұрарлықтай өзгерістер болып жатты. 1937 жылы басталып, бірден күшейіп берген саяси қуғын-сүргін науқанында «халық жауы» атанып, ұсталық кеткен кешегі қайраткерлердің есімдерін жаппай өшіру науқаны қоса жүрді.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлініс тарихын қарап отырсаңыз, мемлекеттік құрылыс ісінде орын алған талай орынсыздық пен көпе-көрнеу бұрмалаушылықты көресіз, Мысалы, 1935-36 жылдары Солтүстік Қазақстан облысындағы 6 сельсоветке Ораз Исаевтің аты берілген екен де, 1937 жылы ол тұтқындалған соң, сол татауларды жойып, тиісінше, Ленин, Совет, Октябрь т.с.с. «тепекбай» атаулар жеделдетіп қойылған. НКВД «қарақшысы» атанған Ежов, СҚО обком хатшысы Беккер, Құлымбетов, Тухачевский, Блюхер атындағы елді мекендердің атауы

1936 жылғы 29 шілдеде Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын құру және Қарқаралы округін тарату туралы Мәскеудегі Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті, яғни Кеңестер Одағының ең жоғарғы өкімет билігі сол жылы қабылданған ССРО жаңа Конституциясына сәйкес қаулы қабылдады. (Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлісі туралы (1920 ж. тамыз-1936 ж. желтоқсан) анықтамалық. А. 1959 ж. 235,253-беттер). Облыстың аумағы 25 ауданнан құралып, былайша сипатталды:

Рет саны	Ауданның атауы	Орталығы	Советтер саны
1	Айыртау	Володар селосы	22
2	Арықбалық	Арықбалық селосы	17
3	Атбасар	Атбасар қаласы	19
4	Бейнетқор	Шолақ Досжан с.	14
5	Булаев	Булаев селосы	25
6	Есіл	Қима селосы	26
7	Зеренді	Зеренді селосы	12
8	Калинин	Журавлевка селосы	16
9	Келлер	Келлер селосы	18
10	Қызылту	Қызылту селосы	14
11	Көкшетау	Көкшетау қаласы	14
12	Красноармейск	Новосухотин селосы	22
13	Ленин	Явленка селосы	19
14	Макин	Вознесенка селосы	14
15	Мамлют	Мамлют селосы	12
16	Молотов	Балкашино селосы	22
17	Полудин	Полудин селосы	17
18	Преснов	Преснов селосы	13
19	Приишим	Боголюбово селосы	11
20	Рузаев	Рузаев селосы	16
21	Соколов	Соколов селосы	11
22	Сталин	Алексеев селосы	21
23	Төңкеріс	Марьев селосы	15
24	Щучинск	Щучье селосы	12
25	Еңбекшілдер	Казгородок кеенті	10

Және дәл сол құжат бойынша Солтүстік Қазақстан облысында Келлер және Соколов аудандары құрылған болатын. Солтүстік Қазақстан облысына бұл аудандармен қатар, облысқа бағынатын қала санатындағы Степняк қаласы да қарады.

Облыс құрамынан жаңа құрылған Келлер ауданын нығайту мақсатында ҚазОАК Төралқасының 1936 жылғы 23 қазандағы қаулысымен Волынск, Богодуховка, Глубокое, Горький, Драгомиров, Келлер, Краснодольск, Краснополянк, Краснокаменск, Кремечуг, Летовка, Нагорный, Озерный, Подлесный, Ростов, Степной, Чернигов және Южный сельсоветтерін Красноармейск ауданынан Келлер ауданына берілді. Осы қаулымен Соколов ауданының аумағы Мамлют ауданынан Вагулин, Глубокое, Долматов, 1-Дубровин, Красноярск, Кустовск, Лебедков, Налобин, Сивков, Соколов, Сумский сельсоветтерін Мамлют ауданынан алып беру арқылы толықты. [ 67]

1936 жылы ССРО-ның жаңа Конституциясының қабылдануы Қазақстан мемлекеттілігі тарихындағы тағы бір елеулі кезең болды. Қазақстан РСФСР құрамынан шығып, одақтық республика санатында Советтік Социалистік Республикалар Одағының толық құқылы мүшесі болды. 1937 жылы Қазақ ССР советтерінің кезектен тыс V съезінің шешімімен бекітілген Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақстанның Орталық және жергілікті билік органдары жаңаша түзілді. Барлық деңгейдегі өкілетті органдар жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттарының Советтері деп аталатын болды. Тиісінше, Солтүстік Қазақстан облысының ең жоғарғы билік және өкілетті органы облыстық атқару комитетінің төралқасы болды да, ол 1939 жылғы сайлаудан кейін о

23 қазан 1936 ж. Вагулин, Глубокое, Долматов, 1-Дубровин, Красноярск, Кустовск, Лебедков, Налобин, Сивков, Соколов, Сумский сельсоветтерін Мамлют ауданынан Соколов ауданына беру туралы. ҚазОАК Төралқасының қаулысы. [ 68]

1937 жылдың көктемінде басталған саяси қуғын-сүргін науқанының жаппай сипат алуына байланысты Кеңес Одағының ең жоғарғы үкімет және партия билігіндегі басмшы қызметкерлерге «халық жауы» деген атақ тағылып, түрмеге қамалды. Демек, бұрын елді мекендерге аттары берілген кеңес қайраткерлерінің аттарын өшіру науқанына байланысты Солтүстік Қазақстан облысының топонимикасына да көптеген өзгерістер енгізілді. жағдайларға байланысты өзгерген атаулар толықтырылады. Мысалы, Беккер (Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстық комитеттерін басқарған) атындағы үш селолық совет, Құлымбетов, Елтай Ерназаров (Қазақстан Жоғары Совет атқару комитетінің бұрынғы төрағалары) атындағы екі селолық совет, Блюхер, Қазақстан Үкіметінің төрағасы болған Ораз Исаев атындағы төрт селолық совет, Филипп Исаұлы Голощекин (Қазақстанды 1925-32 жылдары басқарған) атындағы екі селолық совет, Мирзоян (Қазақстанды 1933-37 жылдары басқарған) Голощекин т. б. аттары өшіріліп, жедел түрде басқаша атала бастағанын көреміз.

31 наурыз 1937 ж. Жарсуат аулсоветін Солтүстік Қазақстан облысы Калинин (ССРО Жоғарғы Советінің төрағасы болған) ауданынан Қарағанды облысының Ново-Черкасск ауданына беру туралы. ҚазОАК қаулысы. [69]

1938 жылғы 28 шілдеде Усерденск және Екатерина сельсоветтерін Қостанай облысы Пресногорьков ауданынан алып, Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына беру туралы. Преснов ауданының Қарақамыс ауылсоветін Қостанай облысының Пресногорьков ауданына беру туралы. ҚазОАК қаулысы жарық көрді. [70]

1938 жылғы 3 тамызда Рузаев ауданы Исаев ауылсоветін Каганович (ССРО сауда министрі болған) аулсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облаткомы төралқасының қаулысы. 71. Октябрь ауданы Исаеваулсоветін Ленин аулсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облаткомы төралқасының қаулысы. [72]

«Халық жауы» атанғандардың соты болып, тиісті жаза тағайындапқан соң, олардың есімі берілген елді мекендердің атын өзгерту туралы мынадай құжаттар қабылданған:

14-15 қараша 1938 ж. Ленин ауданындағы Исаев ауылсоветін Ежов (ССРО Ішкі істер министршім болған) аулсоветі деп, Бейнетқор ауданындағы Исаев селсоветін Каганович сельсоветі деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының қаулысы. [73]

13 қаңтар 1939 ж. Бейнетқор ауданы Голощекин ауылсельсоветін Амангелді (азамат соғысының батыры деп дәріптелген) ауылсельсоветі деп қайта атау туралы. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төралқасының қаулысы. [74]

20 сәуір 1939 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Приишим ауданындағы Рыков(ССРО үкіметін басқарған) селосын Луговое селосы деп қайта атау туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [75]

29 қыркүйек 1939 ж. Солтүстік Қазақстан облысындағы бұрынғы Красноармейск совхозынан Дмитриев, Октябрь, Комсомол және Ворошилов (ССРО қорғаныс министрі болған) сельсоветтерін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [76]

1939 жылғы 14 қазанда Қазақ ССР-ның құрамында Семей, Ақмола, Жамбыл облыстарын құру туралы жарлыққа сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Степняк қаласы мен Арықбалық, Атбасар, Есіл, Зеренді, Калинин, Макинский, Молотов, Рузаев (төңкеріс қайраткері), Сталин, Щучинск,Еңбекшілдер аудандары Ақмола облысының құрамына берілді. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 14 қазандағы Жарлығы бойынша Қазақ ССР-ның құрамында Семей, Ақмола, Жамбыл облыстары құрылды. Солардың ішінде жаңадан құрылған Ақмола облысының құрамына Солтүстік Қазақстан облысының Степняк қаласы мен Арықбалық, Атбасар, Есіл, Зеренді, Калинин, Макинский, Молотов, Рузаев, Сталин, Щучинск,Еңбекшілдер аудандары берілді. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [77]

Содан екі күннен соң, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылту, Көкшетау, Красноармейск және Еңбекшілдер аудандары есебінен орталығы Чкалов селосы болатын Чкалов ауданы құрылып, оның құрамына Қызылту ауданының Алабота, Көкшетау ауданының Аймақ; Красноармейск ауданының



Андреев, Белояр, Вишневка, Дон, Зеленогай, Калинин, Қаратомар, Константинов, Краснокиевск, Новодворовск, Новогречановск, Ново-Березовск, Петров, Подольск, Чкалов (Кеңес Одағының батыры болған ұшқыш) и Яснополянк; Еңбекшілдер ауданының Амандық ауылдық-селолық советтері берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [ 78]

28 қазан 1939 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1939 жылғы 16 қазандағы «Қазақ ССР-нда жаңа аудандар құру туралы» Жарлығына іштей өзгерту енгізіп, Солтүстік Қазақстан облысының Красноармейск ауданына үш колхоздан тұратын (Чкалов ауданына қосылған Сәуле, Жаңаталап колхоздарынан басқа) беру туралы.. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [79]

1940 жылдың басында ССРО ішкі Істер министрі болған Ежовтың өзі тұтқындалып, одан кейін ату жазасына бұйырылған соң, Ленин ауданындағы бұрынғы Ежов ауылсоветі Арал аулсоветі болып қайта аталатын болды.

Облыстың әкімшілік-аумақтық бөлісін ретке келтіру 1940 жыл бойы одан әрі жалғасты. Мысалы, 8 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Красноармейск ауданындағы Омбы теміржолына қарасты Тайынша станциясы маңындағы елді мекендерді жұмысшы поселкелері қатарына жатқызып, Тайынша жұмысшы поселкесі деп атау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы жарыққа шықты. [ 80]

Келесі жылы 10 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданында Смирнов жұмысшы поссоветін құру туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті шешімі қабылдады. Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданы Смирнов елді мекенін жұмысшы поселкелері қатарына жатқызып, Смирнов жұмысшы поселкесі деп атау туралы. . Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [ 81]

21 мамырда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының тиісті Жарлығы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Төңкеріс ауданының аты Октябрь ауданы болып өзгерді.

31 шілде 1940 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Бейнетқор ауданын Совет ауданы деп қайта атау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы жарияланды [82]

30 қараша 1940 ж. Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Буденный (азамат соғысының батыры деп дәріптелген) ет-сүт совхозын Островский сельсоветінің әкімшілік қамтуына беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [83]

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылғы 23 наурыздағы Жарлығы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл селолық ауданы мына құрамда құрылды: орталығы Петропавл қаласы. Архангельск, Бескөл, Кривозерск, Ново-Каменска, Ново-Павлов, Петерфельд және Плоское селолық советтері.[ 84]

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылғы 23 наурыздағы жарлығы бойынша Совет ауданының орталығын Шолақ Досжан ауылынан Смирнов селосына көшірілді. 1944 жылғы 15 наурызда орталығы Көкшетау

қаласы болатын Көкшетау облысы құрылып, оның құрамына: Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау, Келлер, Қызылту, Көкшетау, Красноармейск, Чкалов аудандары және Ақмола облысы құрамынан Арықбалық, Зеренді, Рузаев, Щучинск, Еңбекшілдер аудандары берілетін болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.[ 85]

Сол 1944 жылы 8 мамырда Солтүстік Қазақстан облысында орталығы Конюхов елді мекені болатын Конюхов ауданы құрылып, жаңа ауданның құрамына Булаев (кім екені белгісіз. Теміржол тартылғанда сол жерде Бұлай деген ауыл болыпты-мыс) ауданының Березняки, Воскресен, Заросленский, Камышлово, Колосов, Конюхов, Куломзин (кім екендері белгісіз) , Лебяжье, Ново-Успенск, Октябрь, Пролетар, Суворов (орыстың әскери қолуасы) , Чистянк сельсоветтері берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [86]

Көкшетау облысы Көкшетау ауданының орталығы 1945 жылғы 24 шілдеде Көкшетау қаласынан Красный Яр селосына көшіру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы жарық көрді [87]. 1948 жылғы 16 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, орталығы Совет ауданындағы Совет астық совхозы болған селолық совет Булаев ауданының әкімшілік қамтуына берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша Петропавл қаласындағы Железнодорожный, Промышленный, Центральный аудандары 1948 жылғы 7 шілдеде тарату туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы күшіне енді. [88]

1950 жылғы 18 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданындағы Есіл ауыл советін «Өрнек» колхозымен бірге Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданындағы Арал ауылсоветіне беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы шықты. [ 89]

Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданындағы Совет астық совхозының орталық мекенінде 1950 жылғы 29 сәуірде селолық советтің құқындағы Селекті поссоветін құру туралы. Оған Совет астық совхозының бөлімшелеріндегі Селекті, Сарыайғыр, Сейфуллин (төңкеріс қайраткері деп дәріптелген) және Литовка елді мекендері қосылды. 1950 жылғы 14 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданындағы Дубровский елді мекені «Жылқызыл» колхозымен бірге Кеңес сельсоветінен алынып, Көкшетау облысы Айыртау ауданындағы Красный селолық советіне берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов ауданындағы Қарақоға теміржол станциясы жанындағы елді мекен 1952 жылғы 29 қаңтардан бастап құрылған Қарақоға поссоветіне қарайтын болды. [ 90]

1952 жылғы 6 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов ауданының орталығы Конюхов селосынан Қарақоға селосына көшіру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [ 91] Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданының Ынтымақ елді мекені 1952 жылдың 3 мамырында Жалтыр ауылсоветінің құрамынан Октябрь ауданының Дмитриев сельсоветіне ауыстырылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [ 92]

Дәл сол күні Солтүстік Қазақстан облысы Ақкөл елді мекенін Еңбекшілдер ауылсоветінен алынып, Солтүстік Қазақстан облысы Полудин (оңтүстіктегі аудан дегенді білдірсе керек) ауданының Камышловский сельсоветіне берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданы Көктерек, Амангелді, Каганович және Аралағаш ауылсоветтерінің шегаралары ішінара өзгертілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданы Красноярск, Кустов, Долматов, Сивков және Дубровин (бұлардың кім екені белгісіз. Жер ауған орыс шаруалары болса керек) сельсоветтерінің шегарасы өзгерту туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы 1952 жылғы 3 мамырда шықты. [ 93]

Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданының Лебедков сельсоветін таратып, оның аумағын Налобин сельсоветіне беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 6 мамырдағы Жарлығы шықты.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданы Явленск ет совхозының орталығынан селолық совет құқындағы Бескұдық поссоветі құрылды.

Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов ауданының «Свет» және «Красное» елді мекендерін Ново-Успен сельсоветінен алып, Ново-Успенского сельсовета Конюховского Чистян сельсоветіне беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы 1952 жылғы 10 мамырда шықты.[93]

1952 жылғы 3 маусым күні Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Приишим совхозының орталық мекенінде сельсовет құқындағы поссовет ұйымдастырылып, ол Приишим поссоветі деп аталатын болды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

Сол құжат бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Токарев, Смирнов және Новый Свет елді мекендерін Дубровин сельсоветінің құрамынан алынып, Становой сельсоветіне берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [94]

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы құрамында Покровка сельсоветі 1952 жылғы 3 шілдеде құрылды. Орталығы Покровка селосы болып белгіленді де, оған Покровка, Окуневка, орман шаруашылығы мен теміржолдың 99,101,104,106 және шақырым құжыралары; Зорино және Кондратов орман питомнигі мен Зорино елді мекені қаратылды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [95].

Бүкіл Қазақстандағы сияқты, 1954 жылдың көктемінен басталған «Тың және тынайған жерлерді игеру» деген мемлекеттік деңгейдегі саяси-шаруашылық науқанға байланысты Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі де түбірімен өзгеріп, елді мекендердің аты өзгертіліп, жаңадан құрылғандарына идеологиялық тұрғыда «жағымды» атаулар қойыла бастады. Сол кезеңдегі біраз совхоздың атаулары: «Агроном», «Александров», «Баррикады», Ворошилов, «Восточный», «Восход», «Заря», «Золотаянива», Ильич, «Ишимский», «Коммунизм», Краснофлотский, «Кузбасс»,

«Ленинград» ,«Мичурин», «Молодая Гвардия»,«Молодежь», «Раздольный», «Ялта», Невский, «Озерный»,«Парижская Коммуна»,Рублев,«Тихоокеанский», Толбухин,Щорс атындағы т.с.

Өлке топонимиясына өшпес із қалдырған бұл кезеңнің тарихы біршама зерттелгенімен, ономастикалық тұрғыда тұңғыш рет қарастырылып отыр.

Марксизм-ленинизм деп аталған саяси ағымға сай, бүкіл мемлекеттік істер, бала тәрбиесінен күрделі шаруашылықтарға дейін, экономиканың түйінді мәселелері жаппай бақылауға алынған заманды бұл күнді «тоталитаризм дәуірі» деп атайды. Сол дәуірдегі мемлекеттік билікке тән ерекшелік, «пролетарлық интернационализм» дегенұранды басшылыққа алып, дүниетаным түсінігі «таптық көзқарас» деген қағидаға бағындырылған. Бұдан туатын негізгі және бұлжымас ұстаным – «пролетариатта ұлт болмайды» немесе қоғамның сипаты «өндіргіш күштердің кімнің қолында екеніне қарай айқындалады» деген тұғырнама болатын. Міне, осы таптық көзқарас, коммунистік партиялық идеология дегендердің зардабы, қалдырып кеткен мұрасы, осы уақытқа дейін жеріміздің бетіндегі топонимдер түрінде таңбаланып қалды.

Және де бұл таңбаның солтүстік өңірде ерекше көзге түсетін, бедерлі таңба екендігіне негізі себеп, әлбетте, жеріміздің құнары болатын. Осынау ұшы-қиырына көз шеткісіз құнарлы далаға осыдан 300 жыл бұрын көз тіккендер аз болған жоқ, осы құнарлы аймақтан азақ іздеп, пана тауып, тіршілік етіп келе жатқан ұрпақтардың әрқайсының ізі қалған бұл топырақта.

Міне, мына құжат соның айғағы десе болғандай.

1954 жылғы 4 маусымда Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Жарлық шығарып, Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданы Хрущев атындағы совхоздың орталығында сельсовет құқындағы Комсомол поссоветін құруды ұйғарады [96]

6

Осы құжатта аты аталған Хрущев деген азаматтың кім екенін қазіргі шәкірттер білмес. Тарих сабағында естігені болмаса... Никита Хрущев деген адам бұрынғы кеңес одағының бірінші басшысы, яғни патшасы болған. Жаңағы «Тың игеру» науқанын мен бастадым, деп кеудесін соққанға иланып қалған жағымпаздар «Тың игерудің немен. Қалай аяқталатынына көз жеткізбей тұрып-ақ, патшаның атын егін шаруашылығына беріп-ақ жіберген. Басқасын айтпағанда, сол Хрущевтің Кеңес одағына, оның ішінде Қазақстанға қандай жақсылық әкелгенін. Жақсылық әкелген жоқ, көп дүниені бүлдіріп кетті. Бірақ, айтарымыз ол емес, осы 1954-1960 жылдар арасында облыстың, оның аудандары мен төменгі бөліністерінің қайта-қайта тынымсыз өзгеріске түскендігіне назар аударамыз. Сол өзгерістерді тізіп, мазмұндағандағы жағдай мынадай.

1954 жылғы маусым айының төртінші жұлдызыСолтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне көптеген өзгерістер әкелген күн ретінде есте қалғаны шындық. Олар: Булаев ауданында сельсовет құқындағы Жаркөл поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

Октябрь ауданы «Тимирязевский» астық совхозының орталығында Целинный поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [97]

Булаев ауданы «Ждановский» астық совхозының орталығында Жданов (Ленинград облысынн басқарған) поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

Октябрь ауданы «Октябрьский» совхозының орталығында Октябрь поссоветін құру және оның әкімшілік-аумақтық қамтуына «Ишимский» совхозын беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

Пресновауданындағы «Украинский» астық совхозының орталық мекені болып табылатын кентте селолық совет құқындағы поссовет құрылып, ол Украинский поссовет аталды.. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. Октябрь ауданы «Докучаевский» совхозының орталығында Северный поссоветі құрылғаны да сол күн. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [98]

Октябрь ауданы «Дзержинский» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Ақсуат поссоветі шаңырақ көтерді. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

Булаев ауданы «Булаевский» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Майбалық поссоветін құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы да сол күні шықты.

Октябрь ауданы «Москворецкий» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Москворецкий поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы жарияланды. [ 99]

Октябрь ауданы «Степной» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Дос поссоветін құру және оның әкімшілік-аумақтық қамтуына «Интернациональный» астық совхозын беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығына қол қоңйылды.

1954 жылғы 26 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Қызылту ауданы «Сталинградский» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Сталинград поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

Сол күні Көкшетау облысы Рузаев ауданы «Западный» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Западный поссоветі құрылған болатын. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [100]

Көкшетау облысы Қызылту ауданы «Степной» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Степной поссоветін құру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы шыққан күн де 26 маусым 1954 жыл.

Көкшетау облысы Айыртау ауданы «Айыртау» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Жаркент поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы шыққан күн де сол. [101]

Қарап отырсаңыз, жаңадан құрылған мемлекеттік шаруашылықтар шоғырланған мекенде кеңес мекемелерін құру ісінің тездетілгені соншалық, бір күнде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бірнеше Жарлығына қатарынан қол

қойылған тәртіпті байқайсыз. Бұл да біздің бастан кешкен тарихымыз. Енді сол өзгерістер елді мекен атаулары түрінде жерімізде таңбаланып қалды. Мысалы:

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Қызылту ауданы «Майский» совхозының орталығында сельсовет құқындағы Май поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Қызылту ауданы «Горьковский» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Горький (орыс совет жазушысы) поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [102]

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Рузаев ауданы «Жаркульский» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Жаркөл поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Рузаев ауданы «Целинный» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Целинный поссоветін құру және оның әкімшілік-аумақтық қамтуына «Дружба» астық совхозын беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Қызылту ауданы «Қызылту» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Целинный поссоветін құру және оның әкімшілік-аумақтық қамтуына «Ленинград» астық совхозын беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [103]

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Рузаев ауданы «Ломоносов» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Ломоносов поссоветін құру және оның әкімшілік-аумақтық қамтуына «Урожайный» астық совхозын беру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы.

30 маусым 1954 ж. Көкшетау облысы Рузаев ауданы «Ленин» астық совхозының орталығында сельсовет құқындағы Ленин поссоветін құру туралы. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы. [104]

Осы қарқын бәсеңдемейді, дүрбелең 1954 жылғы 5 маусымда одан әрі жалғаса береді: Булаев ауданындағы селолық және ауылдық светтерді ірілендіріп, олардың шегараларын ішінара өзгерту және аудан аумағында жаңа сельсовет құру туралы. (Сельсоветті тарату, елді мекендерді беру). Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі. [105]

Мәселен, мына анротопонимдермен таныса отырып, өлкеміздің бір-екі ғасырлық тарихынан қаншама танымдық мағлұмат алуға болатынын байқасақшы. Жер-судың меншік иесін көрсетіп, нұсқа айқындайтын атаулардың бұдан ғасыр бұрын тіркелген бір тобы мынадай. Бұл мысалдың құндылығы ежелгі қазақ ауымында жерге иелік етудің рулық, қауымдық жүйесінің ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында Ресейлік отарлау саясатына қарсылық ретінде, адамның өзін-өзі сақтау, адамдық құқын, меншік құқын қорғау тұрғысында түбірімен өзгергенін көруге болады. Бұл кезде солтүстіктің әрбір сүйем жерінің өзінің иесі, сол иесіне тиесілігі айқын көрінеді. Демек, төмендегі атаулар тек қана жер мен суды белгілеу, немесе географиялық атаулар ғана емес, одан да терең мәнді меншік құқын айғақтайтын атаулар екенін байқау қиын емес.

Ресми түрде хатталып, заңды негізі бар құжаттардан алынған атаулар мынадай:

Ағам қарағашы, Айбардың ағашы, Ақназардың ағашы, Ақжан қонған ағаш, Ақшидің қарағашы, Албан шоқысы, Алпысбай қыстауы, Алтайдың өзегі, Апай қарағай, Атабайдың қаратерегі, Әже өлген сай, Әзібай бұлағы, Әлмен ағашы,

Балтабек шоқысы, Балуан ағаш, Бейсеу тоғайы, Бекбай шілігі, Бекболат ағашы, Бекмырза ағашы, Бектемісағашы, Бердібай ағашы, Боқайдың өткелі, Боранбайдың шоқысы, Бошан қарағайы, Бөке талы, Бумаш шоқысы,

Дәметей ағашы, Дәулетқонған, Дінәліқыстаған, Дүйін бұлағы,

Егіз қыстаған, Елтінді жалы , Ералының көлі, Есенгелді жығылған, Есенәлі қонған, Есілбай түскен,

Жайсаң қыстаған, Жаман қонған, Жансүгір ағашы, Жаңабай томары, Жаңаберген ағаш, Жарқын қонған, Жәңке туған, Жүзік өлген, Жұба қонған, Жолтай қопасы,

Иса қыстаған, Жұмықтың қарағайы, Иманның көлі, Иса қыстаған, Итеке бейіті, Итсарының қарасуы, Кебекең үй тескен, Кенжеболат қонған, Көшек қой сойған, Қабанбай ағашы, Қадырбай ағашы, Қалашы қонған, Қаңлы қонған, Қалашы қонған, Қойлыбай, Қарабастың көңі, Қәпірге той қылған, Қожа ағашы, Қойбағардың ашасы, Қойлыбай қонған, Қойшыбайдың ескі қыстауы, Қонтай қыстаған, Қотан қонған, Қошқарағаш, Құйғанның кепесі, Құлтайдың шатқалы, Құлтуманың шілігі, Құтмәмбет қонған, Майлыбай түскен, Қылды қонған,

Мақпал қыстаған, Малтақ ілген, Маман қалған, Мезгілдің ағашы, Мезгілдің шоқысы, Мекшенің шоқысы, Мендеке шоқысы, Мешіт салған, Мәжиттің қызылы, Мәжір қонған, Мәт шоқысы, Мәті шатқалы, Монтай шілігі, Мырза ағашы,

Назардың ағашы, Назар қонған, Найман туған,

Опанның ағашы, Опанның қыстауы, Отарбай шоқысы,

Салпықтың қызылы, Салпықтың тауы, Салықпай шоқысы, Самайдің қызылы, Саржан шапқан, Саржаудың шоқысы, Сарқанның Орағашы, Сарман шапқан, Сартай қонған, Сарыбайдың жұрты, Сары қонған, Саурық кескен, Сауытбек туған, Сейітқұл қонған ағашы, Сейтеннің қызыл ағашы, Сеңкібай талы, Сералы көңі, Сәлиха ауырған, Сәмеке түскен, Сүлейменнің ағашы, Сұлтанның томары,

Тасболаттың шоқысы, Тасекең қыстаған, Тасыбайдың қарағашы, Темір қонған, Тәтібайдің терегі, Тілеудің қарағайы, Тойған қашқан, Тойқожаның қызылы, Тоқсан өлген, Торыбие өлген, Тосын қонған, Төлепберген туған, Төренің қызылағашы, Тәті қонған, Түйебайлаған көлденең, Тұматтың шоқысы, Тұрлыбай талы, Тұяқ қонған, Тілептің қараталы,

Шағыр қонған (2), Шақшақ қонған, Шалабай ағашы, Шалбан түбегі, Шама көмген, Шарман қонған, Шартай көңі, Шашдәулеттің қарағайы, Шеріннің ағашы, Шешем түскен, Шәкеннің бейіті, Шіліктіағаш, Шоға қонған ағаш, Шоқа кескен, Ысты шапқан.

Ешбір ресми құжатта, баспасөз бетінде, естелікте, тіпті көркем әдебиет пен таңбалы ескерткіштен табыла бермейтін ғажайып тарих осында жатыр. Осындағы *Ағам, Айбар, Ақназар, Албан,, Алтысбай, Алтай, Атабай, Балтабек...Бекбай, Бекболат...Бейсеу, Боранбай , Бөкей...* кімдер. Олар – біздің ата-бабаларымыз. Сол бабаларымыздың ұрпақтары осы күні осы жерлерге, тоғайлар мен шіліктерге, қыстаулар мен шоқыларға, қарағайлар мен теректерге ие болып отыр. Әттең, қазіргі ұрпақ осы есімдерді талдап, атын атап, таратып бере алмаса, сол аттары туған, өскен жерлерінде қалған бабаларымыз жазықты емес. Мына, біз кінәліміз. Кезінде мән бермей, ең болмаса, ел аузында там-тұм сақталған шежірелерді жинап алып, ұрпақтарымызды құлағына құя берсек, қағазға түсіре берсек, кім қой депті...

Сонымен бірге меншік құқығына қатысы болмауы мүмкін атауларды жеке қарастыруға болады. *Ақжан неге қонды*, оның қонған-қонбағанында қандай оқиға бар, немесе *Дәулет қонған*, *Дінәлі қыстаған*, *Жұба қонған* деген сөз тіркестері еріккеннен қоя салмаған, оқиғалы атаулар тобына жатады. Яғни сол жылы, немесе сол айда, әйтпесе аты аталған атамыз сол жерге көлігін тоқтатып, жүгін түсіріп, керегесін керіп, шаңырағын көтерген. Сол жерден жерошақ қазған, тілеу тілеп, дастархан жайып, отбасы ошақ маңына жиналып, қол жайып бата беріскен, бет сипаған. Аз ба, көп пе, сол жерді, бәлкім, көлдің жағасын, ағаштың ортасындағы алаңқайды, шоқының етегін мекен етін, ғұмыр кешті, ұрпақ таратты, қонысында белгі қалды, содан бері есімі туған жерінің бетінде өшпес бедер болып жазылып қалды. Енді, міне тарихи, географиялық, тілдік ныса ретінде ономастика тұрғысынан, топоним, онтропоним тұрғысынан зерттеліп, қағаз бетінде қалады. Өшпейді.

Сол атауға негіз болған есім ағаш, шоқы, көл, бұлақ, өзек, томар... т.б. апеллятивтерге анықтауыш ретінде тіркелгенін, тек қана ағаш, шоқы, көл, бұлақ, өзек, томар... т.б. емес, өздерінен кейінгі ұрпақтарға мекеннің қадір-қасиетін анықтаушы, түсіндіруші, жол көрсетіп, бағыт сілтеуші ретінде күрделі топоним құрап отыр. Бұл атаулардың астарындағы оқиғаларды сүзіп алып, жеке қарастыратын, зерттейтін жағдай болса, тіпті қызық қой. Айталық: *Есенгелді жығылған* (қалай, қашан, неге? Осындай бір адамның жығылуы неліктен ұмытылмас оқиға болып, жер атауында таңбаланған?

Немесе, «*Итеке бейіті*» деп неге қойылған, қазақ даласында бейіт аз ба, әлде, әуелде сол жерге Итеке есімді, тірісінде беделді, белді болған адам жерленді ме? «*Кебекең үй тескен*» жердің ерекшелігі неде? Қазіргі жастар үй тескен дегеннің не екенін біле ме? Білмейді. Өйткені бұдан бекі-үш ғасыр бұрынғы қазақ тұрмысын білу керек. «*Үй тескен*» деген сөз, жерді қазып кепе салған деген сөз. Ал «кепе» деген не? Орыстар балаған деп атайтын, жерді шұқырлап қазып, аршынға толар-толмас шым қабырға көтеріп, жасаған баспана. «*Құйғанның кепесі*», «*Қаракепе*», «*Қоскепе*» беген атаулар содан шыққан. Демек, қазған дегеннің орнына «тескен» деген етістіктің қорлданылуында да мән бар. Тірі адам мекен ететін шұңқырды «қазған» деп айтуға ауыз бармаған болар. Бұл да әлеуметтік лингвистиканың көп сұрақтарының бірі.

Топонимдер этнос тарихынан, оның өткендегі салт-дәстүрлері мен тіршілік ерекшеліктерінен хабар береді, дейтініміз, сондықтан. «*Көшек қой сойған*», «*Майлыбай түскен*», «*Мәжиттің қызылы*», «*Сауытбек туған*», «*Төлепберген туған*», «*Шама көмген*» т.с.с. әзірге бізге жұмбақ, шешуі қиын, бәлкім табылмайтын жер-су атаулары осындай. Әрқайсысы бір-бір тағдыр, бір-бір оқиға. Елін сыйлайтын, жерін сүйетін, Отанының өткен тарихына қызыққан әрбір талапкерді қымбайт оқиға жетелейтін түсініктер.

Осылардың арасынан «*Ыс ұстаған*» деген жер атының төркін-түсінігіне назар аударайық. «Ыс» дегеніміздің түсінігі мал терісін ыстау, ағашты ыстау, мал етін ыстау деген тіркестер түрінде ұғынықтырақ. Ал. «ыста» емес неге «ыс ұстаған» түрінде қалыптасқан? Ертеде, қымыз ашытып, сақтайтын саба, торсық

тігу үшін қазақтар жүні алынып, иленген жылқы терісін ыстау үшін, ауыл маңынан аулағырақ жер қазып, үстіне шымнан күрке түрінде пана тұрғызып, ішіне тобылғы, қайын, арша түтінін жіберетін. Осы күркенің ішіндегі сырғауыл салдауларға жайылған жылқы терісі бірнеше күн бабымен ысталады. Сабалық теріні ыстау әркімнің қолынан келе бермейді, оған арнайы кәсіпке машықтанған шеберлер керек. Бұл шеберді «Ыс ұстаушы» деп атайды. Ыс ұстаушы дегендер көп болмайды, сол сияқты йс ұстайтын орындар да көп бола бермейді, маңайдағы бірнеше ауылдың ортасында, ұрымтал жерге орналасады. Міне, «Ыс ұстаған» деген мекеннің атауы қайдан, қалай шыққанын осылай түсіндірсек жөн.

Жоғарыда тіркелген анротопонимдерден байқалған ерекшелік, кісі есімінің зат есімнен жасалған анықтауыштарға қабаттасып, географиялық нысанның кімге тиесілі екендігін, қандай оқиғаға қатысты екендігін ашатынында. Енді осыларды орыс тіліндегі дәстүрлі атаулармен салыстырамын болсақ, дәстүрлі ово, ова, ский форманттарының және жекелік, көптік жалғаулардың жоқ екенін байқаймыз.

Тағы бір атап көрсетерлік мәселе - «Кене», «Ыс», «Ұстаған», «Тескен» сияқты қазіргі замандастарымызға түсініксіз, шығу тегі белгісіз немесе табы қиын топонимдер көп кездесетіні. Бұларды көнерген (көмескі) ономастикалық лексемалар қатарына жатқызып, оларда тұнып қалған «құпия сыр-сипатты ашып, анықтау үшін халқымыздың көне тарихына зер салып, үңіле ізденуіміз қажет. Өйткені тіліміздегі жүздеген ономастикалық көне лексемалардың рулық-тайпалық және тайпалық одақтармен ұштас екені даусыз мәселе болса керек. Сол дәуірлерден сақталған аптаулардың тарих дөңгелегімен ілесе жүріп, қазіргі дәуірге жеткені, қартайып, мүжіліп, түрлі өзгерістерге ұшырап келгені кімге болса да аян. Сондықтан да ол лексикалық топтар халық, қоғам тарихымен, тарихи-мәдени оқиғалармен сабақтас та ұштас, берік байланыстарда жатыр».

384

«Ұзын» көп, қысқа неге жоқ

Қазақ ономастикасының этнолингвистикалық қырларын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында ХІХ ғасырдың екінші жартысында жиналған деректер тұрғысынан қарсақ, бірталай қызықты құбылыстарға кездесеміз. Айта кету керек, қазақ этнотопонимикасы кең-байтақ еліміздің әр қиырын мекендеген қазақтардың шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне сай қалыптасқанын дәл осы Солтүстік Қазақстанның мысалы арқылы кескіндеуге болады.

Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, .2012. (қысқаша: ҚРГАМ, 2-том.)

Мысалы, каталогта «Ұзын» сөзімен басталатын 41 атау тіркелген. Олардың ішінде. +ағаш 2, +жал 1, +жар 1, +көл 26.+қамыс+1, +қарасу 1,+қызыл 3,+су3, +томар 3 рет кездеседі. Дәл осындай жағдай «тарихи» топонимикада да байқалды. Осыдан жүз жыл бұрынғы елді мекендер қатарында, яғни, «ойконим» есебінде «ұзынмен» басталатын 65 атау бар екен. Зер салып

қарасақ, бұлар да шамамен қазіргіге ұқсас: +ағаш 16, +дуал 1, +жал 3, +көл 4, +қарағай 1, +қызыл 23, +қырат 1, +өзен 2 және +томар 4 рет кездесті.

Топонимтанушы беделді зерттеуші-ғалым Э. Мирзоев те мұндай жиілікке назар аударып, «ұзын» сөзін «өзен» сөзімен шендестіре қарап көреді. Шынында, осы екеуінің арасында бір байланыс бар болуға тиіс деген оймен, бірнеше мысал келтіреді. Зерттеушінің ұстанымы «ұзын» тек қана заттың, нысанның ұзын-қысқалығын ғана білдіретін шама өлшемі немесе, «ұзыншақ», «ұзарып көрінген, «созыла біткен» сыртқы көрінісін ғана білдіріп қоймайды, басқа да сыры болуға тиіс дегенге саяды.

«Өзен» және «ұзын» деген ұқсас апеллятив сөздерді ССРО картасында өзенді бейнелейтін көгілдір сызықтардың қасынан байқаймыз. Қазақстаннан Саратов облысына ағып шығатын Үлкен өзен, Кіші өзен дегендер бар. Башқортстандағы Белое өзенінің Орал тауларынан бастау алатын бір тармағы «Узян» деп аталады. Балқаш көлін ащы және тұщы бөліктерге бөліп тұратын ағыстың аты «Ұзынарал». Қазақстандағы Ұзынқарғалы өзені жағасында «Ұзынағаш» ауылы тұр, сол республиканың солтүстігінде «Ұзынбұлақ» деген су бар. Өзбекстанның Сұрхандария облысында Ұзын деген ауыл бар, Арменияның Әзірбайжанмен іргелес шегарасында Ұзынтал селосы... Бірін-бірі қайталайтын, сырттай да, мағнасы да ұқсас бұл не қылған атаулар...» деп таңданады автор. Сөйтеді де, жеке-жеке қарастырып көреді.

«Ұзынағаш» – ұзын немесе биік ағаш па? «Ұзынтал» - ұзын аңғар ма? Балқаштағы Ұзынаралға көз салсаңыз, шынында көлді екіге бөліп тұрған ұзынша біткен түбекті байқайсыз. Шынында, бұл түбек емес, бір кезде арал болуы да мүмкін.

Біздің мысалымызда «ұзын» сөзіне антоним болғандықтан (мысалы «ұзынды-қысқалы») топоним жасауға «қысқа» сөзінің неге қатыспағаны да қызықтырады. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, .2012. (қысқаша: ҚРГАМ, 2-том.) жинағындағы 7 мың, біздің қолымыздағы 2,5 мың, барлығы 10 мыңға тарта жер-су, елді мекендер атаулары арасында «қысқа» сөзімен басталып жасалған бірде-бір топоним кездеспеуі де ономастика ғылымының бір құпиясы десек, артық айтқандық болмас.

#### **«Ұзын» мен «шолақ»**

Осыдан 110 жыл бұрын қағазға түскен мәліметтерде облыс аумағындағы елді мекендердің арасында жиі кездесетін атаулардың бір парасы - ұзындық пен қысқалық өлшеміне байланысты түсінікке байланысты қалыптасқаны да назар аудартады. Мысалы, *Қызыл+ағаш (16), Ұзын+дуал (1), Ұзын+жал (3), Ұзын+көл (4) Ұзын+қарағай (1), Ұзын+қызыл (23), Ұзын+қызыл+сай (1), Ұзын+қырат (1), Ұзын+өзек (1), Ұзын+томар (4)* болып келеді. Енді осы «ұзынға» тіркеліп жасалған зат есімдердің жағдайы 2001 жылғы анықтамалықта мынадай: Мұндай топонимдер тізімінде +ағаш 2, +жал 1, +жар 1, +көл 26, +қамыс 1, +қарасу 1, +қызыл 3, +су 3, +томар 4 рет кездеседі.



Жоғарыдағы мысалда кеелтірілген «ұзын» сөзі, біздің ойымызша нысанның тура мағнасында сызывқ бойымен созылып, ұзарғандығын ғана емес, сонымен бірге көлемін де көрсететін сияқты. Және бұл жерде географиялық нысан ретінде алынған зат есім тұлғасында, айталық, ағаш, жал, жар, көл, қамыс, әйтпесе су мен томар жеке мысал ретінде алынбаған, жиынтық. Яғни, типтік түрде, бейнелеу, тұспалдау түрінде алынғаны байқалады. Енді осыған керісінше, «ұзынға» антоним «шолақ» сөзін алып қарасыратын болсақ, атаудың бейнелі екендігі тіпті жарқырап көрінгендей. «Тарихи топонимикада «шолақ» ұзыннан гөрі сиректеу қолданылып, қазақ қыстауларының мұндай қатары былайша тізілген: *Шолақжал, Шолаққайың, Шолаққарағаш, Шолаққарасу* (2 рет), *Шолақөзек* (4 рет). Түсінікті болу үшін, айта кету керек, бұл аталғандар, қыстау-мекендер.

Ал енді, жер-су атау ретінде, «шолақ» сөзінің негізінде жасалған 16 топонимнің қазіргі жайы мынадай: Шолақ ауылы – Мамлюта ауданы, аудан орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай, орысша «Горькое» аталатын тұзды көлдің оңтүстік-батысында. Осы аттас екінші ауыл тағы осы ауданда, және Меңгесер көлінің солтүстік-шығысында, Новомихайловка селосынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Осы аттас үшінші ауыл, дәлірек айтқанда, Шолақ Досақ атымен Аққайың ауданындағы Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Талды-арал көлінің солтүстік-шығысында жатыр. Жамбыл ауданындағы Шолақжал, Тайынша ауданындағы Шолаққайың, Шал ақын ауданындағы Шолақ қарасу, Айыртау, Жамбыл және Шоқан Уәлиханов аудандарындағы Шолақөзек ауылдары қазақ халқының ежелгі құтты қоныстары ретінде талай тарихтан сыр бүгіп жатыр-ау. Қазақтың тіл байлығы синоним қатарының байлығымен өлшенетіні мәлім. Осықасиетті қазақы жер атауларынталдап отырғанда айқын байқайды екенсіз. Мысалы, қысқа, шолақ, келте, ықшам деген сөздер қолданыста белгілі дәрежеде бірінің орнына бірі синоним болып жүре береді және түсінікті айшықтап, көркем кестелеуге, сойлемнің дәмін кіргізіп, сәнін келтіру үшін қолданылады. Соның бір мысалы мынау. *Шолақ жал, Шолақ қарасу* деген әдеттегі қолданысты сәл өзгертіп, *Келте жал, Келте қарасу* деуге болады ғой. Ал, осы «қысқа» мен «шолақтың» орнына «келте» ауызға түссе ше?! Айталық, біздің өлкедегі екі *Келтеқона* және төрт *Келтеқыстау* бар екен. Саны жағынан аз, бірақ мағынасы түсініксіз бұл атаулар тамыры әріде, тарихы ұзақ көшпелі халықтың тұрмыс қажеттігінен туғанын біліп отырмыз. Анығында осындағы «келте» сөзі көлбеу жазықтықтағы ұзындық өлшемі емес, уақыт өлшемі болып шықты.

Этнограф ғалым М.С. Мұқановтың көрсетуінше күзеу мен қыстаудың арасында, қыстауға ұрымтал пәйектің шөбін сақтай тұру яғни қори тұру үшін қыс қаһарына мінгенше отыратын мал тұрағы. Қазіргі лексикада қолданылудан қалған *келте* сөзі бұл жағдайда өтпелі, қысқа мерзім дегенді білдіреді. Бас-аяғы бір жүз жылдың ар –ақ-бер жағында жоғарыда біз санаған төрт «келтеқыстаудың» біреуі ғана (Мамлют ауданындағы Меңгесер көлінен шығысқа, ал Становой көлінен оңтүстік-батысқа қарай) қалған, өзгесі қазақтың өзгерген тұрмысымен бірге жоғалған.

Кейінірек, Ішкі Ресейден тағдыр айдап, қоныс аударғандар да, өздерінің жаңа қоныстарының сыртқы көрінісін таңбалап, өз тілінде атай бастаған. Соның айғағы ретінде қазақша «ұзындардың қатары орысша «длинный» деген өлшем сипатымен толыға түскені де, бұл аймақтағы тарихи өзгерістердің заттық ескерткішіндей көрінеді. Облыс аумағында «Длинный» сөзінің негізінде 12 топоним жасалған болса, мұның сегізі қоныс атауы, яғни ойконимдер екенін байқадық. Жекелеп көрсетсек, Длинное көлі, Длинное, Длинные батпақтары, Длинный тоғайлары деген сияқты. Бірақ, орыс топонимдері арасында «короткое» сөзімен келетіндері екеу ғана, біреуі емен тоғайы, екіншісі батпақ.

Қазақтың халықтық географиялық терминологиясын көп зерттеген Ғ.Л. Қоңқашбаев Қазақстан табиғатының әртүрлілігіне қарай, мысалы, солтүстіктегі орман-тоғайлы, арқадағы шөлейтті дала, оңтүстіктегі құмды-сортаңды алқаптар мен биің таулы, ойлы қырлы бедерлердің әрқайсының өзіне ғана тән жер-су атаулары қалыптасқан. «Сайып келгенде мұның өзі қазақтардың мал шаруашылық кәсібін жүргізу ерекшеліктеріне тән екендігін», көрсетеді. 385

Солтүстік Қазақстанның көптеген топонимдері аумақтың физика-географиялық нысандарының басым белгілерін, атап айтқанда, көп кездесетін өсімдік түрлері, жер бедерінің өзіне ғана тән ерекшеліктері сияқты белгілерін бейнелейді. Бұл, сөз жоқ, нақты көріністің кескін келбетін айнадағыдай танытатын географиялық позитивтілік принципі болып табылады. Физика-географиялық атаулардан берік орын ала отырып, бұл табиғит белгілер, басқаша атауға болмайтын, тек қана осы атау жарасады деген принципке жауап беретінін байқау қиын емес. Себебі, зерттеу үстінде байқағанымыздай, өңірде кездесетін барлық өсімдік немесе аң-құс түрлері, жер бедері түгелдей топонимикадан көрініс таба бермейді.

Қазақ тілінің табиғатына тән бір ерекшелік: көптеген түр-түс атауларының шығу төркіні бүгінде белгісіз. Олардың кейбіреуін этимологиялық жолмен анықтауға болса да, кейбіреулерінің құпия сырын ашу мүмкін емес. Мәселен, **ақ, боз, сұр, көк, кер, ала** тәрізді бір буынды түр-түс атауларын талдап, анықтап жатудың қажеті де жоқ сияқты көрінеді. Өйткені бұлар одан әрі жіктеуге, морфемаларға бөлшектеуге келмейді. Бұл атауларды көне түркі заманынан бері келе жатқан байырғы ілкі түбірлер санатына жатқызуға болады. Көптеген түркі тілдерінде кездесетін бұл сөздердің түстік мағынасы да көне болса керек.

Мысалы: **ақ** сөзі түркі тілдерінде *ақ//ах//ағ//а:қ* формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағынаны аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түстік мағына («белый»); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, т.б.мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, кінәсіз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып. *Ақ* сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында ХХ ғасырдың өзінде-ақ түркологтар арасында әртүрлі пікірлер қалыптасты. Э.В.Севортян «аға» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі «ақ» – «оқ» (қартаю) етістігінен өрбіген дегенді айтады.

Жалпы сүт тағамдарын білдіретін *ақ* атауы (қымыз, сүт, шұбат, құрт т.б.) *ақ* етістігі негізінен өрбігенін аңғаруға болады. Оған дәлел «*ақ*» – ағу, жоғары-төмен жылжу, құйылу» мәніндегі етістік. Сүттің төмен сауылып, сорғалап құйылатыны белгілі. Әрі өзі де *ақ*, басқа реңкі жоқ, өзгермейтін *ақ* түсті *ақ* атау да көңілге қонымды. Көне түркі тілінде «үрүң» атаудың тілден ығыстырылып шығуына да *ақ* сөзінің конверсиялануы әсер еткен. Көне мұраларда кездесетін «*таң азғару*» тіркесіндегі «*ақ*» жоғары көтерілу, «*таң көтерілу*» мағынасын беретін *ақ* – етістігінің әр түрлі сапада жеткендігін ғалым Б.Сағындықұлы дәлелдейді

386

### «Ақ» 102 және «қара» қанша?

Облыстың жер-су атаулары тізілген каталогта «*ақ*» сын есімімен немесе осыдан туындайтын зат есімнен басталатын 102 атау бар екен. Солардың ішінде Ақан, Ақанбет, Ақбай, Ақбас, Ақби, Ақжан, Ақжарқын, Аққошқар, Ақсары, Ақтай, Ақыш бастатқан 25 антропоним болса, қалғандары +балық 2, «Ақбас» және «Ақбасты» аталатын тұзды көлдер 8, -бұлақ 2, +жар 2, +көл 4, +қайың 3, «аққу» 3, +құдық 3, +мола 3, +сай 3, +сораң 3, +су 7, +суат 7, +тас 3, +төбе 6 рет кездесті.

Ал, бұдан жүз жыл бұрынғы елді мекендердің атауы тізімі болып табылатын «Тарихи топонимикадан» қазақтардың «ақтан» басталатын 32 елді мекенін таптық. Бұлардың ішінде Ақбас, Ақбота, Ақжан, Ақпан, Аққусак сияқты кісі есімдері мен, қазақ тұрмысын бейнелейтін: «Ақжан қонған ағаш», «Ақ ит өлген», «Ақбас тың көлі», «Ақ оба», «Ақ мола», «Ақ шығанақ», «Ақ өгіз», «Ақтөбел», «Ақтөс», «Аққойлы», «Ақөгіз», т.б. этнографиялық атаулар баршылық. «Боззарал»

Жерлестеріміздің басым бөлігі қазақтан өзге ұлт өкілдері болғандықтан, зер сала қарасақ, осы «ақ» анықтауышының орысша аудармасы «белый». «белая» «белое» сөзіне қатысты 26 атау ұшырайды. Солардың ішінде «ақ топырақ», яғни «Белая глина» деп екі ауыл және Аққанбұрлық өзенінің бір саласы, өзенше аталады. Осыған ұқсас «Белоглинка» деген екі ауылдың біреуі Айыртау ауданында, екіншісі Шал ақын ауданында. 9 «Белое» болса, соның бесеуі көл, яғни Ақ көлдер, төртеуі село. Ойконимдер арасында төрт «Белоградовка» бар екен.

Біздің ойымызша, мағнасы жағынан «белоеге» жақынырақ сын есім «чистое» болса керек. Қазақша «таза» деген тура аудармасы болмаса да, бейнелі түрде «ақтың» мағнасын беретін 27 *чистое* санауымыз, соның бір айғағы болса керек. Атап айтқанда, Чистое деп аталатын көлдердің саны 17, қалғаны батпақтар немесе елді мекендердің аты.

Топонимист мамандар қазақ тілінде «**қара**» сын есімінен басталатын, немесе осы сөз жалғанған атаулардың көптігіне назар аударып, рсы құбылысты түсіндіруге тырысады. Басқа халықтардағыдай *қазақ халқы үшін де әлем екі түске – ақ пен қараға бөлінген*. Оның бірі *ақ түс* – күллі игі жақсы қасиеттер иесі болса, *қара түс* – жамандық біткеннің белгісіне ие. Бұл түсінік халық санасына терең ұялап, оның тілі мен ойлау жүйесінен орын алған. Сондықтан

*ақ түс* күні бүгінге дейін жақсы бастама атаулының бәрінен де табылады. Өйткені ол сұлулық әлемінің, адамгершілік қасиеттерінің біртұтас жиынтығын құрайды. Қазақ халқының ежелгі дүниетанымында дүниені төрт бұрышты деп түсініп, әр тұсқа өзіндік таңбалық түс бергені белгілі. Сонда *қаратүс* солтүстікті белгілейді. Зерттеулерге сүйенсек, «Авестада» солтүстік жақтағы қасиетті тауды «Хукариа» деп атайтындығы айтылады. «Хукариа» атауының иран тіліндегі бастапқы айтылу нұсқасының «Хух Хара» болғандығын ескерсек, мұндағы «хара» о баста дей-түркінің (арғықазақ) «қара» формасынан шыққандығын айтуға болады. Яғни «Хух Хара» сөзі бүгінгі түркі тіліне «Харатау» - «Қаратау» деп аударылады. Бұл жердегі «қара» сөзі түсті емес, «түпкі, бастапқы» деген мағынаға ие болып тұр. Түркі тілдерінің бірі өзбек тілінде «қара» сөзі «темір» деген мағынада қолданылады. Мұндай ұғым буряттардың дүниетанымдық негіздегі фольклорында да болғандығы байқалады. «Қара» сөзі жер асты, төменгі әлем ұғымын білдірсе, «ақ» сөзі оған қарама-қарсы жоғарғы әлем, құдайлар мекені, аспанның символы болған.

Сонда, байқалғаны «Қара» деген сөз нысанның түсін көрсетіп қана қоймайды, «қара» сөзі «үлкен», «көп» «көлемді» деген сөздерге синоним ретінде жұмсалып, атаулардың бейнелі, көрнекті, есте қаларлық болуына, айтқанда әсерлі естілуіне байланысты күшейткіш шырай түрінде қолданылады. Ал, орыс тілінде олай емес екеніне осы өзіміздің солтүстік аймақтың жер-су атауларын зерттеу үстінде көз жеткіздік. Мысалы, «Черное» деген екі көл, Чернобаевка, Чернозубово және Чернолесье деген елді мекендер бар. Бұл арада әрбір этностың сыртқы әсерді бағалауы, қабылдауы және санадан өткізіп таңбалауы әртүрлі екендігі сөз болуға тиіс.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «**қара** сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық мағыналарын тануға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. **Қарасөзінің** тура мағынасы – «ақтың қарама-қарсы түрі». Бұл оның негізгі мағынасы. Бірақ бұл номинативтік мағына одан кейін пайда болған коннотативтік мағынаның қалыптасуының барлығына бірдей ұйытқы бола алмайды. Оны мына мысалдардан байқауға болады.

Енді осы көрсеткішті бұдан 100 жылдан аса бұрын қағазға түскен мәліметтермен салыстыратын болсақ, ел тарихының, демографиясының, тұрмыс жағдайының түбегейлі өзгерістерін байқауға болады. Айталық, «тарихи топонимикада» «қара» сөзінен басталатын елді мекендер (географиялық атаулардың ішінен бөлініп алынған ойконимдер.-авт.) саны 171 болса, соның ішінде: +ағаш 43, +тал 43, +терек 37, +шілік 7, +мойыл 11, +томар 5, +шоқы 5, + шоқ 4 т.б. адамға жайлы қоныс болатын табиғи нысандар екенін байқаймыз. Назар аударатын ерекшелік, қазақ халқының отырықшылыққа қарай бейімделуіне байланысты өзгерген атаулардың көбеюі немесе азаюы.

2012 жылы шыққан тізбеде облыс аумағындағы жер-су атауларының арасында «Қара» сөзінен басталатын 167 атау болса, соның 14-і «Қарағаш», +балық 3, +4 бие, «Қарағай», «Қарағайлысы» 10, +көл 7, +қамыс 4, +қоға 14,

+қожа 4, +мойыл 3, +мола 4, +сор 5, +су 12, +тал 10, +терек 6, + томар 9, +шоқ 3, +шоқы 1, +шілік 5 жиілігінде байқалуы да өңіріміздің табиғат келбетін ерекшелік көрсететін белгілер деуге әбден болады. Және де айта кету керек, «қара» сын есімінің көмегімен жасалған топонимдер орысшаға аударылмай, қазақша сақталған.

«**Қара**» түсті білдіретін атаудың «**ақ**» түсті білдіретін атау сияқты көп мағынаға ие болуы, біріншіден, оның табиғаттағы ең негізгі, көрнекті және басқа да көп түстердің құрамында кездесетін табиғаты күрделі түс болуына байланысты болса, екіншіден, қоғамдық өмірдегі көптеген құбылыстармен түр-түсіне байланысты сәйкестігі, ұқсастығы, мәндес-мағыналастығы негіз болған деп қарауға болады. *Қара* сөзінің түркі тілдеріндегі ауыспалы мағыналары бұдан да көп деп көрсетіледі, ал қазақ тілінде, ғалымдардың беруінше, талдауымызға нысана болған отыз шақтысын ғана кездестірдік. Сонымен қазақ тіліндегі *қара сөзінің* ауыспалы мағынасы нақтылы бір сөздермен тіркесте қолданылғанда ғана көрініп, молая түсері белгілі.

Қоңыр, Көк, Қызыл, Сары...

Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – **қоңыр түсі**. «**Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде**» *қоңыр* түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: *қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн*. *Қоңыр* – жер түсі, тірлік, өмір бейнесі. Қазақ нанымında бұл түс ерекше орын иеленеді. *Қоңыр*– алдымен қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі. *Қоңыр* сөзі түстік мағынадан басқа мынадай: *қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр әңгіме, қоңыр қабат, қоңыр тірлік, қоңыр сөз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр салқын, қоңыр кеш, қойдай қоңыр, майда қоңыр* сияқты тіркестермен келіп, әртүрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебіrentетін нәзік те әсем сәттерін, өмір, тіршіліктің жайбарақат, мамыражай, кейде тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейтін ерекшеліктері көзге түседі. Мысалы: *қоңыр кеш, қоңыр үн, қоңыр үй, қоңыр көлеңке, қоңыр төбе, қоңырқай көз, т.б.*

«Қоңыр» сын есімі+зат есім түрінде жасалған топонимдер де көңіл аударуға тұрады. Біздің қолымыздағы көне деректерде бұлардың саны аз – жетеу ғана: *екі Қоңыр, Қоңыр+ағаш, Қоңыр+бұзау, Қоңыр+қасқыр, Қоңыр+лан, Қоңыр+лы+шоқы, Қоңыр+шоқы*. Ал, қазір, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде бұлардың өзі сиреп, *Қоңыркөл, Қоңырсиыр және екі Қоңырсу түрінде* ғана қалуы уақыт өткен сайын қазақы әлеуметтік лексикасының ежелгі тамырынан ажырап, жүдеу тартқанын көрсететін сыңайлы. Мысалы, «қоңыр» сапалық сын есімі фольклорлық-этнографиялық әнші-күйшілер ансамблінің аты түрінде ғана сақталғанына қарап, «қоңыр» деген сөздің басқа, жанама мағналасын түсінбейтіндер аз емес.

Топонимжасамда қоңыр түсті, яғни қашықтықтан қоңырайып көрінетін бұта, қарағаны мол тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» табиғи нысандарды белгілейді (Ақкөзов Ә. 2005, 150). Шын мәнінде «Қоңыр» сын

есіміне зат есім тіректу жолымен жасалған жер атауларының саны аздығы табиғаттағы қоңыр түстің уақытша ғана, күз айларына тән екендігімен түсіндіруге болар. Іздей түсу керек шығар

Солтүстік Қазақстанның тарихи топонимдері қатарында едәуір орын алған «көк» сын есімі арқылы аналитикалық жолмен жасалған топонимдерге тоқталудың қажеті бар. *Көк* сапалық сын есімі көне түркі жазба ескерткіштерінен байқалатындай, ежелден түрік елінің сүйікті түсі болып есептеледі (көк тәңірі, көк түрік, көк бөрі концептілері). *Көк* сөзінің *көкшіл*, *көгірек* деген *түстік* мағыналарына орнығуы адам танымы арқылы танылған зат пен құбылыстардың танымдық құрылымы арқылы берілетін бейненің ортақ сипатымен байланысты. Аспанды *көк* деп атап, *көк тәңірге табынған*, *көк бөрінің ұрпағы* саналған түркі тектес халықтардың танымында аспанның түсі барлық осы түстес белгілерге атау ретінде берілген. Неге аспан деп аталынбаған деген сұраққа «аспан» сөзінің өзі таза түркілік емес, әрі қолдану уақыты да кейін енген деуге болады. *Көк* сөзі – түркі тектес халықтарға ортақ сөз.

Заттық мәндегі *көк* (аспан) пен түр-түс атауы *көкті* синкретикалық түбір деп қарастырып жүр. Аспан мағынасындағы *көк* сөзі мен онымен түстес нәрселердің салыстырмалы түрде *көк* аталуы әбден мүмкін. Көне түркі тілдерінде «*көк*» сөзінің бір мағынасы «тамыр», «көкян» қазіргі түркі тілдерінде «тамырлас» ұғымын береді. Мұндай мағына «көгі жақсы», «көгі жаман» тіркестерінде сақталған.

Бұлар көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. М.Қашқаридың еңбегіндегі «көгің кім» тіркесінің аудармасы «шыққан тегің қандай» дегенді білдіреді.

Номадтар үшін *көк* сөзі шынымен қасиетті болатын себебі: *көк* – аспан, *көк* – көктем, *көк-жаз*, өріс кеңейіп, мал тойынатын кез. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы қыстаулар тізбесінен сүзіп алған деректеріміз мынау: *Көк+ала+бие*, *Көк+аяқ*, *Көк+байтал*, *Көк+бас*, *Көк+бие+өлген*, *Көки*, *Көк+өгіз*, 18 рет *Көк+терек*, *Көк+терек+тоғай*, 2 рет *Көк+шалғын*, 3 рет *Көк+ше+ағаш*, *Көк+ше+тал*, *Көк+шіл+ағаш*. Мысалдарда сын есім+зат есім+зат есім, немесе сын есім+ күшейткіш шырай жалғауы+зат есім түрінде топонимдер жасалуының бірнеше жолын келтірдік.

Облысымыздың аумағын мекендеген ертеректегі ата-бабаларымыздың жер-қоныс атауларында көзге оқшау көрінетін аса қызық құбылыс «Қызыл» сын есімін жетектеген зат есімдер мен сын есімдерден жасалған атаулардың жиілігі. Бір қарағанда сыры ашыла қоймайтын бұл «қызылдар» әлдеқайда тереңірек зерттеуді қажет ететіндіктен, кейбір авторлардың пікірлерімен ғана шектелмекпіз.

Әуелі мысалдар мынадай. Жақшаға алынған сандар бұл атаулардың жиілігін яғни Солтүстік Қазақстан облысы аумағында неше рет кездесетінін айғақтайды. Сонымен: *Ащылықызыл* (2), *Байқызыл* (2), *Басқызыл* (4), *Басқызылағаш* (2), *Бейітқызыл*, *Бірқызыл*, *Дөңқызыл*, *Желқызыл* (7), *Жақсықызыл*, *Жаңақызыл*, *Жаңақызыл*, *Желқызыл* (7), *Жоңқызыл*, *Кепеқызыл*,

*Көлденеңқызыл (2) Қалыңқызыл (3), Қарағаш (Ортақызыл), Қожақызыл, Қосқызыл, Құрықтықызыл, Қызқызыл, Қызылағаш (31) Қызылат, Қызылкүйген, Қызылқұм, Қызылмөңке, Қызылой, Қызылөзек, Қызылтал (3), Қызылтау, Қызылтоғай (2), Қызылтомар, Қызылшілік (2), Қызылшоқ, Қызылшырпы (2), Қылқалықызыл, Миқызыл, Милықызыл, Ойқызыл (7), Ортақызыл, Салпыққызыл, Тойқожақызыл, Үшқызыл 4, Ұзынқызыл 25, Шарбақтықызыл, Шөлқызыл (12).*

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі **қызыл** мен **жасыл** сөздерінің түбірі «қыз» бен «жас» деген пікір көптен бері айтылып келеді. Сондағы ғалымдардың дәлелі: бұлардың екеуі де – *ыл - іл* моделі негізінде бүгінде жеке-дара қолданылмаса да, бөліп алып қарауға болатындығы. Ал белгілі топонимист Е.Қойшыбаев *қызыл* сөзін тіліміздегі *қысыл* (тар, қысылу) етістігімен байланыстырады. Ғалымның мұндағы сүйенетін дерегі – Жоңғар және Іле Алатауларындағы шатқал аты – *Қызылауыз* («узкие ворота» мағынасында). Бірақ та көптеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жоғарыдағыдай, *қызыл* сөзінің түбірі – *қыз*: бірде етістік («краснеть», «пламенеть»), бірде сын есім мағынасында («красный», «багровый») екіұдай қолданылған екен. Сын есім мағынасында қолданылғандығын дәлелдеу үшін **қызар** етістігін алып, *боз - бозар, көк - көгер, ақ - ағар* моделі бойынша талдаса да жеткілікті. Бұл жердегі түбір тек зат есім немесе сын есім ғана болуы керек. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі *қызыл* сөзінің құрамындағы о бастағы дербестігін жойған «қыз» түбірінің төркіні айқындалмақшы. Ол тек *қызыл* түстің ғана емес, тіпті алабұртып, қызу қанды, сұлу реңді мағынасындағы «қыз» сөзінің шығуына да негіз болса керек. М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» сөздігінде бұл **қыз** түбірінің тағы бір мағынасы беріледі: *Бұл ат қыз алдым – Бұл атты қымбат* алдым. Сонда *қыз* түбірінің мағынасы: 1) *қызыл*; 2) *қымбат*, соған тағы да -ыл жұрнағы қосылып, тарихи тұрғыдан қатыстық сын туғызса, біздің тілімізде сапа сыны болып қалыптасқан. (Лауланбекова Р.Т. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты (сын есім + зат есім үлгісі бойынша). Астана, 2006.)

Облыс аумағындағы қазіргі топонимикалық кеңістікте орысша «Красныйға» тән 33 атау бар екен. Біз сөз етіп отырған мәселеге бұлардың қатысы шамалы сияқты, себебі, басым көпшілігі коммунистік «қызылдың» әсерінен пайда болған сияқты. Сондай-ақ, қазір қазақша қызылдардың да назар аударатындай ізі жоқ.

### Сары-түс немесе сар...

Қазақ тілінде де, жалпы түркі тілдерінде де **сары** түс атауы сындық мағынада қолданылады. Жоғарыдағы талданған түр-түс атаулары сияқты бұл сөздің де шығу тегін, этимологиясын анықтау оңай емес. *Сары* сөзінің негізгі түстік мағынасымен қатар түрлі-түрлі ауыс мағыналары да аз емес. *Сары* сөзі – жиі қолданыста болатын, көп жағдайда түсті білдіретін лексема. Бірақ ол да кез келген қолданысында түсті білдіре бермейді. «*Сары*» сөзі жер-су атауларымен тіркескенде «*сар*» тұлғасында қолданылатынын байқау қиын емес. Топонимист

Е.Қойшыбаев «сар» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «айқын, кең, негізгі, басты» деген мағынада жұмсалатынын айтады. Ал, Р.Сыздықова «сары алтын» тіркесіндегі *сары* сөзінің мағынасы *қоспасыз, таза, ал «сары уайым»* дегендегі «сары» сөзі парсы тілінде *уайым, қайғы* екенін айта келіп, «сары уайым» тіркесі бір мағыналы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болып, бала-шаға, бекер-босқа сияқты бір сыңары парсыша – *уайым (сар)*, екіншісі – қазақша *уайым* сөзінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады», – дейді [387]

Сондай-ақ «сары алтын» тіркесіндегі «сары» сөзінің негізгі мағынасы «таза», «шынайы» екендігінде дау жоқ, ал «сары уайым» тіркесіндегі «сары» сөзі түсті білдірмейді, плеонастық тіркес те емес. Себебі, «сар(ы)» сөзінің түркі тілдеріндегі бір мағынасы – «шын», «нағыз». Е.Қойшыбаевтың «сары» туралы «айқын», «анық көрінген», «басты» деуі біздің мысалдарымызды көркейте түсетін қисынға жақын. Осыған орай «сары уайым» – «негізгі, анық уайым», ал «сарыла күту» – «шыдаммен, нағыз күту» дегенге саяды. «Сары» сөзінің «нағыз, таза» деген мағынасының барлығын тарихшы ғалым Х.Көктәнді де *сары* сөзіне берген талдамасында анықтайды. Ғалым *сары* сөзінің түбірін *са/со* деп бөліп алып, «са» түбірі *дала* деген ұғымды білдіретінін айтады. Кейбір тарихшылар *сары ұйғыр* дегенді *көне ұйғыр* ұғымын береді деген пікір айтады [388]

Бұл, асылы, *таза далалық ұйғыр* деген сөз. *Ра – таза, шын* деген сөз. *Со – дала, сосөзі, салқар (с//ш), сақара* деген сөздердің түпкі буынында сақталған. *Сайын* сөзі жеке тұлғасында ұғынықсыз болған соң, кейін халықтың өзі *сайын дала* деп калькалық тәсілмен көшірме аударма жасаған. Осы күнге дейін бұл екі сөз қосарланып айтылады. «Сары» түс туралы ғылымда белгілі-белгісіз жорамалдарға тереңдемей-ақ, өзіміздің солтүстіктегі Есіл бойының топонимикасының мысалдарына көз салып, ойланып көрсек...*Сары+қамыс, Сары+май, Сары+оба, Сары+өзек (2), Сар+өлең+ағаш, Сары+терек, Сары+айғыр, Сары+ат+сойған, Сары+бай+жұрт Сары+байтал, Сары+бас, Сары+бауыр, Сары+бие, Сар+ала+айғыр, Сараланың үйірі, Сары жабағы...*

Тізімді одан әрі жалғастырып, туған өлкеміздің тарихынан тамыр тартқан көңілге тоқ, көркем атаулардың үлгісін ұсынар болсақ: *Ақбайтал, Аққойлы, Ақөгіз, Алаатөлген, Алабие, Алаатөлген, Алабие, Аткескен, Атиаптырған, Бозат, Бие сойған (3), Бота, Ботажеген, Ботантай, Ботатуған, Бұзаужығылған, Бұзауқырған, Бұзаусойған, Бұзау сүйегі, Қара бұзау, Қара жабағы, Қара құнан, Қарала айғыр, Қарала жабағы, Қарасиыр, Торы бие, Торыбиеөлген, Қоңырбұзау, Қоңырқасқыр, Қоңырлан, Көкалабие Көкаяқ, Көкбайтал, Көкбиеөлген, Көки, Көкөгіз, Күреңайғыр Қызылат, Шабдар ат, Шошқалы (5), Шұбарбие, Сиырқырылған, Сиырөлген, Сиырсалған, Төрт өгіз, Түйе байлаған көлденең, Түйе боз, Түйе өлген (2,) Түйес ойған, Түйе қамыс, Қозыбайыс, Қозыке, Қойағаш, Қойбағар (5), Қойбағардыңашасы, Қойбас, Қойғақ, Қойгелді, Қойқырған, Қойқырыл, Қойқырылған, Қойлыбайқонған, Қоймақойған (4), Қойөзек, Қойсалған, Қойсойған, Қойсойғаншоқы, Қойтал, Қойшыбайдың*



*Ескіқыстауы, Ешкіқырған, Қызылат, Жорғаат, Жылқыалған, Жылқыөлген, Тайжүзген, Тайлақ, Тайлақжеген, Тайлыбай, Тайсойған...*

Бұлардың бәрі – ерте кездегі қазақ ауылдарының, қыстаулары мен күзектерінің атаулары. Ата-бабаларымыздың кәсібі мен тұрмысы, салт-дәстүрлері, қоршаған ортаға қатынасы, дүеиетанымы мен мінез-кұлқына дейін ақпарат беретін өшпес құжаттар

*Талдыкөл, Талдықарасу, Талдықыстау, Талдыөзек, Талкестірген, Талқыстау, Талмаш, Терек (4), Терекағаш, Терекбайлағанағаш, Терекқарасу, Терекқыстау, Терект (3), Теректіағаш (3), Терекше алтүбек, Тауағаш, Қазанкөмген, Қазанқойған, Қазанқойма, Кеңарал, Кеңаралағаш, Кеңөзек, Кеңөлең, Кеңтоғай, Кеңшабыс, Кеңшоқы, Күйген, Күйген жұрт (4), Күйгенкепе (8), Күйгенқыстау, Күздік, Күздікағаш, Күздікағаш, Күздікқарағаш, Күзек, Құдық, Құдықағаш (2), Құдыққазған, Құдықтомар, Құдықты, Құдықтыағаш (2), Құдықшілік, Құдықшоқ, Құдықшоқы, Қуарған шоқы, Қуажақ, Қуқазық, Қуқамыс, Қусақ (6).*

### **Түз аңдары болғандығы**

*Арқаркөл, Арқарандыз, Арқаркөл, Аюбасқан, Аюқамаған, Аюлықаратал, Қарғалы, Бұлантал, Бөрілі (2), Борсықағаш, Жыланды, Итемір, Итсары (3), Қасқыр қамаған, Қасқырлы (3), Қоңырқасқыр, Түлкіалған, Түлкішықпас, Тұзаққұрған, Тұйғынтүскен, Шағалалы, Шәулі ұстаған, Шошқалы (5), Үкі атқан (3), Үкілі.*

Байқап отырсақ, қазір «қыстау» деген апеллятив-мекен жойылуға таяп, олардың орнын ауыл, село, кент, поселке деген атаулар басқан кезде, «тарихи топонимикада» 30 мәрте сақталып қалған «жұрт» атауы, немесе 31 рет аталып отырған «көң», 13 рет қайталанған «кепе», 5 рет жазылған «қоныс» атаулары қазіргі ұрпаққа таныс емес болуы мүмкін. Бұл сөздердің архаизм қатарына қосылып, сөзіктерде ғана кездесетініне таң қалуға болмас. Бұл да қазақ тарихының, әсіресе осыдан 150-200 жыл бұрын қазақ даласының солтүстігін мекендеген бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін мәдени есерткіштер деуге болады. Ғылыми-танымдық құны жағынан археологиялық қазба жәдігерлерден бір де кем түспейтін бұл құнылықтарды ұмытуға немесе ұмыттыруға болмайды.

### **Жақсы мен жаман**

*Жақсықызыл, Жаманағаш (2), Жаманжан, Жаманқара, Жаманқонған, Жаманқұдық, Жаманқыз, Жаманөзек, Жамантал, Жамантерек, Жамантомар (5), Жаманишілік (4), Жаманишоқы, Жаманишұбар (3), Сұлуағаш (2), Сұлужал, Сұлукөл, Сұлуқызыл, Сұлуөзек, Сұлутомар (5), Сұлушоқ, Сұлушоқы (3) деген атаулардың әрқайсысы-ақ, көңіл аударуға, ерінбей зерттеуге тұрады.*

### **Бас пен аяқ**

*Басағаш (3), Басбұлақ, Басқызыл (4), Басқызылағаш (2), Баспакескен, Бастал, Басшоқы, Басыбай, Басынкескен, Аяқағаш, Аяқкөл, Аяққарасу, Аяққызыл (6), Аяқтал (3).*

### **Үлкен-кіші, Жуан мен жіңішке**

*Қалыңағаш, Қалыңқызыл (3), Қалыңөзек, Қалыңтал, Қалыңтұмсық, Қалыңшоқы, Кіші Керейқонған, Кішіақсораң, Кішімтоғай, Кішкенекөл, Кішкенекөпа, Кішкенемүйіс, Кішкентайшоқы, Үлкенқасораң, Үлкенқондыағаш, Үлкенқопа (2), Үлкентоғай, Үлкеншоқы (2), Үлкенқаратерек, Жалпаққарасу, Жалпаққызыл (3), Жалпақтал, Жалпақшілік, Жуанағаш (3), Жуанқайың, Жуаншоқы.*

#### **«Ащы-тұщы» көлдер**

Облыс аумағының жаратылыс ерекшеліктеріне қарай көл атауына байланысты топонимдер жиі кездеседі. Бұлай болатын жөні де бар, өйткені ресми дерек бойынша Солтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан аса көл бар. Олардың жалпы ауданы 4800 шаршы шақырым. Қазақстанның солтүстік облыстары арасында ең көлі көп осы облыс аумағының 9 пайызын көлдер алып жатыр.

Көл атауларында түркілік гидронимдер басым болғанымен, славян текті атаулар да баршылық. Бұл арада соңғыларының қазақша атауларға қосақталып та айтыла-жазыла беретінін ескерткеніміз жөн. Және де орысша атаулардың кейінде, шамамен ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағаны тарихи тұрғыда дәлелденген. Мысалы, Ресей үкіметі тәрпынан 1901-1908 жылдары арнайы есепке алынып, тіркелген елді мекендер арасында, көлдерге байланысты атаулардың – гидронимдердің бірде-біреуі орысша емес екені көңіл аудартады. Бұдан шығатын қорытынды, кейін орысша аталып кеткен көлдердің әуелде қазақша атауы болғандығы, кейін Ресейден қоныс аударған келімсектердің көшіп келіп, иемдене бастауына байланысты ғана өзгергені деп пайымдауға болады.

Су қоймаларының айқын байқалған сыртқы бейне-бітімі немесе суының тұздылық құрамы, суда тіршілік ететін жандықтардың түрі-тегіне қарай, немесе сол көлдердің жағасына салынған қыстау-күзеу түріндегі елді мекеннің атына қарай қазақша атын өшіріп, жаңаша атаған. Көлдердің байырғы қазақша атауына тоқталмай-ақ, мысал ретінде бірнеше орысша гидронимді келтірсек те жеткілікті. Мысалы: *Горькое, Соленое, Пестрое, Кривоозерное, Питное, Широкое*. Кейде көл атауларында меншік иесіне тәндік белгісі де байқалады: Плеханово, Пономарево, Шитово, Марушкино т.б. Бірқатар көлдер сол аймақта өсетін өсімдік түрлері мен мекендеген жан-жануарлардың түріне аталған: *Камышное, Рогозянка, Волчье, Собачье, Кобылье, Кояндыколь*.

Солтүстік Қазақстан облысындағы көлдердің ауданы орта есеппен бір шаршы шақырымдай және мұндай көлдер 10 пайыз. Ал, жеке-жеке қарастыратын болсақ, ауыз толтырып айтарлық үлкендері де, есепке алуға тұрмайтын ұсақтары да аз емес. Айталық, ең үлкен деген көлдің беті 750,3 шаршы шақырым болса, одан кішіректері 29,8 шаршы шақырым. Мысалы, ең ірі деген : *Сілетітеңіз, Үлкен Қарой, Теке, Кіші Қарой, Қалибек, Имантау* көлдерінің су қоры 4 миллиард текше метрден асады. Олардың ішінде Шағалалытеңіздің суы 600 миллион текше метр, Имантау -279, Саумалкөл -99 миллион текше метр. Тағы бір ерекшелік сол, облыстағы көптеген елді мекендер сол ащы көлдер мен тұщы көлдердің жағасынан қоныс

тепкен. Көлдеріміз қамысты, қалың өсімдікке бай келеді, көлдердің түбінде өсетін өсімдіктер дүниесі, шөккен мол шымтезек қоры да бағалы байлық болып есептеледі.

*Жаманкөл, Мәңгісор, Қисықкөл* сияқты су қоймаларында емдік саз балшық кені баршылық.

Сулы жер – нулы жер, деп ежелден халқымыз айтқандай, қатар-қатар көлдердің жағасына 30-дан астам құс жыл сайын ұя салады, ал осыншама балық қорының халық игілігіне тигізер пайдасы да өзінше.

Көлдердің аталуы да қызық және белгілі бір иесіне тәуелділік, немесе антропоним түрінде атрибуты жалқы есім түрінде, балығы бары-жоғы; балығының атауы: атрибут бөлігі анықтауышпен келетіндері: *Жаңакөл, Ұзынкөл, Жалтыркөл*, суының ащы-тұщылығы; *Сасықкөл* – суының хитмиялық құрамына қарай.

Бітімінің сыртқы көрінісі, терең-тайыздығы: *Аяқкөл, Көтенкөл*, маңайындағы өсімдіктер дүниесіне қарай; жан-жануарлардың көптігі немесе аздығына қарай: көлдердің сандық есімдері, т.б.

Бір деректерде облыс аумағында 3,5 мың көл бар делінеді. Әрине, бұлардың ішінде сырт бейне-бітімі көлге ұқсас, шын мәнінде «көл» атауына толық жауап бере қоймайтын табиғи нысандар да баршылық. 1901 қағазға түсіріліп, 1908 жылы қайта қаралып, толықтырылған санақ мәліметінде осы өңірдегі қазақтардың меншігі саналған көлдердің тізбесі мынадай болып шықты. Бұлардың алтауы ғана антрогидроним түрінде, меншік иесіне телінген: *Ақастың көлді, Ақжанның көлі, Бекболаттың көлі, Бөрінің көлі, Жаншораның көлі, Өтетілеудің көлі*.

Талдап отырсақ, тізімге алынған 2544 қыстақ атауының (ойконимдердің) ішінде қазатың меншігіне тиген көлдердің мұнша аз болуы (48 ғана) ойлантады. Бұл кезде, қазақ жерлері түгелдей «мемлекет меншігіне айналып», билік орындарының арнайы кесіп-пішіп, қағаздап берген жерлері ғана есепке алынған деп топшылауға болады.

*Ақаскөл (2), Ақбаскөл (2), Ақжанкөл, Арқаркөл, Батпақкөл, Бекболаткөл, Бөрінің көлі, Жалғызкөл, Жаншора көлі, Жаңакөл, Жаркөл (2), Жекекөл (2), Кішкенекөл, Көлдикөл, Көтенкөл, Қаракөл, Қоскөл (8), Құркөл, Майлыкөл, Өтетілеу көлі, Сарыкөл (2), Сұлукөл, Тазкөл, Тереңкөл (4), Төре көлі (2), Улыкөл, Шағалалы, Шұңқыркөл (3)*.

Байқап отырғанымыздай, мал өсіретін қазақ үшін тұзды, ащы көлдер қоныс болмаған. Қыстақтар қатарында тек бір ғана «Улыкөл» аталады, бәлкім, солай аталғанымен суы ащы болмаған шығар.

Жергілікті халық, осы ерекшеліктің өзіне назар аударып, олардың атауын өзінше айыра белгілеп қойған. Айталық, жазда, әсіресе, құрғақшылық жылдары суы азайып, тіпті кей жерлерінде түбі көрініп жататын көлшіктер «қайраңкөл» деп аталса, біздің облыста қазір, немесе соңғы жылдардағы тіркеу бойынша 12 «*Қайраңкөл*», 7 «*Құмкөл*» бар екен. Бұл көлдердің суы азайып, «қайраңы» көрініп жатуы кейінде, айталық соңғы 50-60 жылдан бері болса керек.

Неге десеніз, «тарихи топонимикада» бір ғана «Құркөл» болуы бірде-бір «Қайраңкөлдің» кездеспеуі осыны көрсетеді. Яғни ол кезде суы болған, «қайран» немесе «құм» деген атауларға тиісті сыртқы белгіден ада деген сөз. Демек, жер-су атауларының тарихтан хабар беретіні, ата-бабаларымыздың бізге жазып қалдырған ескерткіш хаты екендігі, осы бір ғана мысалдан да көрінеді екен.

Өлкеміздің этнодемографиялық ерекшеліктері топонимика қорына да таңба салғаны көрінетінін айттық. Енді осы топшылауымызды нақты мысалдармен кестелейтін болсақ, қазіргі заманда облыс аумағындағы ащы көлдер тұщы көлдерден көбірек көрінеді. Айталық, қазақша «ащы» деп аталған көлдердің саны 30 болса, бұған «тұздыларды» (4), «сортаңдарды» (5), «сасықкөлдерді» (5), қоссақ та, орысша 51 «соленое» мен 22 «горькоенің» маңайын да көрмей қалады.

Бір ғажабы тұщы көлдердің атауына анықтауышы қойылмайды екен. Ал, орысшасында суы ішуге жарайтындары мадақталып, «пресное» 9, «питное» 12, сладкое 5 болып кете береді. Терең көлдер, жалпақ көлдер, шайтанкөлдер, талды немсе шілікті көлдер қазақша өз алдына, орысша өз алдына аталады. Бұл арада көлдердің атауның аударылмай, екі тілде дербес, жарыса қолданылатыны да қызық. Демек, топоним дегендеріңізді оп-оңай аударып, немесе бұрмалап айта қою оңай емес екен. Мысалы, орысша «старое» деген 10 көл болса, қазақша бір ғана «ескікөл» аталуы да қызық құбылыс. «Ақ» көлдер мен «светлое» көлдері туралы да осыны айтуға болады. Бұл арада әр этностың қоршаған ортадан алынған ақпаратты өзінше қорытып, қабылдайтын ерекшеліктері туралы сөз болуға тиіс. Осыған мысал ретінде «Балықтыкөлдердің» 8 ғана, ал «Рыбное» көлдердің 24 екендігін айтсақ та жеткілікті. Қазақ өзге ұлттарға қарағанда балыққа онша жерік емес қой. Сол сияқты орысша «Лебедь» аталған 14 көл болса, «Аққуөлген» деген бір ғана көл кездесті. 19-ғасырдағы бір әдеби нұсқада Сібір халықтарының аққуды атып алып, оның терісі мен мамығынан әйелдер үшін сәнді баскиім тігетіні жазылып, бұл өзі адам таң қалғандай, қызық мысал ретінде көрсетілген. Әрине, бұл қазақ салтына жат үрдіс, сондықтан ұлттық топонимиядан да көрініс таппауы заңды құбылыс десек болғандай.

Адам баласы, сыртқы ортаны сезім мүшелері арқылы сезіп, айталық, көзбен көргенін қорытып, өзінше бағалап, ерекшелігін таңбалап, жалқы есім ретінде атап, есте сақтауға тырысатын саналы тіршілік иесі ғой. Алыстан көрген бетте-ақ көлдің сырт бітімін шамалап қисық болса - «Кривое» деген 39 көл, ал, дөңгелене бітсе - «Круглое» деп 34 көлге орысша ат берген екен. Ал, қазақша қисық немесе дөңгелек көл деген атаулар жоқтың қасы. Оның есесіне көлеміне қарап, мөлшерлеген «Үлкен көлдер» елуге тарта, ал «кіші» сын есімі 38 көлге, «кішкене» сын есімі 34 көлге таңылуы да тегін емес. «Қамысты» де аталған көлдердің саны орысша- қазақша шамалас.

Табиғаттың осы сыйы топонимдерден ерекше көрініс тапқанын қысқаша қызықтап қана тоқтайыз. Әйтпесе, аймақ гидронимдері талай ғылыми зерттеулерге арқау болғандай әрі бай, әрі қызықты. Бұдан жүз жыл бұрын да,

қазір де көлдердің бірінші әлеуметтік сипаттамасы, әлбетте, суының ащы-тұщылығы, азды-көптігі, адам мен малға сусын азық болатын-болмайтыны. Ащылы, Ащылы Қаратал, Ащылыағаш(4),Ащылықарасу, Ащылықызыл, шылыөзек (2),Ащылысай, Ащылытал (3),Ащылышілік, Ащылышоқы (2), Бүйрекащы, Кемеращы, Кенащы дегенде, көлмен іргелес сортаң, ащылы топырағы бар жерді де мезгеген.

### ***Жалғыз, екеу, үшеу...көп***

Жалаңшілік,Жалғызағаш (2), Жалғызкөл, Жалғызқарағай (9),Жалғызқұдық (3),Жалғызтерек, Бірқызыл,Егізбай, Қос қаратал, Қосағаш, Қосағаш (Бұрыл),Қоскөл (8), Қосқабат, Қосқаратал, Қосқызыл, Қосми, Қоспақтал, Қоспақшығыз, Қостіккен, Қостомар, Қосшілік, Қосқарағаш, Үшкеліншек, Үшкөл, Үшқарағаш, Үшқарасу (2),Үшқұдық (3),Үшқызыл (4),Үшотау,Үшсала (2) ,Үштаған (2),Үштау, Үшшоқы,Төртарал,Төртіккен, Төртөгіз,Бесағаш (2), Бесқарағай (4), Бесқұдық (3),Бестал (2),Бестамақ (3),Бестерек (5),Бесшошак, Жетіқұдық, Жетісай , Тоғызбай, Тоғызбөлек, Тоғызтоқпақ ,Қырыққұдық (4),Қырықтал, Жүзбай, Көпқұдық, Көптал, Мыңшұңқыр.

Аймақтың этнодемографиялық ерекшеліктеріне қарай туындаған *Орыс жатқан, Орыс келген ағаш, Орыс қонған, Орыс құрған, Орыс сүйегі, Орыс томары, Орыс шоқысы* деген атаулар азайып, тіпті жоғалып (Айыртау ауданына қарайтын Құсбек көлінің оңтүстік-шығысындағы *Орысбай* деген жер аты мен Мамлют ауданындағы Новомихайловка селосының солтүстік-батысындағы *Русское* көлінің атауы сақталған.-авт.) кеткен. Әйтеуір, көне тарихтың ескерткішіндей, башқұрт, мордва,неміс, поляк, өзбек, қалмақ,татар ұлтарына байланысты жекелеген этнонимдерден жасалған атаулар сақталған.

*Ескіжұрт (3),Ескікөң (25), Ескікөң, Ескікүздік, Ескіқора, Ескіқыстау (8), Ескіөлең* деген атаулардың жиі кездесетіні де үйреншікті жағдай сияқты. Шынында да солай ма. Мысалы, осы «ескілі-жаңалы» топонимдердің өзге ұлт тіліндегі жиілігіне назар аударсақ, белгілі-бір типтік жағдайды байқауға болатын сияқты. Облыстағы жер-су атауларының, елді мекендердің қазіргі жайына көз салсақ, «Ново-жаңа» деп басталатын 39 топоним бар екен және олар түгелге жуық, елді мекендер, тек бір көл мен бір төбешіктің ғана «жаңа» екені байқалады. Осыған керісінше «старо-ескілердің» саны 15, бұлардың екеуі ғана қоныстар. Қалғаны көлдер, батпақтар, құрөзектер. Осы екі мысалдың өзінен тағы бір қорытындыға келуге болар еді. Әр ұлттың өкілдері бір табиғат аясында өмір кешіп, қоршаған ортаны қабылдауда да ұқсас талғам танытады екен.

Бұл арада ұлттың талғамы, ұлттық ерекшеліктерге ғана тән сарапта және екшеу үрдісінен жаңылмайтын мінез байқаймыз. Яғни топонимдерден халықтың тұрмысы, этномәдени тіршілік салты жаңылмай, көрініс тапқан.

Мысалы: Шешемтүскен, Төлепбергентуған, Қырыққұдық, Қойсойған, Қояншықпас, Талдықыстау, Болысқыстаған, Атабайдың Қаратерегі, Сарқанның

Орағашы, Құлтуманың шілігі т.б. басқалармен шатыстыруға болмайтындай, нағыз қазақы құдықтар, қыстаулар, теректер, шіліктер екенін қиналмай танысыз.

Топонимдердің шығу тегін анықтау мәселесі – тілшілер мен тарихшылардың, этнографтар мен географтардың, жаратылыстанушылардың ізденістері үстінде жемісті болатын күрделі де қызықты шаруа, өзіндік жүйесі, тәртібі бар ғылыми-зерттеу үдерісі. Қалыптасқан бейнелі аталымды тек тілдік талдау әдісімен саралау жеткіліксіз, сонымен қатар тарихи және географиялық дереккөздерін кеңінен пайдалану қажет. Тілдік тұрғыдан талдау көп жағдайда топонимдерді екі жақты түсіндіру сияқты мүмкіндіктерді береді, ол үшін аумақтың тек табиғи ерекшеліктерін білу жеткіліксіз, сондай-ақ жергілікті жердің табиғи тарихымен бірге әлеуметтік-шаруашылық тарихын, мекен иелерінің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білу арқылы ғана барынша шынайы этимологияға жақындап, ғылыми жүйелі қорытынды жасауға болады.

Ежелгі заманнан осы кезеңге дейін жеткен көптеген топонимдік аталымдар бірнеше мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келеді. Кейде кейбір топонимдік атаулардың басқа реңк алып, өзгерген түрде жетуі де тарихи факт. Немесе топонимнің *уәжі*, *негізі* болып табылатын аталымдардың *мағынасы*, *семантикасы* қазіргі қолданыста басқамағынаға, семантикалық өріске ие болуы, тіпті танымастай өзгеріске түсуі әбден мүмкін, сондықтан бүгінгі ұрпақ кейбір қала, ауыл, елді мекен немесе өзен атауының беретін мағынасын біле бермеуі, түсінбеуі шындық. *Мысалы, Жел+қызыл (7), Жоң+қызыл, Кепе+қызыл, Көлденең+қызыл (2) Қалың+қызыл (3), Орта+қызыл, Қожса+қызыл, Қос+қызыл, Құрықты+қызыл, Қыз+қызыл, Қызылат, Қызылкүйген, Қызылқұм, Қызылмөңке, Қызылой, Қызылөзек, Қызылтал(3), Қызылтау, Қызылтоғай(2), Қызылтомар, Қызылшілік(2), Қызылшоқ, Қызылшырпы (2), Қылқалықызыл, Миқызыл*, деген атауларға қызыға қараған бүгінгі ұрпақ, осынау жеке сөздердің астарында қандай қастерлі түсінік жатқанын аңғарсақ қой! Осыларға қызығып, сырын білуге ұмтылу, майдан қылшық суырғандай, тау-тастан кен іздегендей, тамсана-таңдана талпынып, іздесек қана отансүйгіштігімізге айғақ болар еді-ау.

Әзірше білетініміз - «қызыл» сын есімі көркемдіктің, жан жадыратар жылудың, тіпті қызудың баламасы, құштарлыққа бастайтын қызықты түс. Жоғарыдағы «қызылдардың тізімге түскеніне бір ғасырдан асса, қазіргі жағдайы қалай екен, деп те қарадық. Қазақша 27 топоним «қызылдан» басталады екен де, күрделі сөздің екінші компоненті ретінде (Аяққызыл, Қалыңқызыл, Көлденеңқызыл т.с.) түрінде дәл қазір үш рет қана кездесті. Ал, орысша «красно...» 38 рет тіркелді және басым көпшілігі коммунистік «қызылдар». Қазақшада төрт «Қызыл ту» және бір «Қызыл жұлдыз» және бір «Қызыләскер», бір «Қызыл шопан» ғана, қалғаны -4 сор, 2 томар, екі оба, болса, орысша «қызылмен боялғандардың» қатары қалың болуы да тегін емес.

Әрбір топонимдік атаулар кең көлемдегі тарихи ақпаратты береді және шығу, қалыптасу тұрғысынан қандай тілге және ұлтқа тиесілі екендігі, халықтардың көші-қоны, аймаққа қоныстану тарихы, атаудың пайда болуы, өзгеруі, мағыналық беретін мазмұны туралы мәліметтерді алуға болады. Сол

сияқты оған топонимдерді бір тілден екінші тілге жазу, ауыстыру, да жатады. Бұл дегеніміз топонимика бірқатар ғылымдар үшін, мәселен, тарих, әлеуметтану, география, лингвистика, этнография сияқты ғылымдар үшін өте маңызды мәнге ие болады деген сөз. Оның ішінде бірінші кезекте жалқы атаулар тіл мамандарының өте мұқият назар аудару нысанына айналады. Оның себебі кез-келген атау жанды немесе жансыз табиғаттың қандай нысанына - адамға, жануарларға, өзен, көлдерге, ауыл-аймаққа және т.б. байланысты болуына қарамастан, бұл - аталым. Ал, аталым ретінде ол тіл жүйесіне енеді, тіл заңы бойынша түзіледі, белгілі бір заңдылық бойынша атауға айналады және одан әрі тілдің заңдылықтарымен өзгерістерге ұшырайды.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі, филол. ғылым. докторы О.Жұбаева «А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы» деген мақаласында А.Байтұрсынұлы еңбектерінде когнитивті лингвистика туралы аталмаса да, «сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан» ретінде тілдің ойды жарыққа шығару құралы болумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отыратыны айтылатынына назар аударған. Яғни, адамның сезу мүшесімен қабылданған білім, ақпарат «...тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға жеткізілетіндіктен, Ахаң: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [1, 343-б.]. Көптеген лингвистер, психологтар мен философтар тіл мен объективті дене түріндегі нысан арасында «когнитивті» деп аталатын тағы бір аралық деңгей бар екеніне назар аударуда (Молчанова О.Т., «Пропримальная номинация в свете когнитизма». Вопросы ономастики, 2069. С.47-51.).

Пәнаралық сипаты бар бұл құбылыстың ономастика тәжірибесіне, әсіресе, топонимикаға тікелей қатысы бар екендігіне зерттеу барысында көз жеткіздік. Адам, өзін қоршаған ортадан алған мағлұматты өзінше қорытып, оның сыртқы пішін-бейнесіне, осы тектес басқа нысаннан айрықша белгісіне, сол тұрған жерінде қандай қызмет атқарып тұрғанына, осының бәрін жиып, қорытып келіп, көрушінің сезіміне, зердесіне, психологиясына...қандай әсер еткеніне қарай атау береді. Бұл арада салыстыру, шендестіру, байланыстыру әдіс-тәсілдерінің бәрі қолданылуы мүмкін. Ал, сол нысанды «салыстыру, шендестіру, байланыстыру...» үшін үлгі, гнобай ретінде не алынуы мүмкін? Әрине, сол адамның өзіне жақсы таныс, күнде көріп жүрген, қолданып, сын-

сынақтан өткізіп жүрген заттық бейнелер, мысалы, адам, жан-жанурлар, өсімдік әлемі т.с. нысандар және олардың дене мүшелері алынуы мүмкін.

Қазақ даласында, бас, төбе, иек, иық, иін, бел, жота, қолтық, сырт, арт, жаға, мойын, аяқ, қабырға, ауыз, бүйрек, жүрек т.с. сөздердің қатысуымен жасалған жер-су аттары кездеседі. Бұлардың бәрі адам мен жануарлардың дене мүшелері, немесе олардың бітім-бейнесі. Топонимдердің мағналық жағына назар аударғанда, қазақ сол нысанның *бас, төбе, иек, иық, бел, жота, қолтық, жаға, мойын, аяқ, қабырға, ауыз, бүйрек...деп аталуына қарап-ақ, көрмесе де, көзге елесетеді*. Ал, бұлардың мағнасының когнитивті екендігін түсіндіріп жату артық болар. Себебі, «бас ағаш», «бас бұлақ» десе, олар адамның немесе малдың басы емес, белгілі бір ерекшелігі бар ағаш пен бұлақ, «қабырға терек» пен «бүйректал», немесе «кең қолтық» пен «қылта...» да осындай. Табиғи нысанды көрген бетте адам, әуелде өз ұғымына оңай сиғыза алмай жайсызданады («когнитивті әрекет» дегеніміз осы жайсызданудан, қиналыстан туған арнайы атау.-авт.) сол нысанды жан-жақты бағалап, өзіне қолайлы ат қойып алады. Тілші-ғалымдар когнитивті семантика теориясына негізделген когнитивті әрекетті сатылап, дәрежелеп, адамның түйсіну, ойлау, ой қорыту қабылеттеріне қарай жіктейді, әрекет деңгейін, тездігін, сипатын түсіндіреді. Ғылым ретінде қызықтырғанымен, біз бұл мәселеге тоқталмаймыз, когнитивті семантиканың нәтижелерін өз өлкеміздің топонимикасынан алған мысалдармен топшылаймыз.

*Жалғызкөл, Жаркөл, Құркөл, Майлықөл* – көлдердің саны, жағалауының ерекшелігі, суының азы-көптігі, адамға, жан-жануарға жайлылығы. Қазақтардың жер-су атауын таңдағанда жиі кездесетіні – бірден сыртқы көрінісі, түрі мен бояуы екен. Мұдай жағдайда адам көп ойланып-толғана қоймайды, көзбен көргенін бірден қабылдап, когнитивтілікке ұрынбау үшін, оңай әдіс іздеген және тапқандай әсер қалдырады. Мысалы: *Көкшалғын, Көкшеағаш (3), Көкшетал, Көкшілағаш* десек, мұндағы атаулар бір ғана шалғынға, немесе ағаш пен талға қойылған ат емес, сол маңайға, сол ортаға қойылып, айшықты, бедерлі-ау деген белгісін таңдау арқылы логикаға жүгініп, түсінігін тиянақтаған. Ал, мына мысалдағы қатарланған «қызыл» түстерді біраз ойланбай, ақыл жүгіртіп, салыстырмай, қолданылған теңеулер, бояулар мен сипаттамалар екшемей ой қорыта салу оңай емес сияқты: *Жонқызыл, Кепеқызыл, Көлденеңқызыл, Қалыңқызыл. Алыстан құбылып*, қызара, шуақтана көрінген орман-тоғайлардың түсі, әсте, қызыл емес (күзгі сары, күрең, қоңыр жапырақтарды айтпағанда), бірақ көз тойғандай көркем. Жонда *тұрған тоғай*, жер үйдің маңында *тұрған тоғай*, көлденендеп *көрінген тоғай*, қарауытып, қалың көрінген тоғай т.с.с. Көзбен көріп, қабылдауға біршама жеңіл, бояуы қанық болмаса да, түрлі-түсті әсер қалдыратын *Сары+оба, Сары+өзек, Сары+өлең+ағаш, Сары+терек* топонимдері көңілге бірден қонып, ата-бабаларымыздың жер бетіне сары боямен салып кеткен өрнегіндей әсер қалдырады, ұмыттырмайды, адаспайсың да. Ал енді *Шешем түскен, Төлепберген туған, Қой сойған, Қоян шықпас, Талды қыстау, Болыс қыстаған* мекендердің атауы есту бойынша, жұрт аузында қалған әуезе-әңгімені



қорытып, топшылау арқылы ел арасына тараған атауларды, соларға байланысты болған оқиғалар мен құбылыстарды бірден естен шығара қою оңай болмас. Бір кезде орын алған оқиғаны, адам әрекетін, қазақтың ата кәсібімен ажырамас бірлікте, ұмытпастай етіп шегелеген атаулар мынадай-ақ болар: *Сыыр салған, Төрт өгіз, Түйе байлаған көлденең, Түлкі алған, Қасқыр қамаған, Үкі атқан, Күйген қыстау, Кең арал+ағаш т.с.с.*

*Топонимдерді талдап отырғанда, көзге түсетіні - адам баласының өзі назар аударып, көз тоқтатқан нысанды басқалардан оқшаулап, бөліп алып сипаттайтын қабылеті. Үлкен қона, Үлкен тоғай, Үлкен шоқы, Үлкен қара+терек, Жалғыз қарағай, Жалғыз құдық, Жалғыз терек, Бір қызыл, Егіз+бай, Қос қара+тал, Қос+ағаш, Қос+көл, Қос+қабат, Қос+қызыл, Қос+ми, Қос+пақ+тал, Қос+пақ+шағыл, Сұлу+жал, Сұлу+көл, Сұлу+қызыл, Жалпақ+қара+су, Жалпақ+қызыл, Жалпақ+тал тағы басқа мысалдар осы қағидаға жеткілікті дәлел бола алады деп ойлаймыз. Өзі мекен еткен, мұңсыз-қамсыз тіршілігіне құтты қоныс болған өлкенің өткенінен хабар беретін, бәлкім, мәңгі ұмытылмастай орныққан атаулар топонимиканың тарихи ескерткіш ретіндегі құнын арттыра түсетінін маңызды фактор ретінде атап көрсетсек артық емес. Сол кездегілер мен олардың замандастары біліп, еске алып қана қоймай, келер ұрпақтың санасына аманат етіп сіңірген мұндай топонимдер өте көп. Оларды былайша шартты түрде саралап қарастырсақ:*

1) Оқиғалы, жасалуы күрделі атаулар: Ақжан қонған ағаш, Есенгелді жығылған, Есенәлі қонған, Есілбай түскен, Әже өлген сай, Жарқын қонған, Жәңке туған, Жүзік өлген, Дәулет қонған, Дінәлі қыстаған, Егіз қыстаған, Қалашы қонған, Қаңлы, қонған, Қарабастың көңі, Кәпірге той қылған, Кебекең үй тескен, Кенжеболат қонған, Көшек қой сойған, Қойшыбайдың ескі қыстауы, Қонтай қыстаған, Қотан қонған, Құтмәмбет қонған, Майлыбай түскен, Назар қонған, Найман туған, Опанның ағашы, Оспанның қыстауы, Отарбай шоқысы, Сәлиха ауырған, Сәмеке түскен, Салпықтың қызылы, Салпықтың тауы, Салықпай шоқысы, Самайдың қызылы, Саржан шапқан, Саржаудың шоқысы, Сары қонған, Саурық кескен, Сауытбек туған, Сейітқұл қонған ағашы, Тойған қашқан, Қылды қонған, Мақпал қыстаған, Малтақ ілген, Маман қалған, Мешіт салған, Хан түскен, Шағыр қонған, Шақшақ қонған, Шәулі ұстаған т.б.

2) Белгілі бір адамның есіміне байланысты: Албан шоқысы, Бөке талы, Дүйін бұлағы, Елтінді жалы Боқайдың өткелі, Боранбайдың шоқысы, Бумаш шоқысы, Дәметей ағашы, Құлтайдың шатқалы, Құлтуманың шілігі Мезгілдің ағашы, Мезгілдің шоқысы, Мекшенің шоқысы, Мендеке шоқысы, Тәті қонған, Түйебайлаған көлденең сияқты ата-бабаларымыздың құтты мекендері бұл күнде елсіз, иесіз қалғаны да ойлантады.

3) Тек қана антропонимдерден тұратын топонимдерге негіз болған есім иелерінің ет-сүйектен жаралған қоңыртөбел пенде емес, өз заманында, өз ортасында әлеуметтік биік сатыда тұрған, ағайын-туыстың тұрмыс-тіршілігіне белгілі дәрежеде пайдалы әсері болған, қоғамдық тұлға немесе, тіпті билік-байлық иесі болғанын кәміл сеніммен айтуға болады. Өзге этностардың жөні бөлек, оларды жеке тексеріп, зерттеу керек, ал қазақ ұлтында жағымсыз

қылықпен аты шыққан, беделсіз сүйкімсіз жәндардың есімдері антропоним ретінде сирек екенін, тіпті кездеспейтінін байқадық. Бұл да уақыт сыншысы, тарих таразысы ретінде, халқымыздың лайықты азаматтарын тарихта таңбалап қалдырудың бір жолы десек болар.

Сонымен бірге, қазақтар көру аясындағы көп нысанды бірден тәртіптеп, жалпылап, ортақ атау беруге шебер екендігін жоғарыда келтірілген және басқа да мысалдар ерекшелейді. Сол нысандардың алып тұрған орнын бағалап, көп нысанның арасынан кейбіреуін бөліп алып, басқалармен арақатынасын қашықтық, биіктік белгілерімен бағамдап, немесе санын анықтап, көңіліне жаққан дәрежеде жалқы есім беретін мысалары да аз емес.

Жер-су атауларының бейнелі, тіпті шебер тоқымашының терме алашасындай көркем болып келетініне құлағымыз үйреніп қалған, кейбір жүдеу тартқан атауларды естігенде, көзіңізге елестеген көріністен тітіркеніп, келеңсіз ойға кетесіз. Қазақ өрт деген құбылысқа шошына қарайды, қарғыстың ауыры «өртке» байланысты, даланың өрті күнкөріс көзі - малға жұт, мал жұтаса көшпелі қазаққа өмір жоқ. Сондықтан, бір кездегі өрт оқиғасын ұмытпас үшін қойылғандай көрінетін, өткен шақ етістіктен жасалған сын есім «Күйген» сөзі, төрт рет кездескен «Күйген жұрт», сегіз рет аталған «Күйгенкепе» қанша уайым-қайғы арқалап тұрғанын түсінсек-ші? Алғашқысында, өртенген жұрттан өре көшкен ел, екіншісінде жерден қазып жасаған «кепе» түріндегі баспананың отқа оранып, бала-шаға, кәрі-құртаңның ашық аспан астында аңырап қалған шарасыз күйі жаныңды ауыртады. Заты, қазақ баласы өзі от тастап, даланы өртемейді Жазатайым шыққан өртке «ақ құйып» тоқтатады, өрттің қайталанбауын тілеп, тиісті ырымын жасауға ерінбейді. Алайда, өзге өлкеде, мүлде басқа табиғат аясында еүн кешкен этностар үшін, даланың бір түп көдесі, бір құшақ қау-қауданы қазына емес, олар үшін «былтырдан қалған ескі шөп, биыл мал сүйсініп жемейді», яғни жан берсін, күйе берсін, қажеті жоқ...

Күйген демекші, жерлес классик-жазушымыз Сәбит Мұқановтың туып-өскен жері «Жаманшұбар» аталады. Сол топонимге байланысты түсінік берген жазушы жергілікті орыс жұрты көктем шыға былтырғы қаудан шөпті өртейді... өртеңге шыққан жаңа шөпке мал қызығады... осындай бір жылғы өртке ауыл жұрты ие бола алмай қалып, өртенген ағаш түбірлері анадайдан қарайып, шұбарланып жататынын, осыған байланысты «Жаманшұбар» атанғанын жазады. «...Жаманшұбар әлі де құлазып тұр. Өткен жылы өрт жүріп, оның әр жеріне шоқтала өскен ағаштарын тағы да арса ғып, күйдіріп кеткен. Ал, өртеңге шыққан қалың шөптің биіктігі белуардан.» Көкм шығарамын деп жер өртеген жерлестеріміздің сол кәсібі көпке жалғасса керек, дәл қазір облыс аумағында «Күйген», «Өртенген» дегенді білдіретін «Горелое», «Горелый», «Горелик» деген 32 атау кездесетініне таң қалуға болар еді. Осылардың тең жартысы елді мекендер, қалғаны орман-тоғай, қамыс, көлдер мен батпақтар. Сәбеңнің «Жаманшұбары» сол көптің бірі ғана

Тілдің лексикалық құрамы ретінде топонимика халқымыздың өткенінен хабар беретін материалдық және рухани мәдениеттің қызықты белгілерін тарихының ғылым ретінде

Солтүстік номастикалық кеңістік пен ономастикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде

Айталық, шоқы мен төбенің жазыққа қарағандағы қатынасы, көл жағасынан ағаштың қаншалықты жақын немесе алыс өсіп тұрғаны, томардағы ылғалдың немесе басымдау өскен шөптің тегіне қарай, саралап ат береді.

Географиялық атаулардың әрқайсысы-ақ ақпараттық жағынан құнды екені ежелден мәлім. Топонимикалық лексикадан мұның сан түрлі көрінісін табуға болады.

Жалқы атаулардың мағынасы өзі пайда болған жалпы атаулардың мәніне тең болуы шарт емес. Бұлай деп талап қоя отырып қарастырудың өзі артық болар еді. Солтүстік Қазақстан облысы аумағының топонимикасынан бұған дәлел бола алатын талай айғақ табуға болады. Қоңырқасқыр, Қырыққұдық, Аралдықызыл, Жақсықызыл, Жаманағаш, Жаманжан, Жаманқара, Қызылтоғай (2), Қызылтомар, Қызылшілік, Сарымай, Сарыбас, Сарыбауыр,

Топонимикалық аталымдардың қалыптасуындағы тілдік заңдылықтарды әр қырынан қарастырып жүрген зерттеушілердің бірі Қ.Рысбергген: «Жер-су атауларында лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың үйлесім табуы тіл мен сананың, тіл мен кеңістіктің байланысын айқын байқауға мүмкіндік береді» дейді.

Қазақ ономастикасындағы топонимдерді семантикалық, құрылымдық әдіс тұрғысынан жүйелі түрде зерттеушілер тілдік таңбада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығын бірде «ғаламның тілдік репрезентациясы», бірде «ғаламның тілдік моделі», бірде «ғаламның тілдік бейнесі», бірде «тіларалық ғалам»

деп көрсетіп жүр. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы дау туғызбайтын құбылыс болса, ол әуелі этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Қарғалы, Бұлантал, Бөрілі (2), Борсықағаш, Жыланды, Қасқырлы (3), Түлкішықпас, Тұзаққұрған, Тұйғынтүскен, Шағалалы, Шошқалы (5), Үкілі деген мысалдар қазақ халқының көру, есте ұстау, ұлттық дүние бейнесін қабылдау қабілеті ерекше дамыған дамығандығын көрсететіндігіне тағы бір дәлел.

### *Даладағы «аралдар мен шоқтар» туралы*

Когнитивті семантика теориясы тұрғысында қарасақ, «арал» - түсінігі су айдыны ортасындағы құрғақ жер; сумен қоршалған шектелген кеңістік дегенді білдіреді. Ал, қазақ тілінде «арал» деп кең жазықтықтағы ағаш шоғырын, кеңістікте бой көтерген шоқыны /шоқыларды/ үйіліп жатқан тастарды, тіпті көптеген елді мекендердің ортасында орналасқан, ерекше этномәдени белгісі бар жеке елді мекенді /мекендерді/ де айта береді. Солтүстік Қазақстанда, мысалы осындай «арал ағаштар» бірнешеу. Демек, біз байқаған «арал» нысандар өзін қоршаған кеңістікпен, немесе басқа ірі көлемді нысандармен

өздерінің шегаралары арқылы бөлінеді. Бұл шегаралар, тиісінше сол «арал» нысандардың да шегарасы болып табылады да өздері де кеңістік белгісімен танылады. Демек, «арал» атауына тән сипатты табу үшін сол аралды қоршап тұрған сыртқы кеңістіктің айырықша белгісін танып алуымыз керек.

Мыс. профессор З.Тайшыбай Солтүстік Қазақстан облысына тән этномәдени ерекшелік ретінде: «мұнда қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін, тілін, қысқаша айтқанда «қазақтығын» сақтап қалған, осы уақытқа дейін ұлттық болмысын сақтап, ежелгі этнографиялық белгілерін жоғалтпаған «арал ауылдар» бар екендігін айтып отырады. Осылайша, еуропа сипатты қалың елді мекендердің ортасында өзіне ғана тән, айрықша сыртқы белгілері мен ішкі мазмұны бар қазақ ауылдарының, (тіпті этноауыл десе де болады) соңғы 60-50 жылға дейін сақталып келгенін дәлелдейді.

Екінші бір байқалғаны, кейде сусыз кеңістіктегі «арал» ұғымына «шоқ,шоғыр» сөздерін синоним етіп алуға болатындай. Мысалы, «шоқ ағаш», «шоқ қарағай», «шоқ терек», «шоқ төбе», «тоғайлар шоғыры», «обалар шоғыры» т.б.

Жасалу мақсаты, пайдалану, кәдеге жаратылуы басқа сипаттағы үйлерді, қаланы, бөлмелерді, аулаларды, басқа да кейбір ғимараттарды «арал» немесе «шоқ, шоғыр» деп атай қою қиын. Өйткені олар құлаққа естілгеннен кейін назар сала қарағанда, жоғарыда айтылған «арал» сияқты әсер қалдырмайды.

«Арал» нысанын сыртқы кеңістік көрінісімен салыстырып, жеке қарастырғанда, әрине, оның «аралдық» белгісі әр уақытта, әркімге айқын таныла бермеуі де мүмкін. Арал+кепе, Арал+көл, Арал+қызыл, Арал+ды+қызыл, Арал+терек, Арал+ағаш, Кең+арал атаулары құлағыңызға майдай жағып, туған жердің баға жетпес байлығының тағы бір байғазысындай сыңғырлап тұрған жоқ па?

Осыдан бір ғасыр бұрын біздің облысымызда екі қыстаудың атау «Кендірқопа» болса, тағы бір «Кендірлі» деген мекен болыпты. Кендірдің орысшасы «Конопля» деген шөп тектес қурайша екені мәлім. Қазір олар қатардан шығып қалған, бүгінгі топонимдер қатарында жоқ. Оның есесіне «Конопляное», «Конопляник» деген бес көл және «Коноплево» деген батпақ бар. Ғылыми әдебиетте **кендірге** талшықтарынан мата, арқан, жіп өндіретін көпжылдық жабайы шөптесін өсімдік деген анықтама берілген. Орталық Азияға тән кендір өсімдігі Қазақстанда Іле, Балқаш, Шу, Сырдария өңірлерінде көптеп кездеседі. Қазақты дәстүрлі шаруашылығында кендірдің сабағын қара күзде, әбден кеуіп құрғағанда, кейбір жағдайда, кейде қыстыгүні қардың астынан жинап алады. Көп қылып жиналған кендірді бастырып, сабақтарын босатып алғаннан соң, су сеуіп ылғалдайды, себебі ылғал күйінде талшықтар қабығынан оңай және қалдықсыз ажырайды. Осылай дайындалған кендір сабағын кәдімгі сіңірден тарамыс алғандай, жақсылап түйіп, уқалап, талшықтарды қабығынан ажыратып алып, сапасына қарай бөліп шүйкелейді. Жоғары сапалы талшықтардан мата тоқитын жіңішке жіптер иіріледі. Қысқалау, буынтықты талшықтарды сілемейлеп ұзындығы 30-40 см арқан иіретін шүйке жіптер дайындалады да, дәстүрлі тәсілмен арқан есіп, жіп иіреді.

Солай десек те, кендір солтүстіктің қазақтары үшін аса сүйкімді дақыл болмаған.

Жетісу, Сыр өңірінде кендір талшықтарын қылмен араластырып қанар, қап тоқып, түрлі арқан, баулар еседі. Бір айта кететін жайт, кендір арқанмен мал байламайды, себебі кендір арқан су тигенде ісініп қатайып, малдың денесін қажайды. Осыған байланысты ел арасында «Жыңғылмен мал айдама, кендірмен мал байлама» деген мақал бар. Қазақтар көші-қон кезінде кендір қалың өскен жерлерді мүмкіндігінше айналып өтуге тырысқан, себебі қураған кендір сабағын, сояуларын жеген мал уланып іш, өкпе ауруларына шалдығады деп есептеген..

Техникалық дақыл ретінде славян тектес халықтар кендірден жіп иіріп, мата тоқиды да, оған құрметпен қарайды. Кеңес Одағы кезінде де 20-30 жылдары Шу, Сырдария өңірінде кендірді техникалық дақыл ретінде қолданысқа енгізу мақсатында агрономиялық-селекциялық тәжірибелер жүргізілген. **(Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы. РПК «СЛОН», 2012, 60-61-бет.)**

Топонимиканың төркінінде ұлттық сана-сезім, талғам мен қажеттілік жатқанын осыдан-ақ байқауға болады.

Адам баласы табиғи нысандарды көріп, сынап бағалағанда оның табиғи жаратылысындағы ерекшеліктерін мейлінше дәл сипаттауға тырысады. Бәлкім, алғашқы қойылған атау келер ұрпақтар тарапынын сыналып-мінеліп, толықтырылып, жан-жақты қарастырылуы, нақтылануы мүмкін. Топонимиканы «ата-бабаларымыздың бізге жазып қалдырған хаты» дейтініміз, баға жетпес ескерткіш жәдігер санайтынымыз сондықтан. Бұл арада түр (форма) категориясы ілгері тұрады деп ойлаймыз. Нысанның көзге көрінгендегі сипаты, әсіресе, алдынан қарағанда айшықты танылмақ. иТүзу, қисық, тік, көл беу, дөңгелек, аласа, биік

Солтүстік Қазақстанда кездесетін географиялық атауларда түр категориясының санатына жататын мына белгілер жиірек кездеседі.

## **ХРИСТИАН ДІНІНІҢ ӘСЕРІНЕН ҚАЛЫПТАНҒАН АТАУЛАР**

Облыс аумағының топонимикасы туралы сөз болғанда, біз тарихи жағдайларға байланысты ішкі Ресейдің көптеген жерінен келіп қоныстанғандар арасында әртүрлі діни сенім иелерінің болғанын да есеруге міндеттіміз. Солардың ішінен, әсіресе славян текті халықтардан католиктер мен православиелік христиандардың саны көп болғанын білеміз. Тағдыр айдап, туған-өскен жерінен жыраққа дәм тартып келіп қалған жаяулы-жалпылы келімсектер жаңа қоныста кездескен қиыншылықтарды жеңу үшін өзі сенетін әулие-пірлеріне жалбарынатыны мәлім. Міне, осы жағдайлар солтүстік аймақтың жер-су атауларында, елді мекен-қоныстардың аттарында жазылып қалған.

XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейін тиылмаған келімсектер тасқынын бейнелейтін христиан дінін ұстанушылар қойған атауларға тоқталайық. Сан жағынан бұлар өте көп болмағанымен, қазақтың жер ббедеріне

елеулі із қалдырған. Мысалы, осы күнге дейін сақталып келе жатқан атаулардың біреуі Жамбыл ауданындағы «Благовещенская» өзегі мен сол аттас Благовещенка деген ірі елді мекен, тіпті бір кезде аудан орталығы да болған. Жас ұрпаққа түсінікті болуы үшін осы атауға байланысты мынадай аңыз бар екенін айта кетейік:

Христиан діні бойынша Жебрейіл періште Мария қызға наурыздың 25 жұлдызы (ескіше) немесе 7 сәуірде (жаңаша) аян береді «сен пір сипатты ғажап ұл табасың, оған бүкіл әлем табынатын болады», деп аян берген оқиғаны орысша Благовещение Пресвятой Богородицы (Құдайдың анасына жеткен «игі хабар» дегеніміз осы) деп әуезе қылады. Осыдан барып, Благовещенск, Благовещенка, осыған ұқсас қоныстардың атауы туған.

«Введение во храм Пресвятой Богородицы» — үш жасар Мария бикешті (болашақ Ғайса пайғамбардың анасы) ата-анасы Иерусалим ғибадатханасына тәрбиеге тапсырған күні 21 қараша (4 желтоқсан) жыл сайын мейрам ретінде атап өтіледі. Осы күнді жақсы ырымға балаған үмметтері елді мекенге ат қойып, таңбалайды.

«Вознесение» мерекесі Пасха мейрамынан 40 күн кейін Ғайса пайғамбар көк жүзіне ұшып шығып, қоныс тапты деген аңыз бойынша атап өтіледі. Осыны ырым етіп Вознесение, Вознесенск, Вознесенский деген атау берілген. Мысалы, Петропавлда осы аттас көше және Қызылжар ауданында Вознесенка деген село болған. Пасха мерекесінің алдындағы жексенбі «Вербное» деп аталып, Ғайса пайғамбардың Иерусалимге келген қасиетті күн ретінде тойланады. Осы күні іргесі қаланған елді мекенге Вербное, Вербная деген атау берген.

«Крестовоздвижение» — ІҮ ғасырда Елена әулие Жерісәлемде Ғайса пайғамбардың айқышын тауып алған күн 14(27) қыркүйекке сәйкес келеді. Воздвиженка, Воздвиженск деген село аты осыған байланысты қойылған. Есіл ауданындағы Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа қарай Кресты деген көл, осы аттас өзек бар.

«Крещение Господне (Богоявление)» Шоқындырушы Иоанн пайғамбардың Ғайса пайғамбарды Иордан өзеніне шомылдырған күні 6(19) қаңтар. Соның құрметіне Богоявление, Явленное, Явленка деген атаулар таңдалған.

1(14) қаңтар -Ғайса пайғамбардың сүндетке отырғызылған күні, жыл басы.

«Пасха» – Ғайса пайғамбардың айқышқа керіліп, жаза тартқан күні. Көктемгі күн мен түн теңелгеннен кейін жаңа Ай туған жексенбі, христиандардың төл мерекесі. Православ шіркеуі бойынша июлий күнтізбесіне сай 22 наурыз бен 23 сәуір арасына дәл келеді.

«Покровы», қазақша Боқырау, X ғасырда Константинопольдегі Влахерн храмына Ғазиз ана келіп, ғибадатшы христиандардың төбесіне жамылғысын (Покров) жауып, арабтарға қарсы соғыста жеңіске жетуге батасын берген күн ретінде 1 (14) қазан күні атап өтіледі. Осы күнді есте қалдыру үшін Покровка, Покровск, Покровский деген атаулар алынған. Есіл ауданы мен Мамлют ауданында бір-бірден Покровка және Келтесор көлінің оңтүстік-шығысы мен Алуа көлінен батысқа қарай Покровское деген батпақ бар.

Шарапатты құдай-ана мейрамы. 8 (21) қыркүйек Ғайса пайғамбардың анасы Мәрияның дүниеге келген күні құметіне «Мариновк», «Марьевка», «Богородица» деген атаулар берілетін дәстүр қалыптасқан.

Облыста Мария ананың құрметіне қойылған Марьевка деген аудан орталығы болған еді, ол Сергеев су қоймасының астында қалған.

Ғайса (Иусус Христос) пайғамбардың есіміне байланысты Спас, Спасское, Спасовка деген атаулар да көпке мәләм. Әдетте, шіркеулерге қойылатын атау, Ғайса пайғамбар тіріліп келіп, жарлы-жақыбайларды құтқарып, бақытқа бөлейді деген сенімге сай, жақсы ырым ретінде Есіл ауданындағы бір селоға Спасовка түрінде қойылып, Меңкесердің оңтүстік-батысындағы бір көл Спасское аталады екен.

«Троица» мен «Успение» де жақсы ырымға жоралғы болсын деп таңдалған жер атаулары екенін білуіміз керек. Жамбыл ауданындағы Троицкое, Мағжан Жұмабаев ауданындағы Успенка, Булаев-Молодогвардейск теміржол тармағындағы Успенка стансасы христиан мерекелеріне сай аталған.

Тарихи отанынан алыстап, күн көрістің қамымен ауа көшкен қайыршы жұртты үміті алыстағы қазақ жерінде жетелегені мәлім. «Жиделі-байсын, түгін тартсаң майы шығатын құнарлы өлке бос жатыр, барындар да нәпақа табындар» деген лақапқа ерген, басқа барар жері, басар тауы қалмай, жоқшылықпен күйзелген пенде жаяулы-жалпылы қазақ даласына шұбыра бастады. Ресей өкіметі тарапынан кейде беріліп, кейде берілмеген азын-аулақ көмекке сенген «қарашекпен» (қазақтарбосқын шаруаларды «қарашекпен» деп, жалаң қылыш атты казактарды «қазақ-орыс» деп атағаны мәлім) өздеріне бұйырған жер телімін өз тілінде атай бастаған. Ертеңге деген сеніміне қол созып, туған жерін сағынғанда есе алып жүрмекке қазақ даласынан тапқан қоныстарын әулие-әнбиелердің, өздері сеніп, табынатын пайғамбарлар мен сахабалардың атымен атағанының мысалдары біздің жерімізде аз емес.

Шіркеулер мен басқа да ғибадатханаларға Андрей, Архангел, Богородица, Воскресенье, Илья, Михаил, Николай, Петр сияқты есімдерді жиі кездесетін себебі осы. б.

Мысалы, Айыртау, Мағжан Жұмабаев, Мамлют аудандарының әрқайсында бірден Воскресенка, Жапмбыл және Қызылжар аудандарында Архангелкалар, Айыртау және Есіл аудандарында Никольскілер, Есіл және Қызылжар аудандарында бір-бір Николаевка осындай дәстүрдің айғағы. Кезінде, елді мекен атауларына идеоглогиялық талаппен қарағанымыз сияқты, көне христиан түсініктерін еске сақтау мақсатында, мысалы аудан сайын міндетті түрде бір Петровкадан, бір Андреевкадан, Воскресенкадан т.с. болуға тиіс деген іштей ұстаным болған сияқты әсер береді.

Облыс орталығы әуелде, 1752 жылы әулие Петр атымен аталып ашылған уақытша бекініс, кейін нығая, күш ала келіп, соғыс қимылдарының пірлері Петр мен Паулдың құрметіне, жаздың басы аталған Петров день (19 маусым) 12 шілде Петрмен Паул мерекесіне байланысты аталғаны тарихтан мәлім. Қала әкімшілігінің түсінбестігінен, соңғы жылдары қаламызда осы христиан

мейрамы «Қала күні» деген дәрежеге көтеріліп, ресми түрде атап өтілетін болды.

«Преображение Господня» – Ғайса пайғамбар Адам кейпіне кіріп, шәкірттеріне көрінуге келген күні 6 (19) тамыз. Преображенка, Преображенск, Преображение, Преображенский қатарлы селоларға атау болған.

25 желтоқсан Ғайса пайғамбардың туған күні, христиан әлемінің негізгі мейрамдарының бірі. Православие шіркеуінің салтымен григорий күнтізбесі бойынша 1 қаңтар. Осы күнді ырым етіп, қойылған «Рождественский» деген атаулар жиі кездеседі. Қазақстан Президентінің жарлығымен Рождествоның бір күні мемлекеттік мейрамдар қатарына қосылды.

2 (15) ақпан ата-анасы Ғайса сәбиді алғаш рет ғибадатханаға әкеліп Симеон-мессия қарияның батасын алған күн Сретение деп аталады. Осыған байланысты Сретение, Сретенск деген атаулар таңдалған.

«роицк» деген қала, ауыл атының негізінде Ғайса пайғамбардың мүридтеріне рух қонған күн, яғни пасха өткеннен кейінгі елуінші күні аталатын қасиетті күн жатыр.

Успенск, Успение, Өспен деген елді мекен атаулар Мәрия-ананың қайтыс болған күні 15(28) тамызда қолға алған істің, мысалы ірге көтеру, қазық қағу, көштің жүгін түсіру сәтіне арналған атау.

Қазақ жерінде өзге діни сенім-нанымға байланысты қалыптасқан атаулардың ғылыми-мәдени маңызы бар деп ойлаймыз. Көшіп келген жерін, мекені мен өрісін таңбалау үрдісі тағы жануарларға да тән. Сүт қоректі жануарлар өзінің мекенін, өзі үйренген тіршілік ортасын белгілеу үшін таңба салатыны, иіс қалдыратыны, сол таңба мен иісті қалай қорғайтыны туралы бұлжымас деректер баршылық.

Сол сияқты, жоғарыда біз шолып өткен тарихта, қазақ даласына амалсыздан күн-көріс үшін, тіршілік қамымен келген келімсектер де уақытша қоныстың өзіне ат қойғаны, сол атаудың өз сеніміне жақын ырым болғанын көреміз. Бұл жағдайларды мейлінше қорғап, заңдастырған Ресейдің мемлекеттік органдарының құжаттарын да келтірдік. Сонда, әуелі көрші мемлекеттің жеріне көз алартып, одан кейін қоныстанушыларды жіберіп, ақырында түбегейлі меншіктеніп алуға ниеттенген отаршылдық пиғылдың куәсі болғанымызды қазіргі және келер ұрпақтар білуге тиіс.

## **VII ТАРАУ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ДИАХРОНИЯСЫ: XVIII-XIX ғғ**

Қазақ ономастикасында топонимдер семантикалық, құрылымдық әдіс тұрғысынан жүйелі түрде зерттеліп келеді. Тілдік таңбада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығы түрлі тілдік концепцияларда бірде «ғаламның тілдік репрезентациясы», бірде «ғаламның тілдік моделі», бірде «ғаламның тілдік бейнесі», бірде «тіларалық ғалам» деп көрсетіліп жүр.



Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты. Өйткені, тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады.

Оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әр түрлі екендігінің мөлтек көріністерін өзіміздің Қызылжар-Есіл өңірінен байқаймыз.

Қазақ халқының көру, есте ұстау, ұлттық дүние бейнесін қабылдау қабілеті ерекше дамығандығын өз облысымыздың тарихынан алынған мына мысалдармен кестелеуге болар еді. Мал шаруашылығымен айналысқан . қазақ халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін ономастиканың өмірде маңызды орын алып, олардың дала алқабы мен шөлді жайылымдары да көші-қон кезінде белгілі қызмет атқарғанын байқауға болады. «Ономастикалық атауларда этнос пен табиғат байланысын бейнелейтін атаулардың көп болуы топонимикалық нысандарға негізделгенін, қазақтардың тұрмыс-салты, этномәдени, тіршілігі мен шаруашылық түрінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты түсіндіруге болады. Белгілі бір топонимикалық нысанның *түрін, түсін, пішінін, көлемін көру, ұқсату* т.б. *уәжі* арқылы қабылдаған. Бұл қабылдауда ұлттық этнографиялық нысандар жататынын келтіреді.

Халық тарапынан қойылған жер-су атаулары – сол жердің табиғи құжаты болып табылады. Әрбір географиялық атау географиялық картада, ресми құжаттарда өз орнын табуы керек. Ол үшін ел болып жұмылып, түзетіп, қалпына келтіру, зерттеулер жүргізу, баршамыздың міндетіміз болып табылады.

Кез келген аймақтың (аумақтың, регионның, өңірдің, өлкенің) топонимиялық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан: аймақтың табиғат жағдайларын, сол өлкені мекендеген халықтың көне және жаңа тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың материалдық және рухани мәдениеттерінен көрініс бере алатын көптеген жалқы географиялық есімдер жиынтығы, кешені болып келеді.

«Аймақтық топонимиялық жүйе ұлттық топонимиялық жүйенің құрамдас бөлігі, сонымен қатар өзіндік аймақтық өзгешіліктері бар жүйелік топонимикалық құрылым болып табылады. Топонимиялық аймақтың межелері әкімшілік-экономикалық аумақтық межелерімен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ әкімшілік-экономикалық құрылыстың тарихи, саяси, шаруашылық, этномәдени факторлары аймақтық топонимиялық жүйені сипаттауда назарға алынады. Сонымен қатар жергілікті тіл ерекшеліктерінің де аймаққа қатысы ескерілмек» [1, 44 б.].

Біздің пікірімізше, белгілі бір аудан аумағындағы топонимдер жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйесін құра алады, себебі кейбір аудан (барлығы емес) топонимиясы сол алғышарттар мен олардың топонимиялық көріністерінің байланысын аймақтық деңгейде паш етеді. Басқаша айтқанда, аймақтық сипат сол аудан көлеміндегі топонимиялық жүйеге тән, демек, аудан топонимиясы басқа аудандар, басқа өңірлер, өлкелер топонимиясынан өзгеше, өзіндік ерекшеліктерге ие.

## ХҮШ ҒАСЫРДА БАСТАЛҒАН ҮРДІСТЕР

Жер-су атын өзгерту – жай әуесқойлық емес, сол маңайда бұрын ешқандай халық мекендемеген, демек, иесіз жерге қазық қағуға болады деген жымысқы саясатпен әдейі жасалған шара екені мәлім. Және мұндай ат қою немесе байырғы қазақы атауларды өзгерту ешқашан тоқтамастан, бірте-бірте жүргізіліп келді. Бұған, сонымен қатар, қазақы атаулардың өзінің транскрипциясын өзгертіп, адам танымастай қалыпқа түсіргендікті де қосу керек (Мысалы: Шабакты – Чебашье, Тереңкөл – Торангул, Тоқыш – Токушино, Асан – Асаново т.с.с).

Солтүстік өлкеде жер-су аттарының орынсыз өзгеруі, шамамен осыдан 230-250 жыл бұрын басталған болатын. Айталық, отарланған елді мекендердің қазақша атауларын орысшамен айырбастау туралы әскери губернатор Г. Меньшиковтың бұйрығы 1774 жылғы 1-қаңтардан орындала бастады. Әкімшіліктің зорлық күшімен өзгерген алғашқы атаулар, мысалы, мыналар еді:

Омбы уезіндегі Атқы-Мөңтік-Сары Қарауыл болысының атауы Николаев болысы, Петропавл уезіндегі Матақай-Сыбан-Керей болысының атауы Пресногорьковская болып өзгертілді. [2]

Бұл атаулар күні бүгінге дейін отарлау саясатының ескерткішіндей сақталып қалды. Бұл үрдіс тоқталмай, жалғаса берді.

Мысалы, 1830 жылғы географиялық картаның бетіндегі көлдер мен елді мекендер аттарының жаппай орысшалануы да көп нәрседен хабар бергендей.

1832 жылы Омбы облысының аймағын әскери-топографиялық картаға түсіру үшін подполковник Бутковскийдің басшылығымен арнайы экспедиция құрылды. Экспедицияның 1833 жылы дайындаған есеп-санақ сипаттамасында Көкшетау округінде (қазіргі СҚО аймағын да қамтиды -авт.) тұратын халықтың әкімшілік болыстарға бөлінгендегі жағдайы көрсетілді:

1. Майлы Балта-Атығай болысы (ондағы негізгі рулар: бабасан 286 түтін, сүйіндік-қара 228 түтін, елтоқ 150 түтін, сарыбаласы 342 түтін, қадыр 280 түтін).

2. Атығай-Бағыш(оның ішінде доңқай 150 түтін, рысқұл 198 түтін, құлансу 80 түтін).

3. Қырғыз (долана-қырғыз 155 түтін, басай-қырғыз 180 түтін).

4. Дауылбай-Қарауыл (дүйсен 110 түтін, серке 75 түтін, күлдей 63 түтін).

5. Құттымбет-Қарауыл (ноқай 205 түтін және малай 205 түтін).

6. Қылды-Қарауыл (жанған 176, тарағай 150 және қуандық 66).

7. Едікбай-Қошқар-Қарауыл (байқошқар 145, елікбай 150).

8. Баба-Атығай (оның ішінде баба490 түтін)

9. Қойлы-Атығай (қарабалық 207 және әлмәмбет 307 түтін)

10. Рысай-Атығай (есенгелді 376 түтін).

11. Құдайберді-Атығай (көшқұлы және ораз 249 түтін, аңдағұл және жұмық 330, жантелі және ақмәліш 236 түтін).

12. Ноғай-Қарауыл (есенгелді 219 түтін).

13. Атығай-Бағыс (назар, байназар және серке 612 түтін).

14. Балта-керей (балта 184 түтін).

15. Құрсары-керей(бураз және құрман – 45 түтін).

16. Уақ (шоға – 132 түтін)

17. Бәйімбет-Атығай (айбас 385 түтін).

Аманқарағай округінен қосылған:

18. Уақ (байдалы 500, жансары 525, барғана 450, шайгөз 225, сіргелі 50, ергенекті-уақ 50 шаңырақ).

19. Керей (көшебе 700, сибан 500, матақай 1000, самай 500, есенбақты 200, еменәлі 150, қантай 250, тазда-керей 100, дәулетімбет 100, нұрымбет 380, қақсұт 540, шағалақ 100, қаракемпір 8, құрама-құлтаба 180 шаңырақ).

20. Арғын (таз 700, өтей 500, қалуқай 500, оқташ 510, тағаш 100, жиёмбет 200, қанжығалы 500, кубет-ұзын-торайғыр-қыпшақ 350, бағаналы 300, арғын-ақшаты 100, арғын-сүгір 40, матақай-керей 500, арғын-сарыжетім 300, арғын-жолтай 135 шаңырақ.

Моншақты округінен қосылған:

21. Құрсары-керей 4011 түтін, ақсары-керей 208 түтін, қашақты және шұбар қарауыл 2100, қанжығалы 6420, әжібай – 1580, қанжығалы 2000, ақсары-керей 3592 түтін. [3]

Петропавл бекінісіндегі сауда- саттықтың маңыздылығын ескере отырып және осы өңірдегі ірі сауда орталығы болғандықтан патша өкіметі 1782 жылы Пресногорьковский, Николаевский, Омбы шекара-кеден тіректерін бекітті [4.].

XVIII ғасырдың ортасында Ресей әскери шептерді салу арқылы Орта жүз қазақтарының жерлерін азайту туралы алғашқы заң актілерін қабылдауға мүмкіндік алды

Ресей сыртқы істер алқасының 1771 жылғы жарлығымен «Ащы көлдер шебі» арқылы қазақтардың өтуіне ішінара рұқсат етілді, ал 1788 және 1797 жылдардағы жарлықтармен қазақтарға Ресей иеліктерінің ішіне қоныстануға құқық берілді.

Оның есесіне қазақтардың жайлымды жерлері жаңадан белгіленген шекаралық шептің «ішкі жағында» қалып қойды. Қазақтардың қарулы қарсылығы басталып кетті. Бұл оқиғалар XIX ғасырда өмір сүрген зерттеушілердің бірі Н. Петропавловскийдің еңбегінде жеткілікті дәрежеде жан-жақты суреттелген :“ ...Қорған, Есіл және Туқала округтарында орыс шаруалары жердің заңды иелері қазақтармен күрес жүргізді. Жаңа шекара шебі жаңадан басып алынған жерлерді қазақтардан қорғау үшін патша үкіметіне қызмет етті. Бір жағынан, жоңғарлармен, екінші жағынан, башқұрттармен жанталаса күрес жүргізген қазақтардың патша үкіметінің жерді тартып алу экспансиясына ұйымдасқан түрде қатты қарсылық көрсетуге мұршасы келмеді.

Осылайша Ресей әкімшілігі Абылай сұлтанның тарап етуіне байланысты 1759 жылы Әулие Петр бекінісінде айырбас сауда ұйымдастыру туралы қауылы қабылдады. Осы істі жүзеге асыру барысында айырбастау алаңы ашылды [5]

М. Сперанскийдің жобасы қазақтың кең даласын бір ғана Ресейдің бодандығына түбегейлі көшіру жоспары болатын. Орта Жүздің ханы Уәли

Абылайұлының қазасын сәтті келген жағдай деп есептеп, Ресей империясы Қазақстандағы хандық билікті мүлде жойып жіберді.

Омбы деп аталатын жаңа облыс құрылғанда, «Сібір қазақтарының Жарғысы» деген құжат өмірге келді. Отарлау саясатының білгір мамандарының бірі Корф бұл жоспар жөнінде кезінде былай деп жазған болатын:

«Қазақ даласын осы бір ғана құжат арқылы бейбіт жолмен басып алудың маңызы өз кезінде қалай бағаланса да, тарихи тұрғыда бұл өзі аса зор маңызды факт болатын».

Ал, Сперанский Капцевичке жазған құпия хатында өз жоспарының ішкі сырын былайша ашқан:

«Қазақ даласына қарай басқан әрбір қадамымыз батылдық болып көрінетіні рас. Бірақ, Жарғыда бұл қадамдар – мақсат, түпкі бағыт, беталысымызды түзеп алу тұрғысында көрсетілген. Бәлкім, бұл мақсатқа жарты ғасыр өткеннен кейін жетерміз. Әзірше сенімсіздеу, баяу жылжып келе жатсақ та, айқын жоспарымыз бар, бағытымыз дұрыс. Жергілікті жағдайлардың аңысын аңдып, қолайлы сәтті қалт жіберіп алмасақ болғаны. Осылайша, Қыр өлкесіне қарай жылжып, азаматтық өзгерістерді («жер-су атауын өзгертуді» деген сөз.-З.Т.) қазақ арасына бірте-бірте енгізіп отыру – Глазенап марқұмның үшінші шекара шебін тарту жөніндегі ұсынысына қарағанда, ең қолайлы әдіс»<sup>1</sup>.

Қазақ жерлеріне қарай жылжудың екінші кезеңі Қыр өлкесінің генерал-губернаторы Х.Гасфорттың кезінде, 1854 жылы Омбы облысы таратылып, Ақмола және Семей облыстарының құрылуы еді. Сөйтіп, Қазақстанның ұлан-байтақ солтүстік, шығыс және орталық аймақтары немесе Орта Жүздің жері Ресей империясының қарауына сұраусыз, жоқтаусыз өтіп жатты.

«Русский инвалид» газетінің 1857 жылғы 12-қарашадағы санында «Омбыдан хат» деген тақырыппен жазған автор, қуанышын жасыра алмай былай деп жазыпты:

«Жаңадан екі облыс құрылуына байланысты «қазақ жерлері», «Орта Жүз бен Ресей шекарасы» деген түсініктер мүлде жойылды. Ешбір шығынсыз, әуре-сарсаңсыз, қауырсын қаламның ұшымен бір-ақ сызып, осынау үлкен елдің аумағын империя шегіне енгізіліп, үзілді-кесілді қосып алдық»<sup>2</sup>.

Ал, социалистік идеяны ту еткен кеңес үкіметі тоталитарлық зорлау, қинау, жазықсыз жазалауды өмірге ендіру арқылы бір қалыпқа түсірілген «үйретінді» менталитетті қалыптастырудың нәтижесінде жаңа атаулар саясатынодан әрі жалғастырды. Осы арқылы халықтың тарихи жадының бір саласы ретінде қалыптасқан тұрақты тарихи ұлттық ұғымына айналған елді мекен, жер атауларын зорлықпен өзгертіп, одан қол үздірді<sup>3</sup>.

1752 жылы-268 жыл бұрын, Ресейдің оңтүстік шекарасын қауіпсіз ету мақсатында Ертістен Бағланға дейін шеп тізбегін тартқанда, кезекті қорғаныс бекіністерінің бірін салу үшін орын таңдалған. Жергілікті қазақтардың келісімін алып, Есіл өзені жағасынан, адамның тұрмыс-тіршілігіне аса қолайлы,

<sup>1</sup> Сонда, 247-бет.

<sup>2</sup> Бұрбаев Т. Ұлт менталитеті. Астана, 2001, 26-бет.

<sup>3</sup> Мырзахметұлы М. Қазақ топонимдері мен антропонимдері.// Ономастика: бүгінгі мен болашағы. Астана, 2002, 20-бет.

табиғаты бай Қызылжар деп аталған қоныс лайық көрінген. Әуелде святой Петр, кейін Петропавл бекінісі деген әскери тірек қосыны, бірте-бірте көрнекті елді мекенге айналды. [6].

1752 жылы генерал Х.Киндерман жоспарының бекітілуімен, бірден орыс бекіністері Қазақ елінің солтүстігінде салына бастады. Осыған орай, Покровский, Николаевский, Лебяжье, Петропавловский, Полуденный, Становой, Пресновский, Звериноголовый атты бекіністер бой көтерді. [7].

Сібір шебінің басшысы полковник Ифлантаның 1752 жылдың 27 шілдесіндегі Крафтқа жазған баяндамасында генерал Киндерманның берген нұсқауларына сай Тобыл өзенінің Звериноголовая бекінісінен бастап Ертіске дейін редуттар мен форпостар және араларында маяктар орнастыру туралы хабарланды. Жаңа бекіну құрылыстарының мақсаты мен негізін көрсетті. Қай жерде қандай бекіністер салу, қанша әскер қолдану керек екендігі жазылған. Сондай-ақ Звериногорова бекінісінен Есілге дейін, Есілден Ертіске дейін құрылыс жүргізу туралы айтылды. Осы Крафттың атына жазылған баянхаттан Киндерманның жаңа бекінісіңтер салудың мақсатын көре аламыз [8.].

Омбы бекінісінен бастап Звериногорова жеріне дейін екі 6 бұрышты бекініс салынып, тоғыз 4 бұрышты, 33 редут және 42 маяк ашылды. Бұлардың бәрі жатжұрттықтар қоныстануға тиіс жаңа елді мекендер болатын. Қазақ даласында тұрғызылған әскери елді мекендердің атауы түгелге жуық отаршылардың еркімен, орыс тілінде қойылғаны туралы деректер сақталған.

«Осылайша жаппай қазақ даласын отарлау барысында көптеген қазақтар өз жерлерінен қуыла бастады» деп жазды В.Остафьев. Жайылымдарынан айырылған қазақтар Петропавл қаласына және орыс деревняларына жұмыс іздеп келіп жатты. Келімсектер жергілікті қазақтарды ығыстыра отырып қала маңындағы жерлерді заңдастырып алып өз жеке меншіктеріне айналдырып, сол жерлердің қожайындарына айналды. Осылайша, Петропавл уезі маңында Полуденский болысы пайда болды.

## **ТОПОНИМДЕРДІҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХИ БЕЙНЕСІ**

Ресей империясының азиялық бөлігінде жерді пайдалануды ұйымдастыру мен жерге құқық мәселелері 1906 жылы Столыпин реформаларынан кейін тығырыққа тірелді. Шаруалардың жерге жекеменшік құқығы жөніндегі үкімет жарлықтары Қазақ даласы аймақтарына сай келмеді. Осыған орай, қоныс аудару әкімшілігі мигранттар үшін үш түрлі жер телімдерін бөлуді ұйымдастырудың мынадай жолдары ұсынылды:

1. жерді шаруалардың өздері ортақтасып пайдаланатын бұрынғы қауымдық түрі;
2. қауымнан бөлініп шыққан шаруа еншісіне берілген жерлер;
3. үй жайы салынып, шаруашылық жүргізуге бейімделген ферма іспеттес хуторлық жер телімдерін отрубтарға біріктіру немесе хуторлар болып бөлініп шығуға өтініш жасауға рұқсат берілді.

Жер телімдерін бөлудің осы үш түрі де жер-су бөліктерінің ескі, қазақы атауларының тезірек өзгеруіне, отарлаушылық амалдардың белгісі неғұрлым

айқынырақ көрінуіне себеп бола бастады.

Жекешендірілген қоныстану түрлерінің ішінде көбірек тарағаны отрубтар болды, ал хуторлар тек Ақмола облысында ғана маңызды рөл атқарды. Себебі хуторлар шаруалар үшін жерге иелік жүргізудің ең ауырлау түрі болып есептелді. Ақмола облысының қоныстану тығыздығы жағынан Омбы, Петропавл уездері (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының аумағына сәйкес келеді) алдыңғы қатарда болды. Осы уездерден 140 десятина көлеміндегі 300-ге жуық жер телімдері қолдан қолға сатылып отырды. Жеделдете қоныс аудару нәтижесінде Есіл өзенінің Петропавл уезі төңірегінде орыс, украин, тіпті мордва, пермяк, шоқынған татар т.б. этностар өкілдерінің саны басымдыққа ие болды. Сонымен қатар, қалаға маңындағы жерлерге де табан тірей отырып жаңа селолар бой көтерді. Олардың қатарына: Рублевка, Афанасьевка, Богодуховка, Надежка т.б. жатқызуға болады.

Бұл - қазақтардың өз жерлерінен ығыстырылдып, келешекте мүлде айырылуының бастауы еді. Билік жергілікті халықтың құқықтарын ескермеді [9.].

Мысалы, 1897, 1905, 1911 және 1916 жылдардағы Петропавл уезі бойынша этникалық құрамын мына кестеден байқауға болады [10.].

1897 ж.	1905 ж.	1911 ж.	1916 ж.
Орыс/қазақ	Орыс/қазақ	Орыс/қазақ	Орыс/қазақ
50%/44%	56%/41%	-/-	61%/34%

Байқап отырғанымыздай, отарлау саясатының салдарынан Петропавл қаласында орыс халқының саны жергілікті қазақтардан басым болғанын айта аламыз.

Қазақстанның солтүстік аймақтарының отарлануының нәтижесінде ауыл шаруашылығы кең көлемде дамуы Ресейдің экономикасына тәуелді болды. Ресей мен Петропавл арасындағы байланыс темір жол арқылы таралды. Жаңа жерлерден Ресейдің орталығына жеткізілген шикізаттың негізі өнімдерінің ең бастысы астық және де басқа тағам түрлері болатын. Қазақстанның солтүстік төрт облысына 1900-1913 жылдары аралығында 350 мың тоннаға жуық астық Ресейге теміржол бойымен Ресейге тасымалданды [10.].

Әкімшілік аумақтық бірлестік	Жер көлемі	Орыстар қарамағындағы жер көлемі	%	Қазақтар қарамағындағы жер көлемі	%
Петропавл уезі	5286000	2397000	45	2889000	55

Айта кету керек, Ресейдің Азиялық бөлігіндегі алғашқы кедендердің бірі де осында ашылып, Ресей қазынасына қаражат түсіре бастаған болатын. ХҮІІІ ғасырдың алғашқы ширегінде мұнда көпестер тоқтайтын керуен-сарай, тауар

сақтайтын қоймалар мен тұрақты жұмыс істейтін сауда дүкендерінің желісі кірпіш пен тастан салынған ғимараттар түрінде құрылып үлгерді [11].

Мысалы, Тәуелсіз Қазақ хандығының қазіргі облыс аумағын құрайтын бөлігі Ресей империясының сырттай ұйғаруымен жаңа құрылған Сібір генерал-губернаторлығына қарауы 1803 жылдан басталады.

1822 жылы Сібір екіге бөлінді де, Қазақстанның солтүстігі, яғни Орта жүз қазақтары Батыс Сібір губернаторлығына (орталығы Тобыл қаласы), оның ішінде Омбы облысына қарады. Бұл облыс іштей Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен округтері болып жіктелді. [12]

Қазақ жерінде әкімшілік-аумақтық жаңа бөлініс басталды. 1822 жылы Қарқаралы және Көкшетау округтері құрылды. Алғашқы екі округті тиісінше, Бөкей ханның немересі Жамантай Шыңғысұлы Тұрсын және Ғұбайдолла Уәлиұлы аға сұлтан болып биледі. Біздің облыстың аумағына, иә сонымен қатар Көкшетау атырабына казактардың арнайы көшіріліп, қоныстануы 1826 жылдан басталады.

1838 жылы Омбы облысы таратылды да, оның орнына Омбы, Петропавл және казак станицаларынан тұратын шегара билігі құрылып, Тобыл губерниясының қарауына берілді. Ал, Ертіс бойындағы Семей, Өскемен, казак Ақмола облысына қоныс аударушылар қатарын толтыру үшін ең маңызды әрі күрделі шара өлкені отарлау болатын.

Мысалы, «Ақмола облысының 1887 жылғы анықтама кітабында. -«Сол кезден бастап, үкіметіміз үшін қазақ даласын отарлау бірінші кезекте маңызды саналды. Айталық, 1824 жылы Көкшетау мен Қарқаралы округтері, 1832 жылы Ақмола және 1839 жылы Атбасар округтері ашылды. Дегенмен, қоныс аудару саясаты үкімет атынан арнайы қаулы алынып, Украина казактары мен Орынбор және Саратов губернияларындағы қарашекпендерге шақыру жарияланғаннан кейін ғана тәртіпке келіп, қарқын ала бастады. Бұл - 1846-50 жылдары болатын. Шақырумен келгендердің алғашқы легі 3 652 жан қазақ жеріне келіп. ірге тепкендердің басы болатын. Көкшетау уезінің ең шұрайлы деген жерлерін емін-еркін иемденіп алғаннан кейін олар өсіп-өніп, әбден байып, күшті-күшті станицалар салып тастады... Олардың өкшесін баса жеткен екі қауым ел Ақмола және Атбасар уездеріндегі екі станицаға негіз болды. Осылайша, солтүстік өлкенің жақсы жерлеріне жоспарлы түрде қоныстандыру ісі жөнге келе бастады. Ақмола облысы құрылғанша, оның қазіргі аумағында тұратындар саны еркек-әйелі бар, 375.700 адамға жетті. [13]

1889 жылы қоныс аудару туралы Ресей заңы шыққанша, қарашекпендердің өз бетімен келгендері басым еді. Мысалы, 1866 жылдың өзінде-ақ, Көкшетау уезіндегі Саумалкөл деген көлдің жағасына Пермь және Тобыл губернияларынан ауғандар қоныстанып, 4 жылдың ішінде 50 шаңыраққа дейін көбейген. Алғашқы лектегілер әуелде егін салу үшін жалға жер алушылар болатын. Петропавл уезіндегі Есіл өзенінің жағасынан ірге теуіп, Явленное деген, Көкшетау уезіндегі Құмдыкөл деген елді мекен құрағандар, ешбір шақырусыз, рұқсатсыз келіп жерді басып алғандар болатын. Жергілікті

халықтың наразылығына карамастан, зорлықпен қоныс тебушілер көбейе берді...

Аз уақыттың ішінде, тұрғыны көп, шаруашылығы толысқан Явленное, Коновалов, Марийское сияқты 2,5-3 мың адамға қоныс болған мекендер саны өсе түсті. Бұл өңірге, негізінен, Самара, Воронеж, Харьков, Дон облыстары сияқты ішкі губерниялардан ауғандар жайғасты.

Сол елді мекендердің қатарында 1894 жылы салына бастаған Ильинское, Александр, Николаев, тарихы 1895 жылдан басталатын Успен, Полтава, Семиполка, Благовещенка, Дмитриевка деген қоныстар бар. 1907 жылы тағы да жаңа тәртіп енгізіліп, Петропавл уезіне бір жылда ғана 5,5 мың жан, 983 отбасы, Көкшетау уезіне 14,1 мың жан, 2744 отбасы, Атбасар уезіне 5,5 мың жан, 854 отбасы, Ақмола уезіне 15 мың жаны бар үш мыңнан аса түндік көшіп келген. [14]

Жеделдетіп отарлау салдарынан Петропавл уезінің аумағында халық тығыздығы едәуір өсіп, жаңадан 4750-ге тарта казак, қарашекпен селолары пайда болады. Олардың ішінде бірқатары Рублев, Богодухов, Афанасьев, Астрахан, Надежда, Теренгөл, Писарев, Городец, Куприянов қатарлы атаумен тарихқа кірді. Сақталған деректерге қарағанда, 1893-1901 жылдары жергілікті казак халқы, байырға қоныс-жайлауларынан ығысып, 1,5 миллион десятина жерінен айырылды. Бұл аздай, 1907-1910 жылдар арасында 2,3 миллион десятина құнарлы жерін еріксіз беріп, оларды келімсектерге босатып берді [15.]

## **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ ТОПОНИМИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Өңіріміздің топонимиясының өзіндік, яғни аймақтық кейпін қалыптастырудағы географиялық фактордың мәні мен маңызы ерекше., сол себепті орманды, көлді, томар-жыралы ландшафтарының физикалық-географиялық жағдайлары аймақтық топонимдер мен микротопонимдердің бірқатарында өз көрінісін тапқан

Солтүстік Қазақстан облысының топонимдерінің қалыптасуы, өзгерістерге ұшырап отыруы да республикамыздың басқа өңірінің топонимдері сияқты белгілі бір мерзім, кезеңнің ғана емес, сан мыңдаған жылдардың, тұтас бір дәуірдің жемісі. Сондықтан да олар қоғам өмірі, халық тіршілігімен тығыз байланысты. Олардың құрамында да әр дәуірді, әрбір кезеңдерде Қазақстанды, Солтүстік Қазақстан облысын мекендеген әр алуан елдің тілдік қабатын бейнелейтін географиялық атаулар саны көптеп кездеседі. Облыс топонимдерінің бір тобы көне заман, ескі тарихымызбен тығыз байланысты болып келсе, екінші бір басым тобы Кеңес өкіметі тұсында пайда болған, социалистік дәуірдегі және одан кейінгі өзгерістердің айқын куәсі болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысының жер-су атаулары өте аз зерттелген және жан-жақты зерттеуді қажет ететін ономастиканың бір саласы. Дегенмен де тілші-ғалымдардың біршама еңбектері бар. Оған Гүлнар Бекенованың



«Қазақстанның солтүстік өңірі гидронимдері» (2002 жылы) кандидаттық диссертациясын жатқызуға болады. Бұл еңбекте солтүстік өңір гидронимдерінің семантикасы талдап, этимологиясын қарастырады. Гүлнар Бекенова Қазақстанның солтүстік өңірі гидронимдерінде сан атауларына байланысты өзен, көл атаулары жиі кездесетіндігін айтады және бұл өңірде сан атауларына байланысты гидронимдерге тілдік талдау жасайды [16.].

### **Антропотопонимдер – бабаларға ескерткіш**

Солтүстік топонимиясы қалыптасуына көз салсақ, аймақтық топонимиялық жүйенің өзіндік келбетін қалыптастыратын алғышарттар ретінде ықпал ететін сол өңірдің физикалық-географиялық жағдайларымен қоса, сол өлкеде орын алған ел тарихы мен жер тарихының рөлі мен орны өте зор және маңызды.

Мәселен, мына анротопонимдермен таныса отырып, өлкеміздің бір-екі ғасырлық тарихынан қаншама танымдық сағлұмат алуға болатынын байқасақшы. Жер-судың меншік иесін көрсетіп, нұсқап айқындайтын атаулардың бұдан ғасыр бұрын тіркелген бір тобы мынадай

*Ағам қарағашы, Айбардың ағашы, Ақназардың ағашы, Ақжан қонған ағаш, Ақшидің қарағашы, Албан шоқысы, Алпысбай қыстауы, Алтайдың өзегі, Анай қарағай, Атабайдың қаратерегі, Балтабек шоқысы, Балуан ағаш, Бейсеу тоғайы, Бекбай шілігі, Бекболат ағашы, Бекмырза ағашы, Бектемісағашы, Бердібай ағашы, Боқайдың өткелі, Боранбайдың шоқысы, Бошан қарағайы, Бөке талы, Бумаш шоқысы, Дәметей ағашы, Дәулетқонған, Дінәліқыстаған, Дүйін бұлағы, Егіз қыстаған, Елтінді жалы, Ералының көлі, Есенгелді жығылған, Есенәлі қонған, Есілбай түскен, Әже өлген сай, Әзібай бұлағы, Әлмен ағашы, Жайсаң қыстаған, Жаман қонған, Жансүгір ағашы, Жаңабай томары, Жаңаберген ағаш, Жарқын қонған, Жәңке туған, Жүзік өлген, Жұба қонған, Жолтай қонасы, Иса қыстаған, Жұмықтың қарағайы, Иманның көлі, Иса қыстаған, Итеке бейіті, Итсарының қарасуы, Кебекең үй тескен, Кенжеболат қонған, Көшек қой сойған, Қабанбай ағашы, Қадырбай ағашы, Қалашы қонған, Қаңлы қонған, Қалашы қонған, Қойлыбай, Қарабастың көңі, Қәпірге той қылған, Қожса ағашы, Қойбағардың ашасы, Қойлыбай қонған, Қойшыбайдың ескі қыстауы, Қонтай қыстаған, Қотан қонған, Қошқарағаш, Құйғанның кепесі, Құлтайдың шатқалы, Құлтуманың шілігі, Құтмәмбет қонған, Майлыбай түскен, Қылды қонған, Мақпал қыстаған, Малтақ ілген, Маман қалған, Мезгілдің ағашы, Мезгілдің шоқысы, Мекшенің шоқысы, Мендеке шоқысы, Мешіт салған, Мәжиттің қызылы, Мәжір қонған, Мәт шоқысы, Мәті шатқалы, Монтай шілігі, Мырза ағашы, Назардың ағашы, Назар қонған, Найман туған, Опанның ағашы, Оспанның қыстауы, Отарбай шоқысы, Салпықтың қызылы, Салпықтың тауы, Салықпай шоқысы, Самайдың қызылы, Саржан шапқан, Саржаудың шоқысы, Сарқанның Орағашы, Сарман шапқан, Сартай қонған, Сарыбайдың жұрты, Сары қонған, Саурық кескен, Сауытбек туған, Сейітқұл қонған ағашы, Сейтеннің қызыл ағашы, Сеңкібай талы, Сералы көңі, Сәлиха ауырған, Сәмеке түскен, Сүлейменнің ағашы, Сұлтанның томары, Тасболаттың шоқысы, Тасекең*

*қыстаған, Тасыбайдың қарағашы, Темір қонған, Тәтібайдің терегі, Тілеудің қарағайы, Тойған қашқан, Тойқожаның қызылы, Тоқсан өлген, Торыбие өлген, Тосын қонған, Төлепберген туған, Төренің қызылағашы, Тәті қонған, Түйебайлаған көлденең, Тұматтың шоқысы, Тұрлыбай талы, Тұяқ қонған, Тілеттің қараталы,*

*Хан түскен, Шағыр қонған (2), Шақшақ қонған, Шалабай ағашы, Шалбан түбегі, Шама көмген, Шарман қонған, Шартай көңі, Шашдәулеттің қарағайы, Шеріннің ағашы, Шешем түскен, Шәкеннің бейіті, Шіліктіағаш, Шоға қонған ағаш, Шоқа кескен, Ысты шапқан, Ыс ұстаған.*

Ешбір ресми құжатта, баспасөз бетінде, естелікте, тіпті көркем әдебиет пен таңбалы ескерткіштен табыла бермейтін ғажайып тарих осында жатыр. Осындағы *Ағам, Айбар, Ақназар, Албан,, Алпысбай, Алтай, Атабай, Балтабек...Бекбай, Бекболат...Бейсеу, Боранбай* , *Бөкей...* кімдер. Олар – біздің ата-бабаларымыз. Сол бабаларымыздың ұрпақтары осы күні осы жерлерге. Тоғайлар мен шіліктерге, қыстаулар мен шоқыларға, қарағайлар мен теректерге ие болып отыр. Өткен, қазіргі ұрпақ осы есімдерді талдап, атын атап, таратып бере алмаса, сол аттары туған, өскен жерлерінде қалған бабаларымыз жазықты емес. Мына, біз кінәліміз. Кезінде мән бермей, ең болмаса, ел аузында там-тұм сақталған шежірелерді жинап алып, ұрпақтарымызды құлағына құя берсек, қағазға түсіре берсек, кім қой депті...

Осы тізімдегі: *Ақжан неге қонды*, оның қонған-қонбағанында қандай оқиға бар, немесе *Дәулет қонған, Дінәлі қыстаған, Жұба қонған* деген сөз тіркестері еріккеннен қоя салмаған атаулар. Яғни сол жылы, немесе сол айда, әйтпесе аты аталған атамыз сол жерге көлігін тоқтатып, жүгін түсіріп, керегесін керіп, шаңырағын көтерген. Сол жерден жерошақ қазған, тілеу тілеп, дастархан жайып, отбасы ошақ маңына жиналып, қол жайып бата беріскен, бет сипаған. Аз ба, көп пе, сол жерді, бәлкім, көлдің жағасын, ағаштың ортасындағы алаңқайды, шоқының етегін мекен етін, ғұмыр кешті, ұрпақ таратты, қонысында белгі қалды, содан бері есімі туған жерінің бетінде өшпес бедер болып жазылып қалды. Енді, міне тарихи, географиялық, тілдік ныса ретінде ономастика тұрғысынан, топоним, онтропоним тұрғысынан зерттеліп, қағаз бетінде қалады. Өшпейді.

Сол атауға негіз болған есім ағаш, шоқы, көл, бұлақ, өзек, томар... т.б. апеллятивтерге анықтауыш ретінде тіркелгенін, тек қана ағаш, шоқы, көл, бұлақ, өзек, томар... т.б. емес, өздерінен кейінгі ұрпақтарға мекеннің қадір-қасиетін анықтаушы, түсіндіруші, жол көрсетіп, бағыт сілтеуші ретінде күрделі топоним құрап отыр. Бұл атаулардың астарындағы оқиғаларды сүзіп алып, жеке қарастыратын, зерттейтін жағдай болса, тіпті қызық қой. Айталық: *Есенгелді жығылған* (қалай, қашан, неге?) Осындай бір адамның жығылуы неліктен ұмытылмас оқиға болып, жер атауында таңбаланған?

Сөзімізге дәлел болуы мына антропонимтерге назар аударайық. Мысалы, Солтүстік Қазақстан әкімдігінің тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы 2005 жылы «Солтүстік Қазақстан облысы елді мекендерінің тізімін» орыс және қазақ

тілдерінде басып шығарды. Кейін 2012 жылы «Солтүстік Қазақстан облысы елді мекендерінің тізімін» орыс және қазақ тілдерінде қайта басып шығарды. Аудандар және селолық округтер бойынша жиналған тізім ғана болғанымен, бұл құжат басшылыққа алуға, саралап-тексеруге, сол арқылы тиісті ономастикалық шаралар жүргізуге біраз септігін тигізеді [17.].

Өңіріміздің жер-су, елді мекендер атауларын тарихи және этнолингвистикалық тұрғыдан кең ауқымда зерттеген 2015 жылы Г.Ахметжанова, С.Мәлікова, З.Тайшыбай «Атамекен атаулары» атты зерделі еңбек жарық көрді.

Еңбекте аймақтағы топонимдердің пайда болуы, дамуы, тілдік қабаттарының құрамы, тарихи өзгерістерге ұшырауы жергілікті халықтың тұрмысы, экономикалық-әлеуметтік, шаруашылық өмірімен сабақтастырыла баяндалған. Аймақтық жер-су атаулары тарихи және этнолингвистикалық тұрғыда зерттелген.

Антропонимдер – кісі аттарына байланысты қойылған жер атауларының өзі 300-ден асады. Мәселен, Ақбайдың жары, Қасеннің құдығы, Жабайдың көлі, Қадірдің құмы деген сияқты антропонимдер ол бір жақтан келген кісілердің аты емес, сол жерде туып-өскен, осы СҚО аймағында тұрып, осы жерді көркейткен, осы жерде тірлік еткен ата-бабаларымыздың есімдері. Ал қазір осы облыста қазір еңбек етіп жатқан азаматтар – солардың ұрпақтары. Яғни, жер-су атаулары тарихпен тығыз байланысты».

2012 жылы СҚО Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының жетекшілігімен шыққан «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы (Солтүстік Қазақстан облысы)» кітабының негізінде кісі есімдеріне байланысты аймақтық топонимдер жинақталды. Облыста кісі есімдеріне байланысты 348 жер-су атаулары бар. Қолда бар деректер мен жүргізілген зерттеулерге сүйене отыра, кісі есімдеріне байланысты кейбір топонимдердің шығу тарихына, құрылымдық ерекшелігіне тоқталдық.

**Ағынтай батыр** (ауыл, Айыртау ауданы) – тіркескен күрделі сөз. Ауыл атауы жергілікті батырдың атына байланысты аталған. Қазақтың қос батыры Қарасай мен тайдың ерліктері бізге тарихтан белгілі. Ержүректік батырларымыз Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Мәдениет ауылының маңына жерленген. Бұл қос батыр XVII ғасырда Есім ханның ту астында жоғарыдағы жерлерді жаудан қорғаған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Есім ханның әскерін Қарасай бастаған, ал арғын Ағынтай оның көмекшісі мен адал досы болған. Екі батыр қай шайқасқа болсын бірге аттанып, ел тыныштығы жолында тер мен қан төккен. Деректерге сүйенсек, 48 жылдың ішінде 200-ден астам жаугершілерге қарсы күреске қатысқан делінеді. 1999 жылы 15 қазанда батырларға арналып ескерткіш кешені салынды. Биік төбе үстіне әскери сипатты екі ғимарат бой көтерген, екеуінің арасына мешіт салынған. Батырлардың найзалары сүйей қойылған. Күмбездің айналасында көне заманнан қалған бірнеше қабір жатыр. Бұл мекен жергілікті халықтың сұрауымен «Ағынтай батыр» деп аталады».

**Айсары** (ауыл, Ақжар ауданы) – ай /зат есім/ + сары/сын есім/ үлгісімен жасалған күрделі біріккен сөз.«Айсары-Шорман» аңыз-дастанының негізінде аталынған деген сөз бар. Ауыл тұрғындарының айтуынша, арманда кеткен екі ғашыққа арнап жазылған дастанға байланысты аталса керек. Ауылдың іргесі 1961 жылы қаланған,2000 жылы округ орталығы болып белгіленді [18.].

**Айымжан** (ауыл, Жамбыл ауданы) –қазақ қызының атына қойылған, антропоним. 1928 жылы Петропавл округі, Төңкеріс ауданы, Айымжан селолық кеңесіндегі Айымжан ауылында Айымжан колхозы ұйымдасқан. Ел аузында қалған аңыз бойынша, Біржан салдың ағасы Нұржан Айымжан сұлуды көріп ғашық болады да, қосылуға сөз байласады. Бірақ Нұржанның әкесі «құда болған жерім бар, бата бұзбаймын» - деп қызын бергісі келмейді. Нұржан мен Айымжанның қосылуына 2-3 күн қалғанда белгісіз біреу Айымжанды алып қашады. Ақылды қыз айласын тауып зорлықшылардан құтылып, томардың ішіне кіріп кетеді. Бұл оқиғадан хабарсыз ел, із-түзсіз жоғалған қызға іздеу салады. Құлақ жетер жерге хабар айтады, ешкім білмейді. Бір жұма уақыт өткенде Жақып деген азамат көл жағасынан мүк жинауға барғанда, Айымжанның жпансыз денесін көріп, елге хабар береді. Суға қалай кеткенінен хабары жоқ ел аза тұтып, жерлейді. Бұл оқиға 1842 жылдың күзінде болады. Есболдың шай томары осы оқиғаға орай «Айымжан томары» деп аталып кетеді. 1897 жылы Айымжан томарына су түсіп, осы жылдан бастап томар көлге айналады 1929 жылы Айымжан көлінің жанында ұйымдасқан ауыл Айымжан ауылы деп атанған. Дерек беруші: Жамбыл ауданының тумасы, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Бәйкенова Сандуғаш Жанботақызы.

**Ақбала** (қоныс, Жамбыл ауданы) – біріккен күрделі сөз. Меңкесер көлінен оңтүстік-батысқа, Баян ауылынан солтүстік-шығысқа қарай. Ерте заманда бір әмірші болған екен. Оның Ақбала деген қызы болыпты. Жаугершілікте елдің ер-азаматтары жорыққа кеткенде, елге жау шауып, малдарын айдап кетеді. Жау әкеткен малды қайтару үшін Ақбала қол бастап шығады. Екі жақтың болжаушы балгерлері бар екен. Ақбала қуып жете алмайтынын білген соң, балгерден ақыл сұрайды. Сонда ол: «Сендер аттарыңды теріс ерттеп, жауға қарсы шабыңдар», – дейді. Сонда жаудың балгері: «Енді олар жете алмайтындығын біліп кері қайтты. Осы жерді паналап, дем алайық», – дейді. Аналар да келісе кетеді. Жау жағы қамсыз жатқанда Ақбала келіп, ұрыс салып жылқыларын аман-есен алып қайтады. Бірақ сол жерде Ақбала ауыр жараланып, қазаға ұшырапты. Сол қыздың құрметіне қонысты Ақбала деп атаған екен. Дерек беруші: Жамбыл ауданының тумасы, тарих пәнінің мұғалімі Елембаева Мәрзия Тілегенқызы.

**Ақжан** (көл, Тимирязев ауданы) Ақжан ауылынан батысқа қарай орналасқан. Атаудың шығу төркіні туралы Г.Бекенова: «Бұған дейін бұл жер тақыр дала, жазда жайлау ретінде пайдаланылған. Бұл ауылдың құрылуы туралы көптеген аңыздар бар.Бір аңыз былайша: «Бір байдың Ақжан атты қызы кедейге ғашық болыпты, оған әкесі қарсы болғандықтан, сүйіктісіне қосыла алмаған Ақжан көлге секірген, осыған орай көлдің атауы Ақжан деп аталған».

**Александровка** (село, Есіл ауданы) – дара сөз. 1894 жылы құрылған. Атаудың шығу төркіні жөнінде алғаш осы жерге көшіп келген адамның есімі

Александр болса керек. Одан кейін тағы бірнеше отбасы көшіп келіп, хуторды Александровский деп атай бастаған. [19.].

**Алуа** (ауыл, Мағжан Жұмабаев ауданы) – зат есімнен жасалған дара сөз. Атаудың шығу төркіні жөнінде: 1957 жылдан бастап 2010 жылға дейін бұрмаланып, Альва деп қлгенімен, Алуа деген қазақ әйелі жерленген деген аңызбен, аты қойылған. Алуаның жерленген жері.

**Аманбай** (қоныс, Қызылжар ауданы) Аманбай елді мекен. «Төре» тұқымынан тараған Аманбай деген көрнекті, бай азаматтың атымен аталған.. Мұнда кітапхана, ұстахана, лавкалар болған деседі. Біртіндеп ауыл үлкен село болып, кейін адамдар көшіп, бүгінгі күні қоныс болып қалған.

**Асанов** (село, Қызылжар ауданы) – дара сөз. Асаново селосының негізін Одесса облысынан қоныс аударған немістер қаланған, село атауы Есаул Асановтың тегімен аталған деген аңыз бар. Есаул Асанов Одессада тұрған. Мұнда ол асыл тұқымды жылқы өсірумен айналысқан [20.].

**Әулиеата** (төбе, Есіл ауданы)– әулие /сын есім/ + ата/зат есім/ үлгісімен жасалған күрделі біріккен сөз. Есіл ауданында Бұлақ ауылынан жеті шақырым жерде Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі Құлсары батырдың зираты жатыр. XVIII ғасырдан сақталған құжаттарда Құлсары батыр ел бірлігі мен ынтымағы жолында еңбек еткен мемлекет қайраткері ретінде еске алынады. Оның ел қамқоры, батырлығы жайында ел аузындағы аңыз-әңгімелер сақталған . Халық өзі сүйген батыр қолбасшының қаһармандығы мен даналығына қарай «әулие» атап кеткен. Демек, осы себептен Әулиеата «қасиетті», «әулие», «киелі жер» деген мәнді аңғартады [21.].

**Әлжан** (ауыл, Айыртау ауданы)– Жаппай коллективтендіру кезінде ауылдың Әлжан атты азаматы ауыл азаматтарын аштықтан, қуғын-сүргіннен сақтап қалу үшін көп еңбек сіңірген. [22.].

**Байсерке** (тау, Уәлиханов ауданы) – кісі аты. Атаудың төркіні туралы Сұлтанов Ернияз былай дейді: «Төбенің атауы сол жерге жерленген қыпшақ тайпасының сағал руынан шыққан батыр, шешен әрі абыз Байсеркенің атымен аталған».

**Баян** (ауыл, Жамбыл ауданы) – зат есімнен жасалған дара сөз. 1928 жылы Мықтыбай, Бәжі, Балта, Байсал, Шалабай, Кент, Дүйсе ауылдары бірігіп, алдымен «Қосшы» ұйымын, одан кейін 1929 жылдың 10 қыркүйегінде «Баян» атындағы колхоз құрайды. Ауыл

Қантайдың бәйбішесі Баянның атымен аталады .

**Баян** (тұзды көл, Айыртау ауданы) – зат есімнен жасалған дара сөз. Атаудың шығу төркіні туралы Г.Бекенова: «Ертеде бұл өңірге дәулетті бай көшіп келген. Байдың Баян атты жалғыз қызы ауыр жолдың тауқыметін көтере алмай, қайтыс болады. Қайғыға душар болған бай жергілікті жердегі көл атауын қызының құрметіне атайды. Сол кезден «Баян» топонимі пайда болған».

**Ботай** (ауыл, Айыртау ауданы)– Ауыл ақсақалыБотай Қонақовтың есімімен 19 ғ. **екінші жартысынан белгілі. Ботай Қонақов 1877 жылы Ресей патшасына орыс-түрік соғысы жөнінде хат жолдағандардың бірі**

**Булаево** (қала, Мағжан Жұмабаев ауданының орталығы) – кісі аты. 1894 жылы негізі қаланған. Бұл станцияның шығу тарихы жөнінде Бұл жерде теміржол разъезі болған. Алғашында Медвежинский деп аталған. 1905 жылдан бастап Теміржол бойында қызмет еткен Булай атты адамның есімімен Булаево атала бастаған.

**Волошинка** (село, Есіл ауданы) – дара сөз. Селоның бұрынғы атауы «Придорожное», бұл жерден Петропавл-Атбасар жолы өтеді. 1911 жылы Волошинка селосы құрылды. Бірінші жер ауып келген Степан Волошин осы жердегі шаруалардың басшысы болған, соның құрметіне Волошинка деп аталып кеткен. 1961–1996жж.. «Пушкинский» астықты совхоздың орталығы.

**Власовка** (село, Аққайың ауданы) – кісі атынан шыққан. Еділ бойында революциялық қызметі үшін 1906 жылы Влас Григорьевич Яцун қамауға алынды және Ақмола губерниясына Полтавка селосына жер аударды. 1910 жылы Ақбасайға келіп, жертөле тұрғызған. 1917 ж. Влас Яцун мектеп ашып, алғашқы мұғалім болады. 1929 ж. Власовка селосында «Победа» колхозы ұйымдастырылды. 1961 ж. «Путь Ильича» совхозы болып өзгерді. [23.].

**Гайдуково** (көл, Қызылжар ауданы) – дара сөз. Ақыш көлінен батысқа, Лебязье көлінен солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Атаудың шығу төркіні туралы Г.Бекенова: «Атау тарихи оқиғаларға байланысты қойылған. 1870 жылы Витебск губерниясынан қоныс аударған Гайдучата деген ағайындылар село негізін қалаған. Солардың құрметіне елді, көлді «Гайдуково» атаған».

**Галицино** (село, Айыртау ауданы) – дара сөз. Алғашқы қоныс аударушылар келген кезде селоның құрылуына мұрындық болған төраға Галицинің есімімен аталған [24.].

**Дмитриевка** (село, Тимирязев ауданы) – дара сөз. Дмитриев селосы 1891 жылы құрылған. Қарттардың айтуы бойынша, село құрылғанға дейін Дмитрий деген көпес бұл жерге келіп тоқтаған. Сол кісінің атымен село аталған.

**Докучаев** (село, Тимирязев ауданы) – дара сөз. Жәркен көлінен оңтүстік-батысқа, Рассвет селосынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Жергілікті халықтың айтуынша, 1954 жылы тың игеру жылдарында әлдемдік агрономия және топырақтану ғылымының негізін салған Докучаев Василий Васильевичтің есімімен аталған

**Есней** (көл, Тимирязев ауданы) – дара сөз. Үлкен Қарақамыс көлінен оңтүстік-батысқа, Шошқалы көлінен оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Атаудың шығу төркіні: Көлдің атауы 19 ғасырдың атақты биі және сұлтаны, Аманқарағай және Құсмұрын округтерінің билеушісі Есней Етемісұлының құрметіне қойылған. [25.].

**Ефимовка** (село, Ғабит Мүсірепов ауданы) – дара сөз. 20 ғасырдың басында батыстан шығысқа қоныстанбаған жерлерге қоныс аударуға адамдар келе бастады. 1909 жылдың 5 мамырында Ефимовка селосы аумағына 200 отбасы көшіп келді. 1909 жылы жерөлшеуші Ефимов жерді телімдерге бөліп, содан кейін қоныс аударғандар жеребе тартты. Осы жерөлшеушінің атымен село «Ефимовка» аталады [26.].

**Жамбыл** (аудан) – дара сөз. Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік батысында орналасқан. Ауданға қазақ халқының Гомері атанған ұлы Жамбылдың есімі беріледі.

**Ивано-Петровка** (село, Есіл ауданы) – қосарланған күрделі сөз. 1907 жылы орыс шаруалары қоныстана бастаған. Қазақша атауы Ақтерек болған. 1921 жылы шаруалар көтерілісінде шейіт болған ағалы-інілі Иван мен Петр құрметіне село Ивано-Петровка деп аталып кеткен [27].

**Кириловка** (село, Айыртау ауданы) – дара сөз. 1895 жылы «Сасық бек» елді мекеніне келімсектер келіп, Борлық өзенінің маңына қоныс аударып, «Кириловское» селосын құрған [28].

**Кондратовка** (село, Қызылжар ауданы) – дара сөз. XIX ғасырдың соңында село аумағына Кондрати есімді көпес қоныс тепкен. Бұдан кейін халық саны артып, село аумағы кеңейе түседі. 1894 жылы Сібір темір жолын салуға көп құрылысшылар келді. Олардың көбі осы жерде отбастарын құрып қалып қойды. Кейіннен село Кондратовка атанып кетті. [29.].

**Константиновка** (село, Айыртау ауданы) – дара сөз. Күшпек елді мекеніне қоныс аударушылары келіп, 1895 жылы «Константиновское» атты село құрған. Кейін тың игеру жылдарында село «Константиновка» аталған [30].

**Қасымбек** (ауыл, Ғабит Мүсірепов ауданы) – Қасымбек деген батыр он бес үйлі ауылға ие болып, «Қарағашта» қоныстанған екен. Содан бастап бұл жер «Қасымбек» деп аталған [31.].

**Қырымбет** (ауыл, Ғабит Мүсірепов ауданы) – Қырымбет елді мекені атауы 1780-ші жылдардың соңында туып, 1850 жылдары қайтыс болған Баржақсы Саполатұлы (шежіре таратсақ. Арғын, Қарауыл руынан, Есенгелді одан бері Жайық, Қойман одан Саполат) би, шешен ел арасында сыйлы әділ адам болған екен. Сол кісінің асырап алған баласы Қырымбет бір байдың қызына ғашық болған екен. Екеуінің қосылуына бәрі қарсы болғандықтан, олар елден қаып, жолда келе жатқанда жай түсіп, Қырымбет қайтыс болады. Жиырмамыншы ғасырдың 20-30-ші жылдары ел отырықшылық тұрмысқа бет бұрды, алғашқы колхоздар ұйымдастырылып жатты. Жаңа колхоз баяғы Қырымбет жерленген жерден 4 шақырым жерден ауыл іргесін көтереді. Сол себепті ауылды жергілікті халық «Қырымбет» деп атап кеткен [32.].

**Ленино** (село, Мамлют ауданы) – 1930 жылы Байжырық көлінің маңында Ленин атындағы колхоз құрылады. Оған: Орман, Бейсек, Бәшірқожа ауылдары енеді. Сарыбалық көлінің маңында Көксау колхозы құрылады (Қазіргі кездегі Октябрь ауылы) [33].

**Матвеевка** (село, Айыртау ауданы) – Матвей атты адам село құру жұмысына белсенді қатысқандықтан, «Матвеевка» аталған [34.].

**Миронов** (село, Тайынша ауданы) – дара сөз. Украинадан бірінші қоныс аударғандар. Бірінші құжаттарды жинаған адамның аты Мирон болыпты, сосын ауылдың атын Миронов деп атапты [35.].

**Молдағұл** (қоныс, Мағжан Жұмабаев ауданы) – кісі аты. Роцино селосынан оңтүстік-батысқа, Молодежное селосынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Атаудың шығу төркініне келсек: түрлі салада басшылық етіп,

олардың ынтымақ-бірлігі күшті ел болып қалыптастырып, біркелкі тірлік жасап, бейбіт те бақытты өмір сүруіне көп еңбек «Молдағұл» атап кеткен».

**Мұқыр** (ауыл, Ғабит Мүсірепов ауданы) – кісі аты. 1928-1930 жылдар аралығында Мұқыр атауының пайда болуы XVIII ғасырдың басында қазақ-жоңғардың Мұқыр есімді батыры қазақ қызына ғашық болып үйленген, үйленгеннен кейін осы батыр қазақ жасақтарымен бірге жоңғарларға қарсы соғыс жүргізген. Сонда ерлік көрсетіп қаза тапқан. Батыр өзеннің бойында жерленгеннен кейін осы өзенді «Мұқыр» өзені деп атап кеткен. [36.].

**Ноғайбай** (ауылы, Мағжан Жұмабаев ауданы)- Петропавл уезінде жазылған құжаттарға, тарихи оқиғаларға қарағанда Ноғайбай би -1830-1910 жылдар аралығында өмір сүрген тарихи тұлға.. Өз қоғамымен бірге өсіп, біте қайнасып, халықтың тұрмысына, әдет-ғұрпына жетік болған Ноғайбай қазақтың дәстүрлі әдет құқығын, әсіресе «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жете білетін, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін шешендік өнерден де кенде емес еді. Архив деректерінде Ноғайбай Батырбеков 1868 жылы құрылған Полудин болысының бір-екі сайланым болысы және биі болып, сол өңірді басқарғаны анық көрсетілген. Ол ел ақсақалдарының ұйғарымы мен өзара келісімі, шешімі бойынша елдің салт-дәстүрін білетін, шежіреден хабары бар, аузы дуалы, сөзі уәлі, шаруасы түзу, ата тегі белгілі және елге беделді, сыйлы адам ретінде би атанды. Оның есімі барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ би болған.

**Сәбит** (ауыл, Жамбыл ауданы) – кісі аты. Қазақ-совет әдебиетінің классигі, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Сәбит Мұқановтың құрметіне қойылған. Сәбит ауылы» колхозы Төңкеріс ауданы құрамында 1929 жылы құрылды.«Сәбит ауылы» колхозы 1935 жылы 9 ақпанда Пресногорьков ауданы Қостанай облысы құрамына беріліп, 1938 жылы 28 шілдеде қайтадан Преснов ауданы Солтүстік Қазақстан облысына берілді. Кейін Майбалық, Сәбит Мұқанов совхозының бөлімшесі болды. [37].

**Суворовка** (село, Айыртау ауданы) – дара сөз. Орыстың әскер қолбасы Александр Суворовтың есімі берілген болуы керек [38.].

**Тоқсан би** (ауылы, Ғабит Мүсірепов ауданы) – тіркескен күрделі сөз. Атаудың шығу жөнінде Сұлтанов Ернияз: «1954 жылы келешек директор Я.Б.Туник басшылығымен тың игерушілер Есіл өзені жиегінің оң жазығында (батысында) селонын тұрғын орнына ыңғайлы жер таңдады – сондықтан село «Западный» деп аталды. 2000 жылы Западное селосында Есіл өзенінің сол жақ жиегінде әйгілі қазақ биі Тоқсан би Жабайұлының моласы табылды. 2000 жылы сол жерде бидің ұрпақтары және облыс төрешілерінің бастауымен кәбір басына ескерткіш орнатты. 2006 жылдың 22 қыркүйегінде Тоқсан бидің жерленген жеріне салтанатты түрде күмбезді зират салынды. Осы себеппен ұстаздар ұжымынын өтініші, Западное селосы тұрғындары жиынының хаттамасы, аудандық ономастика комиссиясының қортындысы негізінде Западное селосы Тоқсан би ауылы болып қайта аталды».

**Ысқақ** (қоныс, Айыртау ауданы) Қарақамыс ауылынан солтүстікке, Светлое селосынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан.Сауда-саттықтың,



пошта-байланыс, өндірісі бар елді мекен болған. Ауыл ағасы Ысқақ бай жомарттығымен елге танылған соң, елді мекен «Ысқақ» атанған [39.]

Жоғарыдағы бірнеше мысалдың өзі қазақ даласында жер бедерінің, көлдердің адшам таымен аталуының маңызы мен мәнін көрсетеді деп ойлаймыз. Жер-су аттарындағы антропонимдер – бір жақтан келген кісілердің аты емес, сол жерде туып-өскен, осы Солтүстік Қазақстан аумағынаымағында тұрып, осы жерді көркейткен, осы жерде тірлік еткен джанқты ата-бабаларымыздың есімдері талай-талай тарихи оқиғалармен байланысты екенін зерттеушілерге анықтай түсуге тиіс.

Зерттеу жұмысын жазу барысында кісі есімдерінен жасалған топонимдердің құрылымдық ерекшелігіне сәйкес дара сөздер жиі кездесетіндігі анықталды: дара сөздерден жасалған топонимдер – 197, күрделі сөздерден – 151. Сондай-ақ облыс бойынша кісі есімдеріне байланысты топонимдер Айыртау ауданында (55 топоним), Жамбыл ауданы аумағында (51 топоним) аудандарында жиі кездеседі, керісінше, Тимирязев (8 топоним) және Ғабит Мүсірепов (16 топоним) аудандарында сирек ұшырасатыны анықталды.

Топонимдер зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне не мөлшеріне қарай бірнеше түрлерге бөлінетіні мәлім. Біз зерттеу жұмысымызда антропонимдік атаулардан жасалған аймақтық топонимдерді нысан ерекшелігіне қарай бөлдік. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сан атауларына байланысты топонимдердің саны – 348.

## ТАРИХИ ТОПОНИМИЯ - ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ

Қазақ ономастикасында топонимдер семантикалық, құрылымдық әдіс тұрғысынан жүйелі түрде зерттеліп келеді. Тілдік таңбада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығы түрлі тілдік концепцияларда бірде «ғаламның тілдік репрезентациясы», бірде «ғаламның тілдік моделі», бірде «ғаламның тілдік бейнесі», бірде «тіларалық ғалам» деп көрсетіліп жүр.

Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты. Өйткені, тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады.

Оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әр түрлі.

Қазақ халқының көру, есте ұстау, ұлттық дүние бейнесін қабылдау қабілеті ерекше дамығандығын өз облысымыздың тапрыхынан алынған мына мысалдармен кестелеуге болар еді. Мал шаруашылығымен айналысқан . қазақ халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін ономастиканың өмірде маңызды орын алып, олардың дала алқабы мен шөлді жайылымдары да көші-қон кезінде белгілі қызмет атқарғанын байқауға болады. «Ономастикалық атауларда этнос пен табиғат байланысын бейнелейтін атаулардың көп болуы топонимикалық нысандарға негізделгенін, қазақтардың тұрмыс-салты, этномәдени, тіршілігі мен шаруашылық түрінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты түсіндіруге болады. Белгілі бір топонимикалық нысанның *түрін*,

түсін, пішінін, көлемін көру, ұқсату т.б. *уәжі* арқылы қабылдаған. Бұл қабылдауда ұлттық этнографиялық нышандар жататынын келтіреді 30

Халық тарапынан қойылған жер-су атаулары – сол жердің табиғи құжаты болып табылады. Әрбір географиялық атау географиялық картада, ресми құжаттарда өз орнын табуы керек. Ол үшін ел болып жұмылып, түзетіп, қалпына келтіру, зерттеулер жүргізу, баршамыздың міндетіміз болып табылады.

Кез келген аймақтың (аумақтың, регионның, өңірдің, өлкенің) топонимиялық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан: аймақтың табиғат жағдайларын, сол өлкені мекендеген халықтың көне және жаңа тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың материалдық және рухани мәдениеттерінен көрініс бере алатын көптеген жалқы географиялық есімдер жиынтығы, кешені болып келеді.

«Аймақтық топонимиялық жүйе ұлттық топонимиялық жүйенің құрамдас бөлігі, сонымен қатар өзіндік аймақтық өзгешіліктері бар жүйелік топонимикалық құрылым болып табылады. Топонимиялық аймақтың межелері әкімшілік-экономикалық аумақтық межелерімен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ әкімшілік-экономикалық құрылыстың тарихи, саяси, шаруашылық, этномәдени факторлары аймақтық топонимиялық жүйені сипаттауда назарға алынады. Сонымен қатар жергілікті тіл ерекшеліктерінің де аймаққа қатысы ескерілмек»[40.].

Біздің пікірімізше, белгілі бір аудан аумағындағы топонимдер жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйесін құра алады, себебі кейбір аудан (барлығы емес) топонимиясы сол алғышарттар мен олардың топонимиялық көріністерінің байланысын аймақтық деңгейде паш етеді. Басқаша айтқанда, аймақтық сипат сол аудан көлеміндегі топонимиялық жүйеге тән, демек, аудан топонимиясы басқа аудандар, басқа өңірлер, өлкелер топонимиясынан өзгеше, өзіндік ерекшеліктерге ие.

Солтүстік Қазақстан аймағы физикалық-географиялық жағдайының аймақтық топонимиялық жүйеде бейнеленуіне қарап отырсақ, өңіріміздің топонимиясының өзіндік, яғни аймақтық кейпін қалыптастырудағы географиялық фактордың мәні мен маңызы ерекше., сол себепті орманды, көлді, томар-жыралы ландшафтарының физикалық-географиялық жағдайлары аймақтық топонимдер мен микротопонимдердің бірқатарында өз көрінісін тапқан

бейіт аз ба, әлде, әуелде сол жерге Итеке есімді, тірісінде беделді, белді болған адам жерленді ме? «*Кебекең үй тескен*» жердің ерекшелігі неде? Қазіргі жастар үй тескен дегеннің не екенін біле ме? Білмейді. Өйткені бұдан бекі-үш ғасыр бұрынғы қазақ тұрмысын білу керек. «*Үй тескен*» деген сөз, жерді қазып кепе салған деген сөз. Ал «кепе» деген не? Орыстар балаған деп атайтын, жерді шұқырлап қазып, аршынға толар-толмас шым қабырға көтеріп, жасаған баспана. «*Құйғанның кепесі*», «*Қаракепе*», «*Қоскепе*» беген атаулар содан шыққан. Демек, қазған дегеннің орнына «тескен» деген етістіктің

қорлданылуында да мән бар. Тірі адам мекен ететін шұңқырды «қазған» деп айтуға ауыз бармаған болар. Бұл да әлеуметтік лингвистиканың көп сұрақтарының бірі. Топонимдер этнос тарихынан, оның өткендегі салт-дәстүрлері мен тіршілік ерекшеліктерінен хабар береді, дейтініміз, сондықтан. «*Көшек қой сойған*», «*Майлыбай түскен*», «*Мәжиттің қызылы*», «*Сауытбек туған*», «*Төленберген туған*», «*Шама көмген*» т.с.с. әзірге бізге жұмбақ, шешуі қиын, бәлкім табылмайтын жер-су атаулары осындай. Әрқайсысы бір-бір тағдыр, бір-бір оқиға. Елін сыйлайтын, жерін сүйетін, Отанының өткен тарихына қызыққан әрбір талапкерді қымбат ойға жетелейтін түсініктер.

Осылардың арасынан «*Ыс ұстаған*» деген жер атының төркін-түсінігіне назар аударайық. «*Ыс*» дегеніміздің түсінігі мал терісін ыстау, ағашты ыстау, мал етін ыстау деген тіркестер түрінде ұғынықтырақ. Ал. «ыста» емес неге «ыс ұстаған» түрінде қалыптасқан? Ертеде, қымыз ашытып, сақтайтын саба, торсық тігу үшін қазақтар жүні алынып, иленген жылқы терісін ыстау үшін, ауыл маңынан аулағырақ жер қазып, үстіне шымнан күрке түрінде пана тұрғызып, ішіне тобылғы, қайын, арша түтінін жіберетін. Осы күркенің ішіндегі сырғауыл салдауларға жайылған жылқы терісі бірнеше күн бабымен ысталады. Сабалық теріні ыстау әркімнің қолынан келе бермейді, оған арнайы кәсіпке машықтанған шеберлер керек. Бұл шеберді «ыс ұстаушы» деп атайды. Ыс ұстаушы дегендер көп болмайды, сол сияқты йс ұстайтын орындар да көп бола бермейді, маңайдағы бірнеше ауылдың ортасында, ұрымтал жерге орналасады. Міне, «*Ыс ұстаған*» деген мекеннің атауы қайдан, қалай шыққанын осылай түсіндірсек жөн.

Жоғарыда тіркелген анротопонимдерден байқалған ерекшелік, кісі есімінің зат есімнен жасалған анықтауыштарға қабаттасып, географиялық нысанның кімге тиесілі екендігін, қандай оқиғаға қатысты екендігін ашатынында. Енді осыларды орыс тіліндегі дәстүрлі атаулармен салыстырамын болсақ, дәстүрлі ово, ова, ский форманттарының және жекелік, көптік жалғаулардың жоқ екенін байқаймыз.

Тағы бір атап көрсетерлік мәселе - «*Кене*», «*Ыс*», «*Ұстаған*», «*Тескен*» сияқты қазіргі замандастарымызға түсініксіз, шығу тегі белгісіз немесе табы қиын топонимдер көп кездесетіні. Бұларды көнерген (көмескі) ономастикалық лексемалар қатарына жатқызып, оларда тұнып қалған «құпия сыр-сипатты ашып, анықтау үшін халқымыздың көне тарихына зер салып, үніле ізденуіміз қажет. Өйткені тіліміздегі жүздеген ономастикалық көне лексемалардың рулық-тайпалық және тайпалық одақтармен ұштас екені даусыз мәселе болса керек. Сол дәуірлерден сақталған аптаулардың тарих дөңгелегімен ілесе жүріп, қазіргі дәуірге жеткені, қартайып, мүжіліп, түрлі өзгерістерге ұшырап келгені кімге болса да аян. Сондықтан да ол лексикалық топтар халық, қоғам тарихымен, тарихи-мәдени оқиғалармен сабақтас та ұштас, берік байланыстарда жатыр».

**«Ұзын» көп, қысқа неге жоқ**

Қазақ ономастикасының этнолингвистикалық қырларын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында ХІХ ғасырдың екінші жартысында жиналған деректер тұрғысынан қарсақ, бірталай қызықты құбылыстарға кездесеміз. Айта кету керек, қазақ этнотопонимикасы кең-байтақ еліміздің әр қиырын мекендеген қазақтардың шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне сай қалыптасқанын дәл осы Солтүстік Қазақстанның мысалы арқылы кескіндеуге болады.

Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Екінші басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. Алматы, .2012. (қысқаша: ҚРГАМ, 2-том.)

Мысалы, каталогта «Ұзын» сөзімен басталатын 41 атау тіркелген. Олардың ішінде. +ағаш 2, +жал 1, +жар 1, +көл 26.+қамыс+1, +қарасу 1,+қызыл 3,+су3, +томар 3 рет кездеседі. Дәл осындай жағдай «тарихи» топонимикада да байқалды. Осыдан жүз жыл бұрынғы елді мекендер қатарында, яғни, «ойконим» есебінде «ұзынмен» басталатын 65 атау бар екен. Зер салып қарасақ, бұлар да шамамен қазіргіге ұқсас: +ағаш 16, +дуал 1, +жал 3, +көл 4, +қарағай 1, +қызыл 23, +қырат 1, +өзен 2 және +томар 4 рет кездесті.

Атақты топонимтанушы ғалым Э. Мирзоев те мұндай жиілікке назар аударып, «ұзын» сөзін «өзен» сөзімен шендестіре қарап көреді. Шынында, осы екеуінің арасында бір байланыс бар болуға тиіс деген оймен, бірнеше мысал келтіреді. Зерттеушінің ұстанымы «ұзын» тек қана заттың, нысанның ұзын-қысқалығын ғана білдіретін шама өлшемі немесе, «ұзыншақ», «ұзарып көрінген, «созыла біткен» сыртқы көрінісін ғана білдіріп қоймайды, басқа да сыры болуға тиіс дегенге саяды.

«Өзен» және «ұзын» деген ұқсас апеллятив сөздерді ССРО картасында өзенді бейнелейтін көгілдір сызықтардың қасынан байқаймыз. Қазақстаннан Саратов облысына ағып шығатын Улкен өзен, Кіші өзен дегендер бар. Башқортстандағы Белое өзенінің Орал тауларынан бастау алатын бір тармағы «Узян» деп аталады. Балқаш көлін ащы және тұщы бөліктерге бөліп тұратын ағыстың аты «Ұзынарал». Қазақстандағы Ұзынқарғалы өзені жағасында «Ұзынағаш» ауылы тұр, сол республиканың солтүстігінде «Ұзынбұлақ» деген су бар. Өзбекстанның Сұрхандария облысында Ұзын деген ауыл бар, Арменияның Әзірбайжанмен іргелес шегарасында Ұзынтал селосы... Бірін-бірі қайталайтын, сырттай да, мағнасы да ұқсас бұл не қылған атаулар...» деп танданады автор. Сөйтеді де, жеке-жеке қарастырып көреді.

«Ұзынағаш» – ұзын немесе биік ағаш па? «Ұзынтал» - ұзын аңғар ма? Балқаштағы Ұзынаралға көз салсаңыз, шынында көлді екіге бөліп тұрған ұзынша біткен түбекті байқайсыз. Шынында, бұл түбек емес, бір кезде арал болуы да мүмкін.

Біздің мысалымызда «ұзын» сөзіне антоним болғандықтан (мысалы «ұзынды-қысқалы») топоним жасауға «қысқа» сөзінің неге қатыспағаны да қызықтырады. (қысқаша: ҚРГАМ, 2-том.) жинағындағы 7 мың, біздің қолымыздағы 2,5 мың, барлығы 10 мыңға тарта жер-су, елді мекендер атаулары

арасында «қысқа» сөзімен басталып жасалған бірде-бір топоним кездеспеуі де ономастика ғылымының бір құпиясы десек, артық айтқандық болмас.

#### «Ұзын» мен «шолақ»

Осыдан 110 жыл бұрын қағазға түскен мәліметтерде облыс аумағындағы елді мекендердің арасында жиі кездесетін атаулардың бір парасы - ұзындық пен қысқалық өлшеміне байланысты түсінікке байланысты қалыптасқаны да назар аудартады. Мысалы, *Қызыл+ағаш (16), Ұзын+дуал (1), Ұзын+жал (3), Ұзын+көл (4) Ұзын+қарағай (1), Ұзын+қызыл (23), Ұзын+қызыл+сай (1), Ұзын+қырат (1), Ұзын+өзек (1), Ұзын+томар (4)* болып келеді. Енді осы «ұзынға» тіркеліп жасалған зат есімдердің жағдайы 2001 жылғы анықтамалықта мынадай: Мұндай топонимдер тізімінде +ағаш 2, +жал 1, +жар 1, +көл 26, +қамыс 1, +қарасу 1, +қызыл 3, +су 3, +томар 4 рет кездеседі.

Жоғарыдағы мысалда кеелтірілген «ұзын» сөзі, біздің ойымызша нысанның тура мағнасында сызывқ бойымен созылып, ұзарғандығын ғана емес, сонымен бірге көлемін де көрсететін сияқты. Және бұл жерде географиялық нысан ретінде алынған зат есім тұлғасында, айталық, ағаш, жал, жар, көл, қамыс, әйтпесе су мен томар жеке мысал ретінде алынбаған, жиынтық. Яғни, типтік түрде, бейнелеу, тұспалдау түрінде алынғаны байқалады. Енді осыған керісінше, «ұзынға» антоним «шолақ» сөзін алып қарасыратын болсақ, атаудың бейнелі екендігі тіпті жарқырап көрінгендей. «Тарихи топонимикада «шолақ» ұзыннан гөрі сиректеу қолданылып, қазақ қыстауларының мұндай қатары былайша тізілген: *Шолақжал, Шолаққайың, Шолаққарағаш, Шолаққарасу (2 рет), Шолақөзек (4 рет)*. Түсінікті болу үшін, айта кету керек, бұл аталғандар, қыстау-мекендер.

Ал енді, жер-су атау ретінде, «шолақ» сөзінің негізінде жасалған 16 топонимнің қазіргі жайы мынадай: Шолақ ауылы – Мамлюта ауданы, аудан орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай, орысша «Горькое» аталатын тұзды көлдің оңтүстік-батысында. Осы аттас екінші ауыл тағы осы ауданда, және Меңгесер көлінің солтүстік-шығысында, Новомихайловка селосынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Осы аттас үшінші ауыл, дәлірек айтқанда, Шолақ Досақ атымен Аққайың ауданындағы Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-батысқа қарай, Талды-арал көлінің солтүстік-шығысында жатыр. Жамбыл ауданындағы Шолақжал, Тайынша ауданындағы Шолаққайың, Шал ақын ауданындағы Шолақ қарасу, Айыртау, Жамбыл және Шоқан Уәлиханов аудандарындағы Шолақөзек ауылдары қазақ халқының ежелгі құтты қоныстары ретінде талай тарихтан сыр бүгіп жатыр-ау. Қазақтың тіл байлығы синоним қатарының байлығымен өлшенетіні мәлім. Осықасиетті қазақы жер атауларынталдап отырғанда айқын байқайды екенсіз. Мысалы, қысқа, шолақ, келте, ықшам деген сөздер қолданыста белгілі дәрежеде бірінің орнына бірі синоним болып жүре береді және түсінікті айшықтап, көркем кестелеуге, сойлемнің дәмін кіргізіп, сәнін келтіру үшін қолданылады. Соның бір мысалы мынау. *Шолақ жал, Шолақ қарасу* деген әдеттегі қолданысты сәл өзгертіп, *Келте жал, Келте қарасу* деуге болады ғой. Ал, осы «қысқа» мен «шолақтың» орнына «келте» ауызға түссе ше?! Айталық, біздің өлкедегі екі *Келтеқона* және төрт

*Келтеқыстау* бар екен. Саны жағынан аз, бірақ мағынасы түсініксіз бұл атаулар тамыры әріде, тарихы ұзақ көшпелі халықтың тұрмыс қажеттігінен туғанын біліп отырмыз. Анығында осындағы «келте» сөзі көлбеу жазықтықтағы ұзындық өлшемі емес,

уақыт өлшемі болып шықты. Антрополог ғалым М.С. Мұқановтың көрсетуінше күзеу мен қыстаудың арасында, қыстауға ұрымтал пәйектің шөбін сақтай тұру яғни қори тұру үшін қыс қаһарына мінгенше отыратын мал тұрағы. Қазіргі лексикада қолданылудан қалған *келте* сөзі бұл жағдайда өтпелі, қысқа мерзім дегенді білдіреді. Бас-аяғы бір жүз жылдың ар – ақ-бер жағында жоғарыда біз санаған төрт «келтеқыстаудың» біреуі ғана (Мамлют ауданындағы Меңкесер көлінен шығысқа, ал Становой көлінен оңтүстік-батысқа қарай) қалған, өзгесі қазақтың өзгерген тұрмысымен бірге жоғалған.

Кейінірек, Ішкі Ресейден тағдыр айдап, қоныс аударғандар да, өздерінің жаңа қоныстарының сыртқы көрінісін таңбалап, өз тілінде атай бастаған. Соның айғағы ретінде қазақша «ұзындардың қатары орысша «длинный» деген өлшем сипатымен толыға түскені де, бұл аймақтағы тарихи өзгерістердің заттық ескерткішіндей көрінеді. Облыс аумағында «Длинный» сөзінің негізінде 12 топоним жасалған болса, мұның сегізі қоныс атауы, яғни ойконимдер екенін байқадық. Жекелеп көрсетсек, Длинное көлі, Длинное, Длинные батпақтары, Длинный тоғайлары деген сияқты. Бірақ, орыс топонимдері арасында «короткое» сөзімен келетіндері екеу ғана, біреуі емен тоғайы, екіншісі батпақ.

Қазақтың халықтық географиялық терминологиясын көп зерттеген Ғ.Л. Қоңқашбаев Қазақстан табиғатының әртүрлілігіне қарай, мысалы, солтүстіктегі орман-тоғайлы, арқадағы шөлейтті дала, оңтүстіктегі құмды-сортаңды алқаптар мен биің таулы, ойлы қырлы бедерлердің әрқайсының өзіне ғана тән жер-су атаулары қалыптасқан. «Сайып келгенде мұның өзі қазақтардың мал шаруашылық кәсібін жүргізу ерекшеліктеріне тән екендігін», көрсетеді.

Солтүстік Қазақстанның көптеген топонимдері аумақтың физика-географиялық нысандарының басым белгілерін, атап айтқанда, көп кездесетін өсімдік түрлері, жер бедерінің өзіне ғана тән ерекшеліктері сияқты белгілерін бейнелейді. Бұл, сөз жоқ, нақты көріністің кескін келбетін айнадағыдай танытатын географиялық позитивтілік принципі болып табылады. Физика-географиялық атаулардан берік орын ала отырып, бұл табиғит белгілер, басқаша атауға болмайтын, тек қана осы атау жарасады деген принципке жауап беретінін байқау қиын емес. Себебі, зерттеу үстінде байқағанымыздай, өңірде кездесетін барлық өсімдік немесе аң-құс түрлері, жер бедері түгелдей топонимикадан көрініс таба бермейді.

Қазақ тілінің табиғатына тән бір ерекшелік: көптеген түр-түс атауларының шығу төркіні бүгінде белгісіз. Олардың кейбіреуін этимологиялық жолмен анықтауға болса да, кейбіреулерінің құпия сырын ашу мүмкін емес. Мәселен, **ақ, боз, сұр, көк, кер, ала** тәрізді бір буынды түр-түс атауларын талдап, анықтап жатудың қажеті де жоқ сияқты көрінеді. Өйткені бұлар одан әрі жіктеуге, морфемаларға бөлшектеуге келмейді. Бұл атауларды көне түркі

заманынан бері келе жатқан байырғы ілкі түбірлер санатына жатқызуға болады. Көптеген түркі тілдерінде кездесетін бұл сөздердің түстік мағынасы да көне болса керек. Мысалы: **ақ** сөзі түркі тілдерінде *ақ//ах//ағ//а:қ* формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағынаны аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түстік мағына («белый»); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, т.б.мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, кінәсіз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып. *Ақ* сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында ХХ ғасырдың өзінде-ақ түркологтар арасында әртүрлі пікірлер қалыптасты. Э.В.Севортян «ага» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі «ақ» – «оқ» (қартаю) етістігінен өрбіген дегенді айтады. Жалпы сүт тағамдарын білдіретін *ақ* атауы (қымыз, сүт, шұбат, құрт т.б.) *ақ* етістігі негізінен өрбігенін аңғаруға болады. Оған дәлел «ақ» – ағу, жоғары-төмен жылжу, құйылу» мәніндегі етістік. Сүттің төмен сауылып, сорғалап құйылатыны белгілі. Әрі өзі де ақ, басқа реңкі жоқ, өзгермейтін *ақ* түсті *ақ* атау да көңілге қонымды. Көне түркі тілінде «үрүн» атаудың тілден ығыстырылып шығуына да *ақ* сөзінің конверсиялануы әсер еткен. Көне мұраларда кездесетін «таң азару» тіркесіндегі «ақ» жоғары көтерілу, «таң көтерілу» мағынасын беретін ақ – етістігінің әр түрлі сапада жеткендігін ғалым Б.Сағындықұлы дәлелдейді

### **«Ақ» 102 және «қара» 167**

Облыстың жер-су атаулары тізілген каталогта «ақ» сын есімімен немесе осыдан туындайтын зат есімнен басталатын 102 атау бар екен. Солардың ішінде Ақан, Ақанбет, Ақбай, Ақбас, Ақби, Ақжан, Ақжарқын, Аққошқар, Ақсары, Ақтай, Ақыш бастатқан 25 антропоним болса, қалғандары +балық 2, «Ақбас» және «Ақбасты» аталатын тұзды көлдер 8, -бұлақ 2, +жар 2, +көл 4, +қайың 3, «аққу» 3, +құдық 3, +мола 3, +сай 3, +соран 3, +су 7, +суат 7, +тас 3, +төбе 6 рет кездесті.

Ал, бұдан жүз жыл бұрынғы елді мекендердің атауы тізімі болып табылатын «Тарихи топонимикадан» қазақтардың «ақтан» басталатын 32 елді мекенін таптық. Бұлардың ішінде Ақбас, Ақбота, Ақжан, Ақпан, Аққусақ сияқты кісі есімдері мен, қазақ тұрмысын бейнелейтін: «Ақжан қонған ағаш», «Ақ ит өлген», «Ақбас тың көлі», «Ақ оба», «Ақ мола», «Ақ шығанақ», «Ақ өгіз», «Ақтөбел», «Ақтөс», «Аққойлы», «Ақөгіз», т.б. этнографиялық атаулар баршылық. «Боззарал»

Жерлестеріміздің басым бөлігі қазақтан өзге ұлт өкілдері болғандықтан, зер сала қарасақ, осы «ақ» анықтауышының орысша аудармасы «белый». «белая» «белое» сөзіне қатысты 26 атау ұшырайды. Солардың ішінде «ақ топырақ», яғни «Белая глина» деп екі ауыл және Аққанбұрлық өзенінің бір саласы, өзенше аталады. Осыған ұқсас «Белоглинка» деген екі ауылдың біреуі Айыртау ауданында, екіншісі Шал ақын ауданында. 9 «Белое» болса, соның бесеуі көл, яғни Ақ көлдер, төртеуі село. Ойконимдер арасында төрт «Белоградовка» бар екен.

Біздің ойымызша, мағнасы жағынан «белоеге» жақынырақ сын есім «чистое» болса керек. Қазақша «таза» деген тура аудармасы болмаса да, бейнелі түрде «ақтың» мағнасын беретін *27 чистое* санауымыз, соның бір айғағы болса керек. Атап айтқанда, Чистое деп аталатын көлдердің саны 17, қалғаны батпақтар немесе елді мекендердің аты.

Топонимист мамандар қазақ тілінде «**қара**» сын есімінен басталатын, немесе осы сөз жалғанған атаулардың көптігіне назар аударып, рсы құбылысты түсіндіруге тырысады. Басқа халықтардағыдай *қазақ халқы үшін де әлем екі түске – ақ пен қараға бөлінген*. Оның бірі *ақ түс* – күллі игі жақсы қасиеттер иесі болса, *қара түс* – жамандық біткеннің белгісіне ие. Бұл түсінік халық санасына терең ұялап, оның тілі мен ойлау жүйесінен орын алған. Сондықтан *ақ түс* күні бүгінге дейін жақсы бастама атаулының бәрінен де табылады. Өйткені ол сұлулық әлемінің, адамгершілік қасиеттерінің біртұтас жиынтығын құрайды. Қазақ халқының ежелгі дүниетанымында дүниені төрт бұрышты деп түсініп, әр тұсқа өзіндік таңбалық түс бергені белгілі. Сонда *қаратүс* солтүстікті белгілейді. Зерттеулерге сүйенсек, «Авестада» солтүстік жақтағы қасиетті тауды «Хукариа» деп атайтындығы айтылады. «Хукариа» атауының иран тіліндегі бастапқы айтылу нұсқасының «*Хух Хара*» болғандығын ескерсек, мұндағы «*хара*» о баста дей-түркінің (арғықазақ) «*қара*» формасынан шыққандығын айтуға болады. Яғни «*Хух Хара*» сөзі бүгінгі түркі тіліне «*Харатау*» - «*Қаратау*» деп аударылады. Бұл жердегі «*қара*» сөзі түсті емес, «*түпкі, бастапқы*» деген мағынаға ие болып тұр. Түркі тілдерінің бірі өзбек тілінде «*қара*» сөзі «темір» деген мағынада қолданылады. Мұндай ұғым буряттардың дүниетанымдық негіздегі фольклорында да болғандығы байқалады. «*Қара*» сөзі жер асты, төменгі әлем ұғымын білдірсе, «*ақ*» сөзі оған қарама-қарсы жоғарғы әлем, құдайлар мекені, аспанның символы болған.

Сонда, байқалғаны «*Қара*» деген сөз нысанның түсін көрсетіп қана қоймайды, «*қара*» сөзі «үлкені, «көп» «көлемді» деген сөздерге синоним ретінде жұмсалып, атаулардың бейнелі, көрнекті, есте қаларлық болуына, айтқанда әсерлі естілуіне байланысты күшейткіш шырай түрінде қолданылады. Ал, орыс тілінде олай емес екеніне осы өзіміздің солтүстік аймақтың жер-су атауларын зерттеу үстінде көз жеткіздік. Мысалы, «Черное» деген екі көл, Чернобаевка, Чернозубово және Чернолесье деген елді мекендер бар. Бұл арада әрбір этностың сыртқы әсерді бағалауы, қабылдауы және санадан өткізіп таңбалауы әртүрлі екендігі сөз болуға тиіс.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» **қара** сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден *түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық* мағыналарын тануға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. **Қарасөзінің** тура мағынасы – «*ақтың қарама-қарсы түрі*». Бұл оның негізгі мағынасы. Бірақ бұл номинативтік мағына одан кейін пайда болған коннотативтік мағынаның қалыптасуының барлығына бірдей ұйытқы бола алмайды. Оны мына мысалдардан байқауға болады.



Енді осы көрсеткішті бұдан 100 жылдан аса бұрын қағазға түскен мәліметтермен салыстыратын болсақ, ел тарихының, демографиясының, тұрмыс жағдайының түбегейлі өзгерістерін байқауға болады. Айталық, «тарихи топонимикада» «қара» сөзінен басталатын елді мекендер (географиялық атаулардың ішінен бөлініп алынған ойконимдер.-авт.) саны 171 болса, соның ішінде: +ағаш 43,+тал 43, +терек 37, +шілік 7, +мойыл 11, +томар 5, +шоқы 5, +шоқ 4 т.б. адамға жайлы қоныс болатын табиғи нысандар екенін байқаймыз. Назар аударатын ерекшелік, қазақ халқының отырықшылыққа қарай бейімделуіне байланысты өзгерген атаулардың көбеюі немесе азаюы.

2012 жылы шыққан тізбеде облыс аумағындағы жер-су атауларының арасында «Қара» сөзінен басталатын 167 атау болса, соның 14-і «Қарағаш», +балық 3, +4 бие, «Қарағай», «Қарағайлысы» 10, +көл 7, +қамыс 4, +қоға 14, +қожа 4, +мойыл 3, +мола 4, +сор 5, +су 12, +тал 10, +терек 6,+ томар 9, +шоқ 3, +шоқы 1,+шілік 5 жиілігінде байқалуы да өңіріміздің табиғи келбетін ерекшелеп көрсететін белгілер деуге әбден болады. Және де айта кету керек, «қара» сын есімінің көмегімен жасалған топонимдер орысшаға аударылмай, қазақша сақталған.

**Қаратүсті** білдіретін атаудың «ақ» түсті білдіретін атау сияқты көп мағынаға ие болуы, біріншіден, оның табиғаттағы ең негізгі, көрнекті және басқа да көп түстердің құрамында кездесетін табиғаты күрделі түс болуына байланысты болса, екіншіден, қоғамдық өмірдегі көптеген құбылыстармен түр-түсіне байланысты сәйкестігі, ұқсастығы, мәндес-мағыналастығы негіз болған деп қарауға болады. *Қара* сөзінің түркі тілдеріндегі ауыспалы мағыналары бұдан да көп деп көрсетіледі, ал қазақ тілінде, ғалымдардың беруінше, талдауымызға нысана болған отыз шақтысын ғана кездестірдік. Сонымен қазақ тіліндегі *қара сөзінің* ауыспалы мағынасы нақтылы бір сөздермен тіркесте қолданылғанда ғана көрініп, молая түсері белгілі.

### **Қоңыр, Көк, Қызыл, Сары...**

Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – *қоңыр түсі*. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *қоңыр* түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: *қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн*. *Қоңыр* – жер түсі, тірлік, өмір бейнесі. Қазақ наным-сенесінде бұл түс ерекше орын иеленеді. *Қоңыр*– алдымен қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі. *Қоңыр* сөзі түстік мағынадан басқа мынадай: *қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр әңгіме, қоңыр қабак, қоңыр тірлік, қоңыр сөз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр салқын, қоңыр кеш, қойдай қоңыр, майда қоңыр* сияқты тіркестермен келіп, әртүрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебіrentетін нәзік те әсем сәттерін, өмір, тіршіліктің жайбарақат, мамыражай, кейде тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейтін ерекшеліктері көзге түседі. Мысалы: *қоңыр кеш, қоңыр үн, қоңыр үй, қоңыр көлеңке, қоңыр төбе, қоңырқай көз, т.б.*

«Қоңыр» сын есімі+зат есім түрінде жасалған топонимдер де көңіл аударуға тұрады. Біздің қолымыздағы көне деректерде бұлардың саны аз – жетеу ғана: *екі Қоңыр, Қоңыр+ағаш, Қоңыр+бұзау, Қоңыр+қасқыр, Қоңыр+лан, Қоңыр+лы+шоқы, Қоңыр+шоқы*. Ал. Қазір, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде бұлардың өзі сиреп, Қоңыркөл, Қоңырсиыр және екі Қоңырсу түрінде ғана қалуы уақыт өткен сайын қазақы әлеуметтік лексикасының жүдеу тартқанын көрсететін сынайлы.

Топонимжасамда қоңыр түсті, яғни қашықтықтан қоңырайып көрінетін бұта, қарағаны мол тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» табиғи нысандарды белгілейді. Шын мәнінде «Қоңыр» сын есіміне зат есім тірекжолымен жасалған жер атауларының саны аздығы табиғаттағы қоңыр түстің уақытша ғана, күз айларына тән екендігімен түсіндіруге болар. Іздей түсу керек шығар

Солтүстік Қазақстанның тарихи топонимдері қатарында едәуір орын алған «көк» сын есімі арқылы аналитикалық жолмен жасалған топонимдерге тоқталудың қажеті бар. *Көк* сапалық сын есімі көне түркі жазба ескерткіштерінен байқалатындай, ежелден түрік елінің сүйікті түсі болып есептеледі (көк тәңірі, көк түрік, көк бөрі концептілері). *Көк* сөзінің *көкшіл, көгірек* деген *түстік* мағыналарына орнығуы адам танымы арқылы танылған зат пен құбылыстардың танымдық құрылымы арқылы берілетін бейненің ортақ сипатымен байланысты. Аспанды *көк* деп атап, *көк тәңірге табынған, көк бөрінің ұрпағы* саналған түркі тектес халықтардың танымында аспанның түсі барлық осы түстес белгілерге атау ретінде берілген. Неге аспан деп аталынбаған деген сұраққа «аспан» сөзінің өзі таза түркілік емес, әрі қолдану уақыты да кейін енген деуге болады. *Көк* сөзі – түркі тектес халықтарға ортақ сөз. Заттық мәндегі *көк* (аспан) пен түр-түс атауы *көкті* синкретикалық түбір деп қарастырып жүр. Аспан мағынасындағы *көк* сөзі мен онымен түстес нәрселердің салыстырмалы түрде *көк* аталуы әбден мүмкін. Көне түркі тілдерінде «*көк*» сөзінің бір мағынасы «тамыр», «көкян» қазіргі түркі тілдерінде «тамырлас» ұғымын береді. Мұндай мағына «көгі жақсы», «көгі жаман» тіркестерінде сақталған. Бұлар көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. М.Қашқаридың еңбегіндегі «көгің кім» тіркесінің аудармасы «шыққан тегің қандай» дегенді білдіреді. Номадтар үшін көк сөзі шынымен қасиетті болатын себебі: көк – аспан, көк – көктем, көк-жаз, өріс кеңейіп, мал тойынатын кез. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы қыстаулар тізбесінен сүзіп алған деректеріміз мынау: *Көк+ала+би,е Көк+аяқ, Көк+байтал, Көк+бас, Көк+бие+өлген, Көки, Көк+өгіз, 18 рет Көк+терек, Көк+терек+тоғай, 2 рет Көк+шалғын, 3 рет Көк+ше+ағаш, Көк+ше+тал, Көк+шіл+ағаш*. Мысалдарда сын есім+зат есім+зат есім, немесе сын есім+ күшейткіш шырай жалғауы+зат есім түрінде топонимдердің бірнеше жасалу жолдарын келтірдік.

Облысымыздың аумағын мекендеген ертеректегі ата-бабаларымыздың жер-қоныс атауларында көзге оқшау көрінетін аса қызық құбылыс «Қызыл» сын есімінің тіркескен зат есімдер мен сын есімдерден жасалған атаулардың

жиілігі. Бір қарағанда сыры ашыла қоймайтын бұл «қызылдар» әлдеқайда тереңірек зерттеуді қажет ететіндіктен, кейбір авторлардың пікірлерімен ғана шектелмекпіз.

Әуелі мысалдар мынадай. Жақшаға алынған сандар бұл атаулардың неше рет кездесетінін айғақтайды. Сонымен: Ащылықызыл (2), Байқызыл (2), Басқызыл (4), Басқызылағаш (2), Бейітқызыл, Бірқызыл, Дөңқызыл, Желқызыл (7), Жақсықызыл, Жаңақызыл, Жаңақызыл, Желқызыл (7), Жоңқызыл, Кепеқызыл, Көлденеңқызыл (2) Қалыңқызыл (3), Қарағаш (Ортақызыл), Қожақызыл, Қосқызыл, Құрықтықызыл, Қызқызыл, Қызылағаш (31) Қызылат, Қызылкүйген, Қызылқұм, Қызылмөңке, Қызылой, Қызылөзек, Қызылтал (3), Қызылтау, Қызылтоғай (2), Қызылтомар, Қызылшілік (2), Қызылшоқ, Қызылшырпы (2), Қылқалықызыл, Миқызыл, Милықызыл, Ойқызыл (7), Ортақызыл, Салпыққызыл, Тойқожақызыл, Үшқызыл 4, Ұзынқызыл 25, Шарбақтықызыл, Шөлқызыл (12).

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі **қызыл** мен **жасыл** сөздерінің түбірі «*қыз*» бен «*жас*» деген пікір көптен бері айтылып келеді. Сондағы ғалымдардың дәлелі: бұлардың екеуі де – *ыл - іл* моделі негізінде бүгінде жеке-дара қолданылмаса да, бөліп алып қарауға болатындығы. Ал белгілі топонимист Е.Қойшыбаев *қызыл* сөзін тіліміздегі *қысыл* (тар, қысылу) етістігімен байланыстырады. Ғалымның мұндағы сүйенетін дерегі – Жоңғар және Іле Алатауларындағы шатқал аты – *Қызылауыз* («узкие ворота» мағынасында). Бірақ та көптеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жоғарыдағыдай, *қызыл* сөзінің түбірі – *қыз*: бірде етістік («краснеть», «пламенеть»), бірде сын есім мағынасында («красный», «багровый») екіұдай қолданылған екен. Сын есім мағынасында қолданылғандығын дәлелдеу үшін **қызар** етістігін алып, *боз - бозар*, *көк - көгер*, *ақ - ағар* моделі бойынша талдаса да жеткілікті. Бұл жердегі түбір тек зат есім немесе сын есім ғана болуы керек. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі *қызыл* сөзінің құрамындағы о бастағы дербестігін жойған «*қыз*» түбірінің төркіні айқындалмақшы. Ол тек *қызыл* түстің ғана емес, тіпті алабұртып, қызу қанды, сұлу реңді мағынасындағы «*қыз*» сөзінің шығуына да негіз болса керек. М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» сөздігінде бұл **қыз** түбірінің тағы бір мағынасы беріледі: *Бұ ат қыз алдым – Бұл атты қымбат* алдым. Сонда *қыз* түбірінің мағынасы: 1) *қызыл*; 2) *қымбат*, соған тағы да -ыл жұрнағы қосылып, тарихи тұрғыдан қатыстық сын туғызса, біздің тілімізде сапа сыны болып қалыптасқан.<sup>36</sup>

Облыс аумағындағы топонимикалық кеңістікте орысша «Красныйға» тән 33 атау бар екен. Біз сөз етіп отырған мәселеге бұлардың қатысы шамалы сияқты, себебі, басым көпшілігі коммунистік «қызылдың» әсерінен пайда болған сияқты. Сондай-ақ, қазір қазақша қызылдардың да назар аударатындай ізі жоқ.

Қазақ тілінде де, жалпы түркі тілдерінде де **сары** түс атауы сындық мағынада қолданылады. Жоғарыдағы талданған түр-түс атаулары сияқты бұл сөздің де шығу тегін, этимологиясын анықтау оңай емес. *Сары* сөзінің негізгі түстік мағынасымен қатар түрлі-түрлі ауыс мағыналары да аз емес. *Сары* сөзі – жиі қолданыста болатын, көп жағдайда түсті білдіретін лексема. Бірақ ол да кез

келген қолданысында түсті білдіре бермейді. «Сары» сөзі жер-су атауларымен тіркескенде «сар» тұлғасында қолданылатынын байқау қиын емес. Топонимист Е.Қойшыбаев «сар» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «айқын, кең, негізгі, басты» деген мағынада жұмсалатынын айтады. Ал, Р.Сыздықова «сары алтын» тіркесіндегі сары сөзінің мағынасы қоспасыз, таза, ал «сары уайым» дегендегі «сары» сөзі парсы тілінде уайым, қайғы екенін айта келіп, «сары уайым» тіркесі бір мағыналы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болып, бала-шаға, бекер-босқа сияқты бір сыңары парсыша – уайым (сар), екіншісі – қазақша уайым сөзінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады», – дейді [43].

Сондай-ақ «сары алтын» тіркесіндегі «сары» сөзінің негізгі мағынасы «таза», «шынайы» екендігінде дау жоқ, ал «сары уайым» тіркесіндегі «сары» сөзі түсті білдірмейді, плеонастық тіркес те емес. Себебі, «сар(ы)» сөзінің түркі тілдеріндегі бір мағынасы – «шын», «нағыз». Е.Қойшыбаевтың «сары» туралы «айқын», «анық көрінген», «басты» деуі біздің мысалдарымызды көркейте түсетін қисынға жақын. Осыған орай «сары уайым» – «негізгі, анық уайым», ал «сарыла күту» – «шыдаммен, нағыз күту» дегенге саяды. «Сары» сөзінің «нағыз, таза» деген мағынасының барлығын тарихшы ғалым Х.Көктәнді де сары сөзіне берген талдамасында анықтайды. Ғалым сары сөзінің түбірін са/со деп бөліп алып, «са» түбірі дала деген ұғымды білдіретінін айтады. Кейбір тарихшылар сары ұйғыр дегенді көне ұйғыр ұғымын береді деген пікір айтады [44].

Бұл асылы, таза далалық ұйғыр деген сөз. Ра – таза, шын деген сөз. Со – дала, сосөзі, салқар (с//ш), сақара деген сөздердің түпкі буынында сақталған. Сайын сөзі жеке тұлғасында ұғынықсыз болған соң, кейін халықтың өзі сайын дала деп калькалық тәсілмен көшірме аударма жасаған. Осы күнге дейін бұл екі сөз қосарланып айтылады. «Сары» түс туралы ғылымда белгілі-белгісіз жорамалдарға тереңдемей-ақ, өзіміздің солтүстіктегі Есіл бойының топонимикасының мысалдарына көз салып, ойланып көрсек...Сары+қамыс, Сары+май, Сары+оба, Сары+өзек (2),Сар+өлең+ағаш,Сары+терек, Сары+айғыр, Сары+ат+сойған, Сары+бай+жұрт Сары+байтал, Сары+бас, Сары+бауыр, Сары+бие, Сар+ала+айғыр, Сараланың үйірі,Сары жабағы...Тізімді одан әрі жалғастырып, туған өлкеміздің тарихынан тамыр тартқан көңілге тоқ, көркем атаулардың үлгісін ұсынар болсақ: Ақбайтал, Аққойлы, Ақөгіз, Алаатөлген, Алабие, Алаатөлген, Алабие, Аткескен, Атиаптырған, Бозат, Бие сойған (3),Бота, Ботажеген, Ботантай, Ботатуған, Бұзаужығылған, Бұзауқырған, Бұзаусойған, Бұзау сүйегі, Қара бұзау, Қара жабағы, Қара құнан, Қарала айғыр, Қарала жабағы, Қарасиыр, Торы бие, Торыбиеөлген,Қоңырбұзау, Қоңырқасқыр, Қоңырлан, Көкалабие Көкаяқ,Көкбайтал, Көкбиеөлген, Көки, Көкөгіз, Күреңайғыр Қызылат, Шабдар ат,Шошқалы (5), Шұбарбие, Сиырқырылған, Сиырөлген, Сиырсалған, Төрт өгіз, Түйе байлаған көлденең, Түйе боз, Түйе өлген (2,) Түйес ойған,Түйе қамыс,Қозыбайыс, Қозыке, Қойағаш Қойбағар (5),Қойбағардың ашасы,Қойбас, Қойғақ,

Қойгелді, Қойқырған, Қойқырыл, Қойқырылған, Қойлыбайқонған, Қоймақойған (4), Қойөзек, Қойсалған, Қойсойған, Қойсойған шоқы, Қойтал, Қойшыбайдың Ескіқыстауы, Ешкіқырған, Қызылат, Жорғаат, Жылқыалған, Жылқыөлген, Тайжүзген, Тайлақ, Тайлақжеген, Тайлыбай, Тайсойған...

Бұлардың бәрі – ерте кездегі қазақ ауылдарының, қыстаулары мен күзектерінің атаулары. Ата-бабаларымыздың кәсібі мен тұрмысы, салт-дәстүрлері, қоршаған ортаға қатынасы, дүниетанымы мен мінез-құлқына дейін ақпарат беретін өшпес құжаттар *Талдыкөл, Талдықарасу, Талдықыстау, Талдыөзек, Талкестірген, Талқыстау, Талмаи,* Терек (4), Терекағаш, Терекбайлағанағаш, Терекқарасу, Терекқыстау, Терект (3), Теректіағаш (3), Терекше алтүбек, Тауағаш Қазанкөмген, Қазанқойған, Қазанқойма, Кеңарал, Кеңаралағаш, Кеңөзек, Кеңөлең, Кеңтоғай, Кеңшабыс, Кеңшоқы, Күйген, Күйген жұрт (4), Күйгенкепе (8), Күйгенқыстау, Күздік, Күздікағаш, Күздікағаш, Күздіқарағаш, Күзек, Құдық, Құдықағаш (2), Құдыққазған, Құдықтомар, Құдықты, Құдықтыағаш (2), Құдықшілік, Құдықшоқ, Құдықшоқы Қуарған шоқы, Қужақ, Қуказық, Қуқамыс, Қусақ (6)

#### **Түз аңдары болғандығы**

Арқаркөл, Арқарандыз, Арқаркөл, Аюбасқан, Аюқамаған, Аюлықаратал, Қарғалы, Бұлантал, Бөрілі (2), Борсықағаш, Жыланды, Итемір, Итсары (3), Қасқыр қамаған, Қасқырлы (3), Қоңырқасқыр, Түлкіалған, Түлкішықпас, Тұзаққұрған, Тұйғынтүскен, Шағалалы, Шәулі ұстаған, Шошқалы (5), Үкі атқан (3), Үкілі.

Байқап отырсақ, қазір «қыстау» деген мекен жойылуға таяп, олардың орнын ауыл, село, кент, поселке деген атаулар басқан кезде, «тарихи топонимикада» 30 мәрте сақталып қалған «жұрт» атауы, немесе 31 рет аталып отырған «көң», 13 рет қайталанған «кепе», 5 рет жазылған «қоныс» атаулары қазіргі ұрпаққа таныс емес болуы мүмкін. Бұл да қазақ тарихының, әсіресе осыдан 150-200 жыл бұрын қазақ даласының солтүстігін мекендеген бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін мәдени есерткіштер деуге болады. Ғылымтанымдық құны жағынан археологиялық қазба жәдігерлерден бір де кем түспейтін бұл құнылықтарды ұмытуға немесе ұмыттыруға болмайды.

#### **Жақсы мен жаман**

Жақсықызыл, Жаманағаш (2), Жаманжан, Жаманқара, Жаманқонған, Жаманқұдық, Жаманқыз, Жаманөзек, Жамантал, Жамантерек, Жамантомар (5), Жаманшілік (4), Жаманшоқы, Жаманшұбар (3), Сұлуағаш (2), Сұлужал, Сұлукөл, Сұлуқызыл, Сұлуөзек, Сұлутомар (5), Сұлушоқ, Сұлушоқы (3) деген атаулардың әрқайсысы-ақ, көңіл аударуға, ерінбей зерттеуге тұрады.

#### **Бас пен аяқ**

Басағаш (3), Басбұлақ, Басқызыл (4), Басқызылағаш (2), Баспакескен, Бастал, Басшоқы, Басыбай, Басынкескен, Аяқағаш, Аяқкөл, Аяққарасу, Аяққызыл (6), Аяқтал (3).

### Үлкен-кіші, жуан мен жіңішке

Қалыңағаш, Қалыңқызыл (3), Қалыңөзек, Қалыңтал, Қалыңтұмсық, Қалыңшоқы,  
Кіші Керейқонған, Кішіақсораң, Кішімтоғай,  
Кішкенекөл, Кішкенекөпа, Кішкенемүйіс, Кішкентайшоқы. Үлкенәқсораң,  
Үлкенқондыағаш, Үлкенқопа (2), Үлкентоғай, Үлкеншоқы (2), Үлкенқаратерек,  
Жалпаққарасу, Жалпаққызыл (3), Жалпақтал, Жалпақшілік, Жуанағаш (3),  
Жуанқайың, Жуаншоқы.

### «Ащы-тұщы» көлдер

Облыс аумағының жаратылыс ерекшеліктеріне қарай көл атауына байланысты топонимдер жиі кездеседі. Бұлай болатын жөні де бар, өйткені ресми дерек бойынша Солтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан аса көл бар. Олардың жалпы ауданы 4800 шаршы шақырым. Қазақстанның солтүстік облыстары арасында ең көлі көп осы облыс аумағының 9 пайызын көлдер алып жатыр.

Көл атауларында түркілік гидронимдер басым болғанымен, славян текті атаулар да баршылық. Бұл арада соңғыларының қазақша атауларға қосақталып та айтыла-жазыла беретінін ескерткеніміз жөн. Және де орысша атаулардың кейінде, шамамен ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағаны тарихи тұрғыда дәлелденген. Мысалы, Ресей үкіметі тәрпынан 1901-1908 жылдары арнайы есепке алынып, тіркелген елді мекендер арасында, көлдерге байланысты атаулардың – гидронимдердің бірде-біреуі орысша емес екені көңіл аудартады. Бұдан шығатын қорытынды, кейін орысша аталып кеткен көлдердің әуелде қазақша атауы болғандығы, кейін Ресейден қоныс аударған келімсектердің көшіп келіп, иемдене бастауына байланысты ғана өзгергені деп пайымдауға болады.

Су қоймаларының айқын байқалған сыртқы бейне-бітімі немесе суының тұздылық құрамы, суда тіршілік ететін жандықтардың түрі-тегіне қарай, немесе сол көлдердің жағасына салынған қыстау-күзеу түріндегі елді мекеннің атына қарай қазақша атын өшіріп, жаңаша атаған. Көлдердің байырғы қазақша атауына тоқталмай-ақ, мысал ретінде бірнеше орысша гидронимді келтірсек те жеткілікті. Мысалы: Горькое, Солёное, Пестрое, Кривоозерное, Питное, Широкое. Кейде көл атауларында меншік иесіне тәндік белгісі де байқалады: Плеханово, Пономарево, Шитово, Марушкино т.б. Бірқатар көлдер сол аймақта өсетін өсімдік түрлері мен мекендеген жан-жануарлардың түріне аталған: Камышное, Рогозянка, Волчье, Собачье, Кобылье, Кояндыколь.

Солтүстік Қазақстан облысындағы көлдердің ауданы орта есеппен бір шаршы шақырымдай және мұндай көлдер 10 пайыз. Ал, жеке-жеке қарастыратын болсақ, ауыз толтырып айтарлық үлкендері де, есепке алуға тұрмайтын ұсақтары да аз емес. Айталық, ең үлкен деген көлдің беті 750,3 шаршы шақырым болса, одан кішіректері 29,8 шаршы шақырым. Мысалы, ең ірі деген : Сілетітеңіз, Үлкен Қарой, Теке, Кіші Қарой, Қалибек, Имантау көлдерінің су қоры 4 миллиард текше метрден асады. Олардың ішінде

Шағалалытеңіздің суы 600 миллион текше метр, Имантау -279, Саумалкөл -99 миллион текше метр. Тағы бір ерекшелік сол, облыстағы көптеген елді мекендер сол ащы көлдер мен тұщы көлдердің жағасынан қоныс тепкен. Көлдеріміз қамысты, қалың өсімдікке бай келеді, көлдердің түбінде өсетін өсімдіктер дүниесі, шөккен мол шымтезек қоры да бағалы байлық болып есептеледі.

Жаманкөл, Мәңгісор, Қисықкөл сияқты қоймаларда емдік саз балшық кені баршылық.

Сулы жер – нулы жер, деп ежелден халқымыз айтқандай, қатар-қатар көлдердің жағасына 30-дан астам құс жыл сайын ұя салады, ал осыншама балық қорының халық игілігіне тигізер пайдасы да өзінше.

Көлдердің аталуы да қызық және белгілі бір иесіне тәуелділік, немесе антропоним түрінде атрибуты жалқы есім түрінде, балығы бары-жоғы; балығының атауы: атрибут бөлігі анықтауышпен келетіндері: Жаңакөл, Ұзынкөл, Жалтыркөл, суының ащы-тұщылығы; Сасықкөл, бітімінің сыртқы көрінісі, терең-тайыздығы: Аяқкөл, Көтенкөл, маңайындағы өсімдіктер дүниесіне қарай; жан-жануарлардың көптігі немесе аздығына қарай: көлдердің сандық есімдері, т.б.

Бір деректерде облыс аумағында 3,5 мың көл бар делінеді. Әрине, бұлардың ішінде сырт бейне-бітімі көлге ұқсас, шын мәнінде «көл» атауына толық жауап бере қоймайтын табиғи нысандар да баршылық. 1901 қағазға түсіріліп, 1908 жылы қайта қаралып, толықтырылған санақ мәліметінде осы өңірдегі қазақтардың меншігі саналған көлдердің тізбесі мынадай болып шықты. Бұлардың алтауы ғана антрогидроним түрінде, меншік иесіне телінген: Ақастың көлді, Ақжанның көлі, Бекболаттың көлі, Бөрінің көлі, Жаншораның көлі, Өтетілеудің көлі.

Талдап отырсақ, тізімге алынған 2 мың 4 жүз қыстақтың ішінде қазатын меншігіне тиген көлдердің мұнша аз болуы (48 ғана) ойлантады. Бұл кезде, қазақ жерлері түгелдей «мемлекет меншігіне айналып», билік орындарының арнайы кесіп-пішіп, қағаздап берген жерлері ғана есепке алынған деп топшылауға болады.

Ақаскөл (2), Ақбаскөл (2), Ақжанкөл, Арқаркөл, Батпақкөл, Бекболаткөл, Бөрінің көлі, Жалғызкөл, Жаншора көлі, Жаңакөл, Жаркөл (2), Жекекөл (2), Кішкенекөл, Көлдікөл, Көтенкөл, Қаракөл, Қоскөл (8), Құркөл, Майлықөл, Өтетілеу көлі, Сарыкөл (2), Сұлукөл, Тазкөл, Тереңкөл (4), Төре көлі (2), Улықөл, Шағалалы, Шұңқыркөл (3).

Байқап отырғанымыздай, мал өсіретін қазақ үшін тұзды, ащы көлдер қоныс болмаған. Қыстақтар қатарында тек бір ғана «Улықөл» аталады, бәлкім, солай аталғанымен суы ащы болмаған шығар.

Жергілікті халық, осы ерекшеліктің өзіне назар аударып, олардың атауын өзінше айыра белгілеп қойған. Айталық, жазда, әсіресе, құрғақшылық жылдары суы азайып, тіпті кей жерлерінде түбі көрініп жататын көлшіктер «қайраңкөл» деп аталса, біздің облыста қазір, немесе соңғы жылдардағы тіркеу бойынша 12

«Қайраңкөл», 7 «Құмкөл» бар екен. Бұл көлдердің суы азайып, «қайраңы» көрініп жатуы кейінде, айталық соңғы 50-60 жылдан бері болса керек.

Неге десеңіз, «тарихи топонимикада» бір ғана «Құркөл» болуы бірде-бір «Қайраңкөлдің» кездеспеуі осыны көрсетеді. Яғни ол кезде суы болған, «қайраң» немесе «құм» деген атауларға тиісті сыртқы белгіден ада деген сөз. Демек, жер-су атауларының тарихтан хабар беретіні, ата-бабаларымыздың бізге жазып қалдырған ескерткіш хаты екендігі, осы бір ғана мысалдан да көрінеді екен.

Өлкеміздің этнодемографиялық ерекшеліктері топонимика қорына да таңба салғаны көрінетінін айттық. Енді осы топшылауымызды нақты мысалдармен кестелейтін болсақ, қазіргі заманда облыс аумағындағы ащы көлдер тұщы көлдерден көбірек көрінеді. Айталық, қазақша «ащы» деп аталған көлдердің саны 30 болса, бұған «тұздыларды» (4), «сортандарды» (5), «сасықкөлдерді» (5), қоссақ та, орысша 51 «соленое» мен 22 «горькоенің» маңайын да көрмей қалады. Бір ғажабы тұщы көлдердің атауына анықтаушы қойылмайды екен. Ал, орысшасында суы ішуге жарайтындары мадақталып, «пресное» 9, «питное» 12, сладкое 5 болып кете береді. Терең көлдер, жалпақ көлдер, шайтанкөлдер, талды немсе шілікті көлдер қазақша өз алдына, орысша өз алдына аталады. Бұл арада көлдердің атауның аударылмай, екі тілде дербес, жарыса қолданылатыны да қызық. Демек, топоним дегендеріңізді оп-оңай аударып, немесе бұрмалап айта қою оңай емес екен. Мысалы, орысша «старое» деген 10 көл болса, қазақша бір ғана «ескікөл» аталуы да қызық құбылыс. «Ақ» көлдер мен «светлое» көлдері туралы да осыны айтуға болады. Бұл арада әр этностың қоршаған ортадан алынған ақпаратты өзінше қорытып, қабылдайтын ерекшеліктері туралы сөз болуға тиіс. Осыған мысал ретінде «Балықтыкөлдердің» 8 ғана, ал «Рыбное» көлдердің 24 екендігін айтсақ та жеткілікті. Қазақ өзге ұлттарға қарағанда балыққа онша жерік емес қой. Сол сияқты орысша «Лебедь» аталған 14 көл болса, «Аққуөлген» деген бір ғана көл кездесті. 19-ғасырдағы бір әдеби нұсқада Сібір халықтарының аққуды атып алып, оның терісі мен мамығынан әйелдер үшін сәнді баскиім тігетінін оқыған едім. Әрине, бұл қазақ салтына жат үрдіс, сондықтан топонимикадан да көрініс таппаған.

Адам баласы, көзбен көргенін қорытып, өзінше бағалап, ерекшелігін таңбалап, жалқы есім ретінде атап, есте сақтайтын саналы тіршілік иесі ғой. Алыстан көрген бетте-ақ көлдің сырт бітімін шамалап қисық болса Кривое» деген 39 көл, ал, дөңгелене бісе «Круглое» деп 34 көлге орысша ат берген екен. Ал, қазақша қисық немесе дөңгелек көл деген атаулар жоқтың қасы. Оның есесіне «Үлкен көлдер» елуге тарта, ал «кіші» сын есімі 38 көлге, «кішкене» сын есімі 34 көлге таңылуы да тегін емес. «Қамысты» көлдердің саны орысша- қазақша шамалас.

Табиғаттың осы сыйы топонимдерден ерекше көрініс тапқанын қызықтап қана қысқаша тоқтайыз. Әйтпесе, аймақ гидронимдері талай ғылыми зерттеулерге арқау болғандай. Бұдан жүз жыл бұрын да, қазір де көлдердің бірінші сипаттамасы, әлбетте, суының ащы-тұщылығы, азды-көптігі, адам мен малға



сусын болатын болмайтыны. *Ащылы, Ащылы Қаратал, Ащылыағаш(4), Ащылықарасу, Ащылықызыл, щылыөзек (2), Ащылысай, Ащылытал (3), Ащылышілік, Ащылышоқы (2), Бүйрекащы, Кемеращы, Кенащы* дегенде, көлмен іргелес сортаң, ащылы топырағы бар жерді де мезгеген.

### **Жалғыз, екеу, үшеу...**

Жалаңшілік, Жалғызағаш (2), Жалғызкөл, Жалғызқарағай (9), Жалғызқұдық (3), Жалғызтерек, Бірқызыл, Егізбай, Қос қаратал, Қосағаш, Қосағаш (Бұрыл), Қоскөл (8), Қосқабат, Қосқаратал, Қосқызыл, Қосми, Қоспақтал, Қоспақшығыз, Қостіккен, Қостомар, Қосшілік, Қосқарағаш, Үшкеліншек, Үшкөл, Үшқарағаш, Үшқарасу (2), Үшқұдық (3), Үшқызыл (4), Үшотау, Үшсала (2), Үштаған (2), Үштау, Үшшоқы, Төртарал, Төртіккен, Төртөгіз, Бесағаш (2), Бесқарағай (4), Бесқұдық (3), Бестал (2), Бестамақ (3), Бестерек (5), Бешшошак, Жетіқұдық, Жетісай, Тоғызбай, Тоғызбөлек, Тоғызтоқпақ, Қырыққұдық (4), Қырықтал, Жүзбай, Көпқұдық, Көптал, Мыңшұңқыр.

Аймақтың этнодемографиялық ерекшеліктеріне қарай туындаған *Орысжатқан, Орыс келген ағаш, Орыс қонған, Орыс құрған, Орыс сүйегі, Орыс томары, Орыс шоқысы* деген атаулар азайып, тіпті жоғалып (Айыртау ауданына қарайтын Құсбек көлінің оңтүстік-шығысындағы *Орысбай* деген жер аты мен Мамлют ауданындағы Новомихайловка селосының солтүстік-батысындағы *Русское* көлінің атауы сақталған.-авт.) кеткен. Әйтеуір, көне тарихтың ескерткішіндей, башқұрт, мордва, неміс, поляк, өзбек, қалмақ, татар ұлтарына байланысты жекелеген этнонимдерден жасалған атаулар сақталған.

### **Жаңа-ескі**

*Ескіжұрт (3), Ескікөң (25), Ескікөң, Ескікүздік, Ескіқора, Ескіқыстау (8), Ескіөлең* деген атаулардың жиі кездесетіні де үйреншікті жағдай сияқты. Шынында да солай ма. Мысалы, осы «ескілі-жаңалы» топонимдердің өзге ұлт тіліндегі жиілігіне назар аударсақ, белгілі-бір типтік жағдайды байқауға болатын сияқты. Облыстағы жер-су атауларының, елді мекендердің қазіргі жайына көз салсақ, «Ново-жаңа» деп басталатын 39 топоним бар екен және олар түгелге жуық, елді мекендер, тек бір көл мен бір төбешіктің ғана «жаңа» екені байқалады. Осыған керісінше «старо-ескілердің» саны 15, бұлардың екеуі ғана қоныстар. Қалғаны көлдер, батпақтар, құрөзектер. Осы екі мысалдың өзінен тағы бір қорытындыға келуге болар еді. Әр ұлттың өкілдері бір табиғат аясында өмір кешіп, қоршаған ортаны қабылдауда да ұқсас талғам танытады екен.

Бұл арада ұлттың талғамы, ұлттық ерекшеліктерге ғана тән сарапта және екшеу үрдісінен жаңылмайтын мінез байқаймыз. Яғни топонимдерден халықтың тұрмысы, этномәдени тіршілік салты көрініс тапқан.

Мысалы: Шешемтүскен, Төлепбергентуған, Қырыққұдық, Қойсойған, Қояншықпас, Талдықыстау, Болыс-қыстаған, Атабайдың Қаратерегі, Сарқанның Орағашы, Құлтуманың шілігі,

Топонимдердің шығу тегін анықтау мәселесі – өте күрделі үдеріс. Қалыптасқан бейнелі аталымды тек тілдік талдау әдісімен саралау жеткіліксіз, сонымен қатар тарихи және географиялық дереккөздерін кеңінен пайдалану қажет. Тілдік

тұрғыдан талдау көп жағдайда топонимдерді екі жақты түсіндіру сияқты мүмкіндіктерді береді, тек табиғи ерекшеліктерін білу, сондай-ақ жергілікті жердің тарихын білу –барынша шынайы этимологияны таңдап алуға көмектеседі. Ежелгі заманнан осы кезеңге дейін жеткен көптеген топонимдік аталымдар бірнеше мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келеді. Кейдекейбір топонимдік атаулардың өзгерген түрде жетуі де тарихи факт. Немесе топонимнің *уәжі,негізі* болып табылатын аталымдардың *мағынасы, семантикасы* қазіргі қолданыста басқамағынаға, семантикалық өріске ие болуы болмаса өзгеріске түсуі әбден мүмкін,сондықтан бүгінгі ұрпақ кейбір қала, ауыл,елді мекен немесе өзен атауының беретінмағынасын біле бермеуі, түсінбеуі шындық.*Мысалы, Жел+қызыл (7), Жоң+қызыл, Кепе+қызыл, Көлденең+қызыл (2) Қалың+қызыл (3), Орта+қызыл, Қожжа+қызыл, Қос+қызыл, Құрықты+қызыл, Қыз+қызыл, Қызылат, Қызылкүйген, Қызылқұм, Қызылмөңке, Қызылой, Қызылөзек, Қызылтал(3),Қызылтау,Қызылтоғай(2),Қызылтомар, Қызылшілік(2),Қызылшоқ,Қызылшырпы (2), Қылқалықызыл, Миқызыл,* деген атауларға қызыға қараған бүгінгі ұрпақ, осынау жеке сөздердің астарында қандай қастерлі түсінік жатқанын аңғарсақ қой!

Білетініміз «қызыл» сын есімі көркемдіктің, жан жадыратар жылудың, тіпті қызудың баламасы, құштарлыққа бастайтын қызықты түс. Жоғарыдағы «қызылдардың тізімге түскеніне бір ғасырдан асса, қазіргі жағдайы қалай екен, деп те қарадық. Қазақша 27 топоним «қызылдан» басталады екен де, күрделі сөздің екінші компоненті ретінде (аяққызыл, қалыңқызыл, көлденеңқызыл т.с.) түрінде үш рет қана кездесті. Ал, орысша «красно...» 38 рет тіркелді және басым көпшілігі коммунистік «қызылдар». Қазақшада төрт «қызыл ту» және бір «қызыл жұлдыз» және бір «қызыләскер», бір «қызыл шопан» ғана, қалғаны - 4 сор, 2 томар, екі оба, болса, орысша «қызылмен боялғандардың» қатары қалың болуы да тегін емес.

Әрбір топонимдік атау кең көлемдегі тарихи ақпаратты береді және шығу, қалыптасу тұрғысынан қандай тілге және ұлтқа тиесілі екендігі, халықтардың көші-қоны, аймаққа қоныстану тарихы, атаудың пайда болуы, өзгеруі, мағыналық беретін мазмұны туралы мәліметтерді алуға болады. Сол сияқты оған топонимдерді бір тілден екінші тілге жазу, ауыстыру, да жатады. Бұл дегеніміз топонимика бірқатар ғылымдар үшін, мәселен, тарих, әлеуметтану, география, лингвистика, этнография сияқты ғылымдар үшін өте маңызды мәнге ие болады деген сөз. Оның ішінде бірінші кезекте жалқы атаулар тіл мамандарының өте мұқият назар аудару нысанына айналады. Оның себебі кезкелген атау жанды немесе жансыз табиғаттың қандай нысанына - адамға, жануарларға, өзен, көлдерге, ауыл-аймаққа және т.б. байланысты болуына қарамастан, бұл - аталым. Ал, аталым ретінде ол тіл жүйесіне енеді, тіл заңы бойынша түзіледі, белгілі бір заңдылық бойынша атауға айналады және одан әрі тілдің заңдылықтарымен өзгерістерге ұшырайды.

А.. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтыныңбөлім меңгерушісі,филол. ғылым. докторы О.Жұбаева «А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл

біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы» деген мақаласында А.Байтұрсынұлы еңбектерінде когнитивті лингвистика туралы аталмаса да, «сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан» ретінде тілдің ойды жарыққа шығару құралы болумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отыратыны айтылатынына назар аударған. Яғни, адамның сезу мүшесімен қабылданған білім, ақпарат «...тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға жеткізілетіндіктен, Ахаң: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады. Көптеген лингвистер, психологтар мен философтар тіл мен объективті дене түріндегі нысан арасында «когнитивті» деп аталатын тағы бір аралық деңгей бар екеніне назар аударуда (Молчанова О.Т., «Проприальная номинация в свете когнитизма»). Вопросы ономастики, 2069. С.47-51.). Пәнаралық сипаты бар бұл құбылыстың ономастика тәжірибесіне, әсіресе, топонимикаға тікелей қатысы бар екендігіне зерттеу барысында көз жеткіздік. Адам, өзін қоршаған ортадан алған мағлұматты өзінше қорытып, оның сыртқы пішін-бейнесіне, осы тектес басқа нысаннан айрықша белгісіне, сол тұрған жерінде қандай қызмет атқарып тұрғанына, осының бәрін жиып, қорытып келіп, көрушінің сезіміне, зердесіне, психологиясына...қандай әсер еткеніне қарай атау береді. Бұл арада салыстыру, шендестіру, байланыстыру әдіс-тәсілдерінің бәрі қолданылуы мүмкін. Ал, сол нысанды «салыстыру, шендестіру, байланыстыру...» үшін үлгі, гнобай ретінде не алынуы мүмкін? Әрине, сол адамның өзіне жақсы таныс, күнде көріп жүрген, қолданып, сын-сынақтан өткізіп жүрген заттық бейнелер, мысалы, адам, жан-жанурлар, өсімдік әлемі т.с. нысандар және олардың дене мүшелері алынуы мүмкін.

Қазақ даласында, бас, төбе, иек, иық, иін, бел, жота, қолтық, сырт, арт, жаға, мойын, аяқ, қабырға, ауыз, бүйрек, жүрек т.с. сөздердің қатысуымен жасалған жер-су аттары кездеседі. Бұлардың бәрі адам мен жануарлардың дене мүшелері, немесе олардың бітім-бейнесі. Топонимдердің мағналық жағына назар аударғанда, қазақ сол нысанның *бас, төбе, иек, иық, бел, жота, қолтық, жаға, мойын, аяқ, қабырға, ауыз, бүйрек...деп аталуына қарап-ақ, көрмесе де, көзге елесетеді*. Ал, бұлардың мағнасының когнитивті екендігін түсіндіріп жату артық болар. Себебі, «бас ағаш», «бас бұлақ» десе, олар адамның немесе малдың басы емес, белгілі бір ерекшелігі бар ағаш пен бұлақ, «қабырға терек» пен «бүйректал», немесе «кең қолтық» пен «қылта...» да осындай. Табиғи

нысанды көрген бетте адам, әуелде өз ұғымына оңай сиғыза алмай жайсызданады («когнитивті әрекет» дегеніміз осы жайсызданудан, қиналыстан туған арнайы атау.-авт.) сол нысанды жан-жақты бағалап, өзіне қолайлы ат қойып алады. Тілші-ғалымдар когнитивті семантика теориясына негізделген когнитивті әрекетті сатылап, дәрежелеп, адамның түйсіну, ойлау, ой қорыту қабылеттеріне қарай жіктейді, әрекет деңгейін, тездігін, сипатын түсіндіреді. Ғылым ретінде қызықтырғанымен, біз бұл мәселеге тоқталмаймыз, когнитивті семантиканың нәтижелерін өз өлкеміздің топонимикасынан алған мысалдармен топшылаймыз.

Жалғызкөл, Жаркөл, Құркөл, Майлыкөл – көлдердің саны, жағалауының ерекшелігі, суының азы-көптігі, адамға, жан-жануарға жайлылығы. Қазақтардың жер-су атауын таңдағанда жиі кездесетіні – бірден сыртқы көрінісі, түрі мен бояуы екен. Мұдай жағдайда адам көп ойланып-толғана қоймайды, көзбен көргенін бірден қабылдап, когнитивтілікке ұрынбау үшін, оңай әдіс іздеген және тапқандай әсер қалдырады. Мысалы: *Көкшалғын, Көкшеағаш (3), Көкшетал, Көкшілағаш* десек, мұндағы атаулар бір ғана шалғынға, немесе ағаш пен талға қойылған ат емес, сол маңайға, сол ортаға қойылып, айшықты, бедерлі-ау деген белгісін таңдау арқылы логикаға жүгініп, түсінігін тиянақтаған. Ал, мына мысалдағы қатарланған «қызыл» түстерді біраз ойланбай, ақыл жүгіртіп, салыстырмай, қолданылған теңеулер, бояулар мен сипаттамалар екшемей ой қорыта салу оңай емес сияқты: *Жонқызыл, Кепеқызыл, Көлденеңқызыл, Қалыңқызыл. Алыстан құбылып*, қызара, шуақтана көрінген орман-тоғайлардың түсі, әсте, қызыл емес (күзгі сары, күрең, қоңыр жапырауларды айтпағанда), бірақ көз тойғандай көркем. Жонда тұрған тоғай, жер үйдің маңында тұрған тоғай, көлденендеп көрінген тоғай, қарауытып, қалың көрінген тоғай т.с.с. Көзбен көріп, қабылдауға біршама жеңіл, бояуы қанық болмаса да, түрлі-түсті әсер қалдыратын *Сары+оба, Сары+өзек, Сары+өлең+ағаш, Сары+терек* топонимдері көңілге бірден қонып, ата-бабаларымыздың жер бетіне сары боямен салып кеткен өрнегіндей әсер қалдырады, ұмыттырмайды, адаспайсың да. Ал енді *Шешем түскен, Төлепберген туған, Қой сойған, Қоян шықпас, Талды қыстау, Болыс қыстаған* мекендердің атауы есту бойынша, жұрт аузында қалған әуезе-әңгімені қорытып, топшылау арқылы ел арасына тараған атауларды, соларға байланысты болған оқиғалар мен құбылыстарды бірден естен шығара қою оңай болмас. Бір кезде орын алған оқиғаны, адам әрекетін, қазақтың ата кәсібімен ажырамас бірлікте, ұмытпастай етіп шегелеген атаулар мынадай-ақ болар: *Сиыр салған, Төрт өгіз, Түйе байлаған көлденең, Түлкі алған, Қасқыр қамаған, Үкі атқан, Күйген қыстау, Кең арал+ағаш т.с.с.*

Топонимдерді талдап отырғанда, көзге түсетіні - адам баласының өзі назар аударып, көз тоқтатқан нысанды басқалардан оқшаулап, бөліп алып сипаттайтын қабылеті. *Үлкен қона, Үлкен тоғай, Үлкен шоқы, Үлкен қара+терек, Жалғыз қарағай, Жалғыз құдық, Жалғыз терек, Бір қызыл, Егіз+бай, Қос қара+тал, Қос+ағаш, Қос+көл, Қос+қабат, Қос+қызыл, Қос+ми, Қос+пақ+тал, Қос+пақ+шағыл, Сұлу+жал, Сұлу+көл, Сұлу+қызыл,*

*Жалпақ+қара+су, Жалпақ+қызыл, Жалпақ+тал* тағы басқа мысалдар осы қағидаға жеткілікті дәлел бола алады деп ойлаймыз. Өзі мекен еткен, мұңсыз-қамсыз тіршілігіне құтты қоныс болған өлкенің өткенінен хабар беретін, бәлкім, мәңгі ұмытылмастай орныққан атаулар топонимиканың тарихи ескерткіш ретіндегі құнын арттыра түсетінін маңызды фактор ретінде атап көрсетсек артық емес. Сол кездегілер мен олардың замандастары біліп, еске алып қана қоймай, келер ұрпақтың санасына аманат етіп сіңірген мұндай топонимдер өте көп. Оларды былайша шартты түрде саралап қарастырсақ:

1) Оқиғалы, жасалуы күрделі атаулар: Ақжан қонған ағаш, Есенгелді жығылған, Есенәлі қонған, Есілбай түскен, Әже өлген сай, Жарқын қонған, Жәңке туған, Жүзік өлген, Дәулет қонған, Дінәлі қыстаған, Егіз қыстаған, Қалашы қонған, Қаңлы, қонған, Қарабастың көні, Кәпірге той қылған, Кебекен үй тескен, Кенжеболат қонған, Көшек қой сойған, Қойшыбайдың ескі қыстауы, Қонтай қыстаған, Қотан қонған, Құтмәмбет қонған, Майлыбай түскен, Назар қонған, Найман туған, Опанның ағашы, Оспанның қыстауы, Отарбай шоқысы, Сәлиха ауырған, Сәмеке түскен, Салпықтың қызылы, Салпықтың тауы, Салықпай шоқысы, Самайдың қызылы, Саржан шапқан, Саржаудың шоқысы, Сары қонған, Саурық кескен, Сауытбек туған, Сейітқұл қонған ағашы, Тойған қашқан, Қылды қонған, Мақпал қыстаған, Малтақ ілген, Маман қалған, Мешіт салған, Хан түскен, Шағыр қонған, Шақшақ қонған, Шәулі ұстаған,

2) Белгілі бір адамның есіміне байланысты: Албан шоқысы, Бөке талы, Дүйін бұлағы, Елтінді жалы Боқайдың өткелі, Боранбайдың шоқысы, Бумаш шоқысы, Дәметей ағашы, Құлтайдың шатқалы, Құлтуманың шілігі Мезгілдің ағашы, Мезгілдің шоқысы, Мекшенің шоқысы, Мендеке шоқысы, Тәті қонған, Түйебайлаған көлденең сияқты ата-бабаларымыздың құтты мекендері бұл күнде елсіз, иесіз қалғаны да ойлантады.

3) Тек қана антропонимдерден тұратын топонимдерге негіз болған есім иелерінің жай ғана ет-сүйектен жаралған пенде емес, өз заманында, өз ортасында әлеуметтік биік сатыда тұрған, ағайын-туыстың тұрмыс-тіршілігіне белгілі дәрежеде пайдалы әсері болған, қоғамдық тұлға немесе, тіпті билік-байлық иесі болғанын кәміл сеніммен айтуға болады. Өзге этностардың жөні бөлек, оларды жеке тексеріп, зерттеу керек, қазақ ұлтында жағымсыз қылықпен аты шыққан, беделсіз сүйкімсіз жәндардың есімдері антропоним ретінде сирек екенін, тіпті кездеспейтінін байқадық. Бұл да қазақтың лайықты азаматтарын тарихта таңбалап қалдырудың бір жолы десек болар.

Сонымен бірге қазақтар көру аясындағы көп нысанды бірден тәртіптеп, жалпылап, ортақ атау беруге шебер. Сол нысандардың алып тұрған орнын бағалап, көп нысанның арасынан кейбіреуін бөліп алып, басқалармен арақатынасын қашықтық, биіктік белгілерін немесе санын анықтап, көңіл, іне жаққан дәрежеде жалқы есім бертін мысалары да аз емес.

Жер-су атауларының бейнелі, тіпті шебер тоқымашының терме алашасындай көркем болып келетініне құлағымыз үйреніп қалған, кейбір жүдеу тартқан атауларды естігенде, көзіңізге елестеген көріністен тітіркеніп, келеңсіз ойға кетесіз. Қазақ өрт деген құбылысқа шошына қарайды, қарғыстың ауыры

«өртке» байланысты, даланың өрті малға жұт, мал жұтаса көшпелі қазаққа өмір жоқ. Сондықтан бір кездегі өрт оқиғасын ұмытпас үшін қойылғандай көрінетін «Күйген» , төрт рет кездескен «Күйген жұрт», сегіз рет аталған «Күйгенкепе» қанша уайым-қайғы арқалап тұрғанын кім білген? Алғашқысында, өртенген жұрттан өре көшкен ел, екіншісінде жерден қазып жасаған «кепе» түріндегі баспананың отқа оранып, бала-шаға, кәрі-құртаңның ашық аспан астында аңырап қалған шарасыз күйі жаныңды ауыртады.

Күйген демекші, жерлес классик-жазушымыз Сәбит Мұқановтың туып-өскен жері «Жаманшұбар» аталады. Сол топонимге байланысты түсінік берген жазушы жергілікті орыс жұрты көктем шыға былтырғы қаудан шөпті өртейді... өртеңге шыққан жаңа шөпке мал қызығады... осындай бір жылғы өртке ауыл жұрты ие бола алмай қалып, өртенген ағаш түбірлері анадайдан қарайып, шұбарланып жататынын, осыған байланысты «Жаманшұбар» атанғанын жазады. «...Жаманшұбар әлі де құлазып тұр. Өткен жылы өрт жүріп, оның әр жеріне шоқтала өскен ағаштарын тағы да арса ғып, күйдіріп кеткен. Ал, өртеңге шыққан қалың шөптің биіктігі белуардан.» Көк шығарамын деп жер өртеген жерлестеріміздің сол кәсібі көпке жалғасса керек, дәл қазір облыс аумағында «Күйген», «Өртенген» дегенді білдіретін «Горелое», «Горелый», «Горелик» деген 32 атау кездесетініне таң қалуға болар еді. Осылардың тең жартысы елді мекендер, қалғаны орман-тоғай, қамыс, көлдер мен батпақтар. Сәбеңнің «Жаманшұбары» сол көптің бірі ғана.

Айталық, шоқы мен төбенің жазыққа қарағандағы қатынасы, көл жағасынан ағаштың қаншалықты жақын немесе алыс өсіп тұрғаны, томардағы ылғалдың немесе басымдау өскен шөптің тегіне қарай, саралап ат береді.

Географиялық атаулардың әрқайсысы-ақ ақпараттық жағынан құнды екені ежелден мәлім. Топонимикалық лексикадан мұның сан түрлі көрінісін табуға болады.

Жалқы атаулардың мағынасы өзі пайда болған жалпы атаулардың мәніне тең болуы шарт емес. Бұлай деп талап қоя отырып қарастырудың өзі артық болар еді. Солтүстік Қазақстан облысы аумағының топонимикасынан бұған дәлел бола алатын талай айғақ табуға болады. Қоңырқасқыр, Қырыққұдық, Аралдықзыл, Жақсықызыл, Жаманағаш, Жаманжан, Жаманқара, Қызылтоғай (2), Қызылтомар, Қызылшілік , Сарымай, Сарыбас, Сарыбауыр,

Топонимикалық аталымдардың қалыптасуындағы тілдік заңдылықтарды әр қырынан қарастырып жүрген зерттеушілердің бірі Қ.Рысберген: «Жер-су атауларында лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың үйлесім табуы тіл мен сананың, тіл мен кеңістіктің байланысын айқын байқауға мүмкіндік береді» дейді

Қазақ ономастикасындағы топонимдерді семантикалық, құрылымдық әдіс тұрғысынан жүйелі түрде зерттеушілер тілдік таңбада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығын бірде «ғаламның тілдік репрезентациясы», бірде

«ғаламның тілдік моделі», бірде «ғаламның тілдік бейнесі», бірде «тіларалық ғалам»

деп көрсетіп жүр. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы дау туғызбайтын құбылыс болса, ол әуелі этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Қарғалы, Бұлантал, Бөрілі (2), Борсықағаш, Жыланды Қасқырлы (3), Түлкішықпас, Тұзаққұрған, Тұйғынтүскен, Шағалалы, Шошқалы (5), Үкілі, Қазақ халқының көру, есте ұстау, ұлттық дүние бейнесін қабылдау қабілеті ерекше дамыған.

Когнитивті семантика теориясы тұрғысында қарасақ, «арал» - түсінігі су айдыны ортасындағы құрғақ жер; сумен қоршалған шектелген кеңістік дегенді білдіреді. Ал, қазақ тілінде «арал» деп кең жазықтықтағы ағаш шоғырын, кеңістікте бой көтерген шоқыны /шоқыларды/ үйіліп жатқан тастарды, тіпті көптеген елді мекендердің ортасында орналасқан, ерекше этномәдени белгісі бар жеке елді мекенді /мекендерді/ де айта береді. Солтүстік Қазақстанда, мысалы осындай «арал ағаштар» бірнешеу. Демек, біз байқаған «арал» нысандар өзін қоршаған кеңістікпен, немесе басқа ірі көлемді нысандармен өздерінің шегаралары арқылы бөлінеді. Бұл шегаралар, тиісінше сол «арал» нысандардың да шегарасы болып табылады да өздері де кеңістік белгісімен танылады. Демек, «арал» атауына тән сипатты табу үшін сол аралды қоршап тұрған сыртқы кеңістіктің айырықша белгісін танып алуымыз керек.

Мыс. профессор З.Тайшыбай Солтүстік Қазақстан облысына тән этномәдени ерекшелік ретінде: «мұнда қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін, тілін, қысқаша айтқанда «қазақтығын» сақтап қалған, осы уақытқа дейін ұлттық болмысын сақтап, ежелгі этнографиялық белгілерін жоғалтпаған «арал ауылдар» бар екендігін айтып отырады. Осылайша, еуропа сипатты қалың елді мекендердің ортасында өзіне ғана тән, айрықша сыртқы белгілері мен ішкі мазмұны бар қазақ ауылдарының, (тіпті этноауыл десе де болады) соңғы 60-50 жылға дейін сақталып келгенін дәлелдейді.

Екінші бір байқалғаны, кейде сусыз кеңістіктегі «арал» ұғымына «шоқ,шоғыр» сөздерін синоним етіп алуға болатындай. Мысалы, «шоқ ағаш», «шоқ қарағай», «шоқ терек», «шоқ төбе», «тоғайлар шоғыры», «обалар шоғыры» т.б.

Жасалу мақсаты, пайдалану, кәдеге жаратылуы басқа сипаттағы үйлерді, қаланы, бөлмелерді, аулаларды, басқа да кейбір ғимараттарды «арал» немесе «шоқ, шоғыр» деп атай қою қиын. Өйткені олар құлаққа естілгеннен кейін назар сала қарағанда, жоғарыда айтылған «арал» сияқты әсер қалдырмайды. «Арал» нысанын сыртқы кеңістік көрінісімен салыстырып, жеке қарастырғанда, әрине, оның «аралдық» белгісі әр уақытта, әркімге айқын таныла бермеуі де мүмкін. Арал+кепе, Арал+көл, Арал+қызыл, Арал+ды+қызыл, Арал+терек,

Арал+ағаш, Кең+арал атаулары құлағыңызға майдай жағып, туған жердің баға жетпес байлығының тағы бір байғазысындай сыңғырлап тұрған жоқ па?

Осыдан бір ғасыр бұрын біздің облысымызда екі қыстаудың атау «Кендірқопа» болса, тағы бір «Кендірлі» деген мекен болыпты. Кендірдің орысшасы «Конопля» деген шөп тектес қурайша екені мәлім. Қазір олар қатардан шығып қалған, бүгінгі топонимдер қатарында жоқ. Оның есесіне «Конопляное», «Конопляник» деген бес көл және «Коноплево» деген батпақ бар. Ғылыми әдебиетте **кендірге** талшықтарынан мата, арқан, жіп өндіретін көпжылдық жабайы шөптесін өсімдік деген анықтама берілген. Орталық Азияға тән кендір өсімдігі Қазақстанда Іле, Балқаш, Шу, Сырдария өңірлерінде көптеп кездеседі. Қазақты дәстүрлі шаруашылығында кендірдің сабағын қара күзде, әбден кеуіп құрғағанда, кейбір жағдайда, кейде қыстыгүні қардың астынан жинап алады. Көп қылып жиналған кендірді бастырып, сабақтарын босатып алғаннан соң, су сеуіп ылғалдайды, себебі ылғал күйінде талшықтар қабығынан оңай және қалдықсыз ажырайды. Осылай дайындалған кендір сабағын кәдімгі сіңірден тарамыс алғандай, жақсылап түйіп, уқалап, талшықтарды қабығынан ажыратып алып, сапасына қарай бөліп шүйкелейді. Жоғары сапалы талшықтардан мата тоқитын жіңішке жіптер иіріледі. Қысқалау, буынтықты талшықтарды сілемейлеп ұзындығы 30-40 см арқан иіретін шүйке жіптер дайындалады да, дәстүрлі тәсілмен арқан есіп, жіп иіреді. Солай десек те, кендір солтүстіктің қазақтары үшін аса сүйкімді дақыюл болмаған.

Жетісу, Сыр өңірінде кендір талшықтарын қылмен араластырып қанар, қап тоқып, түрлі арқан, баулар ессді. Бір айта кететін жайт, кендір арқанмен мал байламайды, себебі кендір арқан су тигенде ісініп қатайып, малдың денесін қажайды. Осыған байланысты ел арасында «Жыңғылмен мал айдама, кендірмен мал байлама» деген мақал бар. Қазақтар көші-қон кезінде кендір қалың өскен жерлерді мүмкіндігінше айналып өтуге тырысқан, себебі қураған кендір сабағын, сояуларын жеген мал уланып іш, өкпе ауруларына шалдығады деп есептеген..

Техникалық дақыл ретінде славян тектес халықтар кендірден жіп иіріп, мата тоқиды да, оған құрметпен қарайды. Кеңес Одағы кезінде де 20-30 жылдары Шу, Сырдария өңірінде кендірді техникалық дақыл ретінде қолданысқа енгізу мақсатында агрономиялық-селекциялық тәжірибелер жүргізілген.

Топонимиканың төркінінде ұлттық сана-сезім, талғам мен қажеттілік жатқанын осыдан-ақ байқауға болады.

Адамдар қоршаған ортадағы заттар мен нысандардың жеке алғанда, қалай тұрғанына ғана емес, қалай қозғалатынына, қалай көрінетіне де назар аударып, ат қойғанда ескеретін маңызды белгі санауы да мүмкін. Біздің жағдайымызда кеңістікте қозғалатын нысан ретінде өзендер мен бұлақтарды алуға болады. Олар белгілі бір бастаудан шығып, соңында тоқтайды, судың ағу жылдамдығы ғана емес, ағу траекториясы да өзінше әртүрлі болады. Мысалы, Ертіс өзенінің атауы «Иртыш», «ыРТыш» ә жылдам ағатан су дегеннен шыққан деген болжам



бар. Белгілі бір топонимикалық нысанның *түрін, түсін, пішінін, көлемін көру, ұқсату* т.б. *уәжі* арқылы қабылдаған.

Мысалы Есіл өзенінің атауы қазақтың «есіліп, бұралып ағады» деген анықтамасына толық сай келетіндігін айтады. Солай болуы да мүмкін, бірақ біздің басқаша уәжіміз бар. «Есіл» деген сөздің түбінде бал, тәтті деген түсінік жатыр. Яғни суы тұщы өзен дегенді білдіреді. Мұның дәлелін көне орыс тілінің сөзіндегі «Ешим», «Ишем» деген сөздің «медовый напиток» деген аудармасынан іздеген жөн. Демек, тіршілік нәрі болып табылатын тұщы судың қасиеті көрінеді. Бұл мәселе, сөз жоқ, кеңірек жеке талқылауды керек ететін, келешектің ісі.

Адам мен табиғат арасындағы ажырамас байланыстың жарқын бейнелеудің мысалы осындай-ақ болар. Ғасырлар бойы көзі қанып, көңіл санасынан өткізіп қорытылған құйма алтындай қымбатты атау осы емес пе? Осы Есілді көз тойдырып, көңіл тұшытпайтын, ешқандай түсінікті мағна бермейтіндей «Ишим» аталуы Ұлы даладан шыққаннан кейінгі құбылыс. Яғни, басы да аяғы да бір мағнада. Тұщы, жақсы сулы өзен.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ топонимикасының шығу, даму кезеңдері және жасалу жолдары кеңінен зерттеп, ерекше зер салатын мәселелердің негізінен саналады. Бұның өзі сөз тарихымен, тілдің әр дәуірдегі даму, өзгеру күйімен, тіптен қоғамдық құрылымдардың өзгеруімен тікелей байланысты.

Кез келген топоним атау қызметімен қоса нысанға сілтеу, яғни адрестік қызметін де атқарады. Сонымен қатар олар объектінің ерекшелігіне, атаудың идеологиялық және эмоционалды бояуына қарай қосымша ақпарат бере алады. Белгілі бір аймақтың топонимиконы тарихи қалыптасады. Онда өткен дәуір топонимдері сақталады, сондықтан топонимдердің әр қабаты тарихи дәуірге, сол аймақта қоныстанған халық тарихына қатысты «қаттамаға» теңейді.

Жоба аясында Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының топонимикасы зерттеліп, әр облыс бойынша жинақ әзірленіп, жарыққа шығады және осы жоба аяқталғаннан кейін, яғни Қазақстанның барлық облыстарының топонимикасы зерделенгеннен кейін 3D картасы әзірленеді.

Жоба негізінде 6 адамнан құрылған жұмысшы топ 5 айдың ішінде Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары топонимдерін зерттеу бойынша қол жеткізген нәтижелерін алдарыңызға ұсынып отырмыз.

